YESSENOV
UNIVERSITY

Мәңгыстау

ПІР БЕКЕТ АТА МЫРЗАҒҰЛҰЛЫНЫҢ 270 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ТҮРКІ ЕЛІНЕ МӘШҺҮР ТҰЛҒА – БЕКЕТ АТА»

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары

2020 жыл, қазан

ПІР БЕКЕТ АТА МЫРЗАҒҰЛҰЛЫНЫҢ 270 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ТҮРКІ ЕЛІНЕ МӘШҺҮР ТҰЛҒА – БЕКЕТ АТА»

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

2020 жыл, қазан

Ақтау қаласы

ӘОЖ 94(574)(069)
ББК 63.3(5каз.)
Б39

Yessenov University президентінің м.а. Б.Б. Ахметовтің
жалпы редакциялауымен

Редакциялық алқа:
Е.Т. Нұрмағанбет, А.М. Джанисенова

Б39 ПІР БЕКЕТ АТА МЫРЗАҒҰЛҰЛЫНЫҢ 270 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ТҮРКІ ЕЛІНЕ МӘШҺҮР ТҰЛҒА – БЕКЕТ АТА» халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдары – Ақтау: Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2020, 103 б.

ISBN 978-601-308-359-9

Жинаққа бүкіл түркі жұртына есімі мәлім болған ағартушы ұстаз, ел мен елді мәмілеге келтірген дипломат-саясаткер, ақылман-болжампаз, аты ұлысына ұран болған Пір Бекет Ата Мырзағұлұлының 270 жылдығына орай ұйымдастырылған «Түркі еліне мәшһүр тұлға – Бекет Ата» халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияның материалдары енгізілді. Ғылыми мақалаларда Пір Бекет Ата танымындағы Ғалам мен Адам концепциясы қазіргі гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының зерттеу контексінде адамтану парадигмасында қарастырылып, тың ғылыми пайымдаулармен түсіндірілген.

Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналады.

ӘОЖ 94 (574)(069)
ББК 63.3 (5каз.)

© Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2020

ISBN 978-601-308-359-9

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

ӘОЖ 13

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ БЕКЕТ АТА ӨНЕГЕСІ

Көшербаев Қырымбек Елеуұлы
саяси ғылым докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік хатшысы
(Нұр-Сұлтан)

Ықылым заманнан келе жатқан Ұлы дала қағидатында «Еліңде кімің бар?» дегенде, керегелі елдің келбетін келтірген, салиқалы жұртының санасына сәулесін төккен сарабдал тұлғаларын, сұңғыла кемеңгерлерін алға шығарғаны белгілі. Өйткені елдің келбетін табиғатының ландшафты емес, жерасты байлығы емес, елдің қабырғалы азаматтары қалыптастырған. Жау бетке білектісін, дау бетке біліктісін, жарастыққа жақсысын жұмсаған қазақ халқы ешқашан да тұлғаларға кенде болмаған. Иә, осы дәстүр ұзағынан сүйіндірсін! Осындай ұлағатты ұлт тұлғаларын терең танып, өнегесін санасына сіңіріп өскен ұрпақтың ертеңгі күні туған елдің тірегіне, Отаны үшін отқа түсер шынайы патриотына айналатыны ақиқат. Сондықтан жастардың жадына сіңіре беру үшін бұған дейін қағазға түсіріп, жинастырып жүрген Ұлы дала тұлғалары туралы дүниелерімізді мәртебелі оқырманға ұсынуды жөн санап отырмыз. Дала данышпандарының галереясында Қорқыт ата, Қожа Ахмет Ясауи, Пір Бекет Ата, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы және басқа да тарихи тұлғалар туралы сөз қозғамақпыз. Ұлтымызды жаңғырту жолында ұрпақтар үндестігі баянды болсын.

Сөзбасы

Тарыққанда да, торыққанда да, зарыққанда да, қорыққанда да ел оның есімін есіне алып отырыпты.

«...Құлдилап сондай құздан құларымда,
Арман не, «Иә, Бекет!» деп тұрып кетсем?!» –

деп ақын Ғафу Қайырбеков жырға қосқан Бекет Атаның есімі талайдың жебеушісі де, демеушісі де болыпты. «...Әлсізге – Медет, Күштіге – Айбар, Асқанға – Тосқан, Сасқанға – Сая, Ұрпаққа – Ұстаз, Ұлысқа – Ұран» деп басталатын ерен күрсініс ті, терең сілкіністі жан тебіренісін бүгінгі буынның атынан толғап тұрып арнаған толағай сөздің иесі Әбіш аға Кекілбайұлынан асырып Ата туралы ешкім де айта алмас-ты. Әйтсе де, осы уақытқа дейінгі мемлекеттік қызмет жолымда Елбасының сенім білдіруімен бірнеше өңірдің тізгінін ұстау бұйырды. Солардың бірі әулиелі топырақ – Маңғыстау облысы. Ордалы елге құрмет, киелі топыраққа тағзым, Атаның қасиетіне тәу ете отырып, аз-кем пікірімді жазуға ниет еттім.

Күрделі кезең күрескер туғызады

Еліне тұтқа, ұлысына ұран, ағартушы ұстаз, абыз ақылман, мәмілегер қайраткер Пір Бекет Ата Мырзағұлұлы – өз заманы үшін де, кейінгі ғасырларға да қадірі артық, мәртебесі мәңгі тарихи тұлға. Оның өмірге келген кезі қазақ халқы үшін өте бір күрделі шақ еді.

Бекет Ата 1750 жылы Жем бойында туған делінеді. Туған жылына байланысты әредік басқа да болжамдар айтылып жүр. Кейінгі кезде туған жері туралы да түрлі деректер жазыла бастады...

Ата жас кезінде жауынгер болды деген әңгіме де ақиқаттан алыстамайды. Көшпелі түз тайпалары үшін жер, су, өріс үшін күрес – өмір үшін күрес. Ешбір ел мекенін өзгеге оңайлықпен бермейді. Қазақ ауылдары өңірге енді орнығып, ол жердің бұрынғы тұрғындары арттарына қарағыштап ереуіл аттары белдеуде, бес қаруы белінде атойлап отырғанда әр ер азаматтың жау жарағын асынуы қалыпты жағдай.

Орыс патшалығының қазақ Нұралыұлы Пірәліні Маңғыстаудағы түрікмендердің ханы етіп тағайындауы күрмеулі іс. Бұл кәдімгі отаршылықтың «бір-біріне айдап сал да билей бер» саясатының көрінісі. Әйтпесе, ол кезде саны аз түрікмендерді жер билігі біржола қазақтар қолына өткен Маңғыстауда дербес хандық қылудың қандай қажеттілігі болды?! Оның үстіне Пірәлі қазақ, орыс қолында аманатта болып, оқып, тәрбиеленген адам. Түрікмендердің өзі оның хандық мансабын мойындауға құлықсыз. Бұл кездің жазба құжаттары – орыс патшасының Пірәліге жазбаша бұйрықтарында көрініс беретін қазақтар тарапынан түрікмендерге жасалған зорлық-зомбылық ақиқатында, түрікмен халқына емес, патшаның отаршыл үстемдік саясатына білдірген наразылық деп қарауымыз керек.

Бекет Ата ат жалын тартып мінген жылдар да тарихта батыс беттегі қазақтардың басындағы ең бір күрделі кезең болып қалды.

Әбілқайыр тарапынан орыс патшасымен әскери, саяси одақ құруға бағытталған, ал орыстар екіжүзділік, қитұрқылық танытып қазақтарды біржола бодан қылып алғысы келіп жасалған келісімнен соң да қырдағы жағдай бірден оңалып кете қойған жоқ. Қазақтар Әбілқайыр хан өлген соң да орыс бодандығындағы қалмақтарға шабуылын доғармады. Ақыры оларды Еділ асырып біржола шығындырып жіберді. Содан соң оған дейін түрікмендер қонысы болып келген Үстіртке ішкерілеп ендеп кетті. Бір жағынан бұрын өздерінің боданы қалмақтарға бодан болып келген әрі баяғы Черкасскийдің сәтсіз жорығынан бері бұл жақпен қабағы түзу түрікмендерге қазақтардың іргеден түріп келіп өз ықпалын жүргізе бастауы орыс патшасына ұнаған жоқ. Оның үстіне орыстар ежелгі жауы Хиуа хандығын басып алып, онан әрі Индияға шығу жоспарынан әлі бас тартпаған еді. Қайта оны мықтап қолға ала бастаған. Наполеонмен арадағы келісім бойынша екі жақтан 35 мыңнан 70 мың армия шығарылып, французбар Қара теңіз, Қап тауы арқылы Каспийге, онан әрі түрікмен жері арқылы ендеп, орыстар қыр жолымен Еділ, Жайық, Үстіртті көктей өтіп Хиуаға шабуыл жасаудың, ары қарай Үндістанға өтудің бас жоспары бекітіліп қойылған. Жаңа жерден мол үлес қарпып қалғысы келген орыстың атаманы Платов басқарған Дон казак әскері жорықты тез бастап кетіп, алды Гурьевке жете бергенде І Павел патшаның өлімі себеп болып кері қайтарылып алынған еді.

Әбілқайыр хан мен арадағы келісім шартына бірде-бір биі, батыры қол қоймаған Адай руынан сонда-ақ «іш жиып» қалған орыстар, енді солардың Арал мен Каспий арасындағы кең далаға ие бола кетуіне шама келгенше қарсы болып баққаны аян.

Бұл кезде қалмақ боданынан құтылған Маңғыстау түрікмендері де екіұдай күй кешулі еді. Қырдағылар жағы әскер күшінің негізін өз қандастары құрайтын, әрі хандықтағы саны жағынан түрікмендер көп халық болып есептелетін Хиуа ханының аужайына қараса, тіршілік тіні теңізге қатысты жаға беттегі, Маңғыстаудың қара ойындағы түрікмендер орыс патшасына бодандығына алуды өтініп, хат үстіне хат жазып, елші аттандырып жатты.

Мәмілегер

Сұңғыла Бекет, әрине, мұның бәрін көріп-біліп отыр. Мұндай жағдайда не істеу керек? Бірден-бір жол – бауырлас түрікмен халқымен бейбіт қарым-қатынасты бұзбау.

Маңғыстаудың Бозашысына алғаш келіп қоныстанғандардың бірі Беріш Есболай әулетінің түрікмен қызына үйленіп құдаласуы; Атаның досы Қожаназар байдың

түрікменнің Сүйін бегімен анда дос болуы; Сүйінғара батырдың түрікмен батырына өкіл бала болуы; түрікменнің Кәтам шайырының екі халық бірлігін «бірі қолым, бірі жеңім еді» деп жырлауы – сол екі елдің ортақ пірі, батагөй абызы Бекет Атаның екі ғасыр тоғысында салып берген бейбіт саясаттың жемісі, жеңісі болды. Көп ұзаққа бармай, Маңғыстау түрікмендері хандығының жойылуы тағы бір жеңіс. Бекет Ата өмір сүрген заманда қазақтың Хиуа жақ іргесі де тыныш болды. Ата өлген алты жылдан соң – 1819 жылы Хиуаға барған орыс өкілі Муравьев хан сарайынан Маңғыстау қазақтарының елшілігін көргенін жазады. Демек, бұл кезде арада жаулық жоқ, жаушы аттандамаған, бейбітшілік әлі қаймағын бұзбаған. Бекет Атаның сол аралықтарда Хиуа ханымен арада ауылының үсті арқылы әрлі-берлі өтіп жатқан сауда керуендері, саяхатшылары, әртүрлі экспедициялары арқылы орыс үкіметімен де мәмілегерлік саясат ұстағанында сөз жоқ. Тарихшыларымыз бұл ретте іздене түссе, оны айғақтайтын құжаттардың табылуы әбден мүмкін. Өткен тарихты мұқият таразылар болсақ, қазақтар маңғыстаулық түрікмен ағайындарды әуелі қалмақ, соңынан Хиуа ханының езгісінен азат етуші болған екен. Атаның осы кезеңдегі қызметі мәмілегерлікпен көрінген. Ел аузындағы Қараман ата бітімі содан жеткен жаңғырық. Тарихшыларымыздың келешекте назар салып зерттейтін бір тұсы осы.

Білімталап

Бекет Ата Маңғыстаудан Хиуадағы сол кездегі діни ең жоғары оқу орны медресеге барып, Пақыржан ғұламадан дәріс алған, сол ғұламаның сенім шапағатын иеленіп, батасы дарыған бірінші қазақ. Ал Пақыржан болса, Қожа Ахмед Ясауи жолын ұстанған, сопылық ілімнің ту ұстаушысы болған атақты тұлға.

Әрине, Ата Хиуаға барып оқымастан бұрын-ақ мектеп есігін ашқан. Қазақтар арасына мұсылман дінін тарату мақсатымен келіп, үйленіп, біржола тұрақтап қалған Назар Қожаның арқасында Бекет Атаға қараған ауылдардың балаларының оқуға қолы ертерек жетті. Сол кез өлшемімен алғанда жоғары білім беретін медресе түлегі Назар Қожаның өз ортасының білімдары болғаны анық. Сол себепті оның шәкірттеріне берген білімі әдеттегі ауыл молдаларының бірінші басқыштық дәрежедегі Құранды оқудан, араб әрпінің емлесімен жазуға үйретуден гөрі ілгерірек болды. Мұндай оқу орнында шәкірттер әдетте парсы тіліндегі «Шар кітапты» оқитын. Оның өзі төрт бөлімнен тұрған. Бірінші бөлімінде діни мазмұндағы мәселелер, екінші бөлімінде мұсылманшылық жолды ұстануға қатысты сауал-жауаптар, үшінші бөлімде шариғат тағылымдары, «Панднама» атты төртінші бөлімде әдеп, иман, адамгершілік мәселелері сөз етілген. «Шар кітапты» жақсы оқып тамамдаған шәкірт Сүлеймен Бақырғани, Сопы Аллаяр, Науаи туындыларымен сусындап, төл түрік тілінің мәйегімен ауызданса, Физулы, Хафиз, Фердоуси шығармаларын оқып, заманында ғылым, поэзия тілі атанған парсы әдебиетінің тұнығына бойлай алған. Ауыл мектебіндегі оқу негізінен шағатай тілінде жүргендіктен шәкірттер ана тіліне жақын бұл тілді еркін меңгеріп, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани шығармаларын өз беттерімен-ақ оқып, үйренген.

Назар Қожа туған жиені әрі зерек шәкірті бала Бекеттің бойына оқу-білім негізін мықтап қалыптастырғаны анық.

Ел жадының дерегі Атамыз біржола Хақ жолына кешірек, ересек тартқан шағында түсті десе, одан оның ауыл мектебінен соң оқуын үзіп алғанын аңғарамыз. Оның себебін қырық құбылған әртүрлі саяси жағдайлармен, ең алдымен, қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік арқылы түсіндіруге болады. Бекет Атаның қылшылдаған дер шағы қалмақтардың көбесі сөгіліп, Жайық пен Еділ арасындағы жерден батысқа қарай біржола ығысқан кезеңімен тұспа-тұс келеді. Ел аузында Бекет Атаның туған ағасы хафиз

Меңдіқұл батырдың атажұрттан қалмақтарды ығыстырудағы ерліктері әлі күнге дейін айтылады. Атаның найзасын асаға ауыстырған кезі осы жеңістен соң іле-шала болғандай.

Ақ найзасын көк асаға алмастыру

Ол оқыған Хиуадағы Шерғазы хан медресесі – Хиуа-Хорезм хандығының орталығындағы сол кездегі ең жоғары дәрежедегі білім ордасы саналған. Қыр еліне дін арқылы да ықпалын жүргізуді көздеген Хиуа ханы мұнда алыстағы қазақ, қарақалпақ, түрікмен жастарының жатып оқуы үшін жағдай жасаған. Содан ол мектеп медресе деп те аталған.

Мұнда да оқу екі сатылы. Бірінші сатыда шәкірттер екі басқышпен Билан, Илал, Мұғзый, Занжаний, Харакат, Аууамил, Кафия хәм Шархи Молла кітаптары бойынша «Илми сарф», «Илми наху», яғни араб тілінің грамматикасын меңгерген. Екінші сатыда дін, шариғат бағдарламасына басымдық берілген. Фикхи Кайданий Мухтасарул Үйкая, Шархил Уйкая, олардан басқа әдеби еңбектер терең қарастырылған. Ең соңында астрономия, биология, химия, медицина ғылымдары оқытылған. Медицинаның негізгі оқулығы болып саналған Ибн Синаның бұл тақырыпта жазылған том-том еңбегінің, ішінде орыс тілі де бар, бірнеше тілге аударылып, осы күнге дейін маңызын жоймай келе жатқанынан-ақ медреседе бұл ғылымға қатысты қаншалықты дәрежеде дәріс берілгенін шамалауға болады.

Ата-бабаларымыз медресе бітіргендердің білімдарлығы туралы айтқанда «он екі пәнді оқып тауысқан» деуші еді ғой. Сонда олар медреседе негізінен осыншама ғылым саласын оқыта алатынын айтады екен. Міне, осындай ғұламаларға «ахун», «ишан» сынды дәрежелер берілген.

Мұсылман медреселерінің оқыту жүйесін – халық оқыту саласы бір ізге түсіп, жақсы жолға қойылған, дамыған делінетін Ресейдің ағартушылары да мақтап, артықшылығын мойындаған. Олар: «Мұсылман мектебінің өз оқушыларының санасына сіңіретін ұнамды қасиетінің бірі – сыртқы сыпайылық, тәртіптілік, елдік дәстүрлерді бұзбау және құрметтеу» деген (Остроумов Н.П. Сарты: этнографические материалы. Ташкент, 1908, 258 стр.)

Ата мешіттері: тау қопарып, тас кескен сәулетші

Бекет Мырзағұлұлы Шерғазы хан медресесінде түрікмен, өзбек, қарақалпақ зиялыларымен бірге оқып, дос болып дүниетанымын кеңіткен. Жоғары діни білім алып оралған Атаның сол уақыттағы елінің болашағы үшін жасаған үлкен ісі – шекаралардан, әр ұрымтал тұстан мешіттер салуы. Өз жерінде көп жаңаның басы болуы. Бұл әріден ойланып жасалған игі іс, шынтуайтқа келгенде ел іргесін бекемдеудің шарасы болды да шықты. Атаның бұл орындарды жаттың табаны таптамасын деп өсиет айтуы тегіннен-тегін емес.

Бұл мешіттер заманындағы аса елеулі ерлікке бергісіз істер дерлік, ал Оғыландыдағы мешіт – тіпті алып құрылыс. Ислам діні бұрын жерасты мешітін білмей, ол тек Маңғыстауда ғана салынып келсе, Бекет Ата соны дамытушы. Орыстың академик Крачковский сынды білімдары, Ұлы Толстой абызы – ең жаңа, бұрынғы діндердің кемшін, олқылықтарынан қорытынды шығара білген Ислам дінінің адамгершілік құндылығын жоғары бағалаған болса, Пір Бекет діни сәулет өнерінде ежелгі иудей, христиан дінінің тауды қашап ғимарат, мінәжатхана тұрғызған дәстүрін қыр жағдайында ұластырып орнықтырушы бола білді. Сондай-ақ Ахмет Ясауи шәкірттерінің Маңғыстаудағы осы бағыттағы үрдістерін жаңғыртты және дамытты дей аламыз. Бұл үрдіс ескерткіштерімізде де кеңінен өрістеп кетті. Сыр бойынан ежелгі дің-пирамида

дәстүрін ала келген қазақтар жаңа қонысында шығыс, Орта Азия архитектурасына еліктеп енді дің төбесіне айшықты күмбез орнататын болды. Сағана, бестас, үштас, қошқартастар көбейді. Құлпытастардың бедері артты. Бір сөзбен айтқанда, тас өңдеу мәдениеті өте-мөте жетілді, дамыды.

Мысалы, тас өңдеу мәдениеті әлі кемшіндеу кезде таудың кесек тасынан тұрғызылған Атаның замандас досы Қожаназардың күмбезінде дала архитектурасындағы ежелгі дің үлгісінің сипаттары сақталған. Ал 1856 жылы Қараған-Босағада жаумен шайқаста өлген Балуанияз батырдың ескерткішінің кейін неміс зерттеушісі Гуго Штумм 1873 жылы салып алған суреті бойынша бізге жеткен кескін-кейпі бұл салада біраз ілгерілегенімізді аңғартады. Айта кетелік, бұл соңғы құрылыс Балуанияз өлетін ұрыста ту ұстаған Асар сұпының басшылығымен салынған. Ал Асар – Атаның немересі. Қажылық сапарынан оралмаған.

Бекет Ата мешіттерінің дәл қанша екенінің есебін шығару қиын, себебі әр жерден Ата атына қатысты мешіттер табылып жатыр. Бізге әуелден белгілісі – Жем бойындағы, Бейнеудегі, Тобықты ойындағы, Оғыландыдағы мешіттер. Бұлардың әрқайсысы бір-бір тарих. Әсіресе, Оғыландыдағы бірнеше бөлмелі атаның ақыреттік мекені болып қалған жерасты мешітінің құпиясын әлі зерттеп болған жоқпыз. Міне, осыларды көргеннен кейін Атаны өлкедегі сәулет өнері өрлеуінің басында тұрған тұлға деп те батыл айта аламыз.

Бекет Ата мешіттерінің ішіндегі ең айтулысы Оғыландыдағы тәуап орны. Оның ішінде Атамен туысқан бірнеше жандар жерленген. Сонымен бірге өзінің де мәйіті осы жерге қойылған. Ел ішінде бертінге дейін оның денесі бұзылмай жатқанына куәлік етушілер көп болған, шырақшыларға оны күту парыз болып келген. Кейін ғана өзі аян беріп, беті жабылған екен деседі. Бір жағынан ғибадат орыны, бір жағынан оқу-ағартушылық, жолаушыға тұрақжай, сонымен бірге қабірхана да болып келетін көпфункционалды орындардың жиі кездесуі Ислам ұстанған орта азиялық мұсылман елдерінің танымында қалыпты жағдай. Күллі түркінің төрі болған Түркістандағы Ясауи мазараты да дәл осы мазмұндас. Атаның Оғыландыдағы мешітіне зиярат кеңес үкіметінің кезінде де тыйылған жоқ. Тәуелсіздік тарихында көбеймесе, азаймағаны белгілі. Бұл жер еліміздегі ең ірі зияраттық туризм нүктесі болып саналады. Таудың шақпақ жонын, құздың қырпу шыңын асып жететін көліктер үшін бұл нағыз қияметтің қылкөпіріндей еді. Осыны ескере келе, бүгінгі ұрпақ, табиғаты қатал, тағдыры тарғыл ел – барша маңғыстаулықтардың атынан біткен бір іс болсын деп арнайы қатқыл табан жол салуды қолға алдық. Мұны «Ата жолы» деп атадық. Бүгінгі қазақты кемелдікке, адамгершіліктің биігіне, абыздыққа бастайтын жол болғай деп тіледік.

Ата мұрасына адалдық керек

Ел аузынан жинақталып, кітап болып шығып жетіп, руханиятымызға қазына болып қосылған Бекет атамыз жөніндегі аңыз әңгімелер, оның өсиеттері, жазба деректер – құнды қазынамызға айналды. Заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш аға Кекілбайұлының Ата туралы толғамы – артық-кемі жоқ анық баға деп білеміз. Біздің ендігі міндет-мұратымыз – Пір Бекет Атаның өмірі мен өнегесін, рухани ілімін кейінгі ұрпақ тәрбиесіне орынды пайдалану, насихаттау.

Әрқашан Бекет атамыздың рухына құрметі ерекше ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасын жасауды тапсырып, Ата мешіттерін республикалық маңызы бар ескерткіштер қатарында мемлекеттің ерекше қамқорлығына алғызды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та президенттік сапарының алғашқысын Маңғыстау өлкесінен бастап, Бекет Ата басына барып, зиярат етті.

Азаттық алғалы, әр онжылдық сайын Атамыздың 250 жылдық, 260 жылдық мерейтойларына орай жоғары деңгейде іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Өзім де облыс әкімі ретінде Бекет Атаның 260 жылдығын халықаралық деңгейде атап өтуде ұйымдастыру жұмыстарының басында болғанымды ықылас-ризалықпен еске аламын. Рухани ілім игерген оқу орны – Хиуа жеріне арнайы ғылыми экспедиция ұйымдастырып, Хиуадағы қорық-мұражай кешенінде Бекет Атаға арналған көрме жасақтауға атсалысқанбыз. Өзбекстанда тұратын Атаның кейбір ұрпақтары оның қасиетті асатаяғын елге алып келді, облыста жаңадан құрылған Мұнайлы ауданына келіп қоныстанды.

Ал енді биылғы пандемия жағдайына байланысты бұрынғыдай ұлан-асыр ас беріп, халықтық шаралар өткізуге мүмкіндік жоқ. Есесіне, Пір Бекет Ата ілімін тану жолында тарихшылар мен дінтанушыларды, жалпы бейімі бар ғалымдарды агиографиялық еңбектер жазуға жұмылдыруымыз керек. «Бекеттану» оқулығын дайындап, Қазақстанның жоғары оқу орындарында болашақ тарихшыларға, философтарға, филологтарға оқытатын уақыт әлдеқашан жетті. Кез келген шығармашылық иелерін шабыттандыратын Бекет Ата туралы ғылым мен өнер саласындағы іс-шараларға мемлекет тарапынан барлық қолдау көрсетіледі. Сондықтан Бекет Ата өнегесі негізінде қоғамдық санамызды жаңғыртатын, өткенге де, болашаққа да бірдей қызмет ететін туындылар жарыққа шығарына сенімдіміз.

Ғасырлар бойы көксеп, қолымыз жаңа жеткен Тәуелсіздігімізді баянды ету үшін әл-Фарабидің, Қорқыт атаның, Қожа Ахмет Ясауидің, Пір Бекет Атаның, Мәшһүр Жүсіптің, Абайдың, Шәкәрімнің, Ахмет Байтұрсынұлының, тағы да басқа абыздарға ұлттық рухани жаңғыру жолында дәйім зәруміз, ылғи қажеттігін сезінеміз. Олар біздің және бізден өнген ұрпақтың жолына һәм көкірегіне Жаратушының сөнбес сәулесін себелеп тұрады. Ал ол сәулеге ергендердің ғұмыры баянды болмақ.

Тілек сөз

Бір кездері жолдан адасқан жолаушының, құздан құлаған замандасының, қашқанның да, қуғанның да киелі дұғасындай ұраны болған Пір Бекет Ата есімі бүгінгі қазаққа не үшін керек? Түрлі мәдениеттер мен өркениеттік құндылықтар қақтығысқан, білім мен ғылымы озған жұрттың ғана ұпайы түгел жаңа заман шартына – бағзы мен бүгіннің арасын бұзбай жалғаған адами мұрат, абыздық сана, имани қуат, күрескерлік пен көркемдік, билік пен мәмілегерлік өнеге қапысыз сомдасқан, сөз бен іс ірге ажыратпай жымдасқан болмыс қана сай келеді. Кемел ойдың иесі кәміл адам ғана біздің төрт құбыламызды сай ете алады.

Әлемді дағдарысқа тіреген індеттің кезінде жандәрмен сырқаттың да, оны емдеуге жанұшырған жанкешті дәрігердің де бір сенгені – білім-білік, іштей сыйынғаны Құдайдың құдіреті және оның киелі де құрметті достарының абзал рухы болғаны ақиқат. Ендігі жерде де ел мен ерді қиянатқа бермей, қияметтен аман алып шығуға осы аталарымыз медет берері сөзсіз. Ал біз қасиет пен киеге шәксіз сеніміміз бен шексіз құрметімізді сақтап қалуымыз шарт.

Бір замандары жау мен даудың үстінде жәрдем еткен Бекет Атаның есімі ендігі жерде ғылым мен білімге ұмтылған талапты қазақтың сүйеніші болғай, оның рухын құрметтеген ел-жұртының жігер-күші болғай! Ұжданы биік, ұйымшылдығы берік ұлттың намыс ұраны болғай!

ӘОЖ 378.02

ПІР БЕКЕТ АТА ІЛІМІ

Кенжетай Досай Тұрсынбайұлы
философия және теология ғылымдарының докторы, профессор.
Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ «Ясауитану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры (Түркістан)

Қазақ мұсылмандығы тұғырлары:
«Мәдинада – Мұхаммед,
Түркістанда – Қожа Ахмет,
Маңғыстауда – Пір Бекет»

Бүгін Ислам теологиясы төңірегіндегі ең басты түйткіл – ол эпистемиологиялық проблема. Бұған тікелей соңғы төрт ғасырдағы Ислам тарихи және діни тәжірибесіндегі тоқырау мен сыртқы күштердің ықпалы даусыз. Бүгін де сол қалпы, дінді тек қана Алла мен адам арасындағы намазбен өлшейтін сана өзгерген емес. Бұл діни танымдық басымдық тенденциясы қазіргі жастарымыздың арасында кеңінен тарап, діни сана, діни тәжірибеміз бен діни танымымызға жат шаблондар орнығып үлгерді. Исламдағы эпистемиологиялық проблема ол Ислам теологиясының идеясы мен ұстанымының арасы мен шеті туралы нақты өлшемнің болмауынан туындап отыр. Бұл өлшемдер тарих бойы жазылып, айтылып, практикада тартысып келе жатқанымен, кешегі позитивистік және бүгінгі жаһандық сынақтар мен қысымға жауап бере алмайтын деңгейде болғандықтан, ортақ ғылыми танымдық негіздер бойынша сараптау тұғыры әлі қалыптаспай келеді. Мәселе Исламды бүгінгі уақыт талабы мен ғылыми таным шеңберінде түсініп, түсіндіре алмауымыздан болып отыр. Исламды өткен ғасырдағы М.Абдух пен орта ғасырдағы Ибн Таймийа қалыбымен ревизияламақшы болдық, болмады. «Таза Ислам», «бұзылған Ислам», «халықтық Ислам», «классикалық Ислам», «ортодокс», «гетеродокс», «салафи» мен «халафи» деп жіктедік, болмады. Ақырында Сунни Ислам, оның ішінде Ханафи, Матуриди қалыбымен өз діни танымымыз бен тәжірибемізді қорғауға ниеттендік. Себебі «мазхабсыз» мазхаб, неосалафизм Ханафи мазхабына қарсы шығып отыр, Матуриди ақидасындамыз деп едік, олар енді: «Діни танымдарың муржийидан келген, мутазиладан енген», – деп қысым көрсетуде. Біздің қазақ мұсылмандығына пысқырып қарамайтын болды. Себебі қазақ мұсылмандығы сопылық танымға негізделген, осы таным арқылы қазақ ұлттық болмысқа айналған. Уахабизм мен сопылық екі диалектикалық тарапқа айналды. Демек, қазақ жастарында діни және ұлттық сана арасында диалектикалық қайшылық өршіп барады деген сөз. Бұл құбылысты реттеудің шешімі мен тетігі де ғылыми таным болуы керек. Дін құбылысын ғылыми танымдық тұрғыдан сараптаудың бүгінгі қажеттілігі еліміздегі дін ғылымдарының дамуына ықпал етеді деп үміттенеміз.

Жалпы сунни ақида бойынша діни сана, діни сенімнен туады. Діни сенім ол адамның мәні рухқа барып тіреледі, содан қуат алады. Діни таным формалары мәтін (Алла), қоғам (әлем), даналық (ирфан), ақыл арқылы қалыптасады. Мұны құдайлық таным мен адамдық танымның қатынастары ретінде де бағамдауға болады. Құдайлық таным өзгермейді, ол мәтінде сақтаулы, жазулы. Қоғам, даналық, ақыл дегеніңіз осы адамдық таным қабаттарын көрсетеді. Жалпы мәтінде (нақылда) Ислам негіздері мен құдайлық таным, қоғамдық сананы негізге алған. Сондықтан суннилік ағым, мәтінге емес қоғамға орталықтанған діни таным ретінде анықталады. Ал қазір ше, «нақыл – бірінші» деген тенденция, ақылды да даналықты да қоғамды да ысырып қойды. Бұл суннилікті де діни тәжірибені де, тарихты да жоққа шығару, сосын Исламды тарихи

мүмкіндіктері мен жадынан ажырату. Ал шындығында, суннилік «даналық пен қоғамды, ақылды» тұтас қарастырады. Сол суннилiктiң ең басты қабаты сопылық – құт ілімі, даналық. Ал даналық – хикмет. Барлық хикмет атаулының иесі – Алла. Сопылар сопылықтың мәні мен мазмұнын, ұстанымы мен мұратын, тәртібі мен жүйесін, этикасы мен негізін осы жолды таңдағандарға қайтадан түсіндіріп, дәстүрлі сабақтастықты жалғап отырды. Сопылықта ең басты ұстаным – адамның ішкі хәлі, ар тазалығы. Ол тікелей рухани, психотехникалық тәжірибе арқылы дамыды. Сондықтан сопылық философия адамды тануда категориялық, ұғымдық құбылыстарды анықтаудан басталады. Әрбір сопылық тәжірибе мен мәдениеттің қағазға түскен (діни таным) немесе санада қатталған (діни сана) сан ғасырлық ізі бар. Сопылық тәжірибеде адамдық «мен» ешқандай сезім немесе ақылдың көмегінсіз, Тәңірмен тікелей байланысқа түседі. Бұл бірлік, тұтастық тәжірибесін тілмен жеткізу мүмкін емес. Сондықтан оны бөліп, анализ жасау да мүмкін емес. Мұндай хәлді жеткізуде тіл, ойлау құралдары дәрменсіз. Сөзбен түсіндірудің мүмкін еместігі өз алдына, суфидің тәжірибесі – субъективті хәл, оның басқаларға түсіндірілуі, жеткізілуі мүмкін емес. Бұл хәл – трансцендентті табиғатта болғандықтан сөзбен айшықтау, бұл хәлді басынан өткізбеген кісіге түсіндіру тағы мүмкін емес. Сондықтан қазақ мұсылмандығындағы діни танымға қатысты қағазға түскен категориялық мұраларға қарағанда, сопылардың ішкі хәлдерін түсіндіруге арналған символдарға, антропоморфты ұғымдарға, метафора, теңеу сияқты жабық ұғымдар мен символдық, образды ұғымдар көптеп кездеседі. Суфидің өзін физиологиялық әрі психологиялық бақылау процестері – аз ұйқы, аз ас ішу, ораза тұту сияқты тәндік риязат-жаттығулар, адамдармен белгілі уақыт аралығында байланысын үзу (қылует немесе узлатке түсу), бүкіл сезім мүшелерін сыртқы байланыстардан үзіп, ішкі әлеміндегі құбылыстардан, қиялдардан арылту арқылы бүкіл қиялдау-ойлау қабілетін бақылауға алып, ынтасын тек «Тәңірдің үйі – қалбқа» аударып, одан тыс барлық нәрседен қатынасын тыйып, өзін абстрактілеу процесі.

Сопылық бір жағынан практикалық-эмпирикалық ілім, рухты зерттеу тәсілі. Өзіндік доктринасы, тәлімдік қыры және практикалық рухани тәрбиелік методологиялық жүйесі бар дәстүр. Сопылық таным туралы білім беруді сопылық терминологияда сулук дейді. Яғни рухани тәлім-тәрбиенің шәкірт пен ұстаз арасындағы мұра, білім, таным қазынасының берілуі деген сөз. Осы таным мен тәлімді, яғни теориялық және практикалық мұраны келесі ұрпаққа жеткізу әрекеті тариқатты қадағалаушы ұстаз тарапынан айқындалып қойылады.

Тарихымызда көшпелі рулық, тайпалық одақтарды біріктіріп тұрған қандық-генетикалық байланыстың ыдырап, орнына «діни-идеялық-мұсылмандық» қатынастың орнауында Ясауи ілімінің тікелей ықпалы болды. Ясауи ілімі трансформациялық-трансляциялық тәсілдер арқылы өз болмысын көрсететін дәстүрлі түркілік дүниетанымның аксиологиялық-мазмұндық түлеуіне алып келді. Бұл рухани түлеу, санадағы жаңғыру құбылысы көшпелілердің табиғатқа, қоғамға, әлемге, адамға деген көзқарасының көкжиегін кеңітті. Сондықтан бүгінгі қазақ болмысының мәніндегі мазмұн – исламдық өркениеттік тұғыр – Ясауи ілімі арқылы трансформацияланған деуге ғылыми тұрғыдан толық негіз бар. Ясауи ілімі негізінде қазақ даласына Ислам дін ретінде еніп, тамыр жайды. Мавараннахрдағы Матуриди ақидасы мен Ханафи фиқх мектебі осы Ясауи ілімі арқылы бұл далаға орнықты. Ал рухани тарих қабаттарына қарасаңыз Исламдағы Құранды түсіндірудегі тауил методын негіздеген Матуриди болатын. Соның негізінде бұл далада сопылық қанат жая алды. Көріп отырғанымыздай, рухани үдерістер тарихи хронология емес, сананың қалыптасуын негізге алып, өзара тығыз байланыста болады. Сондықтан Ясауи жолы фикхтық жағынан Имам ағзам Әбу Ханифаның, ақаидтық (доктриналық) жағынан имам Матурудидің іліміне негізделген,

түркі халықтары арасында кең тараған нағыз түркілік мәдениетпен сомдалған дәстүрлі мұсылмандық түсінігіміздің айнасы.

Қазақ мұсылмандық тарихында әлі басы ашылмай, зерттелмей келе жатқан мәселелер көп. Соның бірі Ясауи мәдениетінің Шыңғыс хан шабуылына дейінгі қабаты, Алтын Ордадан Қазақ хандығы мен XIX ғасырға дейінгі қабаты белгісіз. Сонымен қатар қазақ тарихы да осы қабаттарда көмескі күйінде қалып отыр. Себебі рухани қабаттар мен саяси тарихи танымдық тұғырлар өзара ажырағысыз болмыстар. Бүгінге дейінгі жазылып жатқан дүниелер қазақ рухани үдеріс тарихын толықтай кескіндей алмайды. Сондай қабаттың бірі Пір Бекет Ата Мырзағұлұлының тарихи тұлғасы мен рухани мұрасы. Бұл мұра бүгін «діни сана» деңгейінде қалып отыр. Қазір осындай мұраларымызды ғылыми теориялық зерттеулер обьектісіне айналдыра алмай жатқан тұста, қоғамда әруақ, әулие, сопылық зікір арқылы қалыптасқан қазақ мұсылмандығын Исламға жат дүниетанымдағы жеке ағым ретінде көрсету белең алып тұр. Қазақтың дәстүрлі діни түсінігін сынап, оның негізгі ұстанымдары мен идеяларын жоққа шығару әрекеті Құран мен хадис шеңберінде жүріп жатыр. Яғни діни танымдағы әрбір ұғым, категория, символдар мен тұғырлардың Құранда орын алған-алмағандығы негізгі өлшемге айналды. Бұл жерде тек салафилер ғана емес, Исламдағы барлық ағымдар сопылар да өздерінің негізгі өлшемі ретінде Құранды танитындығына назар аударылар емес. Өкінішке қарай, бүгін оны мақсатты түрде басқаша түсіндіріп, танытуға тырысушылық тенденциясы жоқ емес. Сопылыққа, әулие түсінігіне қарсы шығу деген – Қожа Ахмет Ясауиға, Пір Бекет Атаға бүкіл тарихымызға, мәдениетімізге, сайып келгенде, қазақ халқының тарихына қарсы шығу. Өйткені, Ясауиден бастап Асан Қайғы, Мәшһүр Жүсіпке дейінгі қазақ даналары сопылық мәдениет негізінде ой толғады. Бұл – қазақтың дәстүрлі мұсылмандық түсінігінің айнасы – сопылық философия деген сөз.

Бүгін салафилік бағыттағы, яғни дәстүрлі ханафи мазхабын мойындамайтын жаһандық саясаттың құралына айналған мазхабсыз топтар қазақ мұсылмандық түсінігіне, оның ғасырлар бойы жинақталған, болмысқа айналған түсінік танымын жоққа шығарып бағуда. Бұл дегеніңіз – зардабы кешегі коммунистік идеология жүргізген ұлтсыздандыру саясатынан да асып түсетін қасірет. Бұлар қазақты бүгін ғана мұсылмандықты қабылдаған ел сияқты көрсетіп, өздерін «таза Ислам» атынан, кей жерлерде Алланың атынан сөйлеп, халықты қалыпты діни сенімі мен танымынан бездіруге жұмыс істеуде. «Ясауиге жоламаңдар, Бекет Атаның басына бармаңдар, зиярат етпеңдер! Ол – ширк!» – деген лозунгілер үдеп барады. Осындай діни психологиялық проблемаларды реттейтін тетік – құқықтық заңнамалармен қатар ғылыми таным, зерттеу екендігі белгілі. Бүгінгі қоғамда әлеуметтік ғылымдар саласы кешегі позитивистік теориялар, танымдар мен шаблондардың ықпалынан шығуға асығар емес. Осы ахуал қоғамдық құндылықтық бағдарлардың нақтылануы мен анықталуына басты кедергі болып тұр. Негізінен кешегі кеңестік құндылықтық бағдарларды трансформацияға ұшырататын қабат бұл дін құбылысының жандануы екендігі өзін сезіндіріп келеді. Дін құбылысының жандануы оның танымдық, ғылыми теориялық және методологиялық эпистемиологиялық білім беру жүйесі арқылы бірлікте қалыптасып дамыса құба-құп, әрине. Осы мақсатта Пір Бекет Ата мұрасы туралы ғылыми таным шеңберінде діни феноменологиялық талдау жасап көрелік. Жалпы алдымен кешегі позитивистік шаблонда адам санасындағы руханилық пен киелілікті бөлшектеу мақсатында мифтік, философиялық және діни танымдар «ғылыми таным» алдында бүгежектеп күн кешкенін еске сала кетейік. Себебі Бекет Ата туралы мәліметтердің барлығы дерлік «аңыз бен мифке» толтырылды. Тіпті аңыз емес, ғылыми таным қарастыратын қабаттары да аңыз бойынша танытылып, түсіндірілді. Бұл құбылыс кешегі советология мен орыс ориенталистикасы арасындағы құпия күйінше қалып отыр. Бұл орталықтар қазір аты өзгергенімен, қазақ руханиятын «кеңістіктік және құндылықтық» тұрғыдан басқаруды,

қолдануды әлі күнге шебер пайдаланып келеді. Әсіресе, бүгінгі күн талабынан осы мұрамызға басқа елдің, әсіресе, батыстық зерттеушілердің тұжырымдарын есепке алып, салыстырып отыру маңызды мәселе. Мысалы, американдық ғалым Девин Де-Вис Қожа Ахмет Ясауиді, XIII ғасырда өмір сүргізіп қояды. Ал оның XII ғасырда өмір сүргендігі анық. Бұл не үшін керек? Ясауи тұлғасын барлық түркі халықтарының ортақ мұрасынан алып шығу керек. Осы арқылы рухани байланыстардың желісін үзу немесе жаттандыру мақсаты тұрғандығы көрініп тұр. Себебі кеше сыртқы саяси күштер кеңестік идеологияға қарсы Ясауи және Ясауитану жайында жүргізілген зерттеулерінде түркілік дүниетаным құндылықтарының тұтастығы тұрғысынан баға беріп, оған жалпы түркілік мәдениеттік негіздің ұйытқысы ретінде қарады. Ал бүгін сол сыртқы саяси күштер Ясауи төңірегінде тарихи қалыптасқан құндылықтар негізінде оның ілімінің тұтастыққа үндеу қырына емес, одан қоғамды ыдырататын саяси элементтерді шығаруға тырысып, жаппай жаһанданудың Орта Азия саясатына «ғылыми» тұрғыдан қолдау көрсетіп отыр. Мысалы, тағы бір американдық ғалым А.Бодроглигетти Ясауидің хикметтерін «екінші Құран» ретінде танытады. Бұл, әрине, түрік мұсылмандық мұхитында кеңінен тараған түсінік. Оның ешқандай ғылыми жаңалығы жоқ. А.Бодроглигеттидің айтқандарын бес ғасыр бұрын Махмұт Хазини айтып, Ахмет Ясауиды «Ахмед-и Санидүр ол, Сұлтан-и Түрк, екінші Мұхаммет», – деп танытып, Османлы патшасы III Мұратқа Ясауи мәдениеті туралы кітап жазып сыйға берген. Орта Азияда Ясауи және оның мұрасына деген махаббат халық көкейінде «Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет» ретінде өшпестей нақышталған. Мұндай түсінік сопылық дүниетаным тарихында көп кездеседі. Мысалы, Нақшбандийа тариқаты өкілдері Имам Раббанидің «Мактубаттарына» «Киелі Кітап» (Мактубати-Қудсиййа) десе, Маулауийа тариқат өкілдері де Жалалуддин Румидің «Маснауи» атты кітабын «Мағз-и Құран» немесе «Маснауи-и Мағнауи-и Маулауи-и Хаст Қуран Дер Зебани-и Пехлеуи», яғни Маулананың Маснауи кітабы парсы (пехлеви) тілінде жазылған Құран, Маснауи – Құранның мәні, рухы деп қараған. Ал Имам Ғазалидің атақты «Дін ғылымдарының жандануы» атты кітабына да «Ихйиау қада йакуна ал-Қуранан», яғни Ихйиа (кітабы) – Құранның тура өзі дейді. Ясауидің хикметтерін «екінші Құран» дегізу арқылы бүгінгі қоғамдағы уахабизмнің диалектикалық тұрғыдан өршуіне тұғыр етіп беріп отыр. Сол сияқты тарихи санада орын алса да, тарихи танымдағы деректерді жойып баққан кеңестік саясат, қазақ мемлекеттілігі мен болмысын бөлшектеу мақсатында, Пір Бекет Ата мұрасы туралы да өз ұстанымын таңып келді. Мысалы, «1750 жылдары Бекет Ата аңыз дерек бойынша Сыр бойы Сауран атырабында туған. Өзімен бірге Адай, Табын, Әлім руларын ертіп Арал маңында қоныс тебеді. Алғашқы мешітін де сол Аралда салған» деген деректі қараңыз. Бұл жердегі бірінші мәселе, Қазақ болмысы үшін Сыр бойы, Қаратау етегі мемлекеттілік ордасы болған. Ибн Халдунның анықтамасымен түсіндірер болсақ, Сыр бойы – қала ретінде қазақ хандығының рухани және саяси орталығы. Сосын әрбір үш жүзге кірген ру тайпалардың өз қожасы мен төресі болған. Осы екі қожалар мен төрелер институты қазақ болмысының саяси тұтастығының өлшемі болған. Бұл туралы тарихшыларымызда дерек қалмаған, бар деректі де аңыз деп ғылыми айналымға енгізуден алшақ ұстаған.

Екінші мәселе, қазақ хандығының осы ғасырлардағы кеңістіктік қатынастары мен саяси жүйелеріндегі ортақ құндылықтар қабаты туралы тарих ештеңе айта алмайды. Аңыздағы Бекеттің Сыр бойынан Аралға қарай ойысуының астарындағы себептер мен саяси қабаттар жабық жатыр. Қазақ даласын бөлшектеуге бағытталған Ресей империясы сұрқия саясаты мен кешегі кеңестік идеология астасып, бұл шындықтың, мифтік сана деңгейінде халық арасында сақталуына мәжбүр болғандығын көреміз. Бірақ қазіргі тарих ғылымы «тарихи сана, оның басты тұғыры адам, халық, мәдениет құндылықтары» екендігін мойындап келеді. Осы тұрғыдан алғанда, аңыз ретінде халық санасынан

өшпестей орын алған осындай деректер, тарих қойнауын түгендеуге септігін тигізері сөзсіз.

Бұл жердегі үшінші басты мәселе, Бекет Ата тұлғасын Түркістан сияқты саяси да рухани орталықтан бөлек таныту туралы болмақ. Аңыздағы «Сауран атырабында туған» деген деректің өзі, мақсатты шығарылған миф екендігіне дау жоқ. Себебі бұл жерде Бекет Ата тұлғасы арқылы қазақ даласын бөлшектеуді мақсат еткен ориенталистік тенденция көрініс береді. Бұл жай бергі жағы ғана. Егер тереңдеп қарасаңыз, қазір Бекет Атаның ижазат алған орталығы «ныгматуллахия» тариқаты ретінде жазылып қалыпты. Бұл деген сөз ертең «Бекеттану зерттеулері» қолға алынған тұста, соңынан шиизммен байланысты екендігі шығатындығын күтіп отырған орталықтар бар. Мысалы, Бекет Ата мен Ясауи арасын Бақырғани, Данишменди, Хубби арқылы ғана жалғайтын аңыздар бар. Бұл аңыздар халық санасында сақталған. Ал енді Хорезмде Бекет Атамен бірге дәріс алған түрікменнің атақты шайыры Мақтымқұлы Пырағы Қожа Ахмет Ясауиді өзіне пір тұтады да, Түркістанда туған Бекет Ата аузынан мұндай бір де бір мәлімет қалмаған. Демек, Бекет Ата туралы деректер жасырылып жатыр немесе жойылған. Бұл кеңістікте Ясауи ілімі Исламның мәні ретінде қабылданып, XII-XIV ғасырлар арасында Орта Азия, Таяу Шығыс, Үндістан жерлеріндегі саяси оқиғалар (мәдениет көші) негізінде Хорезм, Хорасан, Әзірбайжан арқылы Кіші Азия-Анадолы топырақтарына, одан Балқан, Еділ-Оралға дейінгі аймаққа жайылды. XVI ғасырға дейін Ферғана, Ош, Хорезм жерінде өзінің жандылығымен танылса, XIX ғасырдан XX ғасырдың 70-ші жылдарына дейін яғни кеңестік дәуірде де аты аталған аймақтарда тіршілігін сақтап қалды. Ясауи ілімінің өзегі – адам және оның рухани тәрбиесі мен кемелдігі. Оның осы мақсатта өсірген әрбір шәкірті адамзат тарихында жеке құндылық көздеріне айналды. Ясауидің алғашқы шәкірті атақты Арыстан Бабаның ұлы Мансұр Ата (х.594/м.1197), екінші халифасы – Сайид Ата Хорезми (х.615/м.1218); үшінші халифасы – Сүлеймен Ата Бақырғани (х.582/м.1186). Ясауидің ең мәшһүр халифасы – Сүлеймен Бақырғани (Хаким Ата) екендігі жайындағы мәліметті Кашифидың «Рашахат-ул айн-ил хайат» атты кітабынан көруге болады. Оның мұраларында «Диуани Хикметтің» рухы жанданып жалғасын тапқандықтан, Фуат Көпрулу Сүлеймен Атаны «Ясауидің хикмет дәстүрін жалғастырушысы, әрі жаңғыртушысы» ретінде бағалайды.

Ясауидің «Мират-ул Қулуб» атты мирасын хатқа түсіріп, аманат қылып қалдырған тағы бір мәшһүр халифаларының бірі Суфи Мұхаммед Данышменди (шамамен м.1220 қ.б.) болатын.

Тарихта Ясауидің тариқаты Зеңгі Баба арқылы жалғасын тапқан. Садыр Ата, Бадр Ата, Қажы Бекташ Әулие, Сары Салтұқ, Шайх Лұқпан Перенде сияқты тұлғалар да оның шәкірттері саналады. Александр Беннигсон Ясауидің Шопан Ата және Қара Баба атты шәкірттерінің болғандығын айтады. Оның шәкірттері жөнінде Фуат Көпрулу: «Мутасауфтардың (сопылардың) биографиясы жайлы еңбектерде Ирақ, Хорасан және Мауараннаһр суфилерінен басқа түрік шайхтары деп жүрген сопылардың барлығы Ясауийа тариқатының шайхтары еді» – дейді.

Түркиялық ясауитанушы ғалым, К.Ераслан Ясауидің хикмет дәстүрін жалғастырушылар ретінде Құл Сүлеймен, Азим Қожа, Мешреб, Қожа Хамид, Құл Убайди, Хувайда, Құл Шерифи, Наубати, Қани, Ғариби, Дәруіш Әли т.б. суфи-дәруіштерді атап көрсетеді. Науайи, Фузули, Мақтұмқұлы, Юнус Әміре, Мевлақұлы мұраларын оқи отырып, Ясауи дүниетанымын, дәстүрін, тілі мен ділін, жалпы дәстүрлі түркілік сопылық рухты көруге болады. Өйткені Ясауи ілімін таратушыларда тақырып, ұғымдық қалыптар мен түсіндіру әдістері ортақ болып келеді. Қап тауы жағында да Қопыз Абдулла, Умми Кемал, Абдурахман әл-Қақашора Дағыстани сынды Ясауи ілімінің мұрагерлері бар. Ясауи жолының мұрагерлері Әзірбайжанда Насими, Хасаноғлу, Омар Раушани болса, Түрікменстанда мәшһүр Мақтымқұлы Ясауиді «Ей,

дүниенің иесі – тірегі, Ахмет Ясауи, Менің «Сахиб-Жамалымды» (Менің Тәңірімді) көрдің бе? Хырка киген Қожа Ахмет Сайрамда-дүр, Сайрамда», – деп танытады. Сонда осы Мақтымқұлымен бірге оқыды деген Бекет Ата неге Ясауи туралы дерек аманат қалдырмады екен... Біз бүгін тек халық санасында «Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет» деген тіркес арқылы ғана қазақ руханиятының біртұтастығын негіздеп жүрміз. Сондықтан Пір Бекет Ата аңыздары ертеңгі тарихи сананы жаңғыртуда, болашақ ұрпаққа рухани құндылықтарды ғылыми танымдық тұрғыдан дәріптеп, танытуда ең басты орталық болып қала бермек.

«Аңыз түбі – ақиқат» демекші, әрбір діни аңыздың өз тілі мен қалыптары болады. Соның ішінде сопылық танымның арнайы тілі, психотехникасы бар. Аңыздарда Бекет Атамыз ерекше күш, сыр иесі ретінде танылады. Алладан мәлімет алып отыратын қасиеті бар, әулие ретінде, аңыздық желіде «Алланың бірлігі, бес уақыт намаз және 10 негізгі ұстанымы» пайымдалады. Солардың біріншісі – «астың киелігі», «адал еңбек», «кісі ақысын жемеу», «тәркі дүние», «жүректі (қалбты) сақтау» және т.б. Бұл аңыздар Бекет Атаның түркі сопылық ұстанымы соның ішінде Ясауи салған сара жолмен оның он негізгі «фақр» философиясының идеясына ұласатын арна болғанын көрсетеді. Шариғат сатысындағы ондағы таухид және шариғат негіздері мен фақр түсінігі, яғни құлдың Алла алдындағы рухани қажеттілігіне негізделген Құран көрсетілген «Сен (Алла) – байсың, Мен – кедей» аяттарына барып тірелетін сопылық таным.

Негізінен «ұшу» феномені, түркі сопылық түсінігінің басты ерекшелігі екендігін көруге болады. Мысалы, Ясауи, Қажы Бекташ, Бақырғани туралы манакибнамаларда осы құбылыс жиі қайталанады. Бекет Атаның кереметі намазбен тығыз байланысты болып келеді. Бір аңызда намаз үстінде «құс» кейпінде ұшып кетеді. Бұл оның рухани психотехникалық, психологиялық хәлін көрсетеді. Жалпы сопылық танымдағы құс бейнесі оның кемелдік дәрежесіне меңзейді. Бұл туралы атақты Қушайридің «Рисаласында» толық баяндалады. Намазда өзінің дұшпандарын ұйықтатып кетеді. Аңыздарда «Бекет Атаның үш рет ұшқандығы» туралы айтылады. Бұл оның шариғат, тариқат және ақиқат танымдық рухани сатыларда тәжірибесі болғандығын білдіретін символдық-бейнелік танымның тілі. Бірінші ұшуы – яғни, сопылық ілімді С.Бақырғанидан алғандығын көрсететін дәлелді құбылыс. Бұл хәлді сопылықта «уайсийа» деп атайды. Хз. Мұхаммед пайғамбарымызды (с.ғ.с.) көзімен көрмесе де, көкірегі яғни басират арқылы «нури Мұхаммедпен» байланысу хәлі. Аңыз тілінде Бақырғани мен Бекет Ата арасында рухани байланыстың тарихи хронологиясы алты ғасыр уақытты көрсетеді. Дегенмен, мұндай таным, түсінік барлық сопылық тәжірибеде кездеседі. Бұл дерек Бекеттің Ясауи ілімінің жалғастырушысы екендігіне дәлел. Аталар арасындағы уақытқа қарамастан, сопылық – ілімнің сабақтастығын көрсетеді. Мысалы, пайғамбар мен Ясауи арасындағы құрма символизмі, Ясауидың құт ілімін тікелей, пайғамбардан алғандығының белгісі. Бұл өзіндік сырға толы «нури Мұхаммед» танымы негізінде тұжырымдалады. Бұл тұжырым «нури Мұхаммед, Ясауи және Бекет Ата» арасындағы «барака, табаррук» яғни құт ілімінің сабақтастығын көрсетеді. Ясауи мен Бекет Ата арасында Бақырғани, Данышменди, Султан Ефе (Хубби) сияқты аталар бар. Бұл түркі мұсылмандық түсінігіндегі ілімнің берілу жолдары мен кеңістіктік тарихи сананың ұшқыны. Бекет Атаның ең басты дүниетанымдық ерекшелігі оның кеңістіктік яғни горизантальды ойлау жүйесі деп аталатын, имманенттілігінде жатыр. Оның зауиялары мен теккелерінің табиғат аясы мен үңгірлерден ойып орын алуы осының айғағы. Сопылық ирфан, мистикалық сыршылдық пен вахдати вужуд танымы оны әлеммен үндестікке итермелейді. Ол үшін алдымен сопы өз рухани әлемімен тұтастыққа жетуі шарт. Осы шарт үшін сопылықта халуат, узлат психотехникасы қолданылады. Мысалы, Ясауидің алпыс үш жастан кейін тағы алпыс үш жыл жер астында өмір сүрген деген аңыздың айтпағы осы шарт болатын. Бірақ Ясауи тек жылына бір рет қырық

(шіллехана) күндік қылуетке түсіп, өзінің ішкі әлемімен зухдпен айналысатын. Бұл жерде де Бекет Ата «жер асты қылуетін» осы мақсатта қолданған болуы әбден мүмкін. «Бақыржан қажы: «Менің жаназамды Маңғыстаудағы шәкіртім Бекет шығарады» депті. Осы аңыз желісі Ясауи мен Қара Бура әулие арасында да кездеседі. Бұл аңыз желісі Фармади мен Кубрауи арасында да кездеседі. Негізінен бұл құбылыс Хз. Пайғамбарымыз бен Хз. Әбу Бакр арасындағы достықты бейнелейтін рухани қарым-қатынасқа, олардың хәл мен мақамдарының үндестігіне бағыттайды.

«Аққу болып ұшу, жеті аққудың балапаны» деген аңыздағы түсініктер сопылық психотехникалық түсіндірмелер ғана. Бекет Атаның ұшуы, артынан 7 балапан ертуі – Ясауи іліміндегі 7 йақин категориясының қазақ мұсылмандары арасындағы сақталған түсінік. Оны герменевтикалық тұрғыдан түсіндіргенде, сопылық психотехникалық сатылардың мәні мен идеясы шығады. Ол – Мұрат. Алланың Бар және Бір екендігін дәлелдейтін, соған жетуге арналған ұстанымдық, методологиялық желілер.

Өмірінде Бекет Ата атымен аталатын 4 негізгі текке, зауия бар. Бұл Пір Бекеттің артында төрт шәкірті қалғандығын көрсететін символдық образдық танымдық тұжырым. Баялы-Арал мешіті, Ақмешіт-Жем мешіті, Ескі Бейнеудегі мешіті, Оғландыдағы мешіті Бекет Атаның ілім сатыларының кеңістіктегі таралуы мен тарихи беделіне дәлел. Жалпы пірлердің төрттен артық халифалары болмаған. Бұл шаблон да Хз. Пайғамбарымыздың төрт халифасына барып тіреледі. Аңыздарда осы ұстанымдар Бекет Атаға Алладан берілген пәрмен ретінде түсіндіріледі. Қазақтың «Отызда орда бұзбасаң, қырықта қырқа аспайсың» деген сөзі Бекет Ата үшін айтылғандай. Себебі Бекет 30 жасында қол бастап, ел кегін қайтарып, орда бұзады 40 жасында «хырка киеді» яғни тариқатты уағыздайды. Аңыздағы, санадағы мәліметтер, оның қырықта сопылық жолға түскендігін көрсетеді. Бекет Ата да 63 жыл өмір сүрді. Бұл барша түркі мұсылмандық түсінігіндегі рухани қалыптар мен символдық түсініктер, кемелдік өлшемдері. Бұл өлшемдер, пайғамбарымыздың рухани тәжірибесінен алынған. Хз. Мұхаммед пайғамбарымызға да 40 жасында нәбилік беріледі, 63 жасында о дүниелік болады. Бұл Алла Тағаланың жаратқандарының ішіндегі ең кемел құлы туралы мұсылмандар санасындағы «нури Мұхаммедке» деген махаббаттың ізі екендігі айқын. Жалпы бұл мақалада Бекет Ата төңірегіндегі аңыз арқылы зерттеуді қажет ететін салалар мен ғылыми қабаттардың сіресіп тұрғандығына назар аударту еді.

Қорыта айтқанда, Пір Бекет Ата төңірегіндегі аңыздар мен кез келген іздерден қазақ рухани құндылықтық қабаттарының ерекшеліктерін табуға болады. Бұл деректер халық, ұлт болмысындағы діни сананың жанды екендігін айғақтайды. Қазіргі ғылыми танымдық, культурологиялық және эпистемиологиялық талаптар негізінде, Бекет Ата мұрасы кешенді ғылыми танымдық негізде зерттелуді қажет етеді. Бұл қажеттілік жоғарыда да жазғанымыздай, бүгінгі сыртқы және ішкі қауіптердің алдын алуға, жаһандық қысымда қазақ болмысының сақталуы мен баяндылығынан туындап отыр. Бұл мәселені ертерек қолға алмасақ, қазіргі сыртқы күштер, Ясауиді «йахуди» деп танытқанындай, Бекет Атаны да «шиизмнің» дәріптеушісі деп танытуына ешкім кепіл бола алмайды. Біздің ұсынысымыз – Маңғыстауда облыс орталығынан «Пір Бекет Ата мұрасы» ғылыми зерттеу және мәдени институтын ашу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Бекет Ата туралы аңыз-әңгімелер». Жетібай Жылқышыұлы. Жас Алаш №75, 21 қыркүйек 2010.

2. Eraslan K., Hikmet Geleneği: II. Millelerarası Türk Folklor Kongresi Bildirileri, C.II., Ankara 1983, 153-166; Yesevilik Bilgisi.ss.- 143-196, Haz: C. Kurnaz. M. İsen, M. Tatçı., Ankara 1998, A.Y.V. yay., 508 ss;

3. Akavov. Z, Ahmet Yesevi ve Kumuk Manzum Edebiyatı., 468-471; Yesevilik Bilgisi. Haz: C. Kurnaz. M. İsen, M. Tatçı., Ankara 1998, A.Y.V. yay., 508 ss;

4. Magtımgulı, Saylanan Goşkular: Düz: B.A. Gardiyev, M. Kojaev, Aşgabat: Türkmenistan-1997, s. 24;

5. Fuad Köprülü. Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar. (7. baskı): Haz: Orhan F.Köprülü. Ankara-1991., D.İB. Yay., 415 s. (57);

6. Bodroglıgetı, Andras J. E.: «Ahmad Yasavi's Concept of «Daftar-ı Sâni» (Ahmed Yesevî'nin Defter-i Sânî Anlayışı)» Milletlerarası Ahmed Yesevî Sempozvumu Bildirileri, 26-27 Eylül 1991 (Ank. 1992), 1-12.;

7. Hazinî, Cevâhirü'l-Ebrâr Min Emvâc-ı Bihâr (Yesevî Menâkıbnâmesi), Haz. Cihan Okuyucu, Kayseri 1995. S.56;

8. Devin De Weese., The Politics of Sacred Lineages in 19th-Century Central Asia: Descent Groups Linked to Khuaja Ahmad Yasavi in Shrine dokuments and geneological Chapters, İnternational Journal of Middle East Studies.V:31(1999), N-4. Pp-507-530,;

9. Кенжетай Д.Т. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. Түркістан, 2003, Тұран баспасы 240 бет.

10. Кенжетай Д.Т. Түркі Ислам философиясы тарихындағы Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымының орны. Түркістан, 2010, Тұран баспасы 320 бет.

ӘОЖ 378.02

БЕКЕТ АТА – ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ІЛІМІН ЖАЛҒАСТЫРУШЫ

Абуов Айдар Парқұлұлы
философия ғылымдарының докторы, профессор, «Эталон» ғылыми-зерттеу институтының директоры (Нұр-Сұлтан)

XIV-XVI ғасырлар аралығындағы Маңғыстау қарқынды діни ізденістерді басынан өткерген өңір болды. Діни ізденістердің негізін сопылық ілімі құрады. Сопылықтың бастауы ретінде Ислам пайғамбары Мұхаммедтің ғибадатпен айналысу мақсатымен Хира үңгіріне тасалануын көрсетуге болады. Мұхаммед пайғамбардың ол жерде халықтан оқшауланып, нәпсісін тәрбиелеу әдістері оның серіктестері болған сахабаларға, олардан кейінгі ұрпақтарға өтіп отырғандығы туралы түсінік бар. Пайғамбардың мұрагерлері ретінде оның бұл жолын әулиелер ұстанды. IX ғасырдан бастап, әсіресе, Түркістан, Иран мен Солтүстік Африкада сопылық көзқарастар кең тарады. Бұл аймақтардағы рухани ізденістердің арта түсуіне XIII ғасырда моңғол басқыншылығынан кейін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай ықпал етуші басты фактор ретінде әсер етті.

Бұқара, Самарқанд, Ташкент сияқты Ислам тарихында ғұлама ұлы тұлғаларды тәрбиелеп шығарған қалаларды қамтитын Ферғана алқабынан көптеген сопылар шықты. Ахмет Ясауи, Абдулқадыр Гейлани сынды сопылар Ислам сопылығының захири тариқатын (сыртқы жолын) дамытты [1]. X ғасырда сопылық ілімге парсы және түрікмен мұсылмандары зор үлес қосты. Мансұр әл-Халладж сынды араб тектес сопылардың Иран мен Түркістан жерлерінде ұзақ уақыт бойы сопылық ілімді насихаттағандығы белгілі.

Басқа сопылардың халықпен бөлісуді орынсыз деп есептеген сопылық ілімді халық арасында ашық айтудан тартынбаған Мансұр ал-Халладж халықтың түсінбеушілігі салдарынан өлім жазасына кесілген сопы.

Ислам әлемінде сопылық ілімнің дамуына Фудаиль ибн Йаз, Ибраһим Адхам, Бишри Хафи Харис әл-Мухасиби, Джунаид-ы Бағдади, Баязид Бестами, Имам Газали, Шах Нақшбанди, Мухиддин ибн Араби, Мәулана Жалаладдин Руми, Қажы Бекташ Уәли,

Юнус Эмре, Абдал Муса сынды ғұламалар үлкен еңбек сіңірді. Дегенмен, олардың насихаттаған сопылық іліміне түркілер мен ирандықтардың Исламға дейінгі наным-сенімдерінің ықпал еткендігі анық.

Сопылық ілімінің төркіні араб тіліндегі тасаввуф терминінен бастау алады. Тасаввуф сөзінің араб тілінің қандай түбірінен шыққандығы даулы мәселе. «Тазару» деген мағынадағы «сафа», «жүн киген адам» деген мағынадағы «суфи» түбірлері жиі қолданылатын түсіндірмелер. Себебі тасаввуф тазару жолы болуымен қатар, тасаввуфшылар кедейліктің символы ретінде жүн киім кигендігі дәлел. Сондай-ақ тасаввуфтың «кешірім сұрап, уайымға бату» деген тағы бір мағынасы бар. Жоғарыдағы мағыналардың қосындысы нәтижесінде тасаввуф (суфия, суфизм) ұғымы жүректі бұ дүниенің пәни істерінен тыйып, Алла Тағалаға деген ғашықтық сезіммен толтыру әдістемесін білдіреді деп айтуға болады. Демек, сопылық ілім дегеніміз Аллаға ақыл-оймен емес, жүрек сезімімен жету және соны жеткізу.

Сопылық ілімінің Маңғыстау түбегінде пайда болуы әдетте XII ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Ясауи ұстаздың есімімен байланысты. Қожа Ахмет Ясауи өз кезеңінің пассионарлық тұлғаларының бірі болған [2]. Қожа Юсуф Хамаданидің үшінші шәкірті, Түркістанның Яссы қаласында жерленген. Түркістандықтар тарапынан «Ясауи Ата» деп аталған Қожа Ахмет Ясауи Бұқарада білім алғаннан кейін шейх Арыстан бабтан ілім үйренді. Арыстан бабтың өсиеті бойынша Бұқара қаласына қайта барып, Юсуф Хамаданидің тәрбиесімен «иршад» («рухани жол көрсетуші») дәрежесіне ие болады. Юсуф Хамаданидің алғашқы екі шәкірті қайтыс болғаннан кейін Бұқара шеңберінде халықты Хақ жолына үндеумен айналысты. Біраз уақыттан кейін Алла Тағаладан келген белгі бойынша орнына Абдулхалик Гуждуваниді қалдырып, XII ғасырдың отырықшы және көшпелі мәдениеттерінің қарым-қатынас орталығы болған Яссы қаласына аттанды. Ахмет Ясауи түркі тілдес тайпалардан шыққан әулиелердің «пірі» («дін саласында тәжірибелі адам», «еліктеуге лайықты ұстаз») болып есептеледі [3].

Сопылардың жеке мистикалық тәжірибе негізінде араға делдал салмастан Алланы тану жолын ұстануына байланысты XII ғасырда сопылық ілім көптеген мұсылмандар тарапынан қабылданбаған еді. Олардың пікірінше, Алла өз сөзін Мұхаммед пайғамбарға сеніп тапсырды, одан басқа ешбір дәруішке сырын ашпайды. Осы көзқарасқа негізделіп олар кейбір сопыларды қуғын-сүргінге ұшыратып, кейбір сопыларды өлім жазасына кесті. Дегенмен, араға уақыт салып, сопылардың тәжірибесі Исламның діңгегіне айналып, көптеген тариқаттар пайда болып, олардың жетекшілері шейхтер ерекше құрметке ие болды [4]. Сопылардың пікірінше, шейх өз шәкірті үшін Алладан кешірім немесе көмек сұрау қабілетіне ие тұлға.

Бұл көзқарастың нәтижесінде көшпенділер үшін жеке тәжірибеге негізделген дінді қабылдау мүмкіндігі туындады. Образдар арқылы ойлану қабілетінің жақсы дамығандығына байланысты көшпенділер шындықты өз беттерінше ұстанып, күнделікті өмірде әулиелігімен көзге түскен уағыздаушылар мен ұстаздардың насихатын ғана қабылдаған. Халықтың ауыз әдебиеті арқылы бізге жеткен аңыз бойынша, Қожа Ахмет Ясауи өзінің даналық асатаяғын қазіргі Маңғыстау жаққа қарай лақтырып, оны іздеп табу үшін өз шәкірттерін аттандырған деседі. Көп жылдар бойына созылған ізденістердің нәтижесінде Ахмет Ясауидің шәкірттері тарапынан табылған асатаяқ жерге тамыр тартып, ағашқа айналған делінеді. Аңыздардағы бұл оқиға сопылық тариқаттың жүйелі түрде өз мәдени борышын жүзеге асыру міндеті төңірегінде өрбиді. Дегенмен, Қожа Ахмет XII ғасырда өмір сүрген болса, оның шәкіртгері Маңғыстауға төрт ғасырдан кейін келе бастаған. Олар туралы мәліметтер жоқтың қасы. Алайда, жергілікті тұрғындар түбекте 360 әулие өмір сүріп, уағыз-насихат жүргізгендігін тілге тиек ете отырып, Маңғыстауды «киелі жер» деп есептейді. Шынында да, аңыздың мазмұнына үңілер болсақ, Маңғыстау жеріндегі әулиелер саны – Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімінің

қазақ даласында тереңдей тарағандығының айғағы. Маңғыстау жерінде «пір» ретінде құрметтеп-қастерленген пірлердің көп болғандығы даусыз. Пірлердің дін саласында терең тәжірибеге ие болуы халық назарында олардың «әулие» («Алланың досы») ретінде құрметтелуіне септігін тигізді. Сондай пірлердің бірі – Қожа Ахмет Ясауи жолын жалғастырған қазақтың әулиесі Пір Бекет Ата еді.

Әулиелерге табынушылық Ислам дініне тән емес. Ислам тармағы болып табылатын сопылықта әулиелерді пір тұту орын алады. Мәселені терең бойламаушылық халық арасында әулиені пір тұту «құрмет көрсету» мен «табынушылық» ұғымдарының шатасуына жол ашқан болуы мүмкін. Себебі Ислам дінінде Алладан басқа затқа табынушылық «ширк» (Аллаға ортақ қосу») болып есептеледі. «Ширк» жасау адамды «кәпір» («дінсіз») қылады. «Кәпірлік» адамды мұсылмандықтан («діндарлықтан») шығарады. Ал, мұсылман емес адам «сопы» («таза», «жүн киген адам») бола алмайды. Сопылықтың алғашқы шарты – шариғатты ұстану. Ал шариғат Алладан басқаға табынуға тыйым салған.

Бекет Ата Мырзағұлұлы – қазақтың батыры, қолбасшысы, ағартушысы, сәулетшісі, ойшылы болған тұлға. Ел жадында қалған әңгімелерде Бекет Ата бала кезін туған жері – Жем бойындағы Ақмешітте, ал өмірінің соңғы жылдарының көбін Оғыландыда өткізген. Хорезмде Пақыржан қажыдан білім алған. Біріншіден, ол халықтың тәуелсіздігі жолында жауларға қарсы күреске белсене араласқан батыр. Екіншіден, ғылымның қиын жолымен жүріп өтіп, балаларды білім нәрімен сусындатқан ағартушы. Үшіншіден, ежелгі дәстүр бойынша көптеген елді мекендерде мешіттер мен медреселерге арнап, тау шатқалдарынан ғимараттар салған сәулетші. Төртіншіден, мүсәпірлер мен ауруларға қол үшін берген ерекше дарынды, ойшыл және аса маңызды оқиғаларды болжай білген сәуегей сопы.

Бекет Атаның бұл қасиеттері көзінің тірісінде-ақ ел арасында аңызға айналған. Қалың жауға қол бастап қарсы шапқан қаһармандығымен Бекет батыр атанған. Шайқастарда Бекет батырға оның мейрімділік, әділдік сияқты адал қасиеттерінен туындаған бейбітшілікке деген сүйіспеншілігі сүйеу болған. Адам баласына көмектесуді және оларға білім беру, жақсылық жасауды Бекет Ата Алланың бұйрығы деп санаған.

Көшпенділер өміріндегі сопылық ғибадаттардың басты мекені жер асты мешіттері болғандығын байқаймыз. Бұл дәстүр Мұхаммед пайғамбардың Аллаға жақындау мақсатымен Хира үңгірінде құлшылық етуін көшпенділер мәдениетінің сүннет ретінде қабылдауынан туындаған болуы керек. Қожа Ахмет Ясауидің өз білімін Бұқарада жетілдіріп, өмірінің бір бөлігін жер астына түсіп, Аллаға ғибадат жасаумен хильветте (қылует) өткізгендігі белгілі [5].

Маңғыстау түбегіндегі жер асты мешіттерінің пайда болуын түрлі мәдениеттердің өзара қарым-қатынасы барысындағы жергілікті дәстүрлі сенімдердің сабақтаса дамуымен түсіндіруге болады. Бекет Атаның Маңғысау жерінде жер асты мешіттерін соқтырып, құлшылықпен айналысқандығын осы сабақтастықтың нәтижесі деп білу қажет. «Мединада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет» деген халық сөзінің қалыптасуы осының айғағы. Медина Ислам әлемінің орталығы болған ортағасырларда Түркістан – өңірі Ислам мәдениетінің шығыстағы, ал Маңғыстау өңірі – Ислам өркениетінің солтүстіктегі шебі болып танылды.

Дүниежүзі мұсылмандары ең әуелі Алланың үйі Меккедегі «Бейтуль-харамға» қажылық парызын орындағаннан кейін Медина қаласындағы Мұхаммед пайғамбардың қабіріне зиярат етеді. Түркі тілдес халықтардың осы әлемдік ислами дәстүрге ұқсас өзіндік дәстүр қалыптастырғандығы белгілі. Түркі тілдес халықтардың Қожа Ахмет Ясауи кесенесін зиярат етуді Исламдағы қажылық ғибадаты мен Мұхаммед пайғамбар қабірін зиярат етумен сабақтаса жалғастырып отырғанын көзден таса қалдырмаған абзал [6]. Қабірлері Қазақстан жерінде орналасқан, зияратшыларының легі үзілмейтін әулие

тұлғалардың алдыңғы қатарына Арыстан баб, Хермет баба, Қарға баба, Лашын баба, Ибрагим ата, Қарашаш ана, Қожа Ахмет Ясауи, Гауһар ана, Әли Қажы, Баб Араб, Домалақ ана, Анар ана, Айша бибі, Бабаджа хатун, Райымбек ата, Қоманқожа баба, Кулболды баба, Рабиға Сұлтан бегім, т.б. жатады.

Солардың қатарындағы Бекет Атаның Жар ішіндегі қабірін зиярат еткен адамдардың айтуы бойынша, үңгірдің маңында қонғандар түсінде қиын мәселелеріне жауап таба алады. Сондықтан көпшілік Бекет Атаны әулие тұтып, қабіріне түнейді. Іс-әрекеттері мен қадір-қасиеттері аңызға айналған Бекет Ата Маңғыстауда – Оғыландыдағы өз мешітіне жерленген.

Бекет Атаның Үстірт тау етектеріндегі жерасты мешіттері олардың жолы қиын жерлерде орналасуына қарамастан көпшіліктің зиярат ету орындарының қатарында [2].

Бекет Ата ескерткіштері – Маңғыстау, Үстірт, Жем бойындағы Бекет Ата есімімен байланысты жерасты ғимараттарының ортақ атауы. XIX ғасырда Үстіртті топограф Эдуард Эверсман, Александр Дюгамель зерттеген. Эдуард Эверсман: «Үстірттегі таудан үңгіп жасаған мешіттер араб, парсы жазуларымен безендірілген. Мұндай ескерткішті Бекет төрт жерде жасаған. Оның бірі Маңғыстаудан қашық емес, Оғыландыда. Екіншісі Бейнеуде, үшіншісі Жем бойында, төртіншісі Арал жағасындағы Баялыда», – дейді [7]. Бекет Ата жерасты ғимараттарын қашап жасаудың ежелгі дәстүрін дамытқан, Бұл мешіт-медреселерде ол Құдайға құлшылық етіп, жас ұрпақты тәрбиелеп, білім берген.

Бүгінде Бекет Атаның адамдық ақ жолы, әулиелік өсиеттері өсіп келе жатқан жас буынды тәрбиелеуде көп септігін тигізіп отыр.

Бекет Атаның ерекше даналығы оның даулы мәселелерді шешуінде жатыр. Алдына келген екі жақ нәтижесінде ортақ келісімге келіп, ақиқат жолымен жүруді, әділ болып, жақсылық жасауды оңды деп есептейтін болған. Бекет Ата – қазақтың рухани және тарихи тұлғасы. Оның жолы қазіргі Қазақстан Республикасының толеранттылық бағытындағы өркениетаралық, мәдениетаралық, конфессияаралық, ұлтаралық диалогтарының кешенді түрде дамуына өз үлесін қосары анық. Бекет Атаның толеранттылығын жас ұрпақтың бойына сіңіре білген қазақ халқын Мұхаммед пайғамбар, Қожа Ахмет Ясауи ұстанған сара жолдың мирасшысы деп есептеу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Насыров И.Р. К вопросу о переходе от аскетизма (зухд) раннего Ислама к доктринальному суфизму (тасаввуф) // Суфизм в Иране и Центральной Азии. Материалы международной конференции (2-3 мая 2006 г., Алматы) / Отв. ред., сост., пер. С. Абдулло. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – с. 22-35.

2. Голованов В. Лики Черной горы // Вокруг Света. – 01.02.2004.

3. Reşahat // www.haznevi.net/icerikoku.aspx?KID=134&BID=2

4. Ираки М.М. Исламский мистицизм // Суфизм в Иране и Центральной Азии. Материалы международной конференции (2-3 мая 2006 г., Алматы) / Отв. ред., сост., пер. С. Абдулло. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – с. 46-55.

5. Камаладдини С.Б. Туркестанский старец и его мистический путь // Суфизм в Иране и Центральной Азии. Материалы международной конференции (2-3 мая 2006 г., Алматы) / Отв. ред., сост., пер. С. Абдулло. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – с. 36-45.

6. Жандарбек З.З. Ходжа Ахмет Ясави и возрождение тюркской государственности // Суфизм в Иране и Центральной Азии. Материалы международной конференции (2-3 мая 2006 г., Алматы) / Отв. ред., сост., пер. С. Абдулло. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – с. 163-169.

7. Бекет Ата Мырзағұлұлы. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 3-том, «Тарихи тұлғалар» кітабы.

ӘОЖ 378.02

БЕКЕТ АТАНЫ ТАНУ ЖӘНЕ КВАНТТЫҚ ФИЗИКА ПАРАДИГМАСЫ

Ыбырай Саят Мұратұлы
техника ғылымдарының докторы, профессор.
ҚР БҒМ Академик Ө. Жолдасбеков атындағы механика және машинатану институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы)

Шын мәнінде уақыт – мүлдем біз ойлағандай нәрсе емес. Ол бір бағытта «алға» жылжып жатқан жоқ және болашақ өткен шақпен бір мезгілде болып жатыр.
Альберт Эйнштейн

Бекет Ата феноменін түсіндіріп беруге қазіргі заманның жаратылыстану (физика, механика, биология, т.б.) ғылымдары, әрине, қауқарсыз. «Былай болады» деп түсіндіре де алмайды, «жоқ» деп жоққа да шығара алмайды. Оның негізгі себебі – Бекет Ата есімімен байланысты барлық әңгімелерде «қасиет», «кие», «рух» деген ұғымдар бірінші орында тұрады, ал бұл категориялар қазіргі дәл ғылымдар арсеналынан мүлдем алып тасталынған. Атаның өзі түгіл, көк асасының өзі XXI ғасырдың сұңғыла академигін тығырыққа тірейді. Ал ол таяқтың киелі екеніне, емдік қасиеттеріне екі жүз жыл бойы куә болып келе жатқан халық ғалымдардан «осыны бізге түсіндір» деп талап етеді. Кеңестік үкімет кезіндегі стереотипке салсаңыз, кешегі «надан», «дипломы жоқ», «қараңғы қазақтың» бір таяғы қазіргі қарыштап алға дамыған медицинаның қауқары жетпейтін дерттерге қалай шипа бола алады? Міне, алдымызда осындай «Бекет Ата дилеммасы» тұр: не біз ол кісінің ғылымының XXI ғасырдың ғылымынан жоғары екенін мойындауымыз керек немесе Бекет Ата феноменін қазіргі ғылыми жетістіктер тұрғысынан түсіндіре білуіміз керек, ақиқаты мен аңызын ажыратып беруіміз керек!

Технократтық көзқарастағы адамның Бекет Ата есімімен байланысты айтылып жүрген фактілерге: «Бұл айтып тұрғандарыңыздың ғылыми негізі жоқ, халық қиялынан туған ертегі тектес нәрсе» деп, маңайлай алмайтыны, ондай нәрселерді зерттеп, түсінуден бас тартып, дәрменсіздік танытатыны баршаға белгілі. Ал халықтық санада мұндай антагонизм жоқ: шынайы ғылым «мынау объективтік болмыс заңдылықтары, ал мынау – тылсым дүниеге қатысты» деп бөліп-жармай, ешнәрседен үркіп, ат-тонын ала қашпай, бәрін санасына сыйғызуға талпынады. Қазақтың төл дүниетаным үлгісінің басты бір ерекшелігі – жалпы тірі-өлі табиғаттағы құбылыс атаулының бәрі де – тылсымның көрінісі деп қарастырылады, яғни Алланың ашық «аяты» (проявленное, знамение), Жаратушының Өз шеберлігін паш еткен хикметі, Өзінің Барлығын нышан еткен белгілері. Сондықтан қазақ тылсымға таңырқай отырып, одан қорықпайды, қашпайды. Атаның көк асасы – керемет болса, үй алдындағы көк шыбықтың жылда гүлдеп тұрғаны – ол да сондай керемет, таң қаларлық, жүректі елжіретерлік іс! Қасиет-киеден жұрдай болған XXI ғасырдың жансыз, қансыз-сөлсіз ғылымы көк асаны түсіндіре алмайды, көк шыбыққа таң қалмайды. Ал шын мәнінде екеуі де белгілі бір программамен жұмыс істеп тұр, екеуінің де программалану құпиясы ашылмаған, екеуі де – тұнып тұрған тылсым! Шыбықтың әр жасуша-клеткасының ДНҚ-тізбек түріндегі программасын түгел оқып шыққан күннің өзінде де, оның қалай жұмыс істеп тұрғаны – таңғажайып құпия, көзден таса болып қала береді! Бірақ біздің аталарда басқадай «көз»,

басқадай айна-инструмент болған. Соның көмегімен Ертөстігін аңсаған Кенжекей ару Құба інгенін де, көк торғын орамалын да «программалаудың» технологиясын білген деп есептейміз.

Мысалы, химиялық процестерді зерттеуге физиканың өлшеуіш құралдары пайдасыз. Астрономиялық аспан денелерінің қозғалысын бақылау үшін микроскоп пайдалануға болмайды, өзінің арнайы айнасын жасап шығару керек. Сол секілді, Бекет Ата феноменін зерттеу үшін де бізге қазіргі ғылым қолданып жүрген аспаптар арсеналы көмек бола алмайды. Бұл құбылыстарды тексеру үшін сопылардың рухани практикасын меңгеріп, тәжірибеден өткізу керек.

Ол «айнаны» аталарымыз «жүрек көзі», «батин көз», «жан көретін көз» деп атаған, ол тылсымға бойлау үшін осы құрал-көзді ашып, «жан сырына қанығу», жан әрекетін түсіну керек деп санаған. Асылы ғылымның әу бастағы мақсаты да осы еді (Мәшһүр Жүсіп) – адамның өзінің кім екенін түсіну (хадис: «Өзін өзі таныған Алланы да таниды»). Шәкәрім Құдайбердіұлының мына бір үзік сырлары осы ойымызға дәйек:

Тән көретін бастағы көз,
Байқамайды жан сырын.
Көр де ақылға сал деген сөз,
Көз керек қой ойлырақ.
Хақиқатты дәл көруге,
Жан көретін көз керек.
Бас көзімен сенделуге,
Бізге рұқсат жоқ, шырақ...

* * *

Көзге көрінбеген затты
Жоқ деп отырып,
Ертеңінде талай сыр тапты.
Ол жан туралы оны ойламай,
Бар жанды жоқ деп шатты!

* * *

Осы әлемде барша барлық,
Жанды ақылдың табысы.
Нәрсесі жоқ бос қаларлық,
Мейлі, шөп пен топырақ.

* * *

Ғылым деп уды жегізді,
Денесіз зат жоқ дегізді.
Дәлелсіз пәнмен перделеп,
Тапқызбай қойды негізді.

* * *

«...Мұнан былай да таңырқарлық өнер табылатынына сенеміз. Бірақ, осынша білімді адамдар осы күнге шейін өзінің кім екенін анықтап білген жоқ.

...Үйткені біз 20 ғасырдың адамы өнерлі, ғылымды деп, кеудемізді қаққанмен, адамның осы күнгі денесі еш таза ақылға қоныс емес... Қысқасы, адам өз жанын әбден анықтап білмей тұрып, өзінің кім екенін білмейді. Оны білмеген соң, өзіндей адамға қиянат қылғанын, зұлымдық екенін аузымен айтса да, жүрегі анық нанбайды.

...Жан қасиетін анық білсе, сонда ғана адам түзеледі.

...Жоғарыдағы аты аталған Огюст Контқа сымсыз телеграм, телефон болады десе нанар ма еді.

...Бас көзіне сеніп, тоқтап қалмай, көңіл көзін ашыңыз!»

Міне, Шәкәрім пайымында осы «Жантану» ғылымы қайтадан аталарымыз сусындаған асыл негізіне қойылып, қайта жанданатын болса, ғылымға жан бітеді, нағыз кереметтер ғасыры сонда басталады!

Ал қазіргі жаратылыстану ғылымдары Бекет Ата құпияларының сырына бойлай алмаса да, соңғы кездегі кейбір жаңалықтары арқылы бұрынғы ескі көзқарастарды түбегейлі түрде қайта қарау қажетін анық көрсетіп отыр.

Мысалы, Американың бір топ ғалымы осы елдің стратегиялық барлау басқармасының құпия тапсырмасы бойынша ежелгі эзотерикалық ілімдерді зерттеумен айналысады. Оларды толғандырған сұрақтардың бірқатары мынандай жобада болған: Ой материяға әсер ете ала ма? Уақыт, кеңістікке ойдың әсерін байқауға бола ма? Үлкен арақашықтықтан техникалық құралдардың көмегінсіз ой алмасуға бола ма? Бұл бағыттағы зерттеулер Ресейде де көптен жүріп жатқаны белгілі. «Бұл не үшін керек болыпты?» – десеңіз, олардың айтуынша, ендігі жерде адамзаттың шешуші соғыстары қару күшімен емес, информациялық соғыстар болмақ. Қысқаша айтқанда, түпкі мақсат – ешкімді қарумен өлтіріп, қырмай-ақ, психотроптық әдістермен қарсыластың мысын басып, мақтамен бауыздап, дегенін істетуді меңгеру, информация «ойнату» арқылы әлемге үстемдік ету. Және олардың осы мақсатын қалай жүзеге асырып жатқанын ойлы адам БАҚ арқылы күнбе-күн көзбен көріп те жатыр...

Осы жобаларын іске асыру мақсатында бұл арнайы топ көне ғибадатханаларды түгел тіміскілеп, үңгірден үңгір қоймай, қай жерде көне кітап, жазу бар десе, түгел ақтарып, аударып-сүзіп жүреді. Сөйтіп жүріп, Канада тауларында жергілікті үндістердің қария көсемімен танысып, суыртпақтап сыр алысады. Бұлардың әрекеттеріне кекесінмен қарап, қария да тез ашыла қоймайды. Жалғыз-ақ бір ашылып сөйлескенінде мынандай ой тастайды. «Сендердің ойлап шығарып жатқан барлық құралдарың адамның мүмкіндіктерін кеңейтетін болып көрінгенімен, түпкі тереңінде адамның мүмкіндіктерін шектеген үстіне шектей береді. Адам солардың, өзі жасаған заттарының тұтқынына айналып, өзінің шын мәнінде кім екенін ұмыта береді. Негізінде теледидар да, интернет, мобилді байланыс та – бәрі адамның өзінен, өз бойынан алынған». Біздің технократ ғалымдарымыз бұндай сөздерге кекесінмен күле қарап отырғанда, шетелдің стратегиялық барлау қызметкерлері өз зерттеулерін үзбей жалғастырып жатыр. Және зерттеу нәтижелерін бізге тәжірибе қылып, шаш етектен пайдаға батып та жатыр...

Міне, осы зерттеулердің кейбір нәтижелері мынадай. АҚШ армиясында доктор К. Бакстер жүргізген эксперименттерде адамның денесінен алынған ДНҚ үлгілері адамнан ұзақталып, 500 шақырымдай жерге апарылып, бақылауға алынады. Сосын зерттелуші адамға әртүрлі тақырыптағы бейнематериалдар көрсету арқылы оған аса күшті эмоциялық стимулдар беріледі. Нәтижесі – адам эмоциялық әсерленуге аса қатты берілген шақтарда оның денесінен алынған ұлпалардағы ДНҚ үлгілері де тап сондай күшті электромагниттік әсерлерге ұшырап отырған. Мысалдап айтар болсақ, денеңізге ине шаншып алса, оны барлық жасушаларыңыз бір мезгілде қабылдайды. Ал мына эксперименттер адамның ДНҚ-бөлшегі одан қалай алыс әкетілсе де, сол денесінің бөлшегі ретінде дененің барлық әсерлерін қабылдай беретінін көрсетті.

Одан да ғажабы – бұл әсерлер сол сәтінде беріледі, яғни бұл уақыт-кеңістіктен тыс тұрған байланыс! Себебі экспериментте адамға берілген эмоциялық стимулдар мен ДНҚ үлгісінің ол стимулдарға реакциясын (кері әсерін) бақылау үшін Колорадодағы атом сағаты пайдаланылған. Барлық әсер сол мезетте, лезде беріліп отырғаны анықталды! Ешқандай арақашықтыққа да, уақытқа да бағынбайтын бұл қандай әсер?! Доктор Дж. Томпсон: «Біздің денеміз шын мәнінде қай жерде басталып, қай жерде аяқталатыны енді түсініксіз болып кетті», – дейді. Себебі біздің дене мүшелеріміз қай жерге тиіп кетсе, денеміздің көзге көрінбейтін бөлшегін сонда қалдырып отырмай ма?!

Міне, біз қол алысып, амандасып, көріскенде де осылайша басқа адамға өз ДНҚ-бөлшектерімізді беріп кетіп отырамыз...

2002 жылы Америкада ресейлік ғалымдар В. Попонин мен П. Гаряевтің «ДНҚ-ның фантомдық әсері: вакуумдық структурадағы жаңа өрісті тікелей өлшеу» атты мақаласы жарық көрді. («The DNA Phantom Effect: Direct Measurement of a New Field in the Vacuum Substructure», www.twm.co.nz/DNAPhantom.htm). Мақалада адам ДНҚ-сының материалдық заттарға әсер ететіні сипатталып, бұл әсер осыған дейін белгісіз болған жаңа энергетикалық субстанция арқылы жүзеге асатыны мәлімденеді. Эксперимент нәтижелері америкада қайталап тексеріліп, «бұл жаңалық өте нәзік энергетикалық құбылыстарды, оның ішінде альтернативті медициналық практикаларда кездесетін құбылыстарды түсініп, олардың негізінде жатқан механизмдерді тереңірек түсінуге үлкен жол ашып береді деген үміттеміз», – дейді авторлар. Ұзақ талқылаудан кейін кванттық физиканың бұған дейін белгілі мәліметтері негізінде бұл экспериментті түсіндіру мүмкін емесі мойындалып, эксперимент кезінде «жаңа өрістік құрылым» пайда болады деп тұжырымдалды, жаңа құбылыс «ДНҚ-ның фантомдық эффектісі» деп аталды.

ДНҚ-ның әртүрлі физикалық объектілерге әсерін зерттеу үшін вакуум пайдаланылады. Шыны түтікшеде жасанды вакуум жасаймын деп ішіндегі ауасын қанша сорсаңыз да, бәрібір ішінде фотондар қалып қояды. Бүкіл дүниеде не бар болса, барлығының да кванттық негізі (кванттық кірпіштері) – осы фотондар, жарық бөлшектері. В. Попонин мен П. Гаряев адамның ДНҚ молекуласын осы вакуумге салып, оның фотондарға қалай әсер ететінін бақылаған. Әуелгіде хаосты түрде түтікшенің барлық жерін алып тұрған фотондар адам ДНҚ-сын салған кезде белгісіз, тылсым күштің әсерімен таңғажайып тәртіптелген құрылымдарға айнала бастаған. Физика теоретиктері бұл құбылысты түсіндіретін күшті атап бере алмады. Ал ең ғажабы – ДНҚ-ны түтікшеден алғаннан кейін де фотондар тәртіптелген құрылымын сақтап қалған!

Кванттық физика ғылымы мұны тіптен түсіндіре алмады. Себебі әсер туғызушы адам ДНҚ-сын түтікшеден алып тастағаннан кейін оларды тәртіппен байланыстырып тұрған күш те жойылуға тиіс. Өзі жоқ болса да, өзінен кейін әсер күші қалай сақталып отыр? ДНҚ мен фотондар арасындағы әсер қалай сақталды?

Осылайша бұл эксперименттер информацияның, ойдың (ДНҚ негізі жоғары сапалы шиыршықталған, тығыздалған информация, ойдың да негізі информация емес пе?) материяға, оның ең түпкілікті негізі – «кванттық кірпіштеріне» әсер ететінін көрсетті. Сонымен бірге ойдың уақытқа да, кеңістікке де бағынбайтын өз өлшемі бар екенін көрдік. Ой материяға әсер еткенде, сапалы ой, кие дарыған сапалы ДНҚ кеңістіктің кванттық негізіне күштірек әсер ететін шығар. Демек, киелі аса таяқ кеңістікке әсер етіп, оның структурасын өзгерту арқылы ауруға ықпал етеді деп болжауға болады.

Бұлардың тысында сөз бен ойдың су структурасына әсері жапондық доктор М. Эмото тәжірибелері арқылы қазір мектеп оқушыларына дейін белгілі болды. Яғни жақсы ойлар әдемі структуралар туғызса, ал жаман ойлар мен жаман сөздер су структурасын тәртіпсіз, форымсыз ғып бұзатынын көрдік.

Сондай-ақ Ресей Ғылым академиясының Микробиология институтының зерттеулері бойынша анайы сөздер айтқан кезде адамның өз ДНҚ-сы радиациялық сәулеленуге ұшырағандай әсерге ұрынады екен. Мұны тағы да жапондар қайталап, дұрыстығына көз жеткізді: «жаман» сөздер айтқан сәтте адамның ДНҚ тізбегі жыртылып ыдырап, «жаман ауруға» ұласатындай қатерлі әсерге ұшырайды екен.

Енді табиғатта бізге белгілі барлық күш, әсер түрлері Біртұтас энергетикалық өрістен туындайды дейтін теория бар. Бұл теория бойынша тіпті кеңістік пен уақыттың өзі осы өрістің туындысы. Заманында жарықтан да жылдам таралатын әсер түрлері

болады деген болжам А. Эйнштейннің өзіне ақылға сыймас нәрсе көрінген болса, біртұтас энергетикалық өріс теориясында мұндай қайшылық тумайды. «Эйнштейн-Подольский-Розен» парадоксы деген атпен белгілі сұраққа да кванттық теория уақыт өте келе дәлелді уәж таба білді. Бұл ойша экспериментті ұсынғанда А. Эйнштейн кванттық механиканың негізгі қағидаларының терістігін көрсетуді көздеп, қарсы уәж айтуды талап еткен. Қазіргі түсініктер бойынша расында да екі «егіз» бөлшек ғаламның екі жақ шетінде жүрсе де, мәселен, мың жарық жылындай арақашықтықта тұрса да, өзара информациялық байланыста болады: бірінің «хабарын» екіншісі дәл сол мезетте тауып отырады. Демек уақыт пен кеңістікке бағынбайтын тылсым өлшемде «хабарласып» отыратын «канал» бар.

Олай болса, әуелгі келтірілген эксперименттегі адам ағзасындағы ДНҚ-лардың байланыс каналы да осы тылсым өлшем арқылы жүзеге асады деп болжауға болады. Олардың арасындағы әсерлесу қалайша бір мезетте жүзеге асатынын осылай ғана түсіндіре аламыз.

Ой, информация уақыт пен кеңістікке бағынбайды. Материяның ең түпкі кванттық негізіне әсер беріп, оны өзгерте алады. Себебі материяның өзінің түпкілікті негізі материалдық емес. Кванттық физиканың негізін қалаушы, бүтін саналы ғұмырын осы ғылымға арнаған Макс Планк 1944 жылы былай дейді. «Я, как человек, посвятивший жизнь самой точной из наук – изучению материи, могу резюмировать свои изыскания в области атомной физики следующим образом: не существует материи как таковой! Материя возникает и существует только благодаря силе, вызывающей вибрацию во всех элементах атома и сохраняющей целостность этой микроскопической солнечной системы... Мы усматриваем за этой силой наличие некоего сознательного Разума, который и является матрицей всего сущего».

Элементар бөлшектерден бастап макро денелерге дейін, аса күрделі құрылымдық жүйе құрайтын заттарға дейін, барлығын бүтін зат қып ұстап тұрған, барлық затты байланыстырып тұрған түпкі себептің табиғаты материалдық емес. Кие дегеніміз осы. Қазір оны ғаламдағы барлық заттарды бір-біріне көзге көрінбес жіптермен байланыстырып ұстап тұрған тылсым Біртұтас энергетикалық өріс деп атап жүр. Қалай атасақ та, мәселе оның атында емес, осы түпкі негізді, барлық затқа жан беруші негізді түсінуде. Бекет Ата секілді әулие бабаларымыз осы тылсымның табиғатын түсіне білген! Сол себепті олар уақыт пен кеңістікке бағынбайтын жасампаз құдіретке жанаса алған. Ол күш қайда десеңіз, ол күш барлық жерде, тіпті вакуумның өзі осындай шетсіз-шексіз жасампаз энергияға толы: кеңістіктің бір куб сантиметріне бүкіл ғаламдағы материалдық заттарды байланыстырып, біріктіріп, тәртіппен айналдырып тұрған қуат сыйып тұр!

Осы шексіз қуаттың негізін түсінген арифиндер (танымның ең жоғарғы сатысына көтерілген әулиелер) заттарды ыдыратып, қайта қосып, адам сенбес түрлендірулерге ұшырата алатын киенің иесі. Шәкәрімнің де жоғарыда біз келтірген сөздері материалдық дүниенің материалдық емес негізіне ой жіберуді меңзейді. Ал А. Эйнштейннің мына бір сөздерінен атақты сопы Жалаладдин Румидің лебін анық сезуге болады: «Не сомневаюсь, что у хвоста есть лев, пусть даже он не может проявиться перед нами целиком из-за своих громадных размеров».

Біз бұл тылсым құдіреттің барлығына сенер сенбесімізді білмей отырғанда басқалар оны пайдаланып, бақытты тіршілік кешіп жатыр. Мысалы, бактериялар. Жер бетінде өмір сүретін мақұлықтардың ішіндегі ең бейшара, ең қарапайым жаратылыс – бактериялар болса, таяуда осылардың өз ғаламторы, web-жүйесі бар екені анықталды. Жер бетінің әлдебір жерінде қандай да бір жаңа вирус түрі пайда болса, жергілікті бактериялар онымен күресіп жеңе алмай, жаппай қырыла бастайды. Сосын оған қарсы иммунитет жасап алып, қорғану әдісін үйреніп алады. Сосын осы әдісті бар болғаны сегіз айдың ішінде дүниежүзінің барлық бактериялары біліп отырады! Қандай каналдар

арқылы информация алмасып, қандай механизмдер арқылы тәжірибеге ортақ болатыны әлі табылған жоқ, әзірге тек факт ретінде ашылған жаңалық.

Демек, бактериялар деп аталатын ессіз мақұлықтардың «интернеті» адамдардыкінен неше есе қуатты, тез әрі тиімді. Біз, мысалы, медицина саласындағы әлдебір оң тәжірибемізді әлемге сегіз айда таратып шықпақ түгілі, бір-біріміздан тығып, патенттеп әуреміз. Сегіз ай не? Сегіз ғасыр бұрынғы тәжірибелер әлі күнге шейін адамзаттың ортақ игілігіне айнала алмай жатқанына бәріміз куәміз! Адам ақылды ма, бактерия ма деген орынды сұрақ туады. XXI ғасыр ғылымы Бекет Атаның құпиясын ашпақ түгілі, Жаратушы құдіретті танымақ түгілі, бактериялардың ақыл деңгейіне көтеріле алған жоқ! Материалдық әлемнің кванттық негізі туралы қазіргі замандағы түсініктер қозғалыс, уақыт, кеңістік, тіпті «бар болу», «жоқ болу» туралы түсініктердің барлығы да шартты, өте үстірт екенін көрсетіп отыр. Бұл теориялардың негізімен аз-кем таныс адам Бекет Атаның су бетімен жүріп кетіп немесе дарияны теріс ағызғанына, бір мезгілде мешітін салып жүріп және неше жүз шақырым жердегі сұрапыл ұрысқа қатысып, жауынгер досына жәрдемге келіп жүретініне тіпті де таң қалмайды. Кванттық физика көзқарасында элементар бөлшек біз оған «қарап тұрған кезде», яғни бақылауға алып, назарда ұстап тұрған кезде «осы жерде тұр» деп нақты айта алғанымызбен, оған «қарамай тұрған кезде қайда болады?» деген сұраққа «барлық жерде» деп жауап береді. Мәселен, нысананы көздеп атылған оқ біз оған қарамасақ та өз нысанасын табады (детерминистік көзқарас). Ал кванттық әлемде нақты ештеме жоқ, ықтималдық толқындар ғана бар. Нильс Бор бала кезінде өзіне мынандай сұрақ қояды екен: «Элементар бөлшек А нүктесінен Б нүктесіне ол екі нүктенің арасындағы бірде-бір нүктеде болмай бара ала ма?» Қазіргі кванттық физиканың жауабы: «Иә!». Тіпті элементар бөлшек бір мезгілде 3000 нүктеде бола алатыны да ақиқат. Ендеше, Бекет Атаның таң намазының екі бас сүннетін Оғыландыда оқып, екі бас парызын Меккеде оқып келгеніне таң қалуға бола ма? Ол былай тұрсын, кванттық физика фактілеріне сүйенсек, бір мезгілде Оғыландыда да, Меккеде де болуға болады!

Себебі қозғалыстың өзі – сана феномені. Яғни біздің қозғалыста болып көрінуіміз – сананың әсері. Материалдық заттардың бөлек-бөлек болып, жеке дара заттар болып көрініп тұрғаны кеңістіктің арқасында: егер кеңістік болмаса, барлық зат бір нүктеде тұрған болар еді (К. Финейгл). Ал уақыт деген құдіреттің арқасында оқиғалар бір мезгілде жүре алмайтын болып көрінеді. Қазір Францияда Үлкен адронды коллайдер арқылы элементар бөлшекті болашаққа «өткізу» мақсатында аса ірі жоба жүзеге асып жатыр. Ал «тазарған рухтар» үшін ең төменгі жылдамдық – жарық жылдамдығы болатын болса, олар үшін қандай уақыт-кеңістік кедергі бола алады?! Негізінде уақыт – сана феномені, ал шынайы болмыс уақыт пен кеңістіктің сыртында, оларға тәуелсіз. Міне, әулиелер осы шынайы болмыста өмір сүреді. А. Эйнштейн сол себепті «Өткен шақ, болашақ пен қазіргіні бөліп қарау – иллюзия, біз әлі күнге шейін осы жалған иллюзиядан құтыла алмай келеміз», – дейді. Олай болса, қазақтың «дүние, уақыт – сағым» деген түсінігі – заманауи тұрғыдан алғанда өте терең ғылыми негізі бар көзқарас. Біз, әрине, Бекет Ата құпиясын бұл жерде айтылған жаратылыстанудың кейбір принциптері негізінде толық түсіндіре алмаймыз. Жаңа заман ғылымының бетбұрысын сезінуге бірер ишара ғана көрсеттік. XXI ғасырдың «затшылдық көзін байлаған» надан ғылымы ол үшін өз ұғым-категорияларына кие, жан, рух деген ұғымдарды енгізіп, өз методологиялық арсеналын түбегейлі қайта қарауы керек. XX ғасырдың басында Шәкәрімнің де ескерткені осы еді. Міне, жүз жылдан соң академик А. Одоевский: «Европа рационализмі бізді ақиқаттың қақпасына алып келді, бірақ ол қақпаны ашуға қауқарсыз болып шықты», – деп ой түйеді. Сондықтан да Бекет Ата ғылымының тереңдігін мойындаған біз үшін аталарымыз сусындаған киелі ғылымды меңгеру адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған таңғажайып жаңа өркениеттің есігін ашары даусыз!

УДК 94(574)

ВЛИЯНИЕ «ДОМА УЧЁНЫХ» – МЕДРЕСЕ ШЕРГАЗИ ХАНА НА РАЗВИТИЕ НАУКИ И КУЛЬТУРЫ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Худайберганов Камилжан
кандидат исторических наук, учёный секретарь Хивинского музея-заповедника «Ичан-Кала» (Узбекистан)

Хива – один из древнейших городов мира, который в протяжении многих веков вносит весомый вклад в развитие духовной и материальной культуры человечества. Его не случайно называют городом-музеем под открытым небом.

Хива – один из центров международного туризма, насчитывающий более 130 памятников архитектуры.

О мировом признании культурного наследия города свидетельствует тот факт, что наряду с пирамидами фараонов в Египте и центром Рима первым в Центральной Азии 1990 году Решением Сессии ЮНЕСКО, включен в список объектов Всемирного наследия, а в 1997 году под эгидой ЮНЕСКО торжественно отмечено 2500 летие.

Ичан-Калу – сердцевину Хивы, в специальной и популярной литературе часто называют городом четырех ворот. Город – единственный из сохранившихся на территории Средней Азии, все элементы которого – цитадель, соборная мечеть, базар, жилые кварталы и поныне образуют гармоничное целое. Почти правильный, меридиональной ориентации прямоугольник крепостных стен Ичан-Калы, замыкающий территорию внутреннего города имеет четверо ворот.

История нынешнего Государственного историко-архитектурного музея-заповедника «Ичан-Кала» подчиненного министерству Культуры Республики Узбекистан начинается с 1920 г., когда он был основан как Хорезмский Народный музей. (5-Музей)

Если взглянуть на историю;

Представленные научные открытия ещё в IX веке в Багдадской академии Маъмуна «Байтул хикма» такими учеными как, Ал Хорезми, Ахмад Фергани, Ахмад Марвазий не потеряли свою значимость до наших дней.

В XI веке в столице Хорезмшахов действовала академия Маъмуна-«Мажлиси улама» под руководством Абу Рейхана Бируни, заложившие основу будущего развития мировой науки.

Издавна хорезмийцы сделавшие науку своим призванием в начале XVII века переносят столицу в Хиву и превращают её в центр образования. С этого периода в Хиве строятся несколько медресе, школы и карихана (дома для чтецов корана).

Медресе, построенное в 1720 году Хивинским правителем Шергази Мухаммад Бахадур ханом, получает название «Маскани фазилан» – что означает в переводе – «Дом учёных». В этом учебном центре учились студенты со всей Центральной Азии и с прилегающих территорий. Как свидетельствуют исторические документы, в конце XIX века в медресе работали Мухаммад Якуб ахунд ишан, Хусаин ахунд ишан, Мухаммад Рафи ахунд ишан, Артук ахунд ишан и 45 дамулла, 83 мулла обучали талибов-студентов. Кроме этого, были библиотекарь, парикмахер, уборщик и водонос которые обслуживали персонал медресе.

Из документа «Вакфнама» медресе мы можем узнать следующее: одну пятую часть от общего дохода получал мутевалли (директор заведения), имам и муэдзин 200 батманов (1 батман – 20 кг) зерна. Библиотекарь получал оклад в размере двух стипендии студента. Уборщик брал 150 батманов зерна, если студент без уважительной причины

отсутствовал в медресе два месяца, то его комната отдавалось другому. Преподаватель также пропускавший без причины одну неделю лишался привилегий (худжра в медресе).

По свидетельству хивинского историка Муниса (1774-1829 г.г.), «Шергазихан был очень справедливый и образованный правитель, проводящий много времени в беседах с учёными и поэтами. В его время поэты и писатели достигли расцвета. Была создана Саид Мухаммад ахундом историческое произведение «Гулшани икбол» – (Цветник счастья), но прежде чем получить копию завистники уничтожили его». Мунис в своем произведении «Фирдавс ул икбал» жестко критикует действие этих завистников и просит Аллаха чтобы он их наказал.

В медресе Шергазихана учились знаменитый туркменский поэт Махтумкули Фираги (1733-1793), великий каракалпакский поэт Хаджи Нияз Косибайугли (1824-1878) и известный казахский суфий, учитель Бекет Ата (1750-1813).

Бекет Ата родился в 1750 году в Казахстанском селе Акмечеть, где, получив начальное образование и приезжает в город Хиву. Здесь он в медресе Шергазихана продолжает дальнейшее обучение. В медресе наряду с религиозными знаниями он получает и светские познание, его учитель Саид Мухаммад Бакир (Бакирджан бобо) дает ему имя – Ахмад. Ахмад – однокоренное слово с именем пророка Мухаммада, означающийся «много уважаемо, красива почетаемо имя создателя Аллаха». Получив хорошее образование в Хиве, Бекет Ата строит мечети и школы в своем родном селе Акмечеть и Бейнеу. Там он начинает обучать молодежь, способствует объединению кочевых племен.

В произведение «Хилвати суфиха» написанное 1813 году есть такие строки про Бекета суфи и его учителя: «Однако, в счастливые и памятные времена великого Амира (Мухаммад Амин инака (1762-1790) было много шайхов, таких как Исмаил ишан, Ай Мухаммад ишан, Мустафа Кули ишан, Хаджа Таййиб, Имамаддин хаджа ишан, Абдулла хаджа ишан, Фатх Аллах Махзум, Бакир Джан ишан, Хидаят ишан – да освятить Аллах их души! Все они принадлежали к силсила-йи Джахрия (Яссавия) и тарика-йи Кубравия и уже ушли из этого мира.

Из тез кто придерживался молчаливого зикра известны, гордость божественного престола, принятый Аллахом, совершенство маърифата (суфийское знание), вершитель дел государства, сердце которого никогда не дремлет, господин своего времени Мухаммад Бакир.

В рукописи «Тазкираи Мухаммад Бакир» написано, что «Бекет Ахмад алайхир рахма», был сахиби карамат (человек который имеет способности чудотворства, предвидящий события, природные явления и т.д.) и макамат (высокопочтенный), в тюркских странах очень знаменит».

Бесспорное влияние оказали на Бекет Ахмада учения святих суфизма как, Саид Алауддин и Пахлаван Махмуд живших в XIII-XIV веках.

У казахов есть такой афоризм – «В Мадине – Мухаммед, в Туркистане – Ходжа Ахмед, в Мангишлаке – Пир Бекет».

Мы, научные сотрудники Хивинского музея-заповедника планируем открыть раздел, посвященный деятельности Бекет ата в медресе Шергазихана. На сегодняшний день в медресе действуют экспозиции посвяшенные деятельности Махтумкули Фираги и Ажиниязу Косибайугли.

Безусловно, в экспозиции будут отражены деятельности Бакирджан ахунда признанного как «Подобный солнцу, пик знаний» и других преподавателей.

В заключении можно сказать: Хивинские медресе, в том числе медресе Шергазихана в своё время играли значительную роль в подготовке квалифицированных кадров, в развитии науки и в укреплении культурных связей между народами Центральной Азии.

УДК 94(574)

ИСЛАМСКАЯ ЦИВИЛИЗАЦИЯ АРАЛО-КАСПИЙСКОГО РЕГИОНА И БЕКЕТ АТА

Муминов Аширбек Курбанович
доктор исторических наук, профессор IRCICA (Туркия, Стамбул)

Мангистау сосредоточил в себе до двух третей всех историко-культурных и архитектурных памятников Казахстана. Многие из них по праву могут сравниться с шедеврами народного зодчества не только края, но даже мира. Неудивительно, что в народе полуостров Мангышлак называют священным – здесь сохранились святыни, которые продолжают удивлять своими особенностями. Некоторые из них, например, уникальный некрополь и мечеть Шакпак Ата, пантеон батыров Сейсем Ата и другие, предложены в различные номинации списка объектов Всемирного культурного наследия ЮНЕСКО. В преданиях мангистауской земли говорится, что здесь жили, проповедовали и похоронены 360 исламских ученых-подвижников, причисленных местным населением к лику святых. К мечетям, построенным подвижниками, и их некрополям каждый год нескончаемым потоком идут паломники и любопытные туристы. Всем интересно узнать, кем были знаменитости, чем они прославились и как к ним относились их современники.

Памятники Мангистау вызывают огромный интерес и в научном мире. Востоковеды считают, что суфийские братства Йасавийа, Кубравийа, Накшбандийа до сих пор не изучены должным образом и таят в себе много интересного. Изучение суфизма в Центральной Азии, по мнению специалистов, поможет понять многие исторические процессы и пролить свет на истоки той или иной духовно-интеллектуальной школы.

Современные исследования о Бекет Ата большей частью используют устные (фольклорные), этнографические и генеалогические источники (шежіре, силсила). Для изучения истории ислама, а равно и суфизма в регионе, активно используются полевые материалы. Например, как сообщает профессор Максет Карлыбаев (г. Нукус), одним из известных ишанов Каракалпакии XIX века был Ай-Мухаммад Ишан (простонародное звучание имени Аимбет Ишан, Чимбайский район) из каракалпакского рода манжули. Родословную его ведут от Арыстан-Бапа. Как видно из «нисбат-нама», обнаруженного во время экспедиции под руководством М.А. Карлыбаева, Аимбет Ишан принадлежал к братству накшбандийа и являлся мюридом Вилдан Халифа Булгари Х^{в}аразми – ученика Мухаммад-Шариф Ишана Булгари Х^{в}аразми. Этот «Нисбат-нама-йи х^{в}ажаган накшбандийа», или же иршад, хранится у потомков Аимбет Ишана.

Согласно преданиям, собранным М.А. Карлыбаевым, другая известность – Имам Ишан был одним из четырех известных шейхов – выпускников бухарской школы. Вторым его «сокурсником» был Мухаммад-Шариф Ишан Булгари, известный как «Ногай Ишан» из-за своего приволжского происхождения.

Судя по этим материалам, многие из этих шейхов по своей суфийской генеалогии восходят к шейху из Басу (местность недалеко от современного Ургенча) Мухаммад-Шариф Ишану Х^{в}аразми Булгари. Оба эти шейхи (Имам Ишан и Мухаммад-Шариф Булгари) были представителями школы Халифы Нийазкули по линии Накшбандийа-Муджаддидийа.

Исследователь Абдусалим Идрисов недавно обнаружил рукопись сочинения ургенчского суфия Аллахйара ал-Махзуна «Рийаз аз-закирин». В этом сочинении приводятся очень интересные данные о шейхах – хорезмийских представителях школы Нийазкули. В указанном сочинении упоминаются имена четырех известных учеников

Нийазкули – Имам-кули Ишан (каракалпак), Мухаммад-Шариф Ишан (ногаец, или же татарин), Курбан-Назар Ишан и Ерали Ишан (туркмены по происхождению).

Автор «Рийаз аз-закирин» пишет, что он (то есть ал-Махзун) учился в стране Арал у Имамкули Ишана, который был учеником Вилдана Булгари. По совету своего шейха он становится мюридом шейха Мухаммад-Шариф Ишана Булгари Хᵛаразми.

Мухаммад-Шариф Булгари, его сын Мухаммад-Закир и близкий друг Вилдан ал-Казани стали преподавать среди туркменских племен в хорезмском оазисе. В результате практически весь XIX век ознаменовался тесными интеллектуальными контактами между близкими тюркоязычными народами. У татарских преподавателей появились местные последователи, один (Махзун) из которых написал объемистый труд о Мухаммад-Шарифе и его наследниках под названием «Рийаз аз-закирин».

В Хорезме Мухаммад-Шариф в деревне Чакка основал мечеть и ханаку. В Бухаре Шариф имел славу мусульманского ученого и даже был вызван на религиозные дебаты ко двору эмира Шаха Мурада (1785-1800), где «иностранный ученый победил всех ученых Бухары и только два ногая смогли дать достойный отпор иностранцу». Мечеть Мухаммад-Шариф Ишана Булгари Хᵛаразми находилась недалеко от современного города Ургенч. Мухаммад-Шариф является духовным наставником другого известного шейха – Кутлы хᵛаджа Ишана, основателя династии Каракум-Ишанов, получившей название от песчаной местности недалеко от местности Шахаман (Чимбайский район, Каракалпакстан), где он основал крупнейший религиозный центр.

По исследованиям Абдусалима Идрисова, в сочинении Аллахйара ал-Махзуна «Рийаз аз-закирин» Нийазкули упоминается с нисбой «ал-Бухари». Эти сведения взаимно, по всей видимости, дополняют биографические данные основателя хорезмийской школы Накшбандийа – Нийазкули.

В конце XVIII – самом начале XIX века у суфийского шейха Нийазкули ат-Туркмани в Бухаре было много студентов из Арало-Каспийского региона. Все они сыграли важную роль в построении сети религиозного образования в регионе.

Широкое распространение идей Накшбандийа, а точнее замена ими более ранних суфийских идей (Кубравийа и Йасавийа) в низовьях Амударьи, видимо, действительно связано с тем, что они проповедовали честные жизненные приоритеты, справедливость, равенство и, самое главное, труд.

О распространении влияния другого суфийского братства Кубравийа на Мангышлаке писал американский профессор Девин ДиУиз, крупный специалист по суфийским традициям в Центральной Азии, известный востоковед, написавший несколько книг по исламскому мистицизму в Центральной Азии. Его исследования уникальны тем, что до сих пор никто так тщательно и скрупулезно не занимался средневековыми памятниками истории по Арало-Каспию.

Деятель этого направления в исламе Камал ад-дин Хусайн появился на свет в 1465 г. После завершения учебы в мактабе (с 1493 по 1504 год) молодой человек осваивал в Хорезме исламскую теологию под руководством своего духовного наставника Ходжи Мухаммада Хабушани. Этот кубравийский шейх Хусейн Хорезми, более известный под именем Махдум-и Хᵛаразми, переселился в Самарканд в 1517 году и прожил здесь три последующих десятилетия.

Он был большим любителем путешествий, часто выезжая в Бухару и Чарджуй, на Мангышлак и в Хорасан. История сохранила несколько источников о биографии этого шейха. Главными из них считаются два уникальных агиографических источника центральноазиатских авторов середины XVI века – «Мифтах ат-талибин» и «Джаддат ал-‘ашикин», списки которых сегодня хранятся в фондах Ташкента, Самарканда, Душанбе, Санкт-Петербурга, Исламабада, Алигарха, Хайдарабада и Лакнау.

Агиографические рукописи середины XVI века посвящены жизнеописанию главного шейха суфийского братства Кубравийа – Хусайна Хᵛаразми (умер в 1551-м по григорианскому календарю, или в 958 году по мусульманскому летоисчислению). Он вырос в Хорезме, обучался главным образом в Хорасане у своего учителя Маулана Ходжи Мухаммада Хабушани. В конце концов, Хусайн сумел превратить братство Кубравийа в такое же могущественное, как и суфийские группы Накшбандийа и Йасавийа, действовавшие в Мавераннахре (сегодня это территория охватывает современный Казахстан и Узбекистан). Суфий Хᵛаразми умер в Сирии, возвращаясь на родину из паломничества в Мекку.

Первая из двух основных агиографических источников – «Мифтах ат-талибин» – посвящена карьере Хусайна Хᵛаразми и написана в 950/1543 – 44 годах, то есть задолго до его смерти. Рукопись составил один из его учеников – Джани-Махмудом ибн Шайх-Али ибн Имад ад-дином Гидждувани. Она дошла до нас в нескольких списках. На тюркско-чагатайский язык рукопись перевел в XIX веке известный хорезмийский автор Агахи. С оригинальной персидской версией работы был знаком известный российский тюрколог Василий Владимирович Бартольд, который опубликовал небольшие извлечения из нее. На этом исследование и остановилось.

Другую рукопись – «Джаддат ал-‘ашикин» (966/1573 г.) – составил сын и ученик Хусайна Хᵛаразми – Шариф ад-дин Хусайн уже после смерти шейха. Исторический источник также в нескольких списках хранится в фондах Ташкента, Душанбе, Исламабада, Алигарха, Хайдарабада и Лондона.

Эти два источника содержат интересные сведения о Хусайне Хᵛаразми и населении Мангышлака. В средневековом трактате повествуется о деятельности одного из главных учеников Хусайна Хᵛаразми – шейха Артука Манкишлаки в Мангистау и шире – в Дашт-и Кипчаке. И, наконец, говорится о конкурентной борьбе с другим суфийским лидером за влияние на группу кочевых тюркских племен, название которых в рукописи, к сожалению, не указано.

Поездка на Мангышлак, как предполагали путешественники, должна была продлиться двадцать дней. Но вскоре начались снежные бури и сильный холод (барф ва сарма ва йут). В итоге дервиши провели в пустыне 40 дней. Наконец Хусайн Хᵛаразми со своими учениками тронулся в обратный путь. Шейх шел впереди в сопровождении одного из дервишей и верного пса. На пути они встретили одинокого пастуха с овцами. Он не пригласил путешественников к своему очагу, то есть отказал в укрытии. Хотя дервиш настаивал («тому тюрку»), объясняя, что им необходимо укрыться от непогоды и у них нет плохих намерений.

Сочинение «Мифтах ат-талибин» важно не только как документ, описывающий различия между племенами, кочевавшими на Мангышлаке в середине XVI века. По мнению профессора из университета Индианы, особенно важно то, что рукопись сообщает о различиях в религиозной основе у местных племен. Сочинение свидетельствует, что все были учениками и сподвижниками Хусайна Хᵛаразми. В свою очередь, это предлагает модель общинной принадлежности суфийских шейхов и в Казахстане, и в Центральной Азии.

Как показал краткий обзор материалов, для изучения исламской цивилизации в Арало-Каспийском регионе огромное значение имеют арабографичные письменные источники. Часть этих источников издана, другая часть остается в рукописях. Вновь создаваемым научным центрам предстоит издавать эти источники и на их основе проводить глубокие научные исследования.

ЛИТЕРАТУРА

1. Муминов Аширбек. Суфизм в древних рукописях // Казахстанская правда, номер за 9 ноября 2012 года.

2. Карлыбаев М.А. О двух иршадах – Нисбатномаи Хʷаджагон Накшбандия // Вестник МИЦАИ, Выпуск 27, 2018, с. 61-79.

3. Bustanov, Alfrid K. “The Bulghar Region as a “Land of Ignorance”: Anti-Colonial Discourse in Khvārazmian Connectivity,” in: Journal of Persianate Studies, Volume 9, Issue 2, p. 183-204.

4. DeWeese, Devin. Islamization and Native Religion in the Golden Horde: Baba Tükles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition. University Park: Pennsylvania State University Press, 1994.

5. DeWeese, Devin. “The Descendants of Sayyid Ata and the Rank of Naqīb in Central Asia,” in: Journal of the American Oriental Society, Volume 115, No 4, 1995, p. 612-634.

6. Муминов Ә.Қ., Нұрманова А.Ш. Шақпақ Ата жерасты мешіті және қорымы эпиграфикасы. Консультант Мақсұт Нұрқабаев. Алматы: Daik-Press, 2009 («Қазақстанның эпиграфиялық ескерткіштері» сериясы, 1-кітап).

7. Сейсем Ата қорымының араб жазуындағы эпиграфикасы / Құрастырушылар Ә.Қ. Муминов, А.Ш. Нұрманова, А.К. Құлбаев. Консультант Мақсұт Нұрқабаев. Астана: Foliant, 2015 («Қазақстанның эпиграфиялық ескерткіштері» сериясы, 2-кітап).

ӘОЖ 378.02

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫ ЖӘНЕ БЕКЕТ АТА ТАҒЫЛЫМЫ

Тайжанов Алтай Тайжанұлы
философия ғылымдарының докторы, профессор,
М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті (Ақтөбе)

Кешегі Кеңес заманында жаңалықты деген дүниелер ұлттардың ғасырлар бойы тарихи тұрғыдан қалыптасқан наным-сенімдерін, дәстүрлерін мансұқтаумен ғылыми айналымға кіретін және жалпы әлеумет пен жас ұрпақ санасына сіңірілетін, сөйтіп, ұлттың тарихи тәжірибелері мен дәстүрлеріне теріс көзқарас қалыптасатын. Қазақстанның Тәуелсіз дамуы барысында «заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерін табысты жаңғыртудың маңызды екенін түсіне бастадық. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, оның адасуға бастайтынына да көз жеткіздік» [1]. Ендеше, ұлттық рухымызды құрайтын, оны мән-мазмұн тұрғысынан қуаттап тұратын нәрселердің бәрі бойымызда қалуға тиіс. Солардың бірі және бірегейі – сенімге құрылған таным, немесе діни таным мен ұстанымдар.

Осы тұрғыдан алғанда, қасиетті қазақ топырағы дін ілімінің үлкен қайраткерлерін дүниеге әкеліп, әлемде Ислам дінінің кең қанат жайып дамуына өлшеусіз үлес қосты. Біздер Имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабын ұстанатын мұсылмандармыз. Түркі халықтары хақ дінді өзгенің өктем әрекетімен емес, керісінше, өзінің жүрек қалауымен саналы түрде қабылдады. Дала халқының байырғы дағдылары мен салт-дәстүрлері шариғатпен үндесіп, әлемдік өркениетке қадам басты. М.Әуезовтің сөзімен айтсақ, «түркі халықтары мұсылмандықты қабылдаған соң бір қырдан асып кеткендей болды» [2]. Сондықтан діннің астарлы әрі тармақты мәселелерін ұлтымыздың діни таным-түсінігіне сай лайықтап жеткізу, осы саладағы ұлағатты тұлғаларды жастарға үлгілеу –

бүгінгі дін қайраткерлері мен барша ұлт зиялыларының алдында тұрған үлкен міндет және парыз деп санағанымыз жөн.

Пір Бекет Ата болмысын зерделеу, келер ұрпаққа оның танымға жетелейтін тылсымға толы өмірін үлгілеу – елдігіміздің көрінісі, халқымыздың болмыс биіктігі, ұлттық санамыздың деңгейін көрсететін өлшемдердің бірі. Бұл бүгінгі ұрпақтың бабаларына тағзымы, олардың елдікке бастайтын игі істерін, танымын тереңдетер тағылымдарын үлгілеу ғана емес, кейінгі ұрпақтарының бабаларына тағзымы. Ендеше, Ә.Кекілбаев айтқандай, «әлсізге – медет, күштіге – айбар, зарыққанға – жебеу, тарыққанға – демеу, асқанға – тосқан, сасқанға – сая, ұрпаққа – ұстаз, ұлысқа – ұран, ел иесі, жер киесі» [3] Бекет әулиені, аңыз адам Бекет Атаны тану, онымен рухтану деңгейіміз қандай? Ұстаздың тәлімдік, тағылымдық жақтарын білу дәрежеміз, жас ұрпаққа оны этно-мәдениеттік құндылық, қазына ретінде жеткізу бағдарымыз бен ниетіміз қандай?! Міне, осы сұрақтарды ел азаматтары өзімізге қоятын уақыт жетті.

Қазақ қашан да тақуа, имани-инабатты, бойында қабылет-қасиеті бар, өз тұстастарынан ой оздырған жандарды құрметтеген, ардақтаған, олардың игілікті ісін бағалап, пәтуалы сөзіне тоқтап, өсиеттерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Елдің, бір аймақтың, өнірдің рухани ұстыны болған кемел кісілерді өз тұстастары құрметтеп сыйлап, бақилық болғаннан кейін әулие тұтып, оларды «АТА», «БАБА» деп ұлықтаған. Әрине, халықтың кез келген адамды, тіпті белгілі, танымал тұлғалардың өзін ұлыстың Бабасы мен Атасына баламасы белгілі.

Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясында «БАБА» ұғымы туралы түсінік түркі халықтарында бар туыстық атау деп, алайда қазақ халқының кейде туыс болмаса да ақыл-парасатымен сый-құрметке бөленіп, кейінгі ұрпаққа жақсы аты калған тұлғаларды да БАБА деп атайтыны көрсетілген (қараңыз: ҚҰЭ. Алматы, 1999, Том-2, 28-б.). Сондай-ақ осы энциклопедияда «АТА» ұғымының алты мағынасын берген екен. Соның бірі – «ежелгі», «байырғы» дегенді білдірсе, тағы бірі – «Қадірлі қарт (адам), Кіші ұрпақ, Келер ұрпақ үшін ол әрдайым АТА дәрежесінде болады», – делініпті (қараңыз: ҚҰЭ., Алматы, 1998, Том-1, 503б.).

Тәуелсіз ел болу, өзіннің әлемдік кеңістікте алатын орнынды белгілеу тек саяси – экономикалық өсумен, дамумен өлшенбесе керек. Біздің басқа мемлекеттермен тең түсуіміз үшін алдымен сол мемлекеттердің таным мен мәдениет баспалдақтарын, өркениетке өрлеу жолының күнгейі мен көлеңкесін бажайлағанымыз абзал. Сонда біз бұрынғыны бүгінгімен шендестіре отырып, әр нәрсенің өткенін, бүгінгісін және болашағын таразылай аламыз. Осы методологияны басшылыққа алып, тарихқа үңілсек, «тарихты жасаушы халық» деп қанша айтсақ та «жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адасу керек» екенін білсек те, халық пен көптің күші туралы айтылған сан алуан ұлағатты сөздерге қанық болсақ та, қорыққанда, тарығып-торыққанда, тұйыққа тіреліп қысылғанда дана Абайдың:

«Көп шуылдақ не табар,
Билемесе бір кемел...» –

деген ескертпелі есті сөзі, орамды ойы алдымыздан шығады да тұрады. Өйткені нелер ұлы реформалардың, іргелі өзгерістердің, халық басына түскен нәубеттің де, ұлт шырайын шығарған шуақты күндердің де бастауында жеке тұлғалар мен дара дарындар, аты аңызға айналған көпке ықпал ете алған киелі жандар тұрған. Олардың тұлғаларын танып, тағылымдарын орындау, жүзеге асыру, дәріптеу мақсатында тұстастары мен келер ұрпақ өз заманында мүмкіндіктеріне қарай іс-әрекет еткен. Олардың көпшілігінен қалған рухани қазыналар өзіндік тәлім-тәрбиелік, танымдық мән-мазмұндарының арқасында бірнеше ұрпаққа рухани азық болып, ұрпақтан-ұрпаққа көшіп, халқымыздың ғақлиятты ой кешу үрдісін құрап бізге жеткен. Соның бірі – Пір Бекет Ата тағылымы.

Алайда осы аты аңызға айналған тағылымы мол тұлға, өз тұстастары мен кейінгі ұрпақтың ұранына айналған киелі жан, кешегі Кеңес заманында, бәріміз жаппай атеист болған тұста ұмытылмағанмен (ұмытылуы мүмкін де емес еді – А.Т.) рухани әсер ету өрісі біраз тарылып, ресми идеологияға қарсы келеді деп есептегендіктен кейінгі ұрпақ санасынан заманы өткен рухтай ғана орын алды. Ресми орындар оның үлгі-өнегесін жастар жадында қалдыруға құлықты болмады.

Осының бір айғағы – Қазақстанда шыққан сөздіктер мен энциклопедияларда Бекет Ата туралы күні кешеге дейін еш дерек болмағаны. Бұл көп томдық «Қазақ Совет энциклопедиясына» да қатысты. Онда патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы күрескен деп берілген Бекет Серкебайұлына арналған «Бекет батыр» жыры бар да Пір Бекет жоқ. Ал кеңес заманында барлық дінге, ескі сенім-нанымға қатысты адамдардың ешбірі айтылмаған екен десең, «Советский энциклопедический словарьда» сандаған архиепископтар мен епископтар, апостолдар, архиерейлер, дьякондар тағы басқалары тарихи тұлғалардай таңбаланыпты. Солардың ішінде біздің көзімізге бір Бекет шалынды, бірақ ол Пір Бекет емес, Кентерберийлік архиепископ Томас Бекет болып шықты. (қараңыз: СЭС., М., 1985. С. 120.)

Әділін айту керек, басқа елдер халық қастерлеген тұлғаларын танытуда көп таршылық жасамайды. Мәселен, Еуропа елдерінің тарихи жылнамалары мен энциклопедияларында «великомучиник» (ұлы қасірет шегуші), «апостол» (пайғамбар), «блаженный» (дәруіш) т.б. туралы кеңінен жазылған. Біз басымыздан өткерген атеистік ғасырымызда да олардың ұмытылмауы кейінгі ұрпақтарымен осылайша хатталып қалуында. Ал біздің көне қазақ руханияты тарихына келсек, жеке адамдар мен олардың қабілет-қасиеттері, тындырған істері туралы мол деректер бізге ауыз әдебиеті арқылы жеткен. Жеке тұлғалар бізден алыстаған сайын олар туралы аңыз-әңгімелер көбейе түсетіні де рас. Алайда аңыздың бәрі тарих емес, бірақ түп негізінде тарих, шындық жатуы әбден мүмкін.

Өкінішке орай, кезінде де, қазіргі уақытта да ешқандай ғылым-білімнің күші келмейтін, жаратылыстың құдіретімен бойында өзгеше табиғи қасиеті бар кісілердің «құпиясын» зерттеу елімізде әлі қолға алынған жоқ. Алайда ондай зерттеулерге деген ұмтылыс әлемдік практикада бар. Бұл мәселе оларда, бірде жалпы тіршілік иелерінің мәңгілік өмір сыры туралы болса, бірде өмір мен өлім диалектикасы, өлім даналығы – танатасофия бағытында қарастырылуда. Мәселен, әйгілі Американдық фантаст Артур Клари 2090 жылы адамзат қартаю процесін тоқтататынына сенімді. Ал Пір Бекет Ата сынды күрделі тұлғаларды тану үшін біздің бұрынғы руханиятты идеализм мен материализм тұрғысынан таныған философиялық жүйеміз де, таным процесіндегі әдістеріміз де таршылық етері сөзсіз. Ендеше, бұл мәселеде де жаңа бағытқа, жаңаша таным-түсінікке ойысуымыз керек.

Заман өзгереді, адам өзгереді, наным, сенім, түсінік, білім, билік түрі мен дәрежесі де өзгереді. Соның арқасында біз тарихымызға қайта үңілуге, қайта оқуға, жаңаша тануға мүмкіндік аламыз. Міне, осындай мүмкіндік ел егемендігімен бірге келді. Дәл осы тұстан бастап Бекет Ата да ұрпағының рухани күші, абырой-айбары ретінде ортамызға оралды. Ол туралы еркін айтылып, жазылып, алғашқы еңбектер шыға бастады. Солардың ішінде Ә.Кекілбаевтың алғы сөзімен Алматыдағы «Арыс» қоры баспасы шығарған «Бекет Ата» (1994) кітабының орны ерекше. Бұл үрдіс жалғасын тауып 1999 жылы Ақтауда (авторы И.Мырзабекұлы) Бекет Атаның имандылық тағылымдарының бірінші кітабы жарық көрді. Осы автордың ыждағатты еңбегінің арқасында 2000 жылы оның Бекет Ата имандылық тағылымына арналған екінші кітабын Алматыда «Дәуір» баспасы, ал «Жыр арқауы – Пір Бекет» деп аталған имандылық-тағылымды үшінші кітабын «Өлке» баспасы жарыққа шығарып, олар қалың оқырман игілігіне айналды. Бұдан кейінгі жылдарда да мерзімді баспасөздерде Бекет Ата туралы мақалалар жарияланып,

конференциялар өтілді, кітаптар жарық көрді. Солардың ішінде төрт рет толықтырылып басылған, көлемді, энциклопедиялық мазмұндағы – имандылық тағылым кітабы «Бекет Ата» еңбегінің орны ерекше (құрастырған – Ислам қажы Мырзабекұлы). Бұл үрдіс әлі де жалғасуда.

1997 жылы Алматыда жарық көрген «Маңғыстау» энциклопедиясы «Пір, Әулие Бекет Атаның биік рухына арналыпты». Мұнда «Бекет Ата Мырзағұлұлы», «Бекет Ата ескерткіш-ғимараттары», Бекет Атаға байланысты шыққан кітаптар т.б. туралы толық мәліметтер берілген. (қараңыз: «Маңғыстау» энциклопедиясы., 1997., 230-232-беттер). Энциклопедиядағы «Оғыланды маңы», «Бекет Атаға барар жолда», «Бекет Ата ғимараты маңында» сияқты түрлі-түсті суреттер де берілген. Бұл шаралар Бекет Атаның рухын, киелі қасиетін, иман-инабатын, өнегелерін жас ұрпаққа үлгі етудің басы әрі бастапқы ғылыми-танымдық бетбұрыс болды.

Жалпы біздің ғылыми әдебиеттерде ұзақ уақыт бойы көңіл бөлінбей келген тұс, ол – адамдардың ата-тегі. «ТЕКТІ», «ТЕКСІЗ» ұғымдары халық санасынан бекер орын алмаған. Аңызда Бекеттің арғы атасы Мұңалдың «үйіне құт қонып, береке дариды». Мұңалдан тарайтын тұқымдардың ішінде, әсіресе, Қосқұлақ ауылынан ұлыс ұранына айналған пір, ғұлама-қажылар, ахұн-ишандар, сұпы-молдалар, бақсы-балгерлер, қысқасы, Ислам дінін халық арасында уағыздаушы аузы дуалы, зайырлы кісілер көптеп шыққан. Бекет Атаның әкесі Мырзағұл болжампаз, көріпкел кісі болған. Ол кісі жөніндегі ел аузында, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарап біздің заманымызға жеткен әңгімелерге қарағанда, Мырзағұл атаның барлық ықылас-ниеті баласы Бекетке ауған екен.

Қазақта «Жігітті танымасаң, нағашысын сұра» деген нақыл бар. Бекет Атаның кәрі нағашысы Тама Есет батыр, туған нағашысы қасиетті Назар Қожа. Шешесі Жәния намаз, оразасын қаза қылмаған, балиғат жасына жеткен соң, ауыл молдасынан сауат ашып, «Құран кәрім», «Сұпы Аллияр», «Пікәйдан», «Мұхтасар» секілді Ислам дінінің қаймағы саналатын шариғат кітаптарынан дәріс алған. Бұдан шығатын қорытынды, Бекет жастайынан күшті рухани ортаның әсерімен тәрбиеленген және ел ауызымен айтылатын:

«Таудан аққан тас бұлақ
Тасыса құяр теңізге.
Жақсыдан туған жас құрақ
Тартпай қоймас негізге», – деген халық даналығы Бекет Атаға да тікелей қатысты.

Бұл күндері Әулие Ата тұлғасын ол туралы ел аузындағы жаттанды таным тұрғысынан толық түсіну де, түсіндіру де мүмкін емес. Олар бұл шеңберге сыймайтын күрделі әлеуметтік құбылыстар. Өйткені Бекет Ата есімі ауызға алынса, онымен қоса Пір, Әулие ұғымдары қатар жүреді. Бұлардан басқа Бекет Атаның адасқанға, жаңылғанға жол көрсетер киелі киігі, ұшып жүретін аққулары, қасиетті аса таяқтары өзінің таң намазының сүннетін үйінде, ал парызын көзді ашып-жұмғанша Хиуаға ұшып барып имам-ұстазына ұйып жамағатпен оқып қайтатыны туралы аңыздармен біз сияқты атеистік бағытта тәрбиеленген елді сендіре қою қиын. Сондықтан аға ұрпақ өкілдерін көре қалған біздер қазіргі жас ұрпаққа, осы мәселелердің тарихи-гносеологиялық (таным-тағылымдық) жағын бүгінгі тарихпен, өркениетпен тұтастыра алып түсіндіруіміз керек.

Адамзат тарихы әлемді дүниетанымдық тұрғыдан түсіндіруде бар-жоғы үлкен үш таным сатысынан өтті. Олар: ӘПСАНАЛЫҚ, ДІНИ, ФИЛОСОФИЯЛЫҚ. Қай уақытта да материалдық игіліктен гөрі рухани игілік – қазыналардың ғұмыры ұзақ болатыны, олардың әр кезеңге сай бірде жетіліп, бірде кетіліп отыратыны, тіпті өте көне түрлерінің бізге жетіп, жаңа ғұмырларының басталатыны ғылымда әлдеқашан дәлелденген аксиома. Олай болса, бүгінгі жаңа заман адамдарының санасы мен танымы да

жоғарыдағы әпсапалық, діни және диалектикалық ой өлшемдері мен қорытуларының, сенім-нанымдарының, түсінік-пайымдарының болуы да, олардың жаңаша түсінілуі де заңдылық. Ендеше, кезінде «еліне шуақ шашар Нұр болған үш жүзге аты шыққан Пір болған» Бекет Ата туралы ақиқат пен аңызды, шындық пен қиялды да танымдық парасат биігінен парақтай, ой- елегінен өткізе саралай оқыған жөн.

Ежелгі грек мәдениетін зерттеуші ғалым Н.А. Кун «құдайлар, құбыжықтар, қаһармандар, әулиелер туралы ежелгі мифтер мен аңыздарды ғылыми-көпшілік мазмұндауға болатыны» туралы пікір білдірген. Рухани синкреттілік ұғымын басшылыққа алар болсақ бұл тұжырым қазақ халқының аңызнамалары мен дүниетанымдық пайымына ғақлиятты ой кешу үрдісіне де тән болмақ. Енді осы пікірімізді нысана етіп Бекет Атаға қатысты «РУХ», «ӘРУАҚ», «ПІР», «КИЕ» ұғымдарының мән-мазмұндарына көңіл аударалық.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде РУХ, РУХТАНУ – адамның ой-санасы, ішкі дүниесі, қайраттану, жігерлену, шабыттану, рухани күш-қуат, батылдық, жігерлілік, әруақтану (ҚТТС., Алматы, 1999, 8 том. 78-79-беттер) делінген. Рух – адам санасының дерексізденуі, яғни заттың бейнесі сол зат болмағанда да санада шындық ретінде сақтауға мүмкін болған кезде қалыптасқан. Рух туралы біліміміз күні бүгінге дейін толық емес. Біз рухты көбіне санаға қатысты қарастырамыз. Сана тек адамға ғана тән болса, рух – сананың объективті мәнге ие болған көріну формасы. Адамның дүние туралы түсінігінің басы өзін табиғаттан бөліп алу процесіне және өзінің рухани қасиеттерін тануға талпыныс жасаумен байланысты.

Бекет Атаға қатысты ел аузындағы аңызнамалардың шығуына және таралуына көпшілік санадағы таным себеп. Сондықтан Мұхаммед пайғамбардан бастап кешегі Кеңес дәуіріне дейінгі әлеуметтік аралықтағы тарихи жеке тұлғалар туралы аңыздар, әңгімелер жылдар өткен сайын көбейіп, толығып отырды. Алайда аңыз деген ертегі емес, шындық, нақтылап айтсақ, рух шындығы, идея шындығы екеніне соңғы жылдарда көзіміз жетіп, көңілімізге сенім ұялай бастады. Көбіне аңыздағы идея шындығының өмір туралы натуралистік түсініктен жоғары болатыны да рух болмысына қатысты болса керек.

«ӘРУАҚ» ұғымына жоғарыда аталған сөздікте «қасиетті, киелі, ардақты деп танылған рух, күш қуат» (ҚТТС, 1 том, 350-бет) деген анықтама берсе, энциклопедияда: ол – «тірісінде ел ағасы, ру басы, би, батыр, көреген болған қадірлі адамдарды қасиет тұтып, киелі санап, соның әруағына (рухына) сыйыну салты» (ҚСЭ., 1 том., 438-бет). Біз Бекет Атамызды «әруақты» дегенде, оның саналы өміріндегі осынау зиялы қасиеттердің бойында болғанына қарай айтамыз. Ел арасындағы: «әруағыңнан айналайын»; «әруақ жар болсын»; «әруаққа шет болма» (жолдан тайма, біреудің обалына қалма); «әруағын аяққа басты» (қорлады, менсінбеді); «әруақ атсын»; «әруаққа сыйынды»; «әруақ шақырды»; «әруақтанып кетті» (шабыттанып кетті) деген ұғым-түсініктеріміздің болуын, «әруақ» деген сөзден басымызды ала қашпай, абстрактілі ой-танымымыз бен тілдік жүйеміздің тұтасуы деп қабылдағанымыз санаға сыйымды.

Бұларға қоса, қазақ халқы арасында ренжігенде «әулие болса» (соншалықты мықты болса); «кімнен әулие еді» (қай жері артық, қадірлі еді); ал қадірлегенде «әулиелік» (алдын ала болжаушылық); «әулие-әмбие» (қасиетті, киелі жандар); «әулие тұтты» (аса қадірлеп қастарледі, бас иді) деген ұғым-түсініктер бар. Біздің ойымызша, тірісінде өз төңірегінен ой оздырып, иісі қазаққа танылған зиялы, білімдар жан Бекет Ата атына бұл таным түсініктердің бәрі де сияды.

Сөздікте: «Әулие» – наным-сенім бойынша адамдардың тағдырына ықпал ете алатын, «қасиетті», «киелі жан», энциклопедияда: «Әулие» – қалыптасқан наным-сенім бойынша тірілердің тағдырына ықпал ете алатын қасиетті, киелі адамдар». Әулие Ата дүниеден өткеннен кейін оның осы жағына ұрпақтары көп көңіл бөліп, әруағына

сыйынып, өз тағдырларының тәлкекті тұстары мен сын сағаттарында, ноқайлар мен «баспақ-тана жиылып, пәни болған заманда», қайсы-біреулер «жаптым жала, жақтым күйемен» істерін тындырып, ел сыйлаған азаматтардың етегіне жармасып жүрген, «балақтағы бит басқа шыққан» заманда, үлкен мен кіші сыйластығының үндестігі үзіліп, «інісі бардың тынысы», «ағасы бардың жағасы» болмай тұрған заманда, «хан азса халқын сатады, халық азса хандыққа таласадының» кері келе ме деп, көпшілік сананы қорқыныш, үрей билеп тұрған заманда Бекет Ата әруағына сыйынып рухтанудың, жігерленудің, қайраттанудың, пессимистік санадан оптимистік санаға көшуге құлшыныстың жеке адамға да, ұлт-ұлысқа да зияны бола қоймас. Бұл жалпы таным процесіне де қайшы келмейді.

Бұларға қоса Бекет Ата – Кие иесі әрі Пір. Ауызекі айтылу арқылы да, бізге жеткен түсінік бойынша да, жоғарыдағы ғылыми түсіндірме сөздік пен энциклопедияларда да КИЕ – қазақ нанымында кейбір тіршілік иелері мен жан-жануарларда болады. Бұған байланысты, ертеде көп ырым-жорамал болған. Мәселен, аққуды атпау, боз биеге тимеу (бірақ ерекше жағдайда оны құрбандыққа шалу), желі кеспеу; бақанды аттамау; дәм-тұз киесіне ұшырамау; киелі адам зиратына түнеу... Сонымен, «КИЕ – бірдеңенің пірі, иесі, қасиеті. Әруақ не бірдеңенің кесапаты тиеді деген түсінік» (ҚТТС., Алматы, 1999. 312-бет). Бірақ киелінің бәрі Пір емес. «ПІР – әулие атанған, аскеттік өмір сүрген адам. Ол ақыл парасатты, зерек ойлы, қолдап-қорғаушы рух, әруақ, демеуші, қорғаушы, сүйеніш» (ҚТТС., Алматы, 1999. 534-бет). Ал тарихи аңыздар мен бізге жеткен желілі деректерге қарағанда, Бекет Ата көзі тірісінде айналасына жоғарыдағыдай қасиеттерімен мәшһүр болған жан. Оның атақ-даңқы жылдар, ғасырлар өтіп, Әзиз Ата бізден алыстаған сайын зорайып, әртүрлі аңызнамалық әңгімелермен, танымдық фольклорлық деректермен толығып отырған. Сондықтан оған әр заман ұрпақтарының бірі бар болмысымен, екіншілері интуитивті болса да бас иген, қастерлеген. Ал «ПІР ТҰТУ – әулиедей көріп бас июді, құрмет тұтуды, қастерлеуді білдіреді» (ҚТТС., Алматы, 1999. 8 том., 32-бет). Бұл ұғым біздің сөздік қорымызда бар, халқымыздың ой-санасына кіріккен, өзара қатыста қолданылып жүрген сөздер, оларды жатсынудың қажеті жоқ.

Бізге жеткен аңыздарға қарағанда, Бекет Атаның пірленуі де өте нанымды, танымдық тұрғыдан дәйекті. Бекет Ата алдымен Тама Есет Батыр сияқты қастерлі, қасиетті адамдардан бата алады, ел ішінде сауатын ашады. Алғаш атасынан оқып хат таныған, кейін ауыл молдасынан сауат ашып, ой-өрісін, сана-сезімін кеңейткен, бала Бекет дәріске өте ынталы болып, зеректік көрсетеді. Ұстаздардың берген тапсырмаларын уақытында орындап, тәртібі жағынан болсын, тіпті адамгершілік-имандық қасиеттері жағынан болсын өз қатарлы балалардан көш ілгері, жоғары болады. Ауыл молдасынан тәлім-тәрбие алған 3-4 жылдың ішінде-ақ бала Бекеттің білім дәрежесі, түйсігі ұстазынан бір де кейін болмайды. Бала Бекет 8-14 жастар аралығында ата-бабаларынан келе жатқан әлем, жаратылыс, т.б. туралы діни кітаптар мен пайғамбар хадистерін оқып білімін тереңдете түседі. Енді ол шариғат үкімдерін жатқа айтып, Алланың ақ жолын елге насихаттай алатын дәрежеге жетеді. Сөйтіп, болашақтағы Пірдің зайырлық қасиеті бала жастан, дәлірек айтқанда сегіз жасынан біліне бастайды. Ал Хиуа медресесін бітіріп елге оралған соң өзі білім алған, өмір сырларын үйренген, қияға қанат қомдатқан алтын ордасы, онда дәріс берген атышулы ғұлама ұстаздары туралы жастарға әсерлі әңгіме айтатын болған. Өзі болған Мекке, Түркістан, Мәдина туралы, олардың танымдық-тағылымдарына қатысты әңгімелерді де өз шәкірттеріне көптеп берген. Елде көптеген мешіттер ашып біржола тақуалық жолға түскен.

Бізге жеткен Бекет Атаның Көк Асасы туралы мифтік-танымдық, тағылымдық әңгіме желісінің де жас ұрпаққа берері мол. Көк Аса – қасиетті мұра, ол ұстаздан ұрпаққа мирасқа қалдырылады, кейін ол бір әулеттің атадан-балаға жалғасып отыратын қасиетті, киелі құндылығына айналады. Бұл бүгінгіше айтсақ, ұрпақ жалғастылығын білдіреді.

Кез келген киелі заттың ішкі мазмұны да, сыртқы формасы (түрі) да көпшілікті қызықтыруы заңдылық. Бұл Бекет Атаның Көк Асасына да қатысты. Оны тауып алу, иелік ету тағы басқаларын былай қойғанда, Пір Бекет Атамен байланысты Асалардың формаларының «Домалақ» (жұмыр), немесе, «Төрт қырлы» (квадрат), «Жыланбас» (Жыланбас Көк Аса) – деп аталуында да зор танымдық, наным-сенімдік, тылсымдық ұғымдар мен мазмұндар бар.

Пір Бекет Атаның өмір деректері мен оған қатысты ел ауызындағы әңгімелерді танымдық тұрғыдан талдаған зерттеулерге қарағанда, «Жыланбас» аталуы, бізге жеткен діни аңыздардың барлығында да «жылан аса маңызды орындарға ие болып, біресе жағымды, біресе жағымсыз бола тұрса да үлкен символдық мәнге ие», [4] тіршілік иесі, ол қазіргі медицинаның да символы (эмблемасы). Ол: «Құпия танымның, даналықтың, жасампаздықтың, мәңгі тірлік пен жасарудың да символы. Сондықтан түркілердің жалпы рухани мұраларынан, оның ішінде наным-сенімдерінен де терең орын алады (Үйге кірген жыланды өлтірмеу, басына ақ құйып үйден шығарып жіберу, анасы жылан етіне жерік болып туған баланың қасиетті, қабілетті, ержүрек, батыр болуы, т.б. – А.Т.).

Баршаға белгілі Жүрек – сұпылық тарихат тәрбиесінің қайнар бұлақ көзін көрсетеді. Бұл көне түркілер ұғымынан бастау алып Абай мен Шәкәрім арқылы бізге жеткен тағылымдық таным көзі. Сондықтан Абай:

«Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі...
Жүректе айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі...» [5] – дейді.

Сұпылық тарихат тәрбиесінің қайнар бұлағынан сусындаған Бекет Ата өз тұсында терең білім алуымен қатар, зайырлы қасиеттер қонған, елге танылып билікке араласқан, өнегелі-ойлы сөздер қалдырған адам. 63 жыл өмір сүрген саналы ғұмырында: «Бейнетіне сабырлық қылсын, ал рахатына шүкірлік қылсын», «Жақсыны өзің үшін, ал жаманды мен үшін сыйла», «Ниетің жолдасың болсын» деген нақылдарды жиі қайталаған, өмірлік кредосы еткен.

Ұстазы Бақыржан қажы қартайған шағында Бекет Ата оған сәлемдесуге барады. Білімін үнемі тереңдетіп жүрген, дін жолын мықты ұстанған, инабаттылықтың үлгісіндей болған шәкіртіне көңілі ауып, ол Бекетке Пірлену жөнінде ұсыныс тілек білдіреді. Бұл кез жігіт ағасы Бекеттің қырық жастан асқан кезі болатын. Өмір бойы ұстазының алдынан кесе-көлденең өтпеген шәкірт ұстазының ұсынысына қарсы болмайды.

Ұстаз шәкіртіне пірлену жолдарын, пірленудің талап-міндеттерін айтып, келесі жылы қасеитті Рамазан айынан соң келіп, пірленіп кетуді тапсырады. Елге үлкен де жауапкершілікті міндет алып қайтқан шәкірт ұстазының тапсырмаларын тиісті талап дәрежесінде толық орындайды. Келесі жылы айтқан уақытында барып өңкей ғұлама, ишан-ахұндар мен пірлер жиналған жамағат алқасының алдында ұстазы Бақыржан қажының ақ батасын алып, пірленіп, туған топырағына Бекет Пір атанып оралады. Сонан кейін-ақ, ел арасында «Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет» сөзіне «Маңғыстауда – Пір Бекет» тіркесі қосылып айтыла бастайды.

Оқырманға түсінікті болу үшін айта кетелік, әр заманның өз сый-құрметі, ардақтау дәстүрі, атақ-дәреже беру жолдары мен жөндері болған. Бұл қазіргі заманда да бар. Олар: соғыс пен еңбекте көрсеткен ерліктері мен істері үшін батыр атағын беру; әртүрлі дәрежедегі шендер мен атақтар: әскери, ғылыми, өнер мен әдебиет салаларында. Бұларға қоса қаланың, облыстың «Құрметті азаматтары» атағы, басқа да белгілер мен марапаттаулар және бар. Ал осыларға да жоғарыдағы ұстаз Бақыржан қажының шәкірті Бекетке Пірлену үшін қойған талаптарына ұқсас талаптар қойылады. Бірақ адамнан да, Құдайдан да қорықпайтын, ел пікірімен есептеспейтін заманда сол талаптар орындалып

жатыр ма, орынды адамдарын тауып, солар сол сый-құрметке бөленіп жатыр ма немесе біз атақ-дәрежемізге сай болу үшін шәкірт Бекеттей қызметтендік пе? Бұл – үлкен сұрақ. Егер солай етсек, адамнан да Құдайдан да қорықпай, «пірленіп» жүрген бүгінгі күнгі «көлгір көсемдер», «ноқай басшылар», ғалым санатындағы «ғалымсымақтар» азайып, саннан сапаға көшер ме едік, кім білсін?!

Жалпы ертеден келе жатқан барлық халықтардың дүниетаным жүйесі бойынша тәңірлік, көрегендік, батырлық, құдырет-күшті дәріптеу, ата-бабаны, көсемдерін құрметтеу – адамдардың рухани болмысының бір діңгегі. Сондықтан ұлыларын ұлықтап, салт-дәстүрлерін сақтап, әртүрлі әндер мен гимндер шығару қоғамдық қатынастардың даму дәрежесін де көрсетіп, синкреттік тұрғыда бір-біріне ұқсас, сай келіп отырған. Мәселен, ежелгі грек халқындағы әскерлердің жауынгерлік гимндері – ПЭАНДЕР, үйлену той гимндері – ГИМЕНЕЙЛЕР, өлікті арулау кезіндегі жылап-сықтау – ОРЕНДЕР. Олай болса, әулие, Пір Бекет Атаның бір рулы елдің ұранына айналуы, үйлену тойы алдында Қасиетті Атаға барып тәуеп етіп, одан кейін тойда жар-жар айтылуы, Ата әруағына сыйынып жаңа істер бастау қазақ халқының әдет-салты мен наным-сенімдерінің бүкіл әлемдік рухани үрдіспен үндесіп жатқанын көрсетеді.

Бекет Ата туралы алда талай айтылар да, жазылар да, жеке еңбектер де шығар. Бұл бүгінгі тірілердің парызы. Осы парызды өтеудің, біздің ойымызша, ең бастысы – Бекет Атаның тағылымдық-тәлімдік қасиеттеріне көп көңіл бөлуде болмақ. Бүгінгі аға ұрпақ өздерінің ұлттық рухани уызына жарымай, оны мейірлене жұта алмай қалған ұрпақ. Сондықтан біздің этно-мәдениеттік дәстүрлерімізде үзіктік бар, ұмытылып қалған, өткір бұрыштарды айналып өткен тұстарымыз бар. Ол жас ұрпақ санасына әсер етпей қалған жоқ. Соның бір белгісі, Абайша айтқанда: «түзу сөзге сенер ме, түзелмесін білген ездердің», «өзі шошқалардың, өзгелерді ит деп ойлайтындардың» арамызда жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаулап кетуі, керісінше, «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бостығының» ұмытылуы.

Бекет Ата сияқты қасиетті жандар арқылы өткенімізбен табысу және танысу кез келген оқырманның дүниетанымын кеңейтеді. Оларды білу тарих, тіл мен әдебиет, философия, өнертану мамандары мен осы сала бойынша маманданып жатқан жастар үшін ғана емес, барша сауатты адамдарға қажет, біздің ойымыз бен ішкі сарайымызды түзеуге қажет.

Жаңаша ойлау, рухани жаңғыру – бүкіл адамзатты нәсіліне, дініне, шыққан тегіне қарамай ортақ түсінікке, мәмілеге шақыру. Негізгі мәселе – бүкіл адамзаттың қазына-байлықтарын сақтау, оның ішінде сан ғасырлық тарихы бар рухани қазынаны игілікті игерудің орны ерекше. Алайда біздің ойлау жүйемізді әлі күнге дейін еркін көсілуге жібермейтін бір тосқауыл бар. Оның аты – санамыздағы идеологиялық сірі түсінік (стереотип). Бұл бағыт әуел бастан «ақ» пен «қараға» құрылған. Сондықтан кезінде жас өскіндеріміз: «Мен айтайын тақпақ, Ленинді мақтап, Байдың жолы қап-қара, Ленин жолы аппақ» деп тақылдады. Кейін есейген соң олар «біз» және «жауымыз» деген позияцияны ұстанды. Бүгін де осы жолмен, өңімізді өзгертіп «хамелеондық» қасиетпен келе жатырмыз. Бұрынғы қоғам құлағанмен, осы сірі түсінік санада қалып отыр. Олай болса, біз сияқты «лашықта» тұратындар мен «ақ сарайда» тұратындардың пікірлері ешқашан бір жерден шықпаса керек. Өкінішке орай, біздің қоғамдық сананың қауіпті дерті, ерекшелігі сол: «лашықта» тұратындар «сарайда» тұратындардың сөзін сөйлеуде, құлдық психологиясымен, тобырлық түсінік-санамен соңына еруде. «Лашықтағылардың» сөзін оппозиция өкілдері бірде тауып, бірде қауып сөйлеп жүр. Бұл өзі ұзақ және өз алдына бөлек әңгіме.

Ал дүниетанымдық тұрғыдан келсек иман, инабат, адамгершілік, ізеттілік, ізгілік іздері, қайнар көзі көне таным – діни танымда, дінде жатыр. Шын мәніндегі Дін – адамның күнәдан тазару жолы, адамды адамшылыққа бастау, тәрбиелеу жолы.

Сондықтан адам баласына оның сенімін алдамайтын, шын мәніндегі пайғамбарлық, хакімдік, әулиелік қасиеттер мен дәрежелерге адал қылығымен, ізгілікті істерімен жеткен, халық құрметіне бөленген, халқы қастерлеп көтеріп, аңызға айналдырған адамдар керек. Олар – жол бастаушылар, рухы күшті, қасиетті, қадірлі адамдар. Олардың өмірлері үлгі-өнегелі, тәлім-тағылымды. Сондай қастерлі тұлғалардың бірі дара ақыл, дара парасат, дара рух, дара шапағат, дара шарапат иесі Пір Бекет тағылымдарының жас ұрпақты тәрбиелеуге де, бүгінгі қауымның рухани жаңғыруына да берері мол.

Дүниеде қаншама өзін құдай санаған перғауындар мен әлемді уысында ұстамақ болған сұсты императорлар, патшалар, ел басшылары өтті. Ондай дәрежедегі адамдар бүгін де бар. Алайда олардың көпшілігінің аттары ұмыт болған, болашақта бүгінгілері де ұмытылады. Есесіне, халқына көзі тірісінде руханият рухын дарытқан, бақилық болғаннан соң рухани аспанымызда мәңгілікке орын тепкен Әзірет Сұлтан, Арыстан баб, Пір Бекет Ата тағы басқа қасиетті бабаларымыз, Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Абай тағы басқалар сияқты Хакім тұлғалар бейнесі мен болмыстары күн өткен сайын жаңара түсуде. Кейінгі ұрпақтары оларды өзінше түсініп танитын болады. Бізден алыстап, соларға жақындап бара жатқан қасиетті де, қастерлі тұлғалардың бірі, барша қазақ жұртына танымал тұлға Пір Бекет Ата. Ол кейінгі ұрпақтарының қандай құрметіне де лайық. Ендеше, қасиеттілер мен қабылеттілерді қадірлей білгеніміз жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә., «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». Астана., 2017.
2. Ауэзов М.О., Мысли разных лет., Алматы, 1961., стр. 63.
3. Кекілбаев Ә., «Ел Иесі Жер Киесі». «Бекет Ата». Алматы, 1994. 6-бет.
4. «Адай Ата». 2-кітап., Алматы, 2009. 294-бет.
5. Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы. 1-том., 126-127 беттер.

ӘОЖ 398

АҢЫЗДАН АҚИҚАТҚА АЙНАЛҒАН ТҰЛҒА

Мырзабеков Ислам Мырзабекұлы
педагог, Бекет Ата туралы кітаптардың авторы,
Ақмешіттегі Бекет Ата мешітінің шырақшысы (Атырау)

Қай дәуірде болмасын, халқының сеніміне берік орныққан, табиғи қасиеті, таланты, имандылық, адамгершілік ұлағаты, кісілік келбетімен айрықшаланып, дараланған, тарыққанда жәрдем, зарыққанда демеу тұтқан адамдары болғаны талай-талай тар жол тайғақ кешулерді басынан өткізген халқымыздың тарихынан белгілі. Солардың бірі және бірегейі – Пір Бекет Ата Мырзағұлұлы. Байтақ еліміздің батыс өңірі, соның ішінде Маңғыстау жұрты Бекет Ата есімін аса қадір тұтады. Елі мен жерін қорғаған батырлары «Жар бола гөр, Бекет Ата!» – деп ұран салып, жауына қарсы шапқан. Қуанғанда да, қорыққанда да тіліне «Иә, Бекет!» деген сөз оралған. Ел санасына өшпестей боп орныққан Бекет Ата өмірде болған адам. Атаның қасиетіне, әруағына, табиғи дарынына, ерлігіне қатысты ел ішінде аңыз боп өрілген әңгімелердің негізі – ақиқат. Сондықтан Пір Бекет Атаның шыққан тегі белгілі, қасиетінің танылуы айқын, кереметтер көрсетуі туралы оқиғалар рас. Оның бәрі ұрпақтың рухын жаңғыртуға, дәстүрлі діни сенім-нанымын нығайтып, имандылыққа баулуға ауқымды жол аша алады.

Шығысты зерттеуші В. Радлов, Б. Григорьев, К. Иностранцевтер, XIX ғасырда Маңғыстау өлкесін зерттеген Э. Эверсман, А. Дюгамель, П. Алексеев

экспедицияларында хатқа түскен жазбалар және жергілікті халық санасында жатталып, бүгінгі күнге жеткен аңыз әңгімелер Бекет Атамыздың өнегелі өмірі мен атқарған қызметін толық дәлелдейді.

«Жақсысын ұлықтамау, жайсаңын қызықтамау – өз ырысын өзі тепкендік, өз тілеуін өзі кескендік» деп жазушы Әбіш Кекілбайұлы айтқандай, тоталитарлық жүйеге құрылған кеңес үкіметі кезінде Бекет Атамыз тек діни қайраткер ретінде бір жақты аталып, оның басқа қасиеттері ашып айтылмады. Яғни Қожа Ахмет Ясауидің: «Адамды жалғыз сатыда қарап зерттеу обал, оның басқа қасиеттерін аша түсу үшін әр деңгейде, әр мазмұнда жан-жақты зерделеп қарастыру қажет» деген философиялық ойға құралған тұжырымы қаперге алынбады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Атамыз әр қырынан зерделеніп, тарихтан тиісті орын алды.

Атап айтар болсақ, ол – ағартушы ұстаз, сәулетті шебер, батыр, әулие-астролог, мәмілегер би, абыз-ғұлама, Пір т.с.с.

Ә.Кекілбайұлы «Иә, Пір Бекеттің біздің рухани дүниемізге қайта оралуы бәрімізді ізгілік пен жақсылыққа, тазалық пен парасаттылыққа, бірлік пен ынтымаққа бастайды. Бекет Атаның екінші өмірі, яғни Бекеттану енді басталды» десе, академик Хисмет Табылдиев былай деп талдаған болатын: «Бекет Ата туралы ауыздан-ауызға таралған аңыздардың өзі имандылыққа баулудың бастау бұлағы тәрізді. Осы қайнардан қанып ішкен ұрпақ ғана санасы сауығып, салауатты ғұмыр кешудің жолына түспек».

«Рисолаи хилфати суфихо» кітабының 11-бетінде: «Бекет хазірет өз заманының ұлы сопысы деп ұлықталады, яғни бұл атақ Пайғамбарымыздың сүннетін көзінің қарашығындай сақтаушы және оны таратушы. Мұсылман қауымының ішіндегі ең ұлысы, әзизі әрі қадірлісі. Алла Тағаланың алдында құрметтісі, өз дәуірінің ұлы сопысы деп атанған адам» деп түсіндіріледі.

Ал «Тазкирий Мухаммед Бакийр» қолжазбасының 168-бетінде Бекет Ата өмірінде қиындықтарды көп көрген, адам таңқаларлық кереметтер жасай алатын үлкен қасиет иесі, сопылықтағы ең жоғарғы мәртебе «Машайық» дәрежесіне жеткен, түріктер мен өзбектер арасында атағы кең жайылған белгілі ғұлама еді. Ел оны «Ахмад» деп дәріптейтін деп көрсетілген. «Ахмад» – «Мақтаулы» деген сөз. Демек, Атаның ұстанған жолы – сопылық, жеткен деңгейі – Машайық, дәрежесі – Пір деп мойындалған. Бұл қазақ даласында өте сирек кездесетін құбылыс еді. Мұндай жағдайда Бекет Атаның бұл шарықтауы «Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет» десе дегендей еді. Ата Алланың қалауымен түрлі ғажайып кереметтер жасай алған. Мысалдар келтірейік:

– Әп-сәтте құсқа айналып ұшу.

– Азды көп, жансызды жанды етіп жіберу.

– Елді шабуға келе жатқан жауды, келетін жұқпалы ауруларды, табиғи апаттарды күн ілгері болжау.

– Аз ғана сарбаздарын жауға көп қылып көрсетіп, жаудың үрейін ұшырып, кері қайтару.

– Даланың тағы аңдарын өз малындай ұстап, киіктерді сауып ішіп, қарапайым жағдайда күнелту, оңашада құлшылықпен ғұмыр сүру т.с.с.

Ендеше, бойына таңғажайып қасиеттер дарыған Бекет Ата жайлы аңыз бен ақиқат қатар өрілген әңгімелерге, өлең-жырларға кезек берудің жөні келіп тұрған сияқты.

Халық аузында Бекет Ата әруағы аққу, арқар, жылан, т.б. болып көрінетіні жиі айтылады. Атаға қатысты Бабық Сабытай Нұрұлы ел аузынан естігендерін былай әңгімелейді екен: «Бекет Ата халықтың көзінше үш рет ұшқан көрінеді. Оның ұстазы әрі пірі Бақыржан қажы өмірден озарда шәкірттеріне:

– Менің жаназама Маңғыстаудағы шәкіртім Бекет келіп жеткенше кідіртіп күтіңдер, – деп өсиет қалдырыпты. Ғұлама-пірдің жаназасы қашан, қайда болатыны

Атаға аян арқылы жеткен. Оның үлгеріп келетініне күмәндәнған жамағат өздерін кідірткеніне және жаназаның кешіккеніне тағатсыздана бастайды. Осы кезде көз ұшында бір алып құс ұшып келеді. Қаралы қауымға жақындағанда әлгі құс адамға айналып, жаяулап асығыс адымдап келе жатады. Бұл Бекет Ата еді. Сөйтіп ұстазының жаназасына қатысады.

Екінші мысал. Бекет Ата құн дауы кезінде Адайлардан теперіш көрген көрші Әлім ауылына барғанда, олар сөзге келместен Бекетті өлтіреміз деп даурығады. Сонда Бекет:

– Маған далаға шығып намаз оқып алуыма мүмкіндік беріңдер. Сосын қалауларыңды жасаңдар, – депті. Ауыл басшысы рұқсат береді. Бекет Ата намазын оқып болған соң, олардың көз алдында алақанат аққу болып ұшып кетеді.

Үшінші мысал. Бір жиында рулар арасында әруақтарын сынау мақсатында бәсеке болады. Барақ батыр құс болып көкке көтерілгенде артынан үш аққу балапаны, ал Бекет Ата қалықтағанда жеті аққу балапаны ере ұшыпты. Бұл көрініс ті бақылап тұрған абыз-сыншы Бараққа:

– Сенің қасиетің үш атаға, ал Бекеттің әруағы жеті атасына дейін жалғасады депті. Абыз-сыншы айтқан болжам дәл келіпті.

Ел ішінде мына өлең жолдары бар:

Қазақта әруақты ер бар Бекет деген,
Алласы берген бағын екі етпеген.
Қақ жарып қара тасты – Оғыландыны,
Зайыры жеті ұрпағына жетеді деген...

Тағы бір әңгімеде былай делінеді: Жаудың бес жүз қолы қазақ ауылдарын шабуға келе жатқанын Бекет Ата қасиетімен сезіп, оған қарсы елу шақты адамнан жасақталған қолды араларын қырық-елу қадам қашық ұстатып, сайда күттіріп қояды. Оларға жау жақындағанда өзі аққу болып, қаңқылдап жауға қарай ұшады. Артынан жорықтастары айғайлап алға ұмтылады. Бірақ жауды атқызбайды. Сонда кереметімен елу әскерді жауға жер қайысқан қалың қол қылып көрсетіп, дауыл тұрғызып олардың құтын қашырып, еліне қарай бас сауғалап қашуларына мәжбүр етіпті.

Осы жолы қазақ сарбаздары ұрандап алға ұмтылғанда ауыздарына алғаш рет «Иә, Бекет!» сөзі түсіпті. Содан былай қарай күні бүгінге дейін осы сөз халықтың ұранына айналып келеді (бұл деректер «Жас алаш» газетінің 21.09.2010 күнгі санында жарық көрген Жетібай Жылқышыұлының «Бекет Ата туралы аңыз-әңгімелер» зерттеу еңбегі мен осы жолдар авторының 1999 жылы Ақтаудан шыққан «Бекет Ата» кітабындағы «Бекет Атаның елге алғаш рет ұран болуы» мақалаларынан алынды).

Атаның Оғыландыдағы мешітін тәу ете барған зияратшылар қасиетті мешіт маңында жайылып жүрген аңдарды, яғни арқарларды жиі көреді. Оларды атуға, ұстауға болмайтыны белгілі. Егер біреу дала аңдарына зұлымдық жасаса мертігіп әлде қиын жағдайға ұшырайтын көрінеді. Зияраттап келгендерге арқарлар көрінсе, жақсылық нышаны деп қабылдайтын түсінік қалыптасқан.

Бір жолы Қ. есімді аңшы аң-құс атып жүріп, Ата арқарларына көз тігіпті. Ата ол кісінің түсіне еніп: «Менің айналамдағы аң-құстарды атпа, шырағым. Алыстағы аймақтағы аң-құстар саған жетеді», – деп ескерткен екен. Бірақ әлгі кісі атаның аянына құлақ аспай: «Айдаладағы аң-құстарда не шаруасы бар екен, тыныш жата бермей, деп Ата әруағына тіл тигізіпті. Онысымен қоймай, арқарлардың бірін атып, қанжығасына байлапты. Таңертең ұйқыдан оянған аңшы екі көзінің соқыр болып қалғанын байқайды.

Маңғыстауға және одан тыс өңірлерге есімі белгілі емші Тасқара Қаратайұлы ақсақалмен кездесулердің бірінде былай дегені бар: «Ертеректе Тобықтыдағы Бекет Ата мешітіне жақын жерде мал бағып отырған Б. есімді жақынымның үйіне (қыдырыстап) шаруа жайымен барып отырғанымда, сол маңда сыбай отырған бір таныс кісі садақа жасайтынын айтып, мені де қоса шақырып кетті. «Садақа – көптің асы» болғандықтан

іниме еріп мен де бардым. Шай ішілді. Садақа еті асылған қазан бұрқылдап қайнап жатыр. Бір кезде садақа жасап жатқан кісінің қырағы көзі қазан жаққа түскен екен, бір сарыүйек жыланның қазан жанында басын жоғары көтеріп, бас шайқағандай болып тұрғанын көреді. Бұл көрініс әлі кісінің мақсат-тілегінің орындалмайтынын меңзеп тұрғандай еді. Ол кісі осы оқиғадан кейін көп ұзамай пәниден бақиға аттанып кетті.

Әлдеқалай жолдан адасқан жолаушылар Ата есімін ұлықтап, көмек сұраса, сәлден кейін Ата әруағы арқарға айналып, жолаушының бағыт алып баратын жеріне жеткенше алдына түсіп жортып отыратын көрінеді. Мұндай оқиғалар осы жолдар авторының басынан да әлденеше рет өткенін назарларыңызға беремін.

Ақмешітте 1997 жылдың көктемінен жазға ауысар жайма-шуақ күндердің бірінде мешіт құрылысы басталып, кіреберістегі бөлме мен төргі бөлмедегі артық топырақ сыртқа шығарылып жатқан болатын. Осы мезет төргі бөлменің қақ ортасынан көгілдір реңкте сипаттауға тіл жетпейтін өте әдемі жылан пайда болды. Бәріміз жұмысты тоқтатып әліптің артын бақтық. Жерден басын біршама биікке көтеріп, жан-жағына бір минуттай қарап тұрды да, басын жерге түсіріп оңтүстік батыс жақты бетке алып кетіп бара жатып көзден ғайып болды. Дәл осы көрініс сәлден кейін кіреберістегі бөлмеде де қайталанды. Бірақ бұл бөлмедегі жыланның түсі бізге сарғылт-қызғыш болып көрінді. Бұл жыландарды көпшілік ата-аналарының әруағы болар деп топшылады. Тағы бірде Ата жайлы ел ішінен материалдар жинап жүргенімде аузы дуалы бір ақсақал кісі былай деді: «Бекет Ата қайтыс болғаннан кейін қырық жыл бойы Оғыланды тауын қос аққу жиі айналып ұшып жүргенін халық көреді екен. Мұндағы қос аққу болып ұшып жүрген Бекет Ата мен оның ұстазы Бақыржан қажының әруағы болар деп топшылаған көрінеді. Бекет Ата қажылық сапарға аттанарда құс болып ұшып кетеді екен деген де әңгіме бар.

Кеңес үкіметінің «шаш ал десе бас алған» солақай саясатының кесірінен Маңғыстаудағы «балапан басына, тұрымтай тұсына» кезеңде күнелтісін ойлап жан-жаққа бытырап кеткен елді кейін қайтару мақсатында уез шешімімен Есен Еламан деген беделді кісіні Жем, Сағыз бойына өкілдікке жеберді. Елекең қонуға Ақмешітке келсе, он бір кісі одан бұрын қонуға келіп отыр екен. Олар ұры-қарыдан қауіптеніп, аттарын шідерлеп қояды. Ал Елекең әуелі Алла, содан соң Атасынан медет күтіп, Құдай жолына бір боз қасқа қой садақа айтып, атын шідерлемей ұйқыға жатады. Таңертең қонақтар ұйқыдан оянғанда әлгі он бір аттың шідерін шешіп алып ұрылар айдап кеткенін бір-ақ біледі. Ал Еламанның аты аман екен. Сол Еламан 1943 жылы Маңғыстаудың Ұланақ колхозының егіс бригадирі болып жүргенде қазіргі Атырау облысы Жылыой ауданындағы Қосшағыл ауылынан жиырма бес түйеге жүктеп тары алып қайтады. Жолда түйелердің бірі батпақты өткелден өте алмай жатып қалады. Тары алып келе жатқандар 9 кісі екен, олар өзара ақылдасып, әлгі түйе таңертеңге дейін тұрмаса, сойып алуға келісіп сол маңға қос тігіп жатып қалады. «Үмітсіз – шайтан» деген Елекең атасына сыйынып жеті шелпек садақа айтып жатады. Таңертен түйені сою үшін өткел жағасына барса, түйе жатқан орнында жоқ болып шығады. Із кесіп, көп түйенің арасында жайылып жүргенін көреді. Жолаушылар ата рухына тағызым етіп ризашылықтарын білдіреді және сапарын жалғастырып, аман-есен елге жетеді.

Бекет Ата ұрпағы Мұрын деген кісі қайтыс боларында балалары мен тумаластарына: «Мен пәниден бақиға көшкенде мүрдемді түйеге артып, Оғыландыны бетке алып жүріңдер. Түйе шөккен жерде қабірім қазулы тұрар, мүрдемді сол қабірге жерлеңдер деп өсиет қалдырған екен. Қасиет иесінің айтқаны айдай келіпті (Бейнеу аудандық «Рауан» газеті, 21.11.1991).

Оғыландыдағы мешіт құрылысы жүріп жатқан кез екен. Қосжан есімді жігіт мешітке жақын жердегі жолмен жиырма шақты қой айдап келе жатады. Дәл осы кезде бесін намазын оқу үшін дәрет алуға далаға шыққан Бекет Атаға Қосжан келіп сәлем береді. Амандық-есендік сұрасқаннан кейін Бекет Ата Қосжанға: «Мешіт құрылысын

жүргізіп жатқан құрылысшылардың азық-түлігі таусылуға жақын қалып еді, қойларыңның барлығын маған беріп кет, есесін қайтарармын, шырағым», – дейді. Бірақ Қосжан әлдебір сылтаулар айтып қойын бермейді мешіт тұсынан ұзаңқырап шыққаннан кейін қойларына қасқыр шауып, бірін қалдырмай қырып кетеді. Ал Қосжанның өзі адасып, әрең дегенде шаршап-шалдығып, жаурап үйіне құр сүлдері жеткен екен.

Маңғыстаудағы ағайын-жекжаттарына қыдырыстап барып, Түркіменстандағы ауылына қайтып келе жатқан екі жолаушы жолай Ата мешітіне соғып, түнейді. Таңертен жол жүрер алдында түнде ұйықтап жатқандардыңа түсіне Ата еніп, оларға мешіттен ештеңе алып кетпеуін ескертсе де, олардың пиғылдары бұзылып, Ата басындағы азық-түлік, дүние-мүліктерден керегінше алып жүріп кетеді. Жолда адасады. Шаршайды. Аттарын бір бұтаның түбіне байлап, қапшықтардағы азықтардан алып жеп отырғанда, кенет қатты жел тұрады. Аттар үркіп, бұтаны суырады да қашып кетеді. Олар бірнеше күн жол жүрген соң әлдері құрып жатып қалады. Олжасы кедейленгеннен кейін кездесіп қалған бұрғылау экспедициясының адамдары ғана ажал аузынан алып қалады.

Ақмешітте туған әңгімелер

1995 жылы туған Ж. есімді немерем үш жастарында талма ауруымен ауырды. Ж.-ны Оғыландыдағы Ата мешітіне апарып, қонақ үйінде түнедік. Үшінші күні түнегенімізде түн ортасынан ауа бала талықсып, қайта-қайта есінен талып қала берді. Дем салып Құранның жүрегі саналатын «Иасийн» сүресін оқыдым. Бір кезде Ж.: «Ішімнен қара мысық шығып қашып бара жатыр», – деді. Мен бала нұсқаған жаққа көз жүгірткенімде, көзден ғайып болған мысықтың құйрығын көріп қалдым. Бала сауығып кетті. Аллаға шүкір, содан бері немеремді ауру мазалаған жоқ.

Бұдан он шақты жыл бұрын орыс тілді қандастарымыз бен орыс тілді ағайындардың сұраныс-өтініштерімен «Бекет Ата» кітабы орыс тіліне аударылып, халыққа тарады. Кітапты оқыған Л. есімді әйел азамат Атаның қадір-қасиеттеріне шүбә келтіріпті. Сол түннің таң алдында Бекет Ата әлгі әйелдің түсіне еніпті. Л.-дан сұрағанымызда Ата көзіме көрінген жоқ, бірақ қасымда тұрып сөйлескендей болды. Даусы анық естіліп тұрды», – деді. «Ата не деді?» – дегенімде, Л. Былай деп жазба қалдырды: «Книга написана по воле Аллаха! Я прочитала книгу «Бекет Ата» однажды во сне слушаю его голос, он говорит, что все сведения, которые собирал автор написаны по воле Аллаха. Все это правда и факты.

Ляйля. Астраханская область. Красноярский район. Пос. Красный яр».

Еліміз егемендік алғалы бүгінге дейін Бекет Ата жайлы жиырмаға жуық кітап, он бес шақты журнал, күнтізбе-күнпарақ шығып, жүздеген газеттер Ата жайлы тұщымды материалдар жариялады.

Солардың ішінен «Бекеттану» тарихындағы тұңғыш кітап осы жолдар авторының шығаруымен 1993 жылы Өзбекстанның Гагарин баспасынан 1000 дана таралыммен жарық көрді. Одан кейін де Атаға арнап төрт кітап шығардым. 1990 жылдардың басы өліара шақ, қиын кез болды. Әсіресе, қаржы тапшылығынан қатты қиналдым. Бұл қиындықтан Бекет Атам құтқарғанын айтқым келеді. Өзбекстан Республикасының Самарқанд облысының Каттақорған ауданында тұратын сол өңірдегі Есенқұл есімді белгілі кісіге тағдыр ісі болды. Мен сол кісінің жаназасына қатысуға шақырту алдым. Қонақасында болдым. Түнде Ата түсіме еніп, осы кісінің жаназасын өзің оқисың. Берген малын ақшаға айналдырсаң, екі ай көлемінде кітабың шығады деп көзден ғайып болды. Атаның түстегі аяны дәл келді. 500 кітабын Маңғыстауға, 500 кітабын Гагарин қаласындағы мақта зауытының жұмысшы, қызметкерлеріне тегін тараттым. Осы арада айтайын дегенім, әр адам кітапты бір данадан алсын деген нұсқауды елемей, бір жігіт екі кітап алды. Әлгі кісіні қайта-қайта оятып, артық алған кітабыңды кері қайтар, басқалар

да оқысын деп түнімен ұйықтатпапты. Әлгі кісі таңертең артық кітабын кері қайтарған екен.

1999 жылдың шіліңгір шілдесінде Ата жайлы көрші елдерден материал жинау үшін Түркменстанның бұрынғы Красноводск, қазіргі Түркменбашы қаласына сапарлап шықтым. Мұнда келгендегі тағы бір шаруам – Үсен есімді кісі Ата тұрпатын жасап, тұрпат сыртын қоршап, аула ішіне ағаш отырғызып, Атаға қызмет етіп жүргендін естіген болатынмын. Бірақ мен ол кісінің мекен-жайын ол кезде білмейтін едім. Үсеннің үйін әрең тауып бардым. Түнде түсімде Ата аян беріп: «Балам Үсенге айт, менің бас жағымда төрт үйімшін бар. Солардың екеуі менің тұрпатымды ластап жатыр. Солардан тазарта алса, тазартсын», – деді. Таңертең қала іргесіндегі «Алаш» қорымына, ондағы Ата тұрпатына тағзым еттім. Атаның түсімде айтқан 4 үйімшін дегені 4 машина қоқыс екен. Ата айтқандай, сондағы екі машина қоқыс Ата тұрпатын бүлдіруде екен. Үсен көрді де, бульдозер алып келіп тазартатынын айтып, менімен қоштасты.

Оғыландыдағы Ата мешітіне зиярат ете барған бір сапарымда зияратшы бір өзбек ұлтының өкілімен танысып, әңгімеге тарттым. Атаның қадір-қасиеті жайлы білетіндерін сұрағанымда жаңа танысым Ережепбай әкә былай деді: «Үш машина болып Өзбекстанның Хорезм облысы Үргенш шаһарынан Маңғыстауға жалданып, көкеніс таситынбыз. Бір жолы Үстіртке шыққан соң менің машинам бұзылып жүре алмай қалдым. Үстіндегі жүгімді қасымдағы екі машинаға бөліп жүктеп, тұрған жерімізді белгіледік. «Маңғыстау, қайдасың?» – деп жүріп кеттік. Қайтарда машинамды таба алмай біраз сенделдік. Лажсыз Бекет Ата рухынан медет тілеп көмек сұрадым. Екі сағат жүргеннен кейін Оғыландыдағы Ата мешітіне келіп, шай ішпек болып іркілдік. Бізден басқа 40 шақты машина сап түзеп тұрған екен. Сол машиналардың ортасына жақындай бергенде: «Оң жағыңа қара, машинаң машинаның үстінде қосалқы бөлшек болып тұр ғой», – деген Ата дауысы естілді. Барып қарасам, менің машинамның моторы, қосалқы бөлшектері екен. Техникалық паспортпен мотордағы номер сәйкес келіп тұр. Міне, осылайша Бекет Атаның қолдауымен көлігімді қайтардым.

2014 жылы 14 қыркүйек күні Атыраудан Ақмешітке зиярат жасай Есентемір Мұрат Елеуұлы келді. Хабарын айтты, бес жасар қызы бір күн бұрын диванның үстіне шығып ойнап жүріп құлап, иығын шығарып алады да шырқырап жылайды. Қорқып кеткен әкесі: «Әуелі Алла, содан соң Бекет әулие, жар бола гөр қызыма!» – деп боз қасқа қой садақаға айтады. Түнде ұйықтап жатқанда Бекет Ата Мұраттың түсіне еніп: «Қызыңның иығы шығып кетіп еді, салдым. Оғыландыдағы мешітім алыс қой, атаған малыңды жақын жердегі әке-шешем жатқан Ақмешітке алып барып, сойып садақа қыл!» – деп көзден ғайып болады. Түстегі аянға сенер-сенбесін білмеген Мұрат таңертең қызының иығын рентгенге түсіреді. Рентгенолог тексеріп болады да маған несіне әкелдіңдер. Маған дейін бір сыңықшыға алып барыпсындар. Қызыңыздың иығын 100% салыпты. Қызынызды алып кете беріңіздер», – депті. Содан Атаның қадір-қасиетіне, құдыретіне тәнті болып, садақа жасайын деп келіп отырмыз», – деп сөзін аяқтады Мұрат Елеуұлы.

Биыл Ақмешітке зияраттап келе жатқан үш жігіттің екеуі жолшыбай арақ ішіп, кәдімгідей қызып қалады. Ата мешітіне 20 шақырымдай қалғанда көліктері аударылып, арақ ішкен екі жігіт ауыр жарақат алады да, арақ ішпеген жігіт аман қалады. Атаның құдірет-қасиетін сонда ұққан олар Ата рухынан кешірім сұрап ауылдарына кері қайтыпты.

Кейбіреулерге аңыз кейіпкеріндей көрінетін Пір Бекет Атамыз туралы әр замандағы осындай мысалдар мен оның сайрап жатқан іздері ақиқатында тарихи тұлға, керемет қасиеттер иесі екенінің анық айғағы.

ӘОЖ 378.02

АДАМ ДЕГЕН – СУПЕР ЖҮЙЕ. БЕКЕТ АТА – ДӘЛЕЛІМ!

Тұржан Оңайгүл Ізтұрғанқызы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Нұр-Сұлтан)

Көзіңді елсіздігі байлағандай,
Құмдар әлі көшуін қоймаған ба, ай?
Таулары бөлшек-бөлшек, осы жерде,

Тас ғасыр тау лақтырып ойнағандай, – деген өлең жолдарымдағы сол тас ғасырлардың бір-бірімен коммуникациясының белгілері әлі де өз дәуірі туралы ақпарат беріп тұрғандай болады бұл далада. Осындай ғажайыптарына қарап тұрсақ, жаратылыстың біз білмейтін, тіпті адам баласының білуіне болмайтын құпияларының талайы осы далада сияқты. Дегенмен, белгілі болған бір жәйт бар. Ғаламның бар болу заңдылығы тербеліс арқылы мүмкін болып тұр дейді ғалымдар. Көзге ілінбес атомдардан бастап, алып тауларға дейін мәңгілік қозғалыста дейді. Сол қозғалыс арқылы ғаламдық айналыстағының бәрі де өзіндік энергетикаға ие болады дейді. Ал құпиясына бір Алла болмаса, пенде бойлап бара алмас Адамның бойы мен ой-қиялы арқылы пайда болатын энергетикасы туралы зерттеген ғалымдарды сөйлетсеңіз, адам дегеніміз – био-энерго-ақпараттық мән. Бірақ оның бұл қасиеті әр адамда әртүрлі деңгейде болып, белсенділігі жағынан да түрліше болатындығын жобалап болса да білетін сияқтымыз. Оған мүмкіндік беріп тұрған – арғы заман-бергі заман белесінде бұлдырай көрінетін санаулы заңғар тұлғаларымыздан бізге жеткен мұралар және солар туралы ел санатында сақталған ақпараттар. Сондай тұлғаларымыздың бірегей-дарасы – заманды заман жұтып көшкенде де әулиелігімен шартараптың бәрін өзіне асықтырып қойған Бекет Мырзағұлұлы.

Генетик ғалымдарымыздың адамға «био-энерго-ақпараттық мән» деп анықтама беруіне себеп болған да Бекет әулие сияқты елден ерек тұлғалар болса керек. Мұндай адамдардың басқа пенделердің жасаған кәсібін жасамай, өз алдына бөлекше ұстанымда болатындығының өзі де Жаратушы иеміздің олардың бойына берген айрықша қасиеті екендігінде дау жоқ.

Бір өзі бір-бірінен кемі 200-ден 1000 шақырымға дейінгі қашықтықтарға 5 жерден (кейбір деректерде 6 жерден) мешіт салдырған адамды арғы-бергі тарихтан кездестіру екіталай. Біздің нақты білетініміз – ондай адам – Бекет әулие [1].

Бекет әулиенің Қазақстанның батыс аймағының 5 жерінен осы мешіттерді салуының мәнін қысқа қайырып айта салуға да болады, яғни, қыста анау мешітте, жазда мынау мешітте тұрған немесе Хиуаға әлде Бұхараға баратын жолда тоқтайтын мешіті екен, осы мешіттерде бала оқытқан екен деген сияқты. Бірақ мұндай әулие адамдардың әрбір ісінің аса қалың астары бар екендігін естен шығармауымыз керек. Осы қисынмен оның әр жерден мешіт салуының мәніне кеңірек қарап, оны қазіргі ғылымның кең ауқымды атмосферасының өлшемімен өлшеп (оған өреміз жетсе), баға беру парыз. Солай зерттеп, солай баға бергенде ғана Бекет әулиені әлемдік деңгейдегі шын мәнісіндегі тарихи Әулие Адам деңгейіне көтере аламыз. Ол туралы жазу және оны зерттеу оп-оңай біте қалатындай да шаруа емес. Терең білім алып, кейін өзі бала оқыта жүріп, адам таңғаларлық істерді атқарып, қасиетімен тарихта қалған тұлға болғандықтан, оның сол қасиеттерінің әрқайсысының астарына үңіліп, жоғарыда айтылған био-энерго-ақпараттық тұрғысынан іргелі зерттеулер жазуды біздің генетик-психолог ғалымдарымыз, адамтану ғылымның білгірлері зерттеп, ой айтуы тиіс.

Мысалы, құм-құм даланың құйын-құйын екпініне ілесіп неге салды осынша мешітті? Осындай сұрақтарға жетелей жөнелетін бұл қасиет иесі талайдың түпсана-мұхитына батып, таптырмай кеткен ой-кемелерін өмір айдынына сүйреп шығарғаны да анық. Бәлкім, Пір Бекеттің негізгі миссиясының бірі де осы болған шығар. Былай қарағанда, жай қарапайым ғана молда үшін бір мешіттің өзі де жеткілікті емес пе. Бала оқытып, анда-мында көше бермей-ақ, сол бір отырған жерінде отыра бермей ме?! Ал Бекет әулиеге тыным бермеген қандай күш екен? Мәселеге осы тұрғадан келсек, алдымен сол мешіттің, яғни, Аллаға мінәжат ететін орданың болуының мәні неде екен деп те ойланып көруге болады. Әрине, мұны да Аллаға құлшылық ететін, бір жерге жиналатын орын керек болғандықтан деп те қысқа қайыра салуға болады, әрі қысқа әрі жұрттың бәріне түсінікті. Бірақ бұл қысқа қайырым Бекет әулиенің бес жерден мешіт салуының мәніне үңілуге көмегі тимейді.

Біріншіден, мешітте оқылатын дұғаның мәніне ғылыми көзқараспен қарайтын болсақ, қазіргі ғылым тілімен айтқанда, дұға – Алла тағаладан жететін рухани энергияны тербеліске айналдыратын гипер-механизм. Ал мешіт – Алла тағаладан келетін сол энергияны жинақтаушы, сақтап тұрушы, яғни, энергетикалық қор. Осы энергетикалық қор тұрғысынан алып қарайтын болсақ, Бекет әулие бес жерден мешіт салу арқылы сол энергетикалық қордың мол болып, адамдарға жан-жақтан ықпал ету күшін арттырудың амалын іздестірген сияқты (ақиқатын бір Алла біледі).

Оның үстіне картаға қарап отырып, осы мешіттердің орналасу нүктелеріне зер салсақ және сол мешіттердің арасында жүрген Бекет әулиенің ізін сызықпен белгілей жүріп өтсек, бір үлкен, бір кішкентай екі үшбұрыш шығады. Бұл жөнінде зерттеуші Б.А.Абдирахманов «Ата мешіттері кездейсоқ салынбай, Перудегі Наска кесінділері сияқты үлкен заңдылықпен салынған» дей келіп (1-сурет), осы мәселені зерттей түсу қажеттігіне назар аударады [3, 180]. Шын мәнісінде Бекет әулиенің мешіттерін инженерлік-құрылыс тұрғысынан да, атмосфералық-акустикалық сапасы жағынан да, географиялық-астрономиялық бағытта да зерттеудің талай сырды ашарына күмән жоқ.

Ал Бекет әулие мешіттерінің қос үшбұрыш жасай орналасу себебінің мәніне кереметтей бір тереңдеп бара алмасақ та, өз өреміз жеткен тұстан айтатын болсақ, үшбұрыш дегеніміз ежелгі арабтарда адамның рухани еркіндігін, сезімталдығын және асқан ақыл иесі екендігін білдіретін символ [4]. Ал төбелері бір нүктеге орналасып, бір-бірімен қиылысып жатқан екі үшбұрыш мәңгілік айналыстағы ғаламдық қозғалысты білдіреді, ал жалпы көне шығыстық ұғымда ол – тұмар, мойныңа тағып жүрсең, жын-шайтанды қуатын, пәле-жаладан сақтаушы қуат көзі. Міне, Бекет атаның басқа қасиеттерін айтпағанның өзінде, мешіттерінің орналасу тәртібінде де осындай терең астар жатқан сияқты. Бекет әулиенің Байшағырдағы (Баялы) мешітін төбелік ортақ нүкте етіп алғанда Байшағыр-Ақмешіт-Тобықты және Байшағыр-Оғыланды-Бейнеу үшбұрыштары шығады (картада). Бекет әулие «үшбұрыш» символын бекер таңдамаған сияқты. Бәлкім ол мұндай үшбұрыш туралы ойламаған да болар. Бірақ әулиеліктің әрідегі шыңырауында не жатқанын біз қайдан білейік. Білетініміз – үшбұрыштың энергия жинақтаушылық қуаты бар екендігі. Дәл осыны негізге алды ма, алмады ма, қалай болғанда да, Бекет Мырзағұлұлы мешіттерді орналастырғанда жаратылыстың Алланың әмірімен болатын табиғи-энергетикалық заңдылықтарын басшылыққа алып, қоғамдық дамуға өзіндік үлес қосуға ұмтылған дей аламыз. Сонда, ол қандай қоғамдық даму? Ол – Үстірттің асты мен үстіне бытырай қонған елдің қоғамдық ортасы қай жерде? Жол емес жерден жол тауып, желдің бағытын компас деп, жұлдыздарды жолбасшым деп кете беретіндердің қоғамының сипаты қандай еді? Бекет Мырзағұлылы өзі жобалаған әр нүктеге мешіт салғанда да біз іздеп отырған сол қоғамдық ортаны қалыптастыруға ұмтылыс жасаған болар. Үшбұрышты кескінді Ежелгі Шығыста күллі болмыстың символы деп таныған екен. Плутарх «үшбұрыш түрінде кескінделген кеңістікті болып

өткен және алда болатын барлық нәрсенің кескіні сиып тұратын шындық» деп те көрсеткен көрінеді [5.]. Алайда, шындық дегенде, бұл «абстрактылы бірлік мағынасындағы кәдімгі шындық емес, бұл нақты идеяның рухы, тіпті өмірі, өзін өзі анықтайтын және басқадан айрып білетін, айқындық және келешегі бар ұлы тұтастық» [6, 57 б.]. Бекет Мырзағұлұлы концепциясына осы кеңістік тұрғысынан қарау керек деп ойлаймын. Ол өз мешіттерінің кеңістіктегі орынын да жәй ғана белгілей салмаған сияқты. Кеңістікті іске қосу, кеңістіктің өзін іс-қимылға келтіру, кеңістіктің өзін идеяға толтыру іс-қимылын жасаған дер едік. Ғылымда сакральды геометрия деген ұғым бар. «Сакральды геометрия — бұл ғаламшар мен адамның танымдық жолы. Мұнда табиғи кескіндердің пропорциясы мен қарым-қатынасы ғана емес, жан-жақтан құйылып тұратын түрлі энергиялар мен адам санасының түрлі жоба-жоспарларының ықпалдастығын көрсететін тіршілік динамикасының үдерісі зерттеледі. «Сакральды геометриялық формалар мен символдар, камертон тәрізді Адамды ең Жоғарғы Жаратылыспен байланыстырады, үйлесімділікке келтіреді және энергиямен толтырады» [8]. Бекет Мырзағұлұлының кеңістіктегі ерекше шыңдар мен жартастарды, тау бітімін энергия жинақтаушы көз ретінде таңдағанында осындай қисындары бар екені даусыз. Оның жартастарды белгілі бір формаға келтіріп, сол жерде білім беруінде де өзіндік тиалғам мен терең ұғымдар жатыр. Ол ойған тастардың да сол кездегі энергетикалық көңіл күйі әлі күнге сақталып тұрғандай. Сол көне баспалдақтармен төмен түсіп бара жатқанда, төмен түсіп емес, керісінше, бір қасиетті биікке көтеріліп бара жатқандай сезімде болады адам. Мешітке барған адам тек меешіттің өзін ғана емес, оның аурасын да «көреді». «Қолмен ұстағандай» әсерін күллі болмысыңызбен сезінесіз. Сіз оны көрдім дейсіз және оның да сізді «көріп» тұрғанын түйсінгендей боласыз. Жартастың тірі екендігін, тіпті тебіреніп тұрғанын байқап қаласыз. Қажетсініп тұрмсаңыз да, сізге тағы бір табиғи «тыныс алу аппараты» қосылғандай, ішкі сарайыңнан жаңа бір кеңістік сізге қарай қадам басып келе жатқандай болады. Пір Бекет мешіттерінің осындай аурасының өзі адамға тың серпін беріп, ертеңгі күннің жарқы болатындығына деген сенім мен құштарлық алып қайтасыз.

Қазіргі заманның web-стилі жаңаға құштар және визуалды ақпаратты тез қабылдайды. Бекет Мырзағұлұлы мешіттерінің сыртқы көріністерінің өзі ескілігімен жарқырап, бүгінгінің адамдарына да жарқын әсер береді. Осының бәрін тұжырымдап келгенде, Жаратушы иеміздің Бекет әулиені ерекше миссия үшін жаратқандығына шәк келтіре алмаймыз. Ол Алла тағаланың алдындағы сол міндетін атқару үшін қызмет етті. Ал оның бес мешіті осы өңірдің Жаратқан Иемізден келетін ерекше энергияны жинақтап тұратын энергия көздері дей аламыз (ақиқатын Алла біледі). Сол энергияны ала білетіндер де, яғни, Алла тағаладан келетін ерекше қуат-күшті сезіне алатындар да айрықша талантты адамдар. Айрықша схеманы сезіне алатындар. Энергияны қабылдаудың өзіндік заңдылықтары да бар сияқты, ол ең алдымен – адам баласының ішкі-сыртқы тазалығы, энергияның келетін жолының таза, ашық болуы. Оны да мүмкін ететін адам бойындағы мейірімділік, жүрек түбінің мөлдірлігі.

Қай заманның адамтану ғылымына көзсалсаңыз да әрбір адам өзіне өзі ерекше ілтипатпен қарауы тиіс дегенді меңзейді. Ілтипатпен қараудың бір парасы – Алла тағаланың сені осы жарық дүниеге жаратқанда саған артқан парызына деген өз жауапкершілігіңді сезіну. Жарық дүниеге Сені жарату үшін қаншама күрес болғанын қайсымыз біліп жатырмыз. Анаң мен атаңның бойындағы молекулалардың өзара әрекеті, одан кейінгі сол мыңдаған молекулалар мен миллиондаған атомдардың ішінде өзара қырғын күрес болатыны, солардың ішіндегі жеңіске жетіп, тірі қалған екеуін жұптастыру арқылы Алла тағала оларға қуат беріп, жарық дүниеге Сені алып шығатыны жөнінде генетикалық-медицина ғылымы том-том кітап жазған. Ерекше ілтипатпен, асқан жауапкершілікпен қарау керектігін біз ислам дінінің қағидаттарынан да тереңдеп

оқыдық. Ұғынғанымыз – адамға берілген ішкі дүние де, сыртқы пішін де Алла тағаланың сізге уақытша беріп қойған аманаты. Лас үйде тұрған адамның көңіл күйі қандай, таза үйде тұратын адамның көңіл-күйі қандай? Біздің денеміз де – біздің жандүниеміздің үйі. Демек, адам алдымен жандүниесін таза ұстауы, ластана қалған жағдайда дұғалар арқылы тазалануы және өзінің Алла тағала берген денесін де тап-таза ұстауы парыз етілген. Осының бәрі адамның өзін өзі құрметтеуінің басты көрсеткіштері. Өзіңді өзің құрметтеуден адамның басқаларға деген құрметі де оянып, оның жүрек түкіпірінде ізгілік оянады. Бекет әулие – Алла тағаладан келген осы пәрмендерді халыққа танытып, таратушы және насихаттаушы тұлға. Сол қызметті атқаруына мүмкіндік туғызу үшін Жаратушы иеміз оған ерекше қасиет берген дей аламыз (ақиқаты бір Аллаға аян).

Ғаламдық дамуда қарапайым нәрсе жоқ, ол қабат-қабат және таңғажайып, сол таңғажайыптардың ішіндегі аса күрделісі – адам. Кеңістікте бәрі шашылып, әрқайсысы әр тұста жатқан сияқтанғанымен, яғни, жұлдыздар аспанда, адам жерде, адамның санасы көзге көрілмейтін өзіндік кеңістікте болғанымен, олардың арасындағы шым-шытырық байланыстардың болатындығын талай ғұлама айтып кетті. Сол нәзік те аса күрделі байланыстардың арқасында ғалам мен адам бір-бірінен адасып қалмай, бытырап кетпей, тұтастықта тұр. Сол тұтастықты сезіне алу мүмкіндігі Бекет ата сияқты бірегейлердің маңдайына жазылған. Және сол адамдар басқаларға көзге көрілетін әлемнен басқа да ғаламның бар екендігін түсіндірушілер және дәлелдеушілер.



Сурет 1 – Байшағыр-Ақмешіт-Тобықты және Байшағыр-Оғыланды-Бейнеу үшбұрыштары

Біз уақыттың қалай, қайдан пайда болып жатқандығын да білмейміз. Уақыттың ортасы – біз үшін таусылмайтын кеңістік. Дәл қазіргі дәл осы сәт бізге белгісіз жақтан пайда болады және әп сәтте бізге белгісіз жаққа кетіп үлгереді. Сөйтіп ғасырлар өтеді. Сол өтпелі уақыттың қанатында көзімізге көрілмей келе жатқан және кетіп бара жатқан байланыстың барлығын да құпия байланыстар деп атаймыз. Бекет әулие – ғаламшарлық байланыстар мен айналыстардың адамның көзіне көрініп те, көрінбей де тұрған тұстарын аңғара алған қасиет иесі. Көрініп тұрғанды ғана өлшем ететін деңгейден асып түскен ол табиғат пен адамның арасындағы энергетикалық алмасулар зат алмасу процесі сияқты үздіксіз процесс екендігін өзінің әрбір ісімен дәлелдеп отырған. Ол тіпті әрбір адам өзін ғаламдық процеске қатысушы элемент екендігін сезініп жүру керектігіне сілтеме жасаған ғұлама. Ғаламдық процесске қатысу арқылы адам күллі ғаламдық айналыстың қалыпты дамуын қамтамасыз ететіндігіне көзі жетіп, әркім осы үдерістегі өз белсенділігін үнемі арттырып отыру қажеттігі туралы ой тастаған. Ал белсенділік үшін көрегендік пен зерделіліктің қажеттігін өз ісімен дәлелдеп отырды. Олай деуімізге ел ішіндегі мына әңгіме дәнекер болды: ұстазы лақтырған асаны бірінші боп тауып әкелуге басқа шәкірттер далаға таласа-тармаса жүгіргенде, Бекет бала отырған жерінен қозғалмай отыра береді. Ұстазының «сен неге іздеуге бармайсың?» дегеніне «Сіздің асаңыз олар ойлағандай жақын жерге түспеген шығар, оны іздеуге өзіңізден бата алып, жолға әбден дайындалып шығуым керек» деген жауабының астарында талай нәрсе жатыр. Осы сөзі арқылы Бекет өзінің кім екенін де, ұстазының кім екенін де жеткізіп тұр. Ал жүгіріп кеткендер, ұстаздың ондай қасиетін сезінуге өресі жетпегендер. Олар шынында да аса таяқты ауладан тауып аламыз деп ойлады. Бекет әулие болса, мұның жай лақтыру емес екендігін және Аса Таяқтың ерекше энергияны бойына сіңірген асатаяқ екендігін түсіне қойды, «тауып әкелгенге батамды берем» дегеніне қарағанда, оны табудың мүмкіндігі де кез-келгеннің маңдайына жазылмағандығын сезіне алды. Қасиетті нәрсені қасиеттілер ғана байқай алады.

Өйткені адам дегеніміз – супержүйе. Оның өзін өзі қуаттандыра алу, яғни, организмнің қайта күш алу мүмкіндігінің адамда таусылмас қоры бар екендігін тереңдеп түсіндіруде қазіргі ғылым біршама жетістіктерге жетті. Адамның міндеті – өзінің сол супержүйесімен жұмыс істей білу. Ал оның дәл сондай екендігін өз ісімен дәлелдеген адамның бірі – Бекет әулие.

Бекет әулиенің бойындағы қасиеттер туралы аңыз әңгімелердің әрқайсысының астарында шындықтың көмбесі жатыр деген ойдамыз. Шындықты аршып алу алдағы уақыттарда Бекеттану ғылымы болып, өрілсе, рухтану ғылымына қосылған зор үлес болар еді. деп те армандаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.https://mangystau.inmap.kz/kz/places/?title=ogyilandyi_jeryindegyi_beket_ata_jerast

2.Ө.Оралбайұлы. Пірдің соңы – Бекет ата. 14 қаңтар, 2019 https://egemen.kz/article

3.II Халықаралық «Арал-Каспий өңірінің тарихи-мәдени мұралары» ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Ақтау, 2010, 180 б.).

4. О.В.Вовк. «Энциклопедия знаков и символов», изд. «Вече», 2006.).

5. https://chebatkov.livejournal.com/17169.html

6. Хрестоматия по философии: Учебное пособие / Отв. ред. и сост. А. А. Радугин. – Москва: Центр, 2001. – 416с. ISBN 5-88860-036-9

7. Анри Лефевр. Производство пространства. Пер. с франц. И.Стаф. М.: Strelka Press, 2015. – 432 с. ISBN 978-5-906264-41-1

8. http://voyage-hotel.kz/blog/geometry

ӘОЖ 378.02

ЭЗОТЕРИЯЛЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ БЕКЕТ АТА

Нұрдәулетова Бибайша Ильясқызы
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің
«Қазақ филологиясы» кафедрасы (Ақтау)

Адамзаттың жаратылысы туралы дарвиндік теорияның тоқырауға ұшырауы өткен ғасырдың басында-ақ батыс ойшылдарының саналарын сансыратқан «түп бастауды іздеу» дертіне ұшыратты. Жаратылыстың тылсым сырларын бір ғана «эволюция» идеясымен түсіндірудің мүмкін емесін аңдаған ғалымдар материяға эксперимент жүргізе беруді тоқтатып, идеялық деректерге ден қойды. Халық жадындағы мифтік, діни сюжеттерде, кейінгі тұрмыста жұрнақтары сақталып қалған сал-дәстүрлерде, тілдік реликтілерде қандай да бір жаратылыс заңдылықтарына меңзейтін білім ұштығы барын сезінген зерттеушілер: «Біздің дәуіріміздегі өркениет үшін жабайы деп есептелетін халықтарда ерлікке толы алтын ғасыр туралы ертегілер мен аңыздар сақталған. Шын мәнісінде бұл ертегілер – олардың өткен өмірі, өткен кезеңдегі өркениетті тұрмысының белгісі... Ежелгі өркениет түрлері жер бетінен ізім-қайым жоғалып отырды, бірақ олардың жекеленген жетістіктері бойынша игерілген білім ғасырдан ғасырға, бір өркениеттен екінші өркениет түріне жаңғырып жетті. Бұндай білімді сақтап келген арнайы құпия мектептер болды. Өркениетті бұзушы тобырлардан қорғау үшін құпияланған білім көзі сыннан өткен ұстаздар арқылы шәкірттерге беріліп отырған»[1, 558], - деп жазды. Құпия білім, яғни табиғаттың адамнан жасырын сырын білдіретін ілім «эзотериялық» немесе «оккультистік» ілім деген атпен ғылымда орын алды.

Сөздіктерде эзотеризм терминіне: «Ежелгі грек философиясында кездесетін ұғым. Ұстаздан таңдаулы шәкіртіне ғана берілетін құпия, жасырын ілімді білдіреді. Жаратылыстың сырлары адам баласына ашық көрінбейді, белгілі бір символдар арқылы меңзеледі, ол сырды осы ілімді меңгерген адам ғана түсініп, қабылдауы мүмкін» деген мазмұнда түсінік берілген.

Эзотеризм идеясының басты мәні: «күнделікті тіршілік пен мәдениетті сыни көзбен бағалау; басқа, эзотериялық ақиқаттың бар екендігіне сену, адамның өзін-өзі рухани жаңартуы; адамның ішкі дүниесін өзгерте отырып, сыртқы қалпына ықпал етуі»; Эзотеризм дегеніміз – адам өмірінің терең-мистикалық мәні туралы ерекше көзқарас. Бұл салаға концепциялар, ілімдер, доктриналар, сондай-ақ, өзін-өзі танудың жолдары мен практикалары кіреді. Эзотериялық психопрактикалар мистикалық ағымдардың (бұндай ағымдағы адамдарды «адептер» деп атайды) белгілі бір топтарында тұрақты түрде қолданылған. Зерттеушілер осындай практикалар дәстүрлі діндердің ішіндегі түрлі ағымдарда кездеседі дей келіп, олардың қатарына ислам дініндегі суфизмді де жатқызады.

Эзотеризмнің басты мақсаты – сананың жоғары халіне (повышенные состояния сознания) қол жеткізу арқылы жеке тұлғаны өзгерту. Ол үшін арнайы әдіс-тәсілдер ұсынылады. Эзотеризм идеясы дүниені танудың діни ғана емес, ғылыми да сипаты деуге болады. Себебі бұл идея ежелгі грек философиясында қолданылған. Пифагор теоремасы осындай эзотериялық таным нәтижесінде дүниеге келіп, құпия мектептер арқылы жаңапифагоршыларға жеткен деген пікір де бар [1].

Батыс зерттеушілері эзотериялық танымды «белгілі бір ұстаздан таңдаулы шәкіртіне ғана берілетін құпия ілім», мистериялар деп таниды. Бұндай танымды «эзо-ағымдар» деп бағалау да кездеседі. Эзотериялық танымды ұстанушы мектептер немесе

ағымдар бір жүйеде емес, түрлі елдерде, түрлі бағытта, түрлі мазмұнда қалыптасып, уақыт ағымында ізін қалдырып, жойылып кетіп, бір дәуірлерде қайта пайда болып отырған. Мәселен, европада эзотериялық идея XVII ғасырда розенкрейцерлер ордені арқылы жаңғырып, кейін кейбір ағымдардың танымында бой көрсеткен. Ал XX ғасырда эзотериялық танымға негізделген жаңа ағымдар пайда болды, солардың бірі Г.И.Гурджиев пен П.Д.Успенский негіздеген «төртінші жол» деп аталатын таным жүйесі еді [3].

Эзотериялық идея бойынша адамзат ішкі және сыртқы шеңберден тұрады. Біздің адамзат, оның тарихы туралы біліміміз сыртқы шеңбер, сондай-ақ, адам баласы өзі де анық білмейтін, буалдыр санамен ғана бар екенін сезінетін ішкі шеңбер де бар. Және ішкі шеңбер көзге көрінбей-ақ, сыртқы шеңберге ықпал етіп отырады. Ішкі шеңбер немесе эзотериялық шеңбер адамның өлмейтін жаны десе болады, адамзаттың ғасырлар бойы жасаған мәдениеті, жетістіктері осы шеңберде сақталады. Ішкі шеңбердің құпиясы «құпия білім» («скрытое знание») арқылы ғана ашылмақ. «Құпия білім» ерекше тұлғаларға ғана беріледі. Оны эзотериялық ілім өкілі деп атаймыз. Эзотериялық ілім өкілі уақыттың белгілі бір кезеңдерінде ұстаз, рухани көсем ретінде адамдар арасында пайда болады (туылады). Олар сол ортада адамды ішкі шеңберге жақындатуға жол сілтейтін жаңа діни бағыт, философиялық мектеп немесе жаңаша ойлау жүйесін ашады. Бірақ бұл ойлау жүйесіне бойлау арнайы білімді қажет етеді, оған екінің бірі қол жеткізе алмайды. Бұл білімге бой ұсынғысы келетін адам өте терең сынақтардан өтуі тиіс. Сынақтан тек жеке тұлғалар ғана өтуі мүмкін. Жасампаздық жалпының (көптің) емес, жекелердің ақыл-ойымен жүзеге асады. Жалпы жекенің сілтеуімен ғана қызмет ете алады. Жекеге бағынбаған жағдайда жалпы мылқау күшке айналып, өркениетті бұзып, қиратумен ғана айналысады.

Эзотериялық идеяның ежелгі іздері діни мифтерде көрініс береді. Жаһандық топан су туралы мифте өркениеттің құлауы туралы меңзелген. Дүниенің барлығы топан судың астында қалуы тиіс болғанда, тіршілікке ең қажетті деген жаратылыс иелері жоғарғы құдіреттің жебеуімен құтқарылады. Құтқарушы кеменің жасалуы – адамзатты бір өркениеттен екінші өркениетке өтуге дайындайтын «мектептің», жасампаздық идеяның символы. Ал Нұх пайғамбардың кемесі – рухани апаттан құтқаратын адамның ішкі болмысы, «құпия ілім». Бұл ілімсіз адамзатты, оның рухани құлдыраған өркениетін құтқару мүмкін емес.

Эзотериялық идеяны іздеушілер материалдық танымға негізделген білімнің құдіреті жетпейтін «ішкі жасырын білімнің» бар екенін және ол білімнің шығыста (батыста емес) екенін сезгенмен, оның нақты не, қайдан, қалай берілетінін таба алмай шарқ ұрды. «Мой путь лежит на Восток. Предыдущие путешествия убедили меня в том, что на Востоке до сих пор остаётся много такого, чего в Европе давно не существует. Вместе с тем, у меня вовсе не было уверенности, что я найду именно то, что хочу найти. Более того, я не мог уверенностью сказать, что именно мне нужно искать... Я не сомневался, что эти школы существует, но не мог сказать, насколько небходимо их физическое существование на земле. Иногда мне казалось, что подлинные школы могут существовать только на другом плане, что мы способны приблизиться к ним только в особых состояниях сознания, не меняя при этом места и условий нашего существования... Однако мне казалось, что на Востоке могли сохраниться традиоционные методы приближения к эзотеризму.

...В другое же время мне казалось, что возможна только «мистическая» преемственность, линия которой на земле обрывается и исчезает из нашего зрения. Остаются лишь её следы...» [1, 159]. Осылайша абсолютті ақиқатты іздеп шарқ ұрған батыс ойшылдарының назары шығысқа бұрылды. Бірақ өздері «құпия білім» деп ат қойған ілімге апарар жолды дәл таба алмады. «Эзотериялық идеяны» ұстанушылардың

қатарына «сопылық мектептерді» жатқызу арқылы олар кейде шындыққа жақын келеді. «Я понимаю, что небходим какой-то метод. Все чаще и чаще я думаю, что такой метод могут дать мне восточные школы йогинов и суфиев, о которых я читал и слышал, если такие школы вообще существует, если туда можно проникнуть...» [1,159].

Адамзатты жоғары парасатқа жеткізетін «ішкі жасырын күшті» тап баса алмай хаосқа ұрынған батыс ойшылдары Ницше, Шопенгауер, Спиноза, Шелли т.б. мистикалық дертке ұшырап, өмірлері трагедиямен аяқталды. Шопенгауер адамзатты ұлы қасіреттен алып шығатын күштің көзі түпсіз үрей мен қайғы-қасірет деп түсінді, ол: «Ерік ұлы қайғы-қасіреттің үстінде ғана сынады» деген. Оның шәкірті Нишце дүниені жасампаздыққа жеткізетін адамның бойында жасырынып жатқан зұлым күштер екендігіне сенді. «Егер адам шабыттанып рухы көтерілсе, оны шаттандырып тұрған жүрек үні емес, кек. Егер адам неғұрлым қырағы, зерек бола түссе... оны істетіп тұрған ақыл емес, күншілдік» [4,61] деп жазды.

Қаншама саналы ғұмырды ақыл-ойды шарықтау шегінен шығарып, алжасуға жеткізген ізденістер мен зерттеулердің, ғылыми теориялардың авторлары өздерін сансыратқан осынау жұмбақтың шешуі түркі жұртының перзенті Қожа Ахмет Иасауи негіздеген сопылық ілімде екенін, ал оның рухани мұрагері қазақтан шыққан Бекет ата Мырзағұлұлының өздерімен қатар жер басып, бір ауаны жұтып жүргенін сезінбестен мәңгіліктің тұтқынында кете барды.

Европалық зерттеушілердің эзотериялық мектептер деп отырғаны сопылық мектептер болса, онда олардың «адамның ішкі болмысына жетудің жолын үйрететін құпия білім» деп меңзеп отырғандары шынайы адамдыққа қол жеткізетін «хал ілімі» екені даусыз.

Мифтер мен ертегілерді «балаң психиканың ізденістері» ретінде ғана танудан енді арыла бастаған санамызға Бекет атаның тылсым табиғаты туралы жеткен деректер әлі де ауыр тиетіні сөзсіз. Біз әлі де дүниеге матери көзбен қарауды тоқтатқан жоқпыз, себебі біздің «ішкі көзіміз» бітеулі. Европалық ойшылдардың «жаратылыстың ішкі шеңбері» туралы ойлары орта ғасырлардағы түркі ойшылдары А.Иүгінеки, С.Бақырғани, Қ.Иасауи, Ж.Баласұғни, М.Руми, Фзули, Шамси, Науаи т.б. поэзиясында «кемел адамдыққа» жетудің бірден-бір жолы, Аллаға ғашықтық, жүректі тек ғашықтық дертімен толтыру идеясымен өріледі. Яғни құпия білімнің кілті қасаң қағида, жалаң ережелер түрінде емес, ой мен ырғақтың үйлесімділігіне құрылған өлең өрімінде беріледі, оның сыры осы ілімге дене көзімен емес, көңіл көзімен ден қойған адамға ғана ашылмақ. Батыстың әйгілі психиатры К.Юнг «Архетип и символ» деген еңбегінде: «Біз техникалық құралдарымызбен Шығыстың материалдық дүниесін астын-үстіне келтіріп жатсақ, Шығыс өзінің жоғары дамыған жан жүйе дағдыларымен біздің рухани дүниемізді абыржытып келеді» [5], – деп, батыстың рухани жұтаңдығын меңзейді. Зерттеуші Қ.Жаманбаева «көне дүниеден басталатын сопылар ілімі – символдар қағидасына, болмыс бірлігі қағидасына негізделгенін» айтады. Зерттеушінің пікірінше, «символдар шетсіз-шексіз алып денеге форма береді, адамның ақылы, пайымы жетпейтін әлемге аяқ басуға құрал болады» [4,112]. К.Юнг: «орта ғасырдағы шығыстық ілімдер адамзаттың жандүниесін символдар арқылы тәртіпке салып, шегелеп тастаған» [5], – деп мойындайды.

Пақыржан Пірден Бекет Атаға берілген аса таяқ – ұстаздан шәкіртке берілген құпия ілімнің символы.

Материалистік танымның басты теориясынан саналатын дүниенің жаратылуы туралы дарвиндік ілім бойынша кез келген жаратылыс эволюция заңымен дамып, бір түрден екінші түрге өтіп отырады. Бұл заңға бағынбайтын құбылыстар «жаратылыстан тыс ерекшелік» ретінде назардан тыс қалдырылады. «Идея эволюция прежде всего исключает понятие некого «плана» и руководящего разума. Эволюция – это

независимый и механический процесс. Далее эволюция исключает «случайность», т.е. вмешательство в механические процессы новых факторов, которые непрерывно меняет этих процессов». Мәселен, арғы тарихымызды айтпағанда, бұдан екі жарым ғасыр бұрын өмір сүрген Бекет Мырзағұлұлы, бір ғасырға жетер-жетпес уақыт бұрын бақилық болған Мәшһүр Жүсіп Көпеев тәрізді әулиелердің денелерінің шірімеуі (бір түрден екінші түрге өтпеуі) ғылымнан тыс құбылыс немесе миф ретінде қаралды.

Сопы – адам баласының рухани қалыптасуының терең ілімін меңгерген, сол ілімді үйретіп, кейінгі ұрпаққа жеткізетін өзіндік методологиясы, ғылыми ұстанымы, қалыптасқан жолы бар білім иесі, ғұлама ғалым. Бекет ата – осы сопылық мектептің басты өкілі. Европалық ойшылдардың «жаратылыстың тылсым құбылыстарын түсіндіре алатын қандай да бір методология, сол методологияны үйрете алатын мектеп болу керек. Ондай мектептер аз ғана уақытта жер бетінде болып, өзінің қандай да бір ізін қалдырып, жоғалып отырған. Бірақ қай жерлерде екені жұмбақ...» – деп іздеу салып жүргендері – осы мектептер. Бұл мектептің (ілімнің) негізгі мақсаты – рухтың жеңісі. Тазарған рух өзінің материалдық болмысын жеңгенде оған жаратылыстың барлық сырлары алақандағыдай анықталмақ. Бекет атаның өзінен тоғыз ғасыр (шамамен алғанда) бұрын өмірден өткен Шопан атадан ілім алуы, Атаның құстай ұшуы, болашақты болжап, әрекет етуі, қазіргі көзімен көріп, қолымен ұстамаса ештеңеге иланбайтын, жартылай құдайсыз, материализмнің шырқау шегіне шыққан кезеңнің адамдарына өзінің құдіретін еріксіз мойындатып, санасуға мәжбүр етуі – уақыт, кеңістік, өлшем, түр (форма) сияқты қалыптармен шектелмейтін рухтың мәңгілігін меңгерген «хал ілімінің» нәтижесі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Петр Успенский. Новая модель в селенной. М.: изд. Чернышева /wwwbookean.ru/
2. Современный философский словарь. Москва-Бишкек-Екатеринбург, 1996. – 602.
3. Эзотеризм. /www.Bikipedia.ork
4. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері. Алматы, Ғылым, 1998. – 140 б.
5. Юнг К. Архетип и символ. М., 1991. – 304 с.

СЕКЦИЯЛЫҚ ОТЫРЫС

ӘОЖ 37.035.6:512.1

ПІР БЕКЕТ АТАНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ

Дүйсенбаев Абай Қабақбайұлы
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Баишев университеті (Ақтөбе)
Миров Мұхтар Орынбасарұлы
филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Баишев университеті (Ақтөбе)

Қазақ халқы сан ғасырлардан бері дамып келе жатқан тарихында өз ұрпағына ұлттық тәрбие беруде баға жетпес тағылымдық мүмкіндігі зор рухани, мәдени мұраның мол тәжірибесін жинақтаған. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін ұлттық тәрбие жөніндегі халықтық қағидалар, талаптар және әдіс-тәсілдер қолданылған. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің негізгі талаптары еліміздің тарихи дамуына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, өмір салтына, түрлі тарихи оқиғаларға байланысты қалыптасқан. Осыған сәйкес, ұлтымыздың тағылымдық мұраларында жеке тұлғаны ізгілікке тәрбиелеу мәселесі ерте тарихи кезеңдерден бері ғасырлардан-ғасырларға ұласып келе жатқан ұлы мақсат-мұраттардың ішіндегі ең бастысының бірі болып саналады. Ал қазіргі таңда сол бір ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиенің негізгі мақсаты – адамгершілік, рух, азаматтық парыз, Отан алдындағы борыш, елдік пен бірлік ұстанымдары болып табылады. Демек, мұндай өнегелердің дені қазақ ойшылдары мен ғұламаларының мұраларындағы жастарды адамгершілікке, ізгілікке, әдептілікке, имандылыққа тәрбиелеудегі ұлттық идеяларымен байланысты. Мұндай өнегелік идеяларды «Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу – қазақтың таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың қария сөздерінде, яғни шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады. Содан болу керек, қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен адам санасын шыңдауға көбірек мән беріледі. Дәл сол сияқты шежірелік дәстүрде де қоғам дамуның жалпы ахуалынан бұрын, алдымен адам туралы мағлұмат беру басты нысана болып отырады» деген дәстүрге сәйкестендіреміз [1, 3].

Біздің көзқарасымызша, ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде баға жетпес педагогикалық құрал – тарихи тұлғалар мен ел ардақтаған әулие абыздарымыз және оның қазақ ауыз әдебиетінде, тарихында, көркем шығармаларда сомдалуы. Бұл ұғымға ғылыми тұрғыдан түсінік бере отырып, оны идеал теориясына негіздеуге болады. «Философиялық сөздікте»: «Идеал» (гр. idea – түр, бейне, түсінік, ұғым) – қоғамдық-экономикалық, саяси мүдделеріне сай келетін, талап-тілегі мен іс-әрекетінің түпкі мақсаты болып табылатын белгілі әлеуметтік топтың кемеліне келген қоғамдық құрылым туралы түсінігі», – деп сипаттама беріледі [2, 168]. Ал «Қазақ Совет Энциклопедиясында»: «Идеал (фр. ideal, гр. idea - идея) – мақсат туралы ұғым», – деп келтірілген [3, 637]. Сондай-ақ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Идеал – 1. Белгілі бір істі жоспарлы орындау жолындағы ойлы мақсат, биік мұрат, асқақ арман. Ал идеалдық дегеніміз белгілі бір мақсатты ұстанушылық», – делінген [4, 420-421].

Дегенмен, «идеал» ұғымының мәні зор және кең ауқымды қамтитынын аңғаруымызға болады. Ал психологиялық сөздікте адамгершілік идеалға төмендегіше сипаттама беріледі: «Идеал нравственный – представление о достойном подражания, образцовом человеке, особенностях его личности, поведения и отношений с людьми.

Идеал нравственный тесно связан с общественно-политическими, эстетическими идеалами и формируется под влиянием исторически сложившихся общественных условий. Формирование «идеала нравственного» зависит также от особенностей воспитания, конкретных обстоятельств жизни и деятельности данного человека, от особенностей его личного опыта» [5, 119].

Идеал тарихи тұлғалардан жақсы қасиеттер жиынтығы – азаматқа тән адамгершілік те, «сегіз қырлы, бір сырлы» өнерпаздық та, шешенге тән дуалы ауыздылық та, данаға тән білгірлік те, биге тән көсемдік те, әулиеге тән көрегендік те табылады. Сөзіміз дәлелді болу үшін Пір Бекет Атаның бойындағы әулиелігін, ел бастаған билігін, жорықтарға қатысқан ерлігін айтуға болады. Бекет жастайынан білмекке құмар болып, алғырлығымен, зеректігімен көзге түскен. Ол ат жалын тартып мінген, оң-солын тани бастаған кезде жаугершілік жиі болған. Содан да ел қамы, халық тағдырына қатысты істерге ерте араласып, парасат-пайымымен, ерлік-табандылығымен жұрт көзіне ертерек түскен. Көзінің тірісінде оның қабілетін, қызметі мен жеке басына тән жаратылысын сипаттайтын ерекше төрт қасиеті болған:

Біріншісі, халықтың тәуелсіздігі жолында жауларға қарсы күреске белсене араласқан батыр.

Екінші, ғылымның қиын жолымен жүріп өтіп, балаларды білім нәрімен сусындатқан ағартушы.

Үшінші, ежелгі дәстүр бойынша бірнеше елді мекендерде мешіттер мен медреселерге арнап ғимараттар салған сәулетші.

Төртінші, мүсәпірлер мен ауруларды емдеген шипагер, аса маңызды оқиғаларды болжай білген сәуегей.

Бекет Атаның бұл қасиеттері көзінің тірісінде-ақ ел арасында аңызға айналғаны сонша, «Мединеде – Мүхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет» деген сөз сол кезде шықса керек. Сондықтан оның ел алдында мәртебесі биік болған, сәуегей ретінде құрметтеп, пір тұтатын. Халық мұндай асыл тектіге деген сүйіспеншілігі мен құрметін ұрпақтан-ұрпаққа аңыз арқылы жеткізген. Әрине, аңызға ақиқат ретінде қарауға болмайды, дегенмен, Бекет Атаның атына байланысты жазылған әңгімелер оның өмірінен алынған. Қалың жауға қарсы қол бастап, қарсы шапқан қаһармандығымен Бекет батыр атанған. Шайқастарда Бекетке оның мейрімділік, әділдік сияқты адал қасиеттерінен туындаған бейбітшілікке деген сүйіспеншілігі сүйеу болған. Адам баласына көмектесуді және оларға білім беру, жақсылық жасауды Бекет Ата өзіне міндет деп санаған. Ол, әсіресе, медресе-мешіттер салдыртып, халықты имандылыққа, кісілікке, ауызбірлікке баулуға айрықша көңіл бөлген. Бекет Ата бұл мешіт-медреселерде өзі ғибадат еткен, бала оқытқан. Ел жадында қалған әңгімелерде Бекет Ата соңғы жылдарының көбін Оғыландыда өткізген.

Әбіш Кекілбаев пайымымен қарасақ, шыныдығында ол қиын заманда, қилы кезеңде, қат-қабат қысталаң оқиғалар тұсында өмір сүрді. Тек бір өзіне ғана емес, басына іс түсіп тұрған күллі жұртына керекті кемел де кенен Ақиқатты іздededі. Адастырмас Жолды, алжастырмас Ақылды, бұрылмас Бағытты, бұжымас Мақсатты іздededі

Бекет Ата – «сопылық жолын» ұстанып, ондағы ең биік дәреже Пір мәртебесіне жеткен Ислам әлеміндегі санаулы тұлғалардың бірі. «Сопы – суфи», «сопылық – суфизм» сөзін көптеген дін зерттеушілері арабтың «суф» – ақ жүн, «суфи» – жүн шекпен киген адам, «сафа» – тазалық, «сафуа» – таңдаулы болу деген сөздерінің бірінен шыққан болар десе, Әбу Райхан Беруни оны гректің «София» – дана, «софос» – даналық деген сөзінен ауысқан деп есептейді [6, 318].

Пайғамбардың көзі тірі кезінде оның Мединедегі мешітінің батыс жағында құрма ағаштарынан жасалған көлеңкелік болған. Ол жерге Мединеге ілім алу үшін келген үйі жоқ адамдар тұрақтаған. Көлеңкелік «софы» деп, ал оны мекендеген адамдар «асхаб-и

софы» деп аталған. Пайғамбар олардың тұрмыстық қажеттіліктерінің өтелуін қадағалап отырған және Ислам дінінің қағидаларынан дәріс берген. Қажетті білім алғандары Пайғамбардың ұйғарымымен дүниенің әр тарапына дін таратуға жіберілген. Сопылықтың қайнар бұлағы – Ислам шариғаты. Ол – бүкіл болмыстың неден тұратынын түсіндіріп бере алатын, қандай қоғам болса да оның тұрақтылығын сақтай отырып, сол қоғамға нәрлі рухани қорек ұсынатын, адалдық пен рухани тазалықты бәрінен жоғары қойып, адам жүрегінде ұялаған жарамсыз көріністерден құтылу шараларын үйрететін, жүректегі ізгі сипаттарды сақтаудың әрі көбейтудің жолдарын көрсететін, «жетілген адам» дәрежесіне жету заңдарын түсіндіретін ілім.

Қожа Ахмет Ясауи өзінің 34-ші хикметінде: «Тариқат жібереді жерге тығып, бұл жолға қаламасаң түспең, достар», – дейді. Себебі сопылық жолды ұстану әр мұсылманның еркіндегі, өз ықтиярымен ғана атқарылатын іс. Ол – адамның өзіне қосымша міндеттемелер алуы арқылы өзін-өзі жетілдіру тәсілі, дін ғұламалары әлі күнге дейін біржақты бағасын бере алмай келе жатқан мұсылмандардың белгілі бір бөлігінің тірлік ету дағдысы мен өмір сүру салтына айналған құпия ілім, бастауы бар, өз заманының ұлылары ғана ұстанған, өте қасиетті, аса қадірлі, тым жіңішке жол. Сопылар биліктен аулақ, саясаттан сырт жүруді дұрыс санайды. Бірақ мемлекет басшысына адал болып, риясыз берілгендік танытады және Аллаға еш алаңсыз сыйынып, кемелденуі үшін өзі өмір сүрген елінде тыныштық болуына аянбай атсалысады [7, 16].

Сопылық жолдың рухани басшысын арабтар «шейх» (ақсақал), парсылар «пир» (ақсақал), ал қазақтар «пір» дейді. Сопылар салты бойынша Пір көзінің тірісінде орнын басатын болашақ пірді анықтап кетеді, яғни шәкірттерінің арасындағы аса дарындысына батасын беріп, өз орнына Пір болуға немесе өз алдына жаңадан жол құрып, соған Пір болуға рұқсат етеді. Бекет Ата осы пір дәрежесіне жеткен рухани тұлға. Халқымызда «Ердің соңы – Есет, пірдің соңы – Бекет» деп бекерге айтылмаса керек.

Ә.Кекілбайұлы: «Жаратқанның құдіретіне, жаһаннамның болмысына, жан-жағының пиғыл-ниетіне, өз елінің мұң-мүддесіне жіті қаныққан ғұламалығымен талай жаудың бетін қайтарып, талай даудың өртін тойтарды. Жан иелерінің ар иелеріне айналуына күш салды, кімді болса да алысқа-жақынға, досқа-жауға бөлмей, ісінің қаншалықты түзіктігіне қарап бағалады. Әділіктің жолын ашты, қиянаттың жолын қырықты. Өшпенділіктің емес, жарастықтың, іштарлықтың емес, кеңпейділіктің, қараулықтың емес, қайырымдылықтың, масылдықтың емес, жасампаздықтың отын жақты. Жақсылыққа көзі түсуге, әділетке көңілі түзеуге шарапатын аямады. Асыл әруағын, қайырымды қасиетін аққа жақ, сүрінгенге сүйеу, адасқанға жөн болуға жұмсады. Күллі әлеуметтің көңілінен түнекті серпіп, көзінде нұр оятқан абыз ағартушылығы үшін, адалдың сенімін түлетіп, арамның жігерін жыққан абзал тәлімгерлігі үшін, айналысына шарапаты шашылған биік адамгершілігі үшін ол өзінің көзі тірісінде-ақ ұрпағына үлгі, ұлысына ұран болды [8,138]

Бекет Ата туралы аңыздар мен әфсаналарды ой сарабына салғанда, аттың жалында, түйенің қомында ғұмыр кешіп, алдаспан жастанып, қалқан жамылып, ерулі аттың ертоқымын алмай, алаң көңіл болған аламан жұртымыздың білімге сусар арманын жүзеге асыруға ерекше еңбек, ерен пейіл танытқан Бекет Атаның қырық жасқа дейінгі жауынгерлік жолы одан кейін рухани сардарлыққа айналып, ең қуатты қару – білім екенін туған жұртына ұқтырудағы іс-әрекеті кемел адамның ізгі әрекетін танытады. Ханафия мазһабының сопылық жолын ұстанған баба ілімі оның пірлік парасатын терең танытып, халқына осы бағыттың дұрыстығын көрсетіп кеткен. Қазіргідей, жастардың сақал өсіріп, балақ қысқартып, қара жамылып, бетін тұмшалаған діни әсірешілдігі ұлтымызға жат. Ешбір деректе Атаның тұмшалана киініп жүру туралы айтқан сөзі жоқ. «Ілімді – ұққанға, ақылды – жұққанға айту керек» деп осындайда айтса керек. Пірәдардың парасатты жолын кейде дақпырттыққа айналдырып, байыса мешіт

салдырып, сонымен көп күнәмізді жоямыз дейтін пендешілік пиғылдағы жандар да кейде бой көрсетіп қалады.

Қорыта келгенде, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан Бекет Атаның тұлғалық тағылымы – жастарға адамгершілік тәрбие беру, олардың бойында ұлттық сана-сезімді, ар-намысты, азаматтық парызды қалыптастыру және ел бірлігі мен ынтымағын сақтаудың үлгісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары/ Құрастырушылар: М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғарауұлы, А.Сейдімбек. – Астана: «KUL TEGIN», 2001. – 356 б.
2. Қазақ Совет Энциклопедиясы. Т.4. «ДОК-ИМАНТАУ» /Бас ред. М.Қ.Қаратаев. – Алматы: «Қазақ Совет Энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1974. – 672 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т.4. «Ж-К»» «ЖАТТАНДЫ-КЕСУ» /Бас ред. А.Ы.Ысқақов. – Алматы: «Ғылым», 1979. – 672 б.
4. Психологический словарь /Под ред. В.В.Давыдова, А.В.Запорожец и т.д. – М.: «Просвещение», 1983. – 448 с.
5. Социологический энциклопедический словарь (на русском, английском, немецком, французском и чешском языках). «М-НОРМА». – М.: Издательская группа «Инфра», 1988. – 756 с.
6. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы /Бас ред. И. Тасмағамбетов. Он томдық. 3-том. Дәстүр: ұғым мен тәсіл. – Алматы: «Жазушы», 2005. – 504 б.
7. Кенжетаев Д.Т. Қожа Ахмет Исауи философиясы және оның түркі дүниетанымы тарихындағы орны: филос. д-ры ... автореф.: 09.00.03. – Алматы, 2007. – 45 б.
8. Кекілбайұлы Ә. Сыр десте, Алматы Нұрлы Әлем, 2009. Т. 5. -280 б.

ӘОЖ 82-1(0)

СОПЫ АЛЛАЯР ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қобланов Жоламан Таубайұлы
филология ғылымдарының кандидаты,
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
«Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры (Ақтау)

Түркі халықтарының орта ғасырлар кезеңінде біржола араб жазуына көшуі олардың өміріне көптеген ғылыми жаңалықтарды алып келді. Сонымен қатар бұл дәуірлерде Шығыста сопылық ағымның күшейіп, кең қанат жая бастаған кезі еді. Бұл кезең Орта Азия мұсылмандары үшін де аса жауапты уақыт болатын. Елдің бірлігін, халықтың татулығын, адамгершілік пен имандылықты көксеген, соны ту етіп көтеріп, өз шығармаларына арқау еткен ақын-шайырлар тобы тарих сахнасына шықты. Солардың арасында ерекше талантымен көзге түскендер хорезмдік Ахмет Йүгнеки, Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани тағы да басқа сопылық ағымның ірі қайраткерлері болды.

Сопылық ағымның түркі тілдес тармағының негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи. XII ғасырда көне түркі тілінде жазылған «Диуани Хикмет» кітабының авторы да осы – Қожа Ахмет Ясауи. Ислам дініндегі сопылық ағым VII-VIII ғасырлардан бастау алады. «Диуани Хикметте» негізінен төрт нәрсеге ерекше көңіл бөлінеді. Олар: шариғат, тарихат, мағрифат және хақиқат. «Шариғат» – ислам дінінің заңдары мен әдет-ғұрыптарының жинағы, «тарихат» – сопылықтың идеясы, «мағрифат» – дін жолын

танып, оқып игеру, «хақиқат» – Алламен бірігу, оған жақындау. Ахмет Ясауидің пікірінше, шариғатсыз, тарихатсыз, мағрифатсыз хақиқаттың болуы мүмкін емес. Ақын мұны өз өлеңінде былай өрнектейді:

...Өтті өмірім шариғатқа жете алмадым,
Шариғатсыз тарихатқа өте алмадым.
Хақиқатсыз мағрифатқа бата алмадым,
Қиын жолдар пірсіз қайтіп өтер достар...

Ахмет Ясауи озбырлық пен зұлымдыққа қарсы, дүниеқоңыз, жемқор, дүмше молдаларды әшкерелеп, сынға алады. Аллаға ғашық бола тұрып, байлықтан безінуді, атақ пен мансапқа қызықпауды тілейді. Адам дүние-мал, атақ, дәреже үшін құл болып, пендешілікке салынса, онда оның ниеті де бұзылады, дейді. Ондайлар нағыз пасық жандар.Шын иманды адам болсаң елге шапағатыңды тигіз, момындар мен кедейлерді қолда,деп үгіт-насихат айтады.

Ертелі кеш бұл дүние,
Барша жаннан өтпес пе?
Дүние малың бір күні,
Қолдарыңнан кетпес пе?
Қайда кетті ойлашы,
Ата-ана туыстар?
Төрт аяқты ағаш ат
Саған да біркүн жетпес пе?
Мінгізіп сені жүгіртіп,
Салса апарып лақатқа
Кірсе екі тергеуші
Лақатқа сұрақ-жауапқа,
Дүние үшін қам жеген,
Не деп жауап бересің?

Дүние-мүлік қызығына беріліп, өмір рахатына бой алдырған, ешнәрсені қанағат қылмай, тәубеден безгендерді ол өте жек көреді. Өзі тойса да, көзі тоймайтындардың тамұқтағы қиямет күніндегі тағдырларына назар аударады.

Ахмет Ясауидің діни ағартушылық істерін одан ары қарай жалғастырған, сопылық әдебиеттің ірі өкілдерінің бірі – Сопы Аллаяр. Ол XVI ғасырлардың аяғында Самарқанның Жаңақорған ауданының Мыңдар ауылында дүниеге келген. Сопы Аллаяр мұсылмандық сауатын алғаш рет Самарқанда ашқан. Соңынан Бұхараға келіп, шейхтарға қызмет етеді, өзі де шейх дәрежесіне дейін көтеріледі. Қожа Ахмет Ясауи бабамыз сияқты жастайынан табиғат сыйлаған ақындық талантын сопылық ағымды насихаттауға арнайды. Оның Сопы Аллаяр атануы да осыдан.

Сопы Аллаяр «Мурад-уларифин», «Тухарат-ул-талибин», «Маслак-ул-муттахин» атты кітаптарын араб және парсы тілдерінде жазған. Ол сопылықты жергілікті халыққа тереңірек түсіндіру мақсатында түркі тілінде де кітап жазады. Бұл кітап «Сабат-ул-ажизин» деп аталған. Осы кітабы XIX ғасыр мен XX ғасырлардың басында бірнеше рет баспадан шыққан. Сол негізде «Сабат-ул-ажизин» 1991 жылы Ташкент қаласында қайтадан баспадан шықты. Кітаптың негізгі мұраты халықты сабырлылыққа, төзімділікке үндеу болып табылады. Мысалы:

Ей, адам, болсаң егер ер сияқты,
Салмақты болғайсың сен жер сияқты [1, 107].

Енді бір топ ғазалдарында «Алланың жасаған істеріне риза бол» деп адамдарды тағдырға қарсы шықпауға, оған бағынуға шақырады:

Кел, ей пенде, өзіңді арна Аллаға,
Қазаға риза бол, сабыр қылып налаға [1, 107].

Ал енді, кейбір ғазалдарында Сопы Аллаяр адамзатты жолдан адастыратын екі нәрсе бар дейді. Олардың біріншісі, тамаққа қанағатсыздық яки дәмді асты көбірек жеуге құмарлық. Міне, осы асты көп табамын деп адамдар күнәға белшесінен батады. Екіншісі, адамның нәпсісі. Адам нені аңсамайды десеңізші?! Жақсы киім, сұлу әйел. Әрине, бұларға барлық адамның қолы жете бермейді. Сансыз байлық, сұлулық адамды арбап, тұзағына түсіреді. Адам күнәға батады.

Адамзатты әлек етті екеуі,
Бірі – тамақ, бірі – оның нәпсісі [1, 107].

Сопы Аллаяр XVI-XVII ғасырларда Орта Азияда ислам діні мен діни әдебиетінің дамуына үлес қосқан ірі тұлғалардың бірі болды. Сопы Аллаярдың туындылары туралы арнайы зерттеулер жоқтың қасы. Оның ғазалдары ақынның діни дүниетанымын, ішкі жан толқыныстарын, тағылымын танытады. Аллаға сиына отырып өз замандастарын дін жолынан таймауға, иманды болуға, нәпсіге бой алдырмауға үндейді. Дүние, жаратылыс туралы ойларын қасиетті «Құран» ережелері негізінде баяндайды. Дінді әбден меңгерген сопы ақынның көптеген ойлары өмірге жақын болғанымен, тағдырға бас иіп, әрбір ойын тұйыққа тірейді, «жалған» өмірден безінуге, о дүниенің рақатына шақырады. Қиял дүниесінің өзі мұсылман дінінің ережелерімен ұштасып, о дүние мен бұл дүние, жер-су, табиғат, адамзат, жан-жануар, барлығы да Жаратушының әмірінің нәтижесі ретінде танытылған ақын пікірінің түйіні – бұл дүниеден жақсылық жолмен өту, ешбір зәбір, зұлымдық, қиянат жасамау, дүниеқор, баққұмар, мейірімсіз болмай, кедейлерге, жетім-жесірлерге, міскіндерге рақымдылықпен қарау, Алла жолы осы деп мойындау.

Жер мен көктің Иесі Хаққа арнаңыз мадақты,
Тамшы судан гауһардай пәк қып сізді жаратты.
Тіреуі жоқ көкті көр, аңда әлемнің бітімін,
Бар жаһанға көрсетті Ол өзгермейтін үкімін.
Нән балықтың үстіне орнатты да жер шарын,
Осы жерден таратты ырыздығын баршаның.

Төрт мезгілді пайда ғып,
Әрбірінің келбетін
Әрбір түрге енгізіп ажарлады жер бетін,
Таңғажайып тағдыр бұл!
Қандай ғажап сәттілік?!
Күлше нандай жалғыз күн тұр ғаламды тоқ қылып [2, 46].

Дүние-мүлік қызығына беріліп, өмір қызығына түскен, ешнәрсені қанағат тұтпай, тәубеден безінгендерді ол жек көреді. Өзі тойса да көзі тоймайтындардың тамұқтағы қиямет қиян тағдырларына көңіл бөледі. О дүниенің жұмағы бұл дүниенің рақатынан әлде қайда артық, шипалы, нәрлі. Бұл дүниенің қуанышы жалған, о дүниенікі мәңгілік. Осылайша ақын дүниеқоңыздар мен қызыққұмарларды жұмақтың қызығы мен тәттісіне қызықтырмақ болады.

Қияметте хауызын пайғамбардың хақ қылды,
Шыншылдардың Патшасы бар сипатын жад қылды.
Ол хауыздың суы бар, түсі, тіпті сүттен ақ,
Хош иісі есті алар шексіз жұпар-құт тарап.
Бір айлық жол сол көлдің арғы-бергі көлемі,
Зейініңнен өшіріп ала көрме сен оны.
Арман қалмас бір жұтым жұтқан одан пендеде еш,
Анық білгін, ол пенде ешқашанда шөлдемес[2, 75].

Сопы Аллаярдың түсінігі бойынша, адамдар бұл дүниеде өздерін еркін ұстайды. Күнәмды ешкім білмейді деп көп қателіктер жібереді. Бірақ Алланың олардың үстінен

күзетіп тұрғандығын байқамайды. Сол үшін бұл дүние адамзатты сынау дүниесі. Әрқандай адам о дүниенің есігіне барғанда өзінің істеген әрбір әрекетіне жауап береді. «Сабат-ул-ажизин» кітабы міне осы идеяны насихаттауға арналған.

Бар кәпірге туады қабірдегі аза-күн,
Алайда кей мұсылман тартар қабір азабын.
Көп білікті кітаптар шығармайды теріске,
Бәрі жазды кірерін қабірге екі періште...
Соққысына олардың таудың өзі шыдамас,
Ал бір уыс топырақ қалай шыдар?! –
Құлақ ас.
Құрт-жегісі тозақтың толар қабір ішіне,
Өкінгенмен пайда жоқ еткен бағзы ісіңе [2, 69].

Ақын дүниедегі әділетсіздіктердің барлығына қарсы. Ол осы әділетсіздіктермен бұл дүниеде күресуге болмайды дейді. «Мейлі, ол сенің жаныңды қинай берсін. Сонда да сен шыда. Сен өлген соң мұндай әділетсіздіктен құтыласың. Жаратушы оларды қатты жазалайды. Олар істеген істеріне Алла алдында жауап береді. Ал сенің ол жақта екінші бақытты өмірің басталады».

Сұлтан пасық болса да –
Үкімдері шығарған
Шариғатқа сай келсе – тыс тұрады күманнан.
Қанағатсыз сұлтанға қосты Алла тағдырмен,
Бас ұрамыз бәрібір, мойынсұнып жан-ділмен [2, 64]. Сопы Аллаярдың пікірінше адамзаттың ең үлкен жауы – нәпсі. Егер адамның барлық тілегі орындалса, онда бұл дүние тозаққа айналар еді. Сондықтан әрқандай нәпсінің шегі болуы тиіс, адамның нәпсісі жасырын орындалса, ол ұрлық болады. Мұны, әрине, Алла көріп тұр. Сол үшін мен Алла жағындамын дейді.

Заттарының жаратқан –
үлкен иә кіші ме,
Мәлім оған өткені һәм болатын ісі де.
Тұруың мен жүруің, жақсылық пен жамандық,
Оған аян –
Жетсе егер кімге қаза, амандық.
Нені мұрат тұтқаның, көңілге не алғаның
Тыс қалмайды бір сәтке назарынан Алланың [2, 52].

Жалпы, Сопы Аллаярдың бұл туындылары Орта Азияда түркі халықтарының арасында ислам дінінің Қожа Ахмет Ясауи негіздеген сопылық бағытын кең түрде насихаттауда үлкен маңызға ие болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қарасаева Х.О. Қобланов Ж.Т. Шығыс әдебиетінің тарихы. «Фолиант», Астана. 2001.
2. «Әлем әдебиеті» журналы, №3. Астана, 2012.
3. Дербісалин Ә. Дәстүр және жаңашылдық. Алматы, 1976.

ӘОЖ 82-1(0)

ЮНУС ЭМРЕ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СОПЫЛЫҚ ТАНЫМ ТАБИҒАТЫ

Қобланов Жоламан Таубайұлы
филология ғылымдарының кандидаты,
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
«Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры (Ақтау)

Түрік халқының ұлы ақындарының бірі – Юнус Эмре. Ол шамамен 1240 жылдары туып, 1302 жылдары қайтыс болды. Халық арасында оның өлеңдері кең таралған. Ақын өлеңдерінде өзі өмір сүрген заман көрінісі анық көрінеді. Сондықтан болса керек, Юнус жырларында сол кезеңдерде белең алған сопылық дүниетаным да басымырақ көзге түседі.

Ислам дініндегі сопылық ағым VII-VIII ғасырларда туғандығы тарихтан белгілі. Түркі әлемінде осы ағымның қанат жаюына мол үлес қосқан көрнекті тұлға – Қожа Ахмет Ясауи. Оның XII ғасырда көне түркі тілінде жазған «Диуани Хикмет» кітабы осы сопылық ілімді уағыздайды. Бұл кітаптың түпнұсқасы сақталмаған. Бізге дейін жеткені XV-XVI ғасырлардағы көшірмелері ғана. Көшірмелері өте көп. Олар негізінен Ыстамбұлда, Қоқанда, Ташкентте, Мәскеуде және Алматыда сақтаулы тұр.

«Диуани Хикметте» негізінен төрт нәрсеге ерекше көңіл бөлінеді. Олар: шариғат, тарихат, мағрифат және хақиқат. «Шариғат» - ислам дінінің заңдары мен әдет-ғұрыптарының жинағы, «тарихат» – сопылықтың мұраты, сопылық мүддесіне жеткізетін жол, «мағрифат» – дін жолын танып, оқып білу, «хақиқат» – Аллаға жақындау болып табылады. Ахмет Йассауидың пікірінше, шариғатсыз, тарихатсыз, мағрифатсыз хақиқаттың болуы мүмкін емес. Мұны ол өз өлеңінде былай өрнектейді:

Өтті өмірім шариғатқа жете алмадым,
Шариғатсыз тарихатқа өте алмадым.
Хақиқатсыз мағрифатқа бата алмадым,
Қиын жолдар пірсіз қайтіп өтер достар... [1, 146]

Ясауи озбырлық пен зұлымдыққа қарсы, жемқор, дүниеқоңыз, дүмше молдаларды қатты сынға алады. Аллаға ғашық бола тұрып, дәулет пен мансапқа қызықпауды тілейді.

Дүние-мүлікке құмартып жаһан малын жиғандар,
Құзғын жемін жегендер арамға әбден батпақшы.
Молла, мүфти болғансып жалған дұға қылғандар,
Ақты қара дегендер тамұққа барып жатпақшы.

Қазы, имам атымен қол қойса нақақ жалаға,
Сол үкімнің салмағы өздерін басып қалмақшы.
Арам жеген әкімдер, құныққандар параға,
Өз бармағын тістелеп өкініш отқа жанбақшы [2, 9].

Адам мал-дүниеге, атақ-даңққа құл болса, онда оның ниет-ықыласы Аллаға емес, байлыққа ауады. Ондайлар надан, пасық жандарға айналады. Иманың бар нағыз адам болсаң елге, халыққа шапағатыңды тигіз, момындарды, жетім-жесірлерді жебеп, қорған бол деп үгіт-насихат айтады.

Пірге қызмет еткенсіп «мен тәліппін» деп жүрер,
Жаман, арам заттарды хұжыраларға енгізер,

Көздерінде сәуле жоқ, жанары пәс мөлдірер,
Арыстан бабам сөздерін тыңдаңыздар, тәбәрік.

Зікіршіл боп төс қағар, көздерінен жас тамбас,
Жүректері дір етпес, түкке олар таң қалмас,
Қулық толы іштері, көкірегінде ар қалмас,
Арыстан бабам сөздерін тыңдаңыздар, тәбәрік.

Тәліппін деп айтады-ау, қуыс көкірек, құр кеуде,
Нағыз тәліп кісінің іші толы дүрлерге,
Һахқа аян сырлары, ойлары асыл білгенге,
Арыстан бабам сөздерін тыңдаңыздар, тәбәрік.

Сырты сұлу, іші арам, қияметтен хаупі жоқ,
Тазаруға күнәдан көңілі мен зауқы жоқ,
Тәспілері үзілсе, жылап-еңірер қалпы жоқ,
Арыстан бабам сөздерін тыңдаңыздар,тәбәрік.

Маржан тәспі үзілсе, белбеу жіпті алыңыз,
Алла разы болады ынтызар боп барыңыз,
Махшар күні болғанда жақсылық көрер жаныңыз,
Арыстан бабам сөздерін тыңдаңыздар, тәбәрік.

Кәміл ғашық пендесі һақ дидарын көрмек те,
Муса сынды махшарда һаққа сауал бермек те,
Мәз көңілмен мадақ айтқан жетер даусы жер-көкке,
Арыстан бабам сөздерін тыңдаңыздар, тәбәрік [2, 56].

Міне,осындай ой-пікірлерді Юнус Эмре де қолдайды. «Ақырзаман хақындағы диуанында» ол:

Ақырзаман – ол болар,
Ал, ей, ұлық сен хабар:
Шын мұсылман аз қалар –
Күманға ол да жем болар.
Жалған сопы молдалар –
Жамағатты күнде алдар;
Ұқпас халық шын жолды, ал,
Саңырауша сандалар.
Жетім хақын жеп келген
Қайыр кетер бектерден;
Кеуде – нәжіс кептелген,
Ұрттағаны қан болар[3,8].

Ал, енді Ясауи «Диуани Хикметінде» малқұмар, мансапшылдарды бұл дүние өткінші, өлім әркімге де ортақ, одан қашып құтыла алмайсың. Сондықтан естеріңді жиыңдар, дейді. Әділет жолы – нақақ іс қылмай, әлсізді қорламай, рақымшыл, мейірімді болу.

Ертелі кеш бұл дүние,
Барша жаннан өтпес пе?
Дүние малың бір күні,
Қолдарыңнан кетпес пе?

Қайда кетті ойлашы,
Ата-ана, туыстар?
Төрт аяқты, ағаш ат,
Саған да бір күн жетпес пе? [4, 101]

Юнус Эмре ақын «Сабақ ал...» дейтін өлеңінде мұны былайша толғайды:

Адам-пендем, бір сабақ,
Алғың келсе өлімнен.
Тірлігіңде пұл санап,
Босқа өтпегін өмірден.
Аруақтың көрдегі,
Қалды қандай амалы?
Осыны ойла сен де бір,
Тірлік етіп саналы.
Байлар қайда бұрынғы,
Байлығына сыйынған?
Оларға бүгінгі,
Бейіттен жер бұйырған.
Ханзадалар қайда асты,
Хан сарайға сыймаған?
Көрге олар да жайғасты,
Құм төсегін жимаған.., – дейді [3, 28].

Сопылық ілімде ерекше назарға ілінетін нәрсенің бірі – нәпсі. Адам нәпсіні тыймай адалдыққа, имандылыққа жете алмайды. Нәпсіге ерген жан күнәға белшесінен батады. Бұл мәселе де Юнус Эмрені қатты толғандырады. «Нәпсі» атты өлеңінде ол былай дейді:

Жаман қара ниетті арқандасам деп едім,
Тыйып Нәпсі қалауын талқандасам деп едім.
Қасиетін Алланың терең ұғып, білмеп ем,
Тазартатын кез жетті жан мен тәнді кірлеген [3, 28].

Юнус Эмренің лирикалық шағын өлеңдері ақынның көңіл-күйін, лирикалық тағылым-талғамдарын таныта алатындай туындылар. Аллаға сыйына отырып, ол өмір мәселелерін, әлеуметтік жайттарды да жырға қосады. Өз тұсындағы сана-сезім тұрғысында ой түйіп, қоғамына сын айтып отыратын жерлері де баршылық. Өзін «еркін ойдың» өкілі санаған тәубешіл ақын жастық шер мен мұңды айтуға тартынбайды.

Ғашықтар ғана бөлейді Тәңір ұжмағын жұпарға,
Жұмақ деген бір тұзақ қой – көбелек-жанды тұтарға.

Ғашықтан өткен міскін жоқ – еркі жоқ көңіл жығарға,
Тақ тұрар әрбір бұйрыққа, ойында жалғыз бір Алла.

Шын ғашық құлдар ұмтылмас жәннатта әсте жатпаққа,
Жәннаттан да өтер ілгері – негізін оның таппаққа.

Келгендер, білдік кетерін, қонғандар, көрдік көшерін,
Ғашық шарабын ішкендер көпке ермес, емдер кеселін.

Юнустың жаны бағынбас тозақ не жұмақ заңына,
Хақ жолға түсіп, асылын табады – жетіп жарына! [2, 22].

Жалпы Юнус Эмре өлеңдерінің барлығына тән болған ортақ пікірлер – адамгершілікті, әділеттікті, ақылмен іс қылар даналықты, Аллаға шын ықыласпен

құлшылық етуді, адал болуды, махаббатты таза ұстауды, қастерлеуді насихаттау. Сонымен қатар, зұлымдық атаулыға, надандыққа, дүниеқорлық-нысапсыздыққа, мансапқорлыққа, адам атын қорлауға лағнат айтып, қарсы шығу. Ел мүддесіне, мақсатына, хақ жолына адал қызмет ету.

Юнус Эмре өлеңдерінің тілі қарапайым, түсінікті әрі ойнақы болып келеді. Оқырман жүрегіне тез жол тауып, ерекше сезімге бөлейтіндей өте әсерлі. Сондықтан да ұлы ақын өлеңдері ғасырлар тасқына төтеп беріп, біздің заманымызға дейін жетіп отыр. Юнус Эмре өлеңдері өзінен кейінгі көптеген ақындардың шығармашылығына ықпал етті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ. Оқу құралы. «Білім», Алматы. 1994.
2. Қожа Ахмет Ясауи. Хикметтер.«Атамұра», Алматы. 1995.
3. «Әлем әдебиеті» журналы. №5. Астана.2012.
4. Қарасаева Х.О.Қобланов Ж.Т. Шығыс әдебиетінің тарихы. Астана, 2001

ӘОЖ 82:81-26

ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРДАҒЫ БЕКЕТ АТА БЕЙНЕСІ

Қабылов Әділет Дыбысұлы
филология ғылымдарының кандидаты,
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
«Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры (Ақтау)

Мақалада Пір Бекет ата туралы жазылған бірқатар өлең-жырлар талданып, олардағы Атаның көркем бейнесі, шығарманың идеялық-көркемдік сипаты қарастырылады. Поэзиялық шығармаға өзек болған Атаның қасиеттері мен оған деген халықтың сүйіспеншілігін жырлаудағы ақындарымыздың өзіндік қолтаңбасы, поэтикалық бейнелеудің өзіндік қырлары сөз болады.

Өлшеулі ғұмырында Адалдық пен Әділдіктің Туын жоғары ұстап, Шапағат пен Парасаттың Нұрын сеуіп өткен, есімі ұлысына Ұран болған Бекет Атаға деген ұрпақтарының перзенттік махаббаты ерекше. Ойшыл суреткер Ә.Кекілбаев айтқандай, «Тірісінде – елінің жел жақтағы Панасы, ық жақтағы Саясы бола білген Азамат. Жаудан елді арашалаған Батыр. Дауда әділетті арашалаған Қази. Озбырлықтан обал мен сауапты арашалаған Пірадар» Атаның өнегелі істері аңыз боп тарады, есімі мәңгілік ел жадында қалды, халқының сүйеніші мен рухани тірегіне айналды. Ол бүгінгі тәуелсіздік заманында халықты иманға ұйытудың, бірлікке жұмылдырудың, шежіре тарихтан тағылым алдырудың бір ұстыны болып отыр.

Қазақ халқының рухани болмысының тұрақты тіні, жан әлемінің көркем кестесі, ішкі толғанысының тілдік айнасы оның өлең-жыры, көркем әдебиеті болып келеді. Маңғыстау ақын-жыраулары Абыл мен Қашаған, Сәттіғұл мен Түмен жырларында ислам дінінің имандылыққа тәрбиелеудегі маңызы нақты орын алып, берік дәстүр ретінде орныққаны мәлім. Өкінішке орай, кешегі иманнан бездіріп, озбырлық билеген социалистік заманда дін мансұқталып, Алланы ауызға алуға тиым салынды. Әдебиетте де діннің мәні мен маңызы тиісінше айшықталмай, айтылса да «апиын» ретінде суреттеліп, құбыжық етіп көрсетілді. Енді азаттық аясындағы жаңа заман әдебиетінде ислам дінінің тағылымдары, аллаға құлшылық, пайғамбарлар өмірі, әулие-әмбиелерга

сыйыну сарындары барған сайын молығып, әдебиеттің арнайы бір арнасына айналуы қуантады.

Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетімізде Бекет Ата туралы жазылған өлең-жырлар да бір төбе. Әрине, «өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» дегендей, атаға деген құрметтен, перзенттік жүрекжарды махаббаттан туындаған талай туындылардың бәрі бірдей көркемдік жағынан төрт аяғын тең басқан жорға деуге келмесе де, қазіргі қазақ сөз өнерінде өзіндік орны бар ақындардың Ата туралы жыр, толғауларын, дастандарына көз жүгіртсек, Пір Атаның поэзиядағы бейнесі біршама сомдала бастағанын көреміз.

Белгілі ақын Айтуар Өтегеновтің:

Көмілулі сырың көп, Маңғыстауым – бесігім,
Сол сырларды ашуға талаптансам, несі мін.
Жетегімен шабыттың артық кеткен тұстарға,
Бекет Ата, өзіңнен өтінемін кешірім, –

деген арнау сөзі Ата туралы сөз жазғандардың қай-қайсысына да қатысты деп білген жөн. Әулие, қасиетті тұлға турасында сөз айтуымыздың үлкен жауапкершілігін сезініп, баршамызға да үлкен ой салып отыр ақын.

Ата туралы Т.Медетбек, А.Өтегенов, Ө.Қалбайұлы, Е.Бөкенбаев, Ж.Елеусінов, Р.Аяпбергенұлы, А.Ершуов, С.Адай, Д.Қанатбаев, Ғ.Әріп, т.б. ақындардың жыр, дастандарында Ата бейнесі әр қырынан сомдалады, оның әулиелігі, батырлығы, шеберлігі, адамгершілік қасиеттері жырланады. Атаның еліне сіңірген еңбегі, тигізген шапағаты, адамдарға қиын кезде демеу болған оқиғалары бейнеленеді, халқының амандығы мен береке-бірлігіне медет беруіне тілек етіледі. Соның бәрі Пір Бекетке деген шексіз сүйіспеншіліктің нәзік қылын көркем өрнекпен кестелеу талабының көрінісі болып келеді. Көптеген өлеңдерде Атаның киелі қасиеттері санамалана келіп, көркем бейнесі жалпылана сомдалады. Мысалы, белгілі жыршы Ж.Елеусінов «Қасиетті бабам – Пір Бекет» толғауында:

Жауға аттанған батырлар
«Иә, Бекет!» – деп аттанған.
Қиындық көрген жамағат
Шын сыйынып барғанда
Бауырынан ұл сүйіп,
Артында ұрпақ ат қалған.
Екінші бір қасиеті –
Анттасқан пенделер
Бекетті антқа ұстаса,
Аруағын көзге көрсеткен.
Таудан ұшқан керуенді,
Мамалаған сәбидің,
Көз жасына шыдамай,
Оны да аман сақтаған.
Кешегі қалмақ қалың ел
Ерегесіп Бекетпен,
Олар да қайыр таппаған.
Атамыз Бекет белгілі,
Адай емес Алаштың,
Қайсысы бұрын сыйынса,
Оны да аман сақтаған», –

деп, Атаның қасиеттерін нақты істерімен көрсетеді.

Ө.Қалбайұлы:

...Болғайсың шапағатшы, киелі Ата,

Келеміз үміт қылып қона-жата.
Тілейміз амандығын ел мен жердің,
Болғай деп өзіңізден қабыл бата.
О, менің аруақты аталарым,
Болғай деп көпке қабыл баталарың.
Болғандай ақ тілекті ықыласым,
Қуанып мешітіңнен аттанармын, –
деп, Атаның басына түнеп, зиярат етушілердің ақ тілегін паш етеді.

Бекет Ата мешіттерінің қасиетті саналатыны, Ата басына түнеп, зиярат етушілердің толастамайтыны, солардың баршасының тілегін қабыл етіп, көңілдеріне демеу болатыны көптеген ақындардың жыр өзегіне айналып отырады. Ақын Т.Медетбек «Бекет Ата басында» өлеңінде: «Бұл жерде адам жат ойды аластайды. / Өтірік те, өсек те жақ ашпайды. / Бұл жерде адам айғайлап, жағаласпай, / Бұл жерде адам даурығып, таласпайды», - деп, Ата мешітінің киелі орын екендігін, оған барған адамның иманға ұйып, жаңа бір тыныс табатынын, пендешіліктен арылып, адамшылық қырынан көрінетінін тілге тиек етеді.

Д.Қанатбаев «Бекет Ата басындағы толғанысында»:
...Сол-сол екен, сәл сүрініп аяғым,
Әулиеге мен де әбден таядым.
«Нағышы-еке, бір бершімек балаңа,
Берші, – дедім, – қайда аса таяғың?»

«Жан сенбісің келген маған жоқ аңсап.
Жоқ аңсаған жандарға да болар бір сәт.
Сәт-сәтімен, хат-хатымен... Аса емес,
Аша тісті бергем, – деді – қаламсап».

Күбір емес, күбір шықты үңгірден,
Жарқ етті де қарауытты күн бірден.
Қасиетті қаламұшқа сүйеніп,
Құлау құздың ернеуінде тұрдым мен, –
деп толғанады. Ақындық таланттың адамға қону табиғатын киеліліктің әсерімен байланыстыруы ақын-жыраулар поэзиясындағы дәстүрлі сарынды еске түсіреді.

С.Адайдың «Иманның шамы өшпесе» өлеңінде адамның рухани тірлігіндегі діннің маңызы ашылып, лирикалық кейіпкердің ішкі жан сенімі үлкен шеберлікпен берілген: «Құран ашып, / Нұр ішіп, / Сәулесін шашқан тәңірдің / Зайырына кәмілмін. / Тығылар жерің – бір құдай, / Сыйынар жерің – Пір Бекет / Осы жүрген бәріннің... / Қол жаюға / Қорсынба, / Батаға қылар бақ тұрақ. / Дүние – керуен, / Біз – қонақ / Өтпеді кімдер шапқылап! / Құлдық қылсаң / Аруаққа, / Ұрпағыңның ұрпағын / Бәледен жатар қаққылап. / Шапағатшыл / Бір Алла! / Жанаттан орын қалдырып, / Жанына қойған алдырып. / Атамыз Бекет қолдасын, / Ниеті құбыла пенденің / Береке алды бірлікпен / Дәретке қолын малдырып! / Әумин!»

Ғ.Әріп «Рух пен Жігер» өлеңінде:
Әз әулием – тірегім,
Қолтықтан демеп жатқандай.
Саңқылдап шығар үніміз,
Жасық емес, іріміз.
Оғыландының басынан
Қол бұлғайды піріміз.
Қазаққа біткен Даралық,

Қазаққа біткен Даналық!
«Бекет» деп білек біріксе,
Ел болар едік нәр алып!
Есіңді жый, ел-жұртым,
Есті алмасын жан, құлқын.
Рух пен Жігер оянса,
Ерекше болар сән-ғұрпың...

– деп, халықтың аруақтарға сыйыну дәстүрін жаңғырта отырып, Ата рухына адалдықты ел мен халық тағдырына байланыстыра жырлайды. Жұртты елдікке, бірлікке жұмылдыратын Ұлы есім ретінде ұлықтайды.

Қ.Рейімбайұлы «Алланың сүйген шырағы» өлеңінде: «Оқу оқып, ес біліп, / Дінді – дедік ескілік. / Алланың ақ жолдарын, / Түсіндік ақыр кеш біліп», – деп халықтың діннен аластағын кезеңіне өкініш білдіре келіп: «Аллаға елім беттеді, / Дінсіздікпенен кетпеді. / Шүкірлік етем Аллаға, / Дінсізді елім шектеді. / Ойыңа алма арамды, / Арамның түбі қараң-ды. / Менмендік пенен дінсіздік, / Түсірер түбі бағаңды, – деген ғибратты ойлармен түйіндейді.

Ақын Ә.Қонарбаевтың: «Бекет Ата – мәңгілігім, ұраным, / Тас төбемде жанып тұрған шырағым. / Тілек тілеп отырмасақ өзіңнен, / Жетпейді ғой құдіретіңе қиялым», – деген жолдары Ата рухымен тілдесіп, қасиетіне табынатын жалпы жұрттың сыйынымын паш етсе, С.Назарбекұлының: «Анттасқан шақта ары да болған елінің, / Ұл-қызын қорғап арқасын тосқан керімім. / Адассам бағдар, нұр шашқан Темірқазығым, / Жасыса Намыс суарып алар көрігім», – деген өлең мәтіні Ата рухын ту еткен халқының қасиетті ұранындай естіледі.

Бекет Атаның рухани тұлғасын кең көлемде толғаған бірнеше поэмалар да жазылды. Р.Аяпбергенұлының «Бекет Ата», А.Ершуовтың «Кие», А.Өтегеновтің «Ант», Н.Қанағатұлының «Аңыз түбі – ақиқат» поэмалары Ата өмірі мен қсиеттері туралы біршама деректер беретін әрі көркемдік қуатымен ақындық ойды толғайтын шығармалар деуге болады.

Бекет Атаның тікелей ұрпағы Р.Аяпбергенұлының «Бекет Ата» дастанында:

Ашылмаған құпия көп тірлікте,
Әрбір адам – зерттелмеген бір нүкте.
«Бекет!», «Бекет!» дейді әркім әр жерде,
Бірақ біздер оны терең білдік пе?

...Алла сөзі тілге оралмай сасқанда,
Аруақ, аруақ қолдай гөр деп аспанда.
«Иә, Бекет!» – деп сыйынады қуған да,
«Иә, Бекет!» – деп сыйынады қашқан да, –

деп толғанған ақын Атаның аруағы қолдаған бір оқиғаны баяндай отырып, әулиенің өмір жолына шолу жасайды. Хиуадағы Бақыржан қожадан білім алуы, ұстазының бата беруінен таратып, Атаның Оғланды мен Ақмешіттегі мешіттері туралы сыр шертеді. Атаның есімін ұлықтап, халыққа танытушылар туралы шолу жасайды. Шығарма бастан-аяқ біртұтас сюжетке құрылмаған, жеке тарауларда екі сюжеттік желімен баяндалып, соңғы тараулары ақынның толғанысына арналады.

А.Ершуовтың «Кие» поэмасы Пір Бекеттің өмір жолын толығырақ қамтуды мақсат еткен.

Жан баба!
Қазағымның жұрты ғашық,
Көрмепті дидарыңнан күлкі қашып.
Киеңе жету үшін кимелемей,

Алайын дастанымның кілтін ашып, –

деп кеңінен толғаған ақын Ата дүниеге келген өлкенің жерін, табиғатын суреттеуден бастайды. Поэманың «Кілт», «Мырзағұл», «Жәния», «Бекет», «Өсу», «Көріпкел», «Оқу», «Аса таяқ немесе Оғыланды» секілді тарауларында Бекет Атаның ата-анасы, өскен ортасы, өсу жолы, нағашысын іздеп жолға шығуы, көріпкелдік қонуы, білім алу сапары, Оғыландығы оралуы, аса таяқ сыры көркем бейнеленеді. Соңғы тараулар автордың өзінің жай-күйін баяндау мен замандастарымен сырласуға құрылған.

Ақын А.Өтегенов «Ант» поэмасында халық аңызы негізінде Бекет Атаның қазақ пен түрікмен елінің арасындағы «боз бие, суын айғыр, қара құлынға» қатысты дауға төрелік жасап, екі елді қантөгіссіз татуластыруын көркем суреттейді. Поэма қара сөз араластырып жазылған. Теңіз жағалауына жылқыларын қатар жайған қазақ пен түрікменнің судан суын айғырдың шығуын күтуі, суын айғырдың түрікмен жылқысына шабуы, одан туған құлынды қазақтардың ауыстырып әкетуі, білгір сыншы, сейіс ақсақал мұны білгеннен кейін екі ел арасында дау тууы, ақыры олардың Атаның төрелігіне жүгінуі шеберлікпен суреттеледі. Анттасу салты даланың мәмлегерлікпен бітісуінің бір формасы ретінде көрінеді. Антқа Қожаназар байдың сұлу да жас тоқалы Ақшолпаннан туған алты жасар ұлы Қошанды ұстауы, ұлын қимаған ананың жай-күйі мен бейкүнә баланың беймәлім тағдырына алаңдау, даланың қатал заңы үлкен тебіреніспен бейнеленеді:

Кесілді үкім, ая мейлі, аяма,
Нағыз шындық бермейді ғой бояма.
Шашын жайған жатты Ақшолпан талықсып,
Садақаға ұлын қимақ қай Ана?
Еркін өскен ерке тоқал пәк, сылқым,
Талайлардың жүрегіне шоқ салған.
Қошан бала мінген кезде қара атқа,
Талып жатты, жылап жатты Ақшолпан.
Солдыруға қияды кім Гүлді өскен,
(Дәл осылай біздің қазақ күн кешкен)
Қоштасқанда ағайындар аңырап,
Жымың қатты көзін қысқан күндестер.
Шыққаннан соң береді күн қысқара,
Болған болса ант басында іс қара.
Екі «құлын» құрбандыққа шалынбақ,
Тым қатігез неткен жандар, масқара?!

Н.Қанағатұлының «Аңыз түбі – ақиқат» поэмасында да аңыз бойынша баласын Үстірттің ұшпасына алып шығып, қыранның балапандарын алдырмақ болып, беліне арқан байлап түсіргенде, арқан үзіліп кетіп, баланың құрдымға құлауы, баласының қазасын көтере алмаған әкенің таудан ұшып ажал құшуы әсерлі жырланады. Бекет Атаның өзіне аманат еткен баланы аман алып қалғандығы, алайда әкенің сабырсыздықтан өзін жазым еткеніне өкініп, үнсіз ойға батуы баяндалып, ақынның Ата туралы толғанысына ұласады. Дастанның тілі бейнелі сөз, дегдар ойларға бай, көркемдікпен кестеленген имандылық, кісілік турасындағы сөз орамдары шынайылығымен танылады. Қастерлі есім алдындағы табыну сарыны нақты тұжырымдармен түйінделеді:

...Қол бастап елді қорғадың туғанда заман қысталаң,
Пірадар болдың мешіт сап, Алланың жолын ұстаған.
Абызы едің даланың құс та алдын кесе ұшпаған,
Батырлық, Пірлік, Қазылық – көтерген сені үш Таған.
Алланың сүйген құлысың – айрықша сыйын дарытқан,

Көз тірісінде-ақ керемет қасиеттілігін танытқан.
Әулиелігіңді барша жан қысылған кезде ғана ұққан,
Тізесін бүккен дұшпаның құдіретіне қалып таң...

Бұл мақалада өзіміз оқи қалған Бекет Атаға арналған бірнеше шығармаларды шола талдауға тырыстық. Олардың бәріне ортақ тақырып – Атаның киелі қасиеттері, оған деген құрмет, аруағына табынып, медет тілеу сарындары болып келеді. Елге аңыз болған оқиғаларды негізге ала отырып, құдірет иесінің қасиеттерін паш етеді, есімін ұлықтап, кейінгі ұрпаққа үлгі ұсынады. Ата туралы әлі талай көркем шығармалар жазылары сөзсіз. Өйткені, оның есімі ұрпақтарымен бірге болашаққа Ар мен Намыстың, Иман мен Қасиеттің символы болып жете береріне күмән жоқ.

ӘОЖ 13.11.25

БЕКЕТ АТА ЖАНЫНЫҢ ТЕРЕҢДІГІ

Қамарова Нағбду Сұлтансихқызы
филология ғылымдарының кандидаты,
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
«Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры (Ақтау)

Бекет Ата есімі мен оның қасиет-дарыны, қабілет-мүмкіндігі, жәдігерлері – біртұтас дүние. Оны әрқалай түсініп, әрқалай бағалауға болмайды. Ұлы құдірет иесін «жаңартудың», «уақытқа бейімдеудің» еш қажеттігі жоқ. Ол өзінің табиғи даралығымен тарихта, халық санасына сақталған.

Ұлыс ұранына айналған Пір Бекет Ата 270 жыл бұрын қазіргі Атырау облысының Жылыой ауданы аумағына қарайтын Ақкиізтоғай ауылынан отыз шақырым қашықтықта, Жем бойындағы Ақмешіт деген жерде дүниеге келген. Бекеттің әкесі Мырзағұл Жаналыұлы дәулетті, барына мырза, діни сауатты, зайырлы, елдің айтулы ақсақалы болған. Ал анасы Жәния арғы тегі араб, қасиетті Қожалар ұрпағы Назарқожаның қызы. Назарқожа жас жігіт шағында Ислам дінін елге таратып уағыздау мақсатымен Меккеден Маңғыстауға жіберіліп, осында мәңгі қалып қойған деседі. Оның ұрпақтары маңғыстаулық Қожалар өсіп көбейе келе бұл күнде бір қауым елге айналды. Мырзағұлдың өз әкесі Жаналы да, кәрі әкесі Қоскұлақ та – зайырлығымен аттары шыққан ел ақсақалдары болған кісілер. «Әкесін көріп құда түс, шешесін көріп қызын ал» деген мақалда бір қате болсайшы. Міне, осылайша ұрпақтан-ұрпаққа жұғысты болып келе жатқан қасиет иелері, зайырлы кісілер – Жаналы ақсақал мен Назарқожаның ғұрпымыз бойынша «құйрық-бауыр жесіп, төс қағыстырып» құда болуы болашақтағы Пірді жарық дүниеге алып келеді. Осы тарихқа қарап отырсақ, тағылымды дүние екенін ұғамыз

Бала Бекет сәби шағынан-ақ ерекше алғырлығымен, зеректігімен ерекшеленіп, есі кірген шағындағы сана-сезімін салыстырмалы түрде айтар болсақ, сол кездегі «ат жалын тартып мінген» жас жігіттердікінен бір де кейін болмаған. «Әке – балаға сыншы» емес пе, немересінің әлгіндей ерекшеліктерін дер кезінде байқаған Жаналы немересін ерекше күтімге алып тәрбиелеуді бала-келініне қатты тапсырады. Ұл-қызы ата-анасының бетіне келіп, тіл қайырмаса «ауруға» ұшырайтын қазіргі замандағыдай емес, қарияларымыз айтпақшы, «заманның түзу кезінде» ұл-қыз болсын, бала-келін болсын, ата-аналарының бетіне келмек түгілі, тік қарап тіл қайырыпты дегенін естігеніңіз бар ма?! Екеуі де өнегелі отбасынан шыққан жас ата-ана Мырзағұл мен Жәния, әрине, ата әмірін екі етпейді, мұқият орындау жолында болады. Бес жасқа толған соң Жаналы ата немересін

пайғамбар сүннетіне отырғызады. Содан соң алғаш өзі оқытып, кейін ауыл молдасына беріп, сауатын ашады. Хат танытып ой-өрісін, сана-сезімін арттырады.

Бала Бекет дәріске өте ынталы, зерек болады. Молданың берген тапсырмаларын уақытында орындап, тәртібі жағынан болсын, білім деңгейі жағынан болсын, тіпті адамгершілік-имандылық қасиеттері жағынан болсын, өзі қатарлы балалардан көш ілгері болады. Ауыл молдасынан тәлім-тәрбие алған үш-төрт жылдың ішінде-ақ бала Бекеттің білім дәрежесі, түйсігі ұстазынан бір де кейін болмайды.

Бекет Атамыздың өмір жолы мен басынан өткен оқиғалары, адамгершілік, зайырлық қасиеттері туралы Тасқара Қаратайұлынан естіген едім. Ол кісі маған кәрі нағашы болып келеді. Марқұм Тасқара ағамыз да қасиет қонған зайырлы кісі еді. Тасқара Қаратайұлының айтуы бойынша бала Бекет 8-14 жастар аралығында ата-бабаларынан келе жатқан әлем, жаратылыс, т.б. туралы діни кітаптар мен Пайғамбар Хадистерін өз бетінше оқып, білімін одан әрі толықтыра түседі. Енді ол шариғат үкімдерін жатқа айтып, Алланың ақ жолын елге насихаттай алатын дәрежеге жетеді. Болашақ Пірдің зайырлық қасиеті бала жастан, дәлірек айтқанда жеті жасынан біліне бастайды. Оны өзімен туыс ағасы Меңдіғұлды іздеп нағашысы Назарқожа ауылына барғанда басынан өткен оқиғалардан анық аңғаруға болады. Бекет 14 жасқа толған жасөспірім шағында бұған дейін алған білімін тереңдету мақсатын көздеді ме әлде бабалары аян берді ме, ата-аналарынан оқуын медреседе жалғастырып тереңдетуді көздеген ойын айтып рұқсат сұрайды. Баласының болашағынан зор үміт күткен ата-ана меселін қайтармайды. Рұқсаттарын беріп тұрып, жол жүрер алдында Шопан Атаға барып зиярат етіп, түнеп бағыт-бағдар алуға кеңес береді. Бекет сол ақыл-кеңесімен Шопан Ата басына төрт күн түнейді. Төртінші түнеген күні таң алдында Шопан Ата Бекеттің түсіне еніп: «Өлі әруақ тіріге Пір бола алмайды. Хиуа шаһарына бар. Сондағы медреседе Бақыржан қажы деген ғұлама, қасиет иесі бар. Сол кісіні сағала. Сені Хиуаға алып барар пырағың үй сыртындағы есік алдында тұр», – деп көзден ғайып болады.

Бекет оянып кетсе, түсі екен. Жалма-жан киіне сала есік алдына шықса, шынында да Шопан Ата түсінде аян бергендей, ерттеулі пырақтың көлденеңдеп тыпыршып тұрғанын көреді. Енді аялдауға болмайтынын іштей сезген ол дәретін алып, таң намазын оқи сала пыраққа мінеді. Пырақ Бекетті көзді ашып-жұмғанша Хиуа шаһарына алып барып көзден ғайып болады. Медресе ұстазы Бақыржан қажы зайырлық қасиетімен Бекеттің келетінін күнілгері біліп отырады. Болашақ шәкіртін күтіп алып, өзі дәріс беретін «Шерғазы хан» медресесіне орналастырады.

Бекет Ата өмір сүрген қадым заманнан бері өткен талай-талай «Тар жол, тайғақ кешулер», яғни замана желі әр жылдарда ел басына түсірген түрлі зауалдар көненің көзі – әруақты ата-бабаларымыздың есімдерін ұмыттырмаса да, олар айтқан ұлағатты өсиет сөздерді көмескілендіріп жіберді, тіпті кейбірін ұмыттырды да. Солардың ішінде Бекет Атаға қатысты ел арасында айтылатын нақыл-мақалға айналған мына төрт өсиет сөз халық жадында берік сақталған екен: Ол кісі 63 жыл өмір сүрген саналы ғұмырында «Тек жүрсең, тоқ жүресің», «Бейнетіне сабырлық қылсын, ал рахатына шүкірлік қылсын», сондай-ақ «Жақсыны өзің үшін, ал жаманды мен үшін сыйла» және «Ниетің жолдасың болсын» деген сөздерді жиі айтатын көрінеді. Бекет Ата жиі қолданған өнегелі сөздер бүгінде мақалға айналып кеткен. Ол сөздердің когнитивтік мәніне үңілсек, Ата сөздерінің адаммен, оның ақыл-ой, рухани жағынан күшті дамуымен, барлық ойлау және ақиқат дүниені, өмірді танып білу жөніндегі білім процестерімен, сондай-ақ соның негізін құрайтын механизмдер және құрылымдармен алуан түрлі байланысындағы қасиетті сөздердің болашағын көре білуге жол ашады.

Қазақ тілін когнитивтік зерттеуге арнаған алғашқы жұмыстардың бірі ретінде Қ.Ә. Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясын атауға болады. Бұл жұмыста тілдік сана құрылымы, гештальт

теориясы, тілдік сана және мәтін құрылымы, тілдік модельдер, т.б. когнитивтік мәселелер қарстырылған [1]. Профессор Ж. Манкееваның «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты мақаласында М. Бирвиш, Хомский, Лакофф, Коок, Г.В. Колшанский, Ю.Д. Апресян және тағы басқалардың есімдерімен байланысты когнитивтік лингвистиканың пайда болуы мен дамуына қысқаша шолу жасалады [2]. Бекет Ата өсиет сөздерінің жақсылықтан тәлім алуға, жамандықтан жиренуге шақырады. «Жақсыны өзің үшін, ал жаманды мен үшін сыйла» деген сөзі ғибрат деуге болады. Өмірде адамдарды бөліп, жарма дегенге саяды. Жаман адамды да сыйлау арқылы жақсылар қатарына қосуға болатындығын тұспалмен білдірген. Жақсылық пен жамандық тілдік әлем бейнесінде ең негізгі, орталық категория болып табылады. Этика мен философияда да осындай қызмет атқарады: оларда адамның өзіндік тұрмысының көрінісі бейнеленеді, сол арқылы адам өзінің осы өмірдегі тіршілігін анықтайды, олар барлық жағымды және жағымсыздықтың өлшеуіші болады. Осылар арқылы адам өзінің жасаған істеріне баға бере алады.

Философиялық сөздікте жақсылық пен жамандыққа адамдық қызметтің жағымды және жағымсыз аспектілерін білдіретін, бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар деп жалпылай түсініктеме берілсе, Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде бұл ұғымдарға мынадай анықтама келтірілген:

«Жақсылық – 1. Қайырымдылық, рақымдылық, мейірімділік. 2. Белгілі бір заттың бойындағы тәуір қасиет, сапа. Жамандық – жағымсыз іс, оқиға, зұлымдық, қастық, жауыздық» [3, 120]. Жалпы ғылыми танымда ақиқат, көркемдік танымда сұлулық қандай қызмет атқарса, әлемді моральдік игеру аясында жақсылық та сондай зор қызметке ие. Ал жамандыққа адамды бүлдіруге әсер ететіндердің барлығы жатады.

Н.А. Бердяев, И.А. Ильин, Н.О. Лосский, В.С. Соловьев, Л.М. Лопатин, Л.П. Карсавин сынды орыс ойшылдарының ойынша, жақсылық және одан ажырамайтын жамандық мәселесін шешпесе толыққанды этикалық жүйенің жұмысының жүруі мүмкін емес. «Жақсылық» пен «жамандық» ұғымдарының салыстырмалы сипатына қарамастан, көп зерттеушілер адамдық қызметтің позитивті бағыты жақсылық екенін баса айтады.

Философ В.А. Канке «Жақсылықты өлшеуге бола ма?» деген сұраққа қайдағы бір құрылғының көмегімен емес, эстетикалық құндылықтармен өлшеуге болады деп жауап береді. Одан соң шындық, сұлулық, жақсылықтың бірлігін былай қарастырады: «Осы үш құндылық үндескенде ғана адам өмірі толық мәнге ие болады. Шындық, сұлулық, жақсылық – қастарында өмір бойы адасушылық, тұрпайылық, жамандық сияқты қарсы ұғымдар қатар жүретін идеалдар» [4, 224]. Сөз соңында философ: «Бізде жақсылықтың не екенін толық анықтай аламыз деген үміт бар. Негізі жақсылықтың не екенін білеміз, сонымен қатар оны қайта іздейміз. Бұл – өмір заңдылығы» [4, 152], – деген қорытындыға келеді.

Бекет Атаның өсиет сөздеріне терең мән бере қарасақ, жақсылық – адамгершілік пен имандылықты сипаттайтын жалпы ұғым. Ата сөздерінде жақсылық пен жамандықтың адамның өз ниетіне байланыстылығы айтылады. Бекет Ата өсиет сөздерінде жақсылық, мейірбандық, имандылық категориясы басты орын алады. «Ниетің жолдасың болсын» деген сөздің өзіне бір мақала жазуға болады. Адамдарды имандылыққа шақыратын мұндай ғибратты сөздер – Ата сөздерінің құндылығы. Адамға жағымды нәрселердің бәрі жақсылық ұғымы арқылы жүзеге асады немесе қарама-қарсы мәндегі жамандық жаман пиғыл арқылы өз мақсатына жетеді. Жақсылық қасиеті арқылы адам баласы өзінің мақсат-мүддесіне, арман-тілегіне, болашақтан үміттенуіне сенімін білдіреді. Жақсылық арқылы жеке адамдардың іс-әрекеттеріне, қоғамдық қатынастарына, адамаралық байланыстарына тиісті баға беріледі. Жақсылық әр түрлі деңгейде тұлғалық қасиеттердің ізгілігін айқындайды. Жамандық болса, керісінше, тек зұлымдық, өтірік, жауыздық сияқты жағымсыз істердің көрінісі.

Ғылыми таным, дәстүр, сабақтастық секілді мәселелер байланысын құраған тіл адамзат болмысымен ұштаса, өмірімен тоғыса дамитындықтан, оның негізгі заңдылықтары да жеке тұлғалардың физио-анатомиялық, психологиялық белгілерін зерделеу арқылы әрі жалпыадамзаттық құндылықтардың қоғамдық-әлеуметтік, ұлттық-мәдени өзгешеліктерін жүйелеу негізінде қалыптасары сөзсіз.

Әр адамның қоршаған орта, құбылыстар, іс-әрекеттер, мінез-құлық туралы түсініктері әр түрлі болады. Әркім іс-әрекеттерге, мінез-құлыққа, құбылыстарға өзінің ойлау өресі жеткенше, өз түсінігі шеңберінде баға береді. Сондықтан бұл сөздерді де әр оқырман өз білім деңгейімен қабылдайды.

Тереңнен толғанған адамға Пір Атаның осы сөздерінің өзі-ақ, «дүние есігін ашып жарыққа шыққаннан бастап, жер қойнауына мәңгілік кіргенге дейін адам баласы қалай өмір сүру керек?» - деген сұраққа нақтылы жауап бергендей.

Алты Алаш азаматтары, жан-жаққа бытырап лағып кетпейік. «Алтауымыз ала болсақ аузымыздағыны алдырамыз, төртеуіміз түгел болсақ төбедегіні аламыз», ниетіміз түзу болсын. Ниетіміз – жолдасымыз болсын. Өмір тауқыметі жолында қаншалықты бейнет көрсек те сабырлық сақтап шыдайық, бейнеттің рахаты болар. Әліптің артын бағайық. Рахатқа шүкірлік қылайық, ал «Төрт жағымыз төрт құбыла» болып рахатқа кенелсек масайрап, жүнжіп кетпейік. «Семіздікті тек қой көтереді» деген бар. Әрине, «Жоққа жүйрік жетпек емес» ғой, ендеше, «барға - қанағат, жоққа - тәубе» етіп рахатқа - шүкірлік қылайық. Жақсылық жасағанға өзіміз үшін жақсылық жасайық. Ал, жамандық жасағанға да жақсылық жасайық. Себебі: «Жақсылыққа жақсылық жасай алар әр кісі, Жамандыққа жақсылық жасай алар нар кісі. Ендеше сіз де, біз де нар кісі болайық, Ата да жамандармен жамандық жасағандарды мен үшін сыйла», - депті ғой. Ата өсиеттерін екі етпей орындайық. Иншалла, одан кемшін түсіп жаман болмайтынымыз белгілі.

Хиуа медресесінде оқып, ұстаздарынан дәріс алып жүрген кезінде де шәкірт Бекет оқуға ынталы зеректігімен, ұстаздары тарапынан берілген тапсырмаларды мезгілінде мұқият орындайтын табандылығымен және еш уақытта ешкімнің көңіліне тимейтін жақсы мінез - құлқымен өзі тұрғылас құрбыларынан ерекшеленіп тұратын. Өзіндей жасөспірім жігіттің өзінен көшілгері озып кетуі, біреулердің намыс отын тұтандырып, оқу-білімге деген құштарлығын оятса, тағы біреулерінің менен озбаса екен деген сияқты өзімшіл де, өркөкіректікке салынған мысық тілеу пиғылдағы қызғанышын туғызады.

Кейде өзіміз де күнделікті өмірде араласып-құраласып жүргендердің арасынан сырты жылтыр көрінгенімен ішкі дүниесі азғындап біткен бейбақтарды да кездестіреміз. Мұндайларды өзінше бөлек «жаратылыс» деу керек шығар. Бір ойшыл мұндай жандарды көше жақ беті мен арт жақ беті екі түрлі көрінетін ғимаратқа ұқсатады. Мұндай ғимараттың көше жақ беті айнадай жылтыр, жылан жалағандай тап-таза, көз жауын алатындай көрікті болса да, артқы жағы ыбырсыған лас, жиіркенішті. Ғимараттың көше жақ бетін ғана көргендер таңдай қаға тамсанып, көкке көтере мақтап жатады. Ал енді ғимараттың арт жағын байқап қалса, әлгінде ғана жер-көкке сыйғызбай дәріптеген ғимараттан жаны түршіге түңіліп, суып кете барады. Міне, осы мысалымыздағы сырты қалқан, іші талқан жағдай адамдар арасында да кездеседі. Мұндай іші талқан адамдар Бекет атамыздың жанында да көп болған деседі.

«Қызғаныштың қызыл итіне» мініп алған, көкірегі қара, болашақтары бұлдыр бір топ шәкірттер өзара келісіп, жолдастарының бірін әдейі өлген кісіше шалқасынан жатқызып бетіне ақ жауып қояды. Содан соң Бекетке келіп, әлгі баланың есімін атап: пәленше қайтыс болды, соның жаназасын оқып бер, – дейді.

Сондағы олардың пасық ойлары: өлмеген адамды өлді деп алдап жаназасын оқыту, содан соң әлгіні орнынан тұрғызып жіберіп, Бекетті әжуалап мінеп - сынау болатын. Құрбыларының әлгіндей бұзық ой - ниеттерін алдын - ала сезсе де, Бекет сыр бермейді, жарайды дей салады. Жаназа оқылып болған соң Бекеттің артында жамағатты

құрап тұрған әлгі бұзық ниеттегілер аяңдай басып келіп, табыт үстінде жатқан жолдасының денесін жұлқылап тұр - тұрға салады.

Осы кезде Бекет:

– Оны (жатқан мәйітті меңзеп) қозғап әуре болмаңдар, бәрібір ол енді тұрмайды, – деп кесіп айтады.

Олар Бекетке сенбей, құрбысын әдейі ойнап тұрмай жатқан болар деп ойлап тағы да бір - екі рет сілкілейді. Бекет жаназасын оқуға ниет ете бастағаннан бұл дүниемен мәңгі қоштасып кете барған өлі дене қалай тұра ғойсын, былық - сылық етіп қимылсыз жата береді.

Осы кезде ішіндегі пысықайлау біреуі алақанын досының жүрек тұсына басып, кішкенеден соң көтеріп алғанда ғана Бекеттің тұспалдап айтқанының мән - жайын енді түсініп, сандарын бір - ақ соғады, «Ұялған тек тұрмас» дегендей, сондағы олардың айтқан уәжі:

– Біз жәй ғана ойнап едік.

– Мен ойынды қойғалы қашан, – деп Бекет те қысқа қайырыпты.

Бекет жаназасын оқыған жігіттің Бекетті көре алмаушылық қызғанышынан, яғни күншілдік кесірінен мерт болғанын ұстазы сезеді. Ұстаз шәкірттерінің әлгіндей өрескелдікке барган теріс қылықтарын доғарсын, тілдерін тарта жүрсін, күншілдік - қызғаныштарын қойып, тәубелеріне келсін деген оймен Бекеттің жай адам емес екендігіне олардың көздерін жеткізуді алдына мақсат етіп қояды.

Медреседегі дәріс аяқталған соң ұстазы Бақыржан баба Бекет оқитын топтағы жиырма шақты шәкіртті Амударияның Хиуаға таяу өтетін тұсынан қайықпен өтіп, өзеннің арғы бетінен отын шауып келуге жұмсайды. Мезгіл көктем айы болса керек, екі ат арбаға бөлініп мінген шәкірттер өзен жағасына таяп барса, өзен суы кемерінен аса жаздап, көтеріліп ағып жатады. Көктемгі су тасқыны кезінде қайық түгіл, кемелердің жүзуі екі талай емес пе? Сірә, ұстаз осы жағдайдан хабардар бола тұра, шәкірттерін бір күрделі мәселенің басын ашып алу мақсатын көздеп, әдейі жіберген еді.

Олар өзен жағасына келіп, ат басын іркіп дағдара бастайды. Өтейін десе өзен суы өткел бермейді, өтпейін десе ұстаз тапсырмасын орындаулары керек. Шәкірттер екіұдай пікірде болып, осылайша аңтарылып тұрғанда Бекет топ арасынан бөлініп шығып, өзенге қарай жүре бастайды. Енді жігіттердің бәрінің назары Бекетке ауады. Міне, өзен суына таяқ тастам жер қалды. Іркілетін Бекет жоқ, екпіндей басып алға ұмтыла жүріп барады. Сөйткенше болмай тіпті су бетімен жүріп бара жатады. Әлгілер көздері атыздай боп, тесіле қарап қалған. Өз көздеріне өздері сенбейтіндей. Себебі, Бекет су бетінде кәдімгі құрғақ жер бетімен жүрген сияқты кетіп бара жатады. Міне, өзеннің арғы бетіне шығып, орманға қарай бағыт алып барады. Бұлар әлі бақылап тұр. Бекет көз ұшындағы орман шетіне барып, қолында балтасы, құрғақ отындарды шаба бастайды. Шәкірттер енді өзара даурығысып, құрбысы Бекет жайлы түрлі пікірлер айта бастайды. Тоқ етерін айтқанда, олардың Бекеттің зайырлық қасиеті барлығына енді шүбәләрі қалмайды, мойындай бастайды. Біз оны қалдырып кетсек жарамас, ұстаз ренжір, жолдасыңды айдалаға тастап кеттіңдер деп. Оның үстіне не бітірдік деп барамыз ұстаз алдына Бекетті күтелік, бірге баралық. Ақырында олар осы уәжге тоқтап Бекетті күтеді. Күн ұясына батуға таяп қалған мезгілде шапқан отындарын арқалап, өзен суы тобығына да келмей, Бекет олардың қасына келеді. Олар бұрынғыдай емес, Бекетке жылышырайлы көзқараспен қарап қалған сыңайлы. Алып келген отынын жабылып арбаға жүктеп, қас қарая ұстаз алдына барады.

Осы жағдайлардың бәрін зайырлығымен сезіп отырған ұстаз: – Жақсы келдіндер ме? Ендеше, демалыңдар, – деген де қойған. Басқа ештеңе айтпаған. Себебі, ұстаздың оларды отын әкелуге жұмсағандағы мақсаты жоғарыда айтып өткеніміздей, шәкірттеріне Бекетті мойындату еді. Ал, ол мақсат орындалады.

Бақыржан қажы шәкірттері үшін медресе жанынан қосымша ас үй салдырмақшы болады. Үйдің қабырғаларын қалатып болған соң, төбесін жабу үшін тиісті мөлшерде бөрене ағаштарын алдыртады да, оның біреуін тиісті ұзындығынан әдейі бірқарыс кем кестіріп қояды. Ертеңіне дәріс аяқталған соң шәкірттерін құрылыс басына алып барып, әлгі бөренелерді үйдің төбесіне шығарыңдар дейді. Өзі бас болып кешегі қысқа кестірген бөрененің бір шетінен ұстайды. Бөренені жабыла көтерген шәкірттер үйдің төбесіне қоярда оның қарама - қарсы қабырғаға бір қарыстай жетпей тұрғанын ұстазына айтады. Сонда ұстазы Бекетке бұрыла түсіп:

– Ал, Бекетжан, мына құрбыларың үйдің төбесіне шығарған бөренені бір қарыстай кем кесіліпті деп тұр ғой, кем жерін жалғап жібермес пе екенсің, қарағым, - дейді.

Ұстазының әу бастағы ой - мақсатын ертеден сезіп, әдейі ішке түйіп жүрген Бекет ұстаз өтінішінен кейін көзді ашып - жұмғанша үйдің төбесінде көрінеді.

Ендігі сәтте: - Бисмиллаhир рахманир рахийм деп еңкейе түсіп, қолын бөрененің жетпей тұрған ұшына тигізе бергенде, бөрене ішінен сатыр-сұтыр дыбыс шығады да, бөрене бір қарысқа ұзарып, үйдің қарсы жақ қабырғасын дәл жауып тұрады.

Алғашында Бекетпен «ойнап» от басып, өң мен түстің арасындай мезгілде құрбыларынан тірілей айырылып қалған шәкірттер, ұстаздың аса көрегендікпен жасаған жоғарыдағыдай және соларға ұқсас тәжірибелерінен соң түгелдей сабаларына түсіп, тәубелеріне келіпті.

Не замандар өтсе де тарихи тұлға Бекет Ата жанының тереңдігі ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болып айтылары сөзсіз. «Пір Бекеттің біздің рухани дүниемізге қайта оралуы бәрімізді ізгілік пен жақсылыққа, тазалық пен парасаттылыққа, бірлік пен ынтымаққа бастайды» [5; 127], – деп жазушы Д.Тұрлыбек айтқандай, Ата рухы бәрімізді қолдап, ізгілік пен тазалыққа жақсылық пен игілікке бастап келеді. Бекет Ата танымында әр пенденің парызы – жақсылықты ту етіп көтеру, қолдан келгенше тек жақсылық жасау. Өскелең ұрпаққа Ата ілімін насихаттау, санасына сіңіру басты міндетіміздің бірі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. -140 б.

2. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. - Алматы, 2001. № 4. – 39-43-б.

3. Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред.басқ. Т.Жанұзақов. — Алматы: Дайк-Пресс, 1998. – 324 б.

4. Канке В.А. Основы философии: Учеб. для студентов сред. спец. учеб. зав. — М.: Логос; Высш. шк., 1999. – 288 с.

5. Тұрлыбек Д. Бекет Ата жолымен. // Кітапта: Бекет Ата. Ақтөбе: Насихат, 2010. – 748 б. – 124-127-бб.

ӘОЖ 911

БЕКЕТ АТА – БОЛЖАМПАЗДЫҚ ДӘСТҮРДІ ЖАЛҒАСТЫРУШЫ

Исина Жаннұр Аманкелдіқызы
филология ғылымдарының кандидаты, Баишев университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі (Ақтөбе)

Ұлттық рухымыз бейнеленген мұра еліміздің барлық аймақтарынан кездеседі. Солардың бірі Арал-Каспий аймағында қазіргі уақытқа дейін сақталып келген аңыз-әпсаналар ұлттың тектілігін, ұлылығын, көрегендігін, ілгері кезеңінің өзінде-ақ өркендегенін танытады. Оның ішінде батысында – Каспий, шығысында – Арал, терістігі – Жем, ал солтүстігінде – Қарабұлақ жатқан аты аңызға айналған қасиетті жер, сандаған ғасырлардың куәсі мен шежіресі болған, қазақтың қилы-қилы тарихынан алуан-алуан сыр шерткен, елі мен жұртын 360 әулие аялаған, мол байлығы мен қазынасы халық ырысы мен берекесіне, ризығына айналған – Маңғыстау жері. Осындай киелі Маңғыстау жерін XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында мекен еткен, екі ғасыр бойы Алты Алашқа Пір болған қасиетті Бекет Ата Мырзағұлұлы есіміне қатысты ел аузында ғажайып аңыздар мен керемет әпсаналар бар.

Алты Алаштың Піріне айналған Әулие Бекет Ата жайындағы халық прозасының түрлері ол кісі өмірде болған заманнан бастап, бүгінгі күнге дейін желісі үзілмей айтылып келеді. Бұл аңыздарда Бекет Ата рухани ілімді терең меңгергені, халықты иманға ұйыту үшін көптеген кереметтер көрсеткені айтылады. Олардағы ғажайып оқиғаларды кейіннен қосылған халық қиялының жемісі деп қарауға болмайды.

Халық бұл таң қаларлық оқиғаларды әулиенің өзінің көзі тірісінде көрсеткен кереметтері деп санаған және соған қалтқысыз сенген. Шындығында да, бұл аңыздардағы кереметтік элементтердің сол замандардан келе жатқаны аңғарылады. Аңыздарда, ең әуелі шындық, сол шындыққа негізделген қиял әрекет етеді.

Пір Бекет Ата туралы қазақ аңыз-әпсаналарында тарихи шындық белгілері көбірек. Оған дәлел, Алланың ақ жолын ұстанған даналарымыз жайында кездесетін аңыздармен сюжеттік туыстығы мен мазмұндық жақындығынан көрінсе, екіншіден, бұларда дәуір шындығын танытатын ерекшеліктердің мол болуынан және солармен байланысты заттық айғақтардың да біршама сақталып қалуынан байқалады. Сондай-ақ олардың өзара мазмұндық сабақтастығы да кездейсоқтық емес.

Діни әпсаналар мазмұнына тән ерекшеліктерді құрайтын әңгімелердің тағы да бір парасы – киелі әулие абыздардың ілгеріде болатын құбылысты көруі, болашақты болжауы. Халық елден шыққан ерендерінің, киелі әулие-әмбиелерінің нақты іс-әрекетін, ерлігін, көріпкел қасиеттерін есінен шығармады. Олар адамның тағдыры мен келешегін, төнгелі тұрған жамандық пен қуантқалы тұрған жақсылықты мезгілінен бұрын болжай білген тұлғаларды айрықша қадір тұтқан. Сондай қадір тұтқан тұлғаларының бірі – Әулие Бекет Ата. Атаның әулиелігі оның көріпкелдік қасиеттерімен ерекшеленген.

Әдебиет тарихынан елеулі орын алып, артына өшпес мұра қалдырған көрнекті жыраулардың бірі – Бұқар жырау, Қорқыт ата, Асан қайғы сияқты ұлыс ордасында отырып, халыққа ақыл-кеңес, толғау айтқан данышпан. Оның ғұмыры Абылай ханның қасында сәуегей биі, ақылшы-кеңесшісі ретінде өткені мәлім.

Сәуегейлік, болжампаздық – жыр бетінде адам жаратылғалы бірге жасап келе жатырған, астары терең, күрмеуі қиын мәселелердің бірі. Болжаушылық қасиетке шешен, батыр, әулие, диуана, жалпы терең ойлы жан ғана қол жеткізе алады.

Ұлыстың ұранына айналған әулие Пір Бекет Ата Мырзағұлұлы да болашақты кең шолып болжай білген көрегендік қасиетімен дараланады. Қабиболла Сыдиықұлы айтқандай: «Бекет Ата ... алдағыны болжап, айтқаны келген көреген абыз, тарыққан-қысылғанды жебеген, табиғат сирек жаратқан жан». Оның көрегендік қасиетін ел арасында айтылып жүрген аңыз-әпсаналар растайды.

Атаның болжау сөздері жыраулардың толғауларындай жырланбаса да, олардың көздеген мақсаттары бір болды. Олар ел мүддесін, халықтың саяси, мәдени, шаруашылық жағдайын, ел бірлігін, тұтастығын, заманның халін, келешек заманның жағдайын, халықты тәрбиелеу мәселелерін көздеді. Бұдан дәстүр сабақтастығы жалғасатынын анық байқаймыз.

Пір Бекеттің болашақты, соның ішінде Маңғыстаудай маңғаз жатқан елдің болашағы қандай болмақ деген сауалға төмендегі әпсана дәлел.

XIX ғасырдың басында Маңғыстауда екі жыл қатарынан қыс қатты болып, мал қырылып, отын мен азық жетіспей халық зор қиыншылық көреді. Осыны бұрын сезген Бекет Ата алдын-ала молынан отын жинап алуды, болмаса Жайық, Жем, Әму, Сыр жақтарын уақытша паналай тұруды ескертеді. Ауылдастары Бекет Атаны пір тұтқанымен бұл ақыл-кеңесін тым ұшқары санап тыңдамайды. Ел арасында негізгі мазмұны өзінің алдымен көшпегені, ойы жерді түрікпендерге бермекші болдыға сайған өсек-аяң тарайды. Уақыт өте келе Бекет Атаның айтқаны келіп, жаз бойы жаңбыр жаумай, бұрын-соңды болып көрмеген аптап шөпті қуратып, қуаңшылық басталады. Кенеттен түскен салқындықтың соңы қарлы боранға айналады.

Аласапыран басталысымен ел Сыр, Жем, Жайық бойларына көше бастайды. Онда да қыс қытымырлық танытқанымен өзен жағалағанның өзегі талмайтындықтан малға шөп, адамға ас жеткілікті болады. Мал да, жан да шығынға ұшырай қоймайды. Ал елде қалғандардың малы түгел дерлік қырылады. Аштық жүрген жерде түрлі ауру жайлайтыны белгілі, Маңғыстау елі де қалтарыста қалмай адам шығыны да болады. Ауыртпалықтан құтылудың жолын сұрауға ауыл ақсақалдары жиылып көріпкел Бекетке барыпты.

– Бекет, Сенен бірнеше сұраққа жауап алуға келдік, – дейді ақсақалдар.

– Сұраңыздар, – дейді Ата.

– Біріншісі, осы алапатты алдын-ала білген соң өзің неге көшіп кетпедің?

Ата сәл ойланып, ақсақалдарға барлай қарап:

– Уақытша ауыртпалыққа шыдамай көшіп кетер болсам ауылдастарым өре қозғалып, жаппай қоныс аударады да, жер бос қалады. Бос қалған жерге иелік етуге айналадағы ел құштар. Ал көшіп кеткендердің көбі барған жерге үйренеді де, қайта оралмайды, – дейді. Бұл жауапқа қанағат еткен қарттар:

– Болашақта Маңғыстау Адайларға құтты қоныс бола ма? – деген сауал қояды. Бұл сұраққа сәл кідіреді де:

– Келешекте Маңғыстау Адайлардың ғана емес барша қазақ баласының құтты мекені болады, сен оны айтасың, бұл топырақтан өзге ұлт пен ұлыстарға да нәпақа табылады, – деп жауап береді [2, 245].

Елдегі бүгінгі өзгеріс Әулие Атаның болжау сөзін растайды.

Сонымен қатар, көріпкел қасиетке ие тұлғалардың, Е. Тұрсыновтың айтуы бойынша, жау жағынан төнген қауіпті алдын-ала біліп, сол қауіптен құтылу амалдарын айтатын нұсқаушы, кеңесші міндетін атқарып отырған.

Мәселен, көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, Бекет Атаның ең алғаш ұлысқа ұран тастауы жайында айтылған әпсанада, Ата дұшпандар жағынан төнген қауіпті алдын-ала біліп, қауіптен шығу жолын айтқан:

«...Бірде бейсенбінің түні, яғни қасиетті жұма күні таңда аян алып оянған жігіт Бекет таң намазынан кейін ауылдас ел ағаларының басын қосып, оларға таңда алған

аянын айтады: «Ал, ағалар, түнде ғажап түс көрдім. Түсімде аян берілді. Оны айтпасам, екі дүниеде де күнаһар боламын. Сіздерге тыңдау ауыр болса да айтуға мәжбүрмін. Себебі бейбіт отырған қалың ел – ауылдастарым тектен-текке қырылғалы тұр. Анығырақ айтар болсам, енді екі күннен соң сәскеде 500 аттылы жасақпен осы тұста отырған қалың елге ойран салмақ ниетпен түркмендер қарулы жасақ құрып жатыр. Дұшпанға қарсы соғысқа қазірден бастап дайындалып, сақадай сай тұралық. Түркмендерді Жем бойындағы ауылдардың тұсына келтірмей, алдарынан шығып, осы арадан он шақты шақырым жерден қарсы алуымыз керек. Түркменнің 500 кісісіне 50 кісімен қарсы тұрсақ жарап қалар. Иншалла, жаудың құтын қашырып, оларды соғыссыз, қантөгіссіз кері қайтарамыз», – дейді. Бекеттің жігер-сенімге толы мына сөзін ұйып тыңдап тұрған ақсақалдар алғашында сенер-сенбесін білмей абдырап қалады. Сенейін десе, жас жігіт Бекеттен бұрын-соңды мұндай сөз естімеген, әлі ел арасына атақ-даңқы енді шығып жүрген кезі еді. Сенбейін десе, жастайынан тәрбиесімен, білімімен қатар-құрбыларынан озық ойлығымен, орасан зеректігімен ерекшеленіп тұратын. Ел ағаларының қысқа ой-тұжырымдарынан кейін таразы басын сенім жағы басып кетеді. Сондықтан ел ақсақалs: «Уәжіңе құлдық, Бекетжан. Ендеше, жауға қарсы аттанатын қолды өзің басқарарсың», – дейді. Сонда Бекет: «Мен қол бастап бармаймын, бірақ сіздерден де қалмаймын. Жау келер тұстағы үлкен сайлардың біріне күні бұрын барып жайланыңқырап тұрыңыздар. Жау жақындағанда алдарыңыздан аққу болып жауға қарай саңқылдап ұшармын. Сол сәтте сіздер де қиқулап, жауға қарай атой сала шауып, төбе басына шыға келіңіздер де, ат басын тежеңіздер, оқ атпаңыздар. Осы кезде күшті жел соғып, тозаң тұрар, аспанға алдын көрсетпес шаң көтерілер. Нәтижесінде сіздердің 50 атты жасақтарыңыз дұшпанға жердің шаңын аспанға көтерген жер қайысқан қол болып көрінер. Олардың ойлануға да мұршасы келмей, құты қашып, қаша жөнелер. Қашқан жауды қумас болар. Тағы қайталап айтамын, өзі бас сауғалап қашқан жауға оқ атып, Құдай алдында күнәһар болмаңыздар», – деп мұқият тапсырады. Ел ағасы ақсақал батырлардың бірін басшы етіп, Бекет айтқандай, 50 кісілік жасақ құрып, жау келер күні таңертең үлкен сайға барып, жаудың келуін тосып тұрады. Сонымен көп ұзамай бұлар тағатсыздана күткен жау қарасы да көрінеді. Жау жақындап, аттарының дүбірі естілген кезде Бекет әруағы аққу болып ұшып, жауға қарай бағыт алады. Осыны күткен қазақ жігіттері «Бекет! Бекет!» деп атой сала қыр басына шауып шыға келеді. Дәл осы сәтте күшті жел соғып, тозаң көтеріліп, жердің шаңын аспанға көтереді де, бұлардың шағын жасағы жауға жер қайысқан қол болып көрінеді. Жау жасақтары беталды тым-тырақай қаша жөнеледі. Сөйтіп Бекет болғалы тұрған қантөгістің алдын алып, түркмендердің қазақ ауылдарын шауып, мал-дүниесін, құл-күндікке қыз-жігіттерін алып кету үшін келе жатқан арам ой-пиғылдарын болдырмай тастайды. Осы оқиғадан кейін Бекет елге толық танылып, ұлысқа ұран атала бастаған екен [3, 33]. Бұл әпсанадан байыпталатыны, Атаның болашақты болжауы адамның тіршілігіне де, жалпы қауымның тұрмысына да қатысты айтылады. Зиядан қажы Қожалымов өзінің зерттеу еңбегінде: «Тарихта аттары белгілі Пір Бекет, Мөңке би, Өтеген батыр тағы басқа шешен-билер болжамы біртіндеп шындыққа қарай табан тіресе, Абыз Әлмерек батагөй әрі түс жорудың шебері болғаны аңызға айналғалы бірнеше ғасырды артқа қалдырды. Қазақ халқының дарынды ұрпақтарының өте ерте заманнан-ақ, болжапмаздық өнерін аспан жұлдыздарына, жан-жануарлардың әрекетіне, өсімдіктің реңіне қарап неше түрлі жасаған болжамдары, тіршіліктегі құпиялардың белгісінен хабар береді» [4, 410] – дейді.

Ел ішінде айтылып жүрген аңыздарда да Пір Ата қазақтың қос тарланы – Исатай мен Махамбетпен кездесіп, бата берген деседі. Атаның берген батасынан алдағыны болжағаны анық көрінеді. Мәселен, Исатай Тайманұлына берген батасында:

Исатай, алдағы екі мүшеліңнен аман өтерсің,
Өкіметке содан кейін бөтенсің.

Болыс әлде би боларсың,
Ханға бірде жақын, бірде алыс қонарсың.
Қыста оңарсың, жазда тоңарсың,
Балуан емес, батыр боларсың.
Отызыңда отбасына толарсың,
Сұлтанның иті қауып,
Жарлыға барып қонарсың.
Қырық бес пен алтыда өзіңе абай болғайсың,
Сол жасқа дейін сен солмайсың!..
Ал енді берген атаныңды
Екі-үш жыл ғана бағармын,
Содан кейін келіп жетер
Менің де бір хабарым...

Атаның айтқаны қалт кетпей Исатай бастап, Махамбет қостаған Бөкей Ордасындағы халық көтерілісінде 25 пен 37 мүшелдерден аман өтіп, 49 жасқа жете алмай, батыр оққа ұшады.

Махамбет Өтемісұлына берген батасында:
Екінші мүшеліңде Хан Ордасына еркін кіресің,
Бір бөлек елді басқарасың.
Әділетсіздікке төзбейсің,
Ол маңдайыңа жазылған.
Басыңа пәле Ханнан емес,
Туыстарың мен маңындағылардан болады.
Ханның тоқалынан сақ болғайсың,
Одан арандап қалма.
Арқалы ақындық қонғалы тұр,
Халық әр сөзіңді жатқа айтатын болады.
Отыздан асқаныңда Ордадан кетерсің,
Ханнан аулақ қонып, шабысқа да барарсың.
Даудың басы жер мен әділетсіздіктен басталады,
Көп қан төгіледі.
Ең жақын жолдасың – сен үшін басын оққа байлайды,
Одан айрылғаннан кейін бәрін дереу доғарғайсың,
Одан әрі Ханмен де, оның айналасымен де тартысқа
Барғаның – жөн болмайды.
Еліңе сыйлы боласың, атағың тек жеті аталық емес,
Жер бетіне жайылады,
Кейінгі ұрпақ өзіңді мақтан тұтады [5,582].

Міне, көнеден жеткен аңызда осылай екі құдіретті адамның кездесуі айтылады. Бекет Ата өзінің көріпкелдігі арқылы бала Махамбеттің арқалы ақын, батыр қолбасшы, есімі ел есінде қалатын біртуар жан екендігін осылай танып, батасын берген екен.

Қорыта айтқанда, көріпкел абыздар мен жыраулардың қоғамдық деңгейі өте жоғары болды. Өйткені олардың көздегені ел мүддесі, халықтың саяси, мәдени, шаруашылық жағдайы, ел бірлігі, тұтастығы, заманның халі, келешек заманның жағдайы, халықты тәрбиелеу мәселелері болды. Жыраулар өз толғауларымен жырласа, көріпкел абыздар жаратушының берген ерекше көрегендік қасиетімен дәлелдейді. Ел татулығын көксеп өткен Қара қылды қақ жарған, мың жылдығын болжаған дала кемеңгерлері исі қазаққа қажет философиялық ойлар түйіп, данышпандық тұжырымдар жасаған. Болжау сөздері келер заманның кейпін кемел көрегендікпен сиппаттауымен ерекшеленеді. Белгілі қазақ философы Аманжол Қасабектің сөзімен айтқанда, дана

бабаларымыз болжау сөздерімен өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын тілге тиек, ойға өрнек етіп, әртүрлі деңгейде, бірақ жалпы алған жартылай даму тенденциясы шеңберінде қазақ халқының қоғамдық, саяси, мәдени, сайып келгенде, философиялық ойлау жүйесінің құрылымын жасады.

Алты Алашқа Пір болған әулие Бекет Мырзағұлұлы да қазақ ауыз әдебиетіндегі болжампаздық дәстүрді жалғастырушы екендігін көріпкелдік қасиетімен қатар ел ішінде айтылып келетін аңыз-әпсаналары дәлелдейді. Атаның болжағаны бұлжымай келетін көріпкелдігімен қиянат пен кесапаттың жолын кесіп, әділет пен адалдықтың жолын ашып, шарапатын аямады. Қоғам алдында ертең «не тұратынын» іздеу арқылы қазақтың ұлттық идеясын жаңғыртып отырған.

Егеменді еліміздің тәуелсіздігі өткен тарихымызды терең зерделеп, барымызды бағамдауға, жоғымызды түгендеуге жол ашты. Еркін ойлауға мүмкіндік берді. Осыған байланысты қилы кезең тұсында өмір сүрген ата-бабаларымыздан сақталған мол фольклорлық мұраның әртүрлі қырларын бүгінгі күн талабына сай қайта қарап зерделеу, оларға жаңа көзқарас, дербес ойлау тұрғысынан баға беру фольклортану ғылымы алдында тұрған кезек күттірмейтін мәселелерге жататыны даусыз. Осындай маңызды істердің бірі Алты Алашқа Пір болып келген Бекет әулиеге байланысты аңыздарды, әпсаналарды зерттеу болып табылады.

Бекет Ата туралы аңыздар мен әпсаналарды қарастырғанда біз алдымен аңыз бен әпсананың зерттелуін, түрлерін, ара қатынасын анықтап, олардың ортақ негіздерін табуды мақсат еттік. Ел ішінде кең жайылған Бекет әулие туралы әр түрлі сипаттағы деректерді жинақтап, жанрлық тұрғыдан сараладық.

Қазақ фольклорының аңыздық жанры әрбір халықтың тарихи санасының, дүниетанымының, басынан өткерген қилы тарихи тағдырының іздерін жинақтап берген жанр. Әпсана да фольклордың жанры түрінде қалыптасқан, ғылыми ортаға танылған ұғым. Тарихи аңыздар секілді бұл фольклорлық жанрдың да ел өмірінен алатын орны едәуір елеулі. Халықтың тарихи тағдырын өткен өміріндегі болмысын айқындауға көмектесетін тарихи аңыздардың өзектілігі Бекет Ата төңірегінде айтылған аңыздарда талданды. Сондықтан да Ата жөнінде айтылатын аңыздардың тарихи негізі бар, халықтың таным түсінігіне, санасына берік ұялаған шығармалар.

Бекет бабамыздың өнегелі істерін, батырлығын, кемеңгерлігін, абыздығын, көріпкелдігін танытатын, дәріптейтін тарихи аңыздары – ұрпақтар арасындағы тарихи сабақтастықты бітімдестіріп тұрған бағалы мұра.

Бекет Мырзағұлұлы жөнінде айтылатын фольклорлық жанрлардың (аңыз, әпсана) мүмкіндігі осымен шектелді деуге болмайды, оның ұлттық фольклорымыздың басқа да жанрларында көрініс беретін ерекшелігі дербес зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыдиықұлы Қ. Бекет-Ата. – Алматы: Арыс, 1994– 130 б.

2. Мырзабекұлы И. Бекет ата. Имандылық-тағылым кітабы. – Ақтөбе: Насихат, 2009.– 870 б.

3. Қосбармақ Р. Бекет-Ата: Тарихи-танымдық зерттеулер, аңыз-әңгімелер. – Алматы: Информ-А, 2015. 133б.

4. Нәренбайұлы Ж. Пір Бекет. – Алматы: Жазушы, 2008.–320 б.

5. Қожалымов З. «Киелі шаңырақ». –Алматы: Шалкөде, 2006. – 410 б.

ӘОЖ 378.02

ПІР БЕКЕТ АТА БІЛІМ АЛҒАН ХИУАДАҒЫ ШЕРҒАЗЫ ХАН МЕДРЕСЕСІНІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Себасов Марат Бақбергенұлы
аудармашы, дінтанушы (Ақтау)

2010 жылғы 9 тамыз күні «Маңғыстау» газетінің фототілшісі Серік Майемеров екеуміз Өзбекстан Республикасы Хиуа қаласына экспедиция ұйымдастырдық. Мақсатымыз – мұрағатта жұмыс істеп, табылған деректердің көшірмелерін елге әкелу және Хиуа қаласы мен Шерғазы хан медресесінің фото альбомын жасау. Бізді Хиуада «Ичан қала» мемориалды кешенінің ғалым хатшысы Кәмілжан Құдайбергенов пен «Мамун» академиясы мұражайының директоры Абдулла Абдрасулов күтіп алды. Уақытымыз шектеулі болғандықтан, барған күні шаруаларымызға кірісіп кеттік. Алғашқы жұмыс «Мамун» академиясынан басталды. Бейруни, Әбу Әли ибн Сина, Махмуд Замахшари секілді алып ғұламалар негізін салған мың жылдық тарихы бар академия Ғазнауи шапқыншылығы салдарынан тоқтап қалып, тәуелсіздік алған жылдары қайта жасақталған екен. Академияның бай тарихымен таныса келе ол жерден ағылшын саяхатшылары түсірген Табын және Шекті руынан шыққан Есет Көтібарұлы секілді көптеген азаматтардың байырғы фотосуреттерін таптық. Сапардың негізгі мақсаттарының бірі Бекет Атамыз білім алған кездегі оқу бағдарламасымен танысу еді. Іздене келе оған да қол жеткізуге мүмкіндік туды.

ХХ ғасырға дейін Хиуа медреселері өз шәкірттерін үш сатыдан тұратын оқу бағдарламалары негізінде оқытқан. Мына мәліметтерді Үргеніш мемлекеттік Университетінің доценті, парсы тілі оқу орталығының меңгерушісі, шығыстанушы Абдулла Ахмедовтен алдық. Сондай-ақ алған мәліметтерімізді 2002 жылы Нөкіс каласының «Білім» баспасынан жарық көрген ғалым Қарлыбаев Мақсаттың «Медресе в Каракалпакии XIX – начала XX веков» атты кітабы арқылы нақтылай түстік.

Медресенің оқу мерзімі – 7 жыл.

Медресе – жоғары оқу орны. Мектеп – төменгі оқу орны.

1-саты «Адно» (төменгі саты)

Харіптерді үйрену.

Құран тағылымы.

Тажуид (27 бөлімнен тұратын араб тілінің кіші ережесі).

Хафтиек (Құраннан жарты пара, яғни 28 сүре жаттау).

2-саты «Авсат» (ортаңғы саты)

Муфрадот (араб әріптерін әртүрлі үлгіде көркемдеп жазып үйрену, бұны хұснихат деп те атайды, яғни каллиграфия).

Сарф (араб тілінің грамматикасы, сөздерді жіктеу).

Нахв (араб тілінің грамматикасы, сөйлемдерді жіктеу).

3-саты «Аъло» (жоғарғы саты).

Чаркитаб (шариғи мәселелер кітабы).

Суфи Аллаяр (рубаиилар).

Навоий (рубаиилар).

Хожа Хавиз (рубаиилар).

Шархи Мулла (тереңдетілген шариғат үкімдері).

Шархи Акаид (діни идеология ілімдері, бұл ілімді алушы Акаидхан деп аталады).

Тафсири Куран (Құранды жан-жақты талдап түсіндіру, яғни комментария немесе толкования).

3-сатының осынау пәндерін тәмамдаған шәкірттер әрі карай мамандандырылады:
Риезиет (математика).
Хандаса (геометрия).
Тиббиет (медицина).
Жаграф (география).
Фиқх (юриспруденция, бұл ілімді алған адам Факих деп аталады).

Міне, Бекет Атамыз осындай бағдарлама негізінде білім алған. Ол тек кітаби іліммен шектеліп қана қоймай, алған білімін жүрекке тоқу үшін ұстазы Бақыржан қажыдан рухани тәрбие алған екен. Бұл тәрбиесі оның алған білімін пендешілік қажеттілікке емес, яки рухани кемелдену жолына жұмсауына ықпал етеді. Жоғарыдағы бағдарламаны көре отырып, «Ата-бабаларымыз надан болды» деген сенімді жетпіс жылдай санамызға сіңіруге тырысқан тоталитарлық жүйе әрекеттерінің жымысқылығына көзіміз жете түседі.

Ичан қала кешені мұрағатынан тапқан келесі құжатымыз – Хиуа медреселерінде дәріс оқыған ғұлама ұстаздардың тізімі. Хиуада әр хан өзінің билік құрған шағында өз атына жаңадан медресе салуды дәстүрге айналдырған. Араб тілінде жазылған осынау құжаттардан хандар атымен аталатын көптеген медреселерде дәріс оқыған төмендегідей қазақ ұлтынан шыққан ғұлама ұстаздарды кезіктірдік:

Хиуа медреселерінде дәріс берген қазақ ұстаздарының тізімі
Кутлугмурад Инақ медресесі:
1. Мулла Аманнияз, қазақ.
2. Аманкули, қазақ.
3. Мухаммад Юсуф, қазақ.
4. Абдулла, қазақ.
5. Нурулла, қазақ.
Аллақұлы хан медресесі:
1. Дамулла Нураддин, қазақ.
2. Дамулла Есмұхаммед, қазақ.
3. Дамулла Мұхаммад Наби, қазақ.
Арабхан медресесі:
Дамулла, қазақ.
Мухаммад Амин хан медресесі:
Дамулла Мұхаммад Сафо Қазақлы,
Нурлыбай медресесі:
Дамулла, қазақ.
Муса торе медресесі:
Мулла Ахмед Қазақ.
Абдулла хан медресесі:
Дамулла Қазақ Мұхаммад.

Келесі шұғылданған құжат – Шерғазы хан медресесінің уақфнамасы (медресенің өлең түрінде жазылған ережелері).

Шерғазы хан ілім талап қылушылар үшін мол істер атқарды. Өз заманының көптеген ғалымдары мен шайырларының сұхбатынан зор әсер алушы еді. Ол керемет бір медресе тұрғызды, тарихшылар оны «Маскани Фазилан» («Ғалымдар үйі») деп атаған. Шерғазы хан медресесінің кіре беріс есігінің маңдайшасына мәрмәр тастан уақфнама жазылған. Бұл екі жазудың да мағынасы бірдей. Уақфнамада медресенің мутауualиі (медресе қазынашысы), имамы, азаншысы, құтыбханашысы, кітапханашысы, мұғалімі және шәкірттерінің қанша жалақы мен шәкіртақы алғаны, сондай-ақ оларға берілетін жатақхананың өлшемдері жазылған. Сонымен қатар себепсіз сабақтан бір күн қалғанда

жалақысының қанша бөлігі кесілетіні, екі күн қалғанда қанша бөлігі кесілетіні немесе жатақханадан қол үзуі сияқты мәліметтер жазылған.

Уақфнама

Хиуа қаласынан соң Бекет Атамыздың ұстазы Бақыржан бабаның жерленген жері – Хорезм облысы Қоскөпір ауданы Ғазауат ауылына бардық. Бүгінде ол жерде Бақыржан бабаның ұрпақтары өмір сүріп келеді. Онда Бақыржан бабаның мазарын, қасиетті құдығын және өзі тұтынған таспығын альбом жасақтау мақсатында суретке түсірдік.

Ташкент мұрағатынан Бекет Атамыз туралы мәліметтер келтірілген екі кітап табылғаны көпшілікке мәлім. Оның бірі «Тазкираи Мухаммад Бақир» деп аталатын еңбек. Мұсылман әлеміндегі мәшһүр әулиелер туралы жазылған энциклопедиялық еңбектің 168-бетінде Бекет Ата туралы мынандай мәліметтер келтірілген: «Бекет Ахмад Алайхир Рохма (Ахмад – зор мақтауға ие, алайхир рохма – оған Алланың рахымы болсын). Бисер сохиб каромат ва макомат булганлар (Зор керемет көрсетуші және рухани дәреже иесі). Ешлик айемида кариларга ухшаб ибодат киларди (Жас уақытында рухани дәрежелерге жеткен үлкен кісілер секілді ғибадат қылушы еді). Сулук ва риезотлар бисет тортган (Сопылық жолды жалғастыру аманаты тапсырылып, силсилага есімі енген). Турклар, узбеклар орасида багоят машхурдир (Түріктер мен өзбектер арасында есімі зор мәшһүр болған).

Пір Атамыз туралы мәліметтер келтірілген екінші кітап – «Рисолаи хилфати суфихо» деп аталады. Бұл еңбекте Атаның ұстазы, замандастары туралы көптеген деректер келтіріледі. Асар Хиуа ханы Құттымұрат заманында XVIII-XIX ғасырлардың жартысында Хорезм жеріндегі тариқат жолында болған өкілдердің аты берілген. «Рисолан хилвати суфихо» кітабының 11-бетінде Бектұрды сопының жатқан жерінің Маңғышлақта екені баян етіледі.

Атамыздың ұстазы Бақыржан қожаның тасаууф силсиласы, яғни ұстаздық шежіресі жазылған. Содан соң Бекет хазірет бабамыздың түріктер мен өзбектер арасында аты мәшһүр болғаны баяндалады.

Бұл мәліметтерді көпшілік оқырманға жете беруі үшін беріп отырмыз. Бабаларымыз игерген ғылымды, олардың елі үшін атқарған игілікті істерін және ғибратқа толы өмір жолдарын зерттеу бір сапармен шектелмесі анық. Мұндай жұмыстар, әрине, елдің білімді, іскер, зиялы азаматтарының жұмылуымен жүзеге асары сөзсіз.

(Ақтау – Нөкіс – Үргеніш – Хиуа – Ақтау).

ӘОЖ 378.02

ПІР БЕКЕТ АТАНЫҢ ҰСТАЗЫ, ОҚУ ОРНЫ ЖӘНЕ СОПЫЛЫҚ ІЛІМІ ТУРАЛЫ

Әзірханов Басшы Айжанақұлы
саяси ғылымдар кандидаты, философия докторы (Бейнеу)

Бекет Ата оқыған Хиуадағы Шерғазы хан медресесі 1726 жылы салынған. Жалпы ауданы 50 х 43 метр, ауласы 29 х 26,5 метр, 55 бөлек бөлме (келий худжр) бар. Белгілі өзбек ақыны Пахлаван Равнак, түрікмен поэзиясының классигі Мақтымқұлы Пырағы, атақты қарақалпақ шайыры Әжнияз Қосыбайұлы осында білім алып, тәрбиеленген. Негізінен бұл медреседе сол дәуірдегі өте талантты, белгілі адамдар оқыған. Сондықтан медресе халық арасында «Маскани фозилон» яғни «Білімдарлар ордасы» аталған. Бекет Атаның медреседе дәріс берген ұстазы, қазақтар Бақыржан қожа деп аса қадір тұтатын Мухаммад Бақыржан Әзиз – пайғамбарымыздың немере інісі Әли мен қызы Фатимадан туған Хусейннен тарайтын сейид ұрпағы. Бұл ұрпақтан Хорезмнің ойына алғаш келген

сейид Рахман Берди Азиз бабамыз екен. Ол – Хиуадан 90 шақырым жердегі Хорезмнің қақпасы аталатын Хазарасп елді мекеніне жерленген, жұртшылыққа танымал әулие. Оның немересі, Бақыржан қожаның әкесі сейид Шафоат Әзиз – сол дәуірдегі ұлы ғұламалардың бірі, белгілі әулие, Арабиядан шыққан жергілікті шейхтардың басшысы болған адам. Хиуаға жақын маңдағы Шейх Мешхед қыстағына жерленген, басына 1795 жылы әсем мавзолей тұрғызылған. Оның әкесі Мир Мухаммад Әзиз де осы қауымға қойылған.

Бұл әулиелер туралы өзбек ақыны Мухаммед Шарифтің XIX ғасырдың басында жазған төмендегідей жыр жолдары бар:

Жан қиналып, жарық дүние болса тар,
Әулиелер қорымына іздеп бар.
Олар жатқан жерлер Шейх Мешхедей,
Барсаң онда кешіресің басқа күй.

Жолың болмай жүрсең егер қиналып,
Әулиелер желеп-жебер жиналып.
Біріншісі, Шейх Рахман болды аты,
Екіншісі, Мир Мухаммад пәк заты.

Одан кейін Шапағат әзиз ишан,
Баласы оның Шейх Бақиржан ишан
Және бірін айтар болсаң Аллаяр Әзиз,
Ол жерлерде әулие көп нұрлы жүз.

Аллаяр Әзиз 1747-жылдар шамасында туған, Бақыржан қожаның екі ұлының бірі.

Бақыржан қожа шамамен 1720 жылы әкесі Шафоат Әзиздің қасиетті мешіті бар Қара Қапыда дүниеге келіп, 1789-жылдар шамасында өмірден өткен, Хиуа маңындағы Газауат ауылына жерленген. Оған да әсем мавзолей салынып, өте жақсы күтімге алынған, басында шын ниетіңмен түбіне үңілгенде ғажайып құбылыстай көрінетін қасиетті құдығы бар.

Бақыржан қожаның ұстазы – өз дәуірінің кемеңгер шейхы болған, керемет әулие Сұлтан Қожа. «Рисолайи хилфати суфихо» кітабында: «Шейх Сұлтан қожа – білім мен тазалықта теңі жоқ, кішіпейіл, тарихатта жоғарғы дәрежеге жеткен, заманының ұлы адамдарының бірі еді», – делінген. Сол кітапта бұл ғұламалар ұстанған сопылық жолдың силсиласы да жазылған.

Мухаммад Бақыржан – ұлы сейидтердің бірі атанған, адам таңқаларлық кереметтер көрсете алатын өте қасиетті әулие болған, сопылық жолын берік ұстанып Пір дәрежесіне жеткен, заманында Хиуа ханы төбесіне көтеріп қадір тұтқан, Ислам әлеміне танымал дін ғұламасы.

1740 жылы Хиуаны жаулап алған Иран билеуші Нәдір шах 1747 жылы қайтыс болғаннан кейін Хиуа хандығы тәуелсіздік алып, ұзаққа созылған өзара айтыс-тартыстан соң өзбектің қоңырат тайпасынан шыққан Инак Мухаммед Әмин хан болады. «Оның билік құрған кезеңі Хорезм өңірінің өсіп-өрлеп, дәуірлеген тұсы еді», – дейді тарихшылар. Тіпті 1768 жылғы обадан халқы түгелге жуық қырылып, өзбек ақыны Шермухаммед Мунистің сөзімен айтқанда «Хиуада қырық үй қалған» қиындықтан соң да елді бытыратып алмай аман алып шыққан осы Мухаммед Амин хан көрінеді. Ол 32 жасында Әмір атағын алған, елді 29 жыл билеп, 61 жасында өмірден өткен, 1785 жылы Хиуадағы Жұма мешітінің қарсы алдынан Мухаммед Амин хан медресесін салдырған, өте сауатты, дінге деген жақсы көзқарасымен ерекшеленген жан еді, – дейді замандастары.

«Рисолайи хилфати суфихо» кітабының 5-бетінде «Амир Инак Мухаммед Әмин хан билік құрған 1760-1791 жылдарда Хиуада оның замандастары, белгілі ғұламалар Исмоил ишан, Аймухаммад ишан, Қожа Тайып ишан, Имаммудин кожа ишан, Мустафакул ишан, Абдуллохқожа, Бақиржан ишан, Идаятулла ишан өмір сүрді... заманының кемеңгер көсемі, ұлы сейиді атанған Мухаммад Бақиржан мемлекет ісіне араласпайтын, Алланың қолдауына ие болған, Аллатану ғылымын толық меңгерген, рухани кемелденген және көңілі қашан да Аллаға жақын болған...» – деп, ал «Фирдаусул икбол» кітабының 128-бетінде «Өз ісінің нағыз жетілген білгірлері Мир Аваз казы, Қожа Назар қазы, Мухаммад Захир ахун, машайықтардың қадірлісі сайид Мухаммад Пана қожа, Сұлтан қожа, Захир ишан, Ийд Мухамад ишан, Құл Мухаммад қожа және Алланың бірлігіне сенетіндердің жетекшісі, Аллатану ғылымындағы сәуле шашқан мағрифат Бақиржан азиздер Мухаммед Амин ханның қадірменді замандастары еді. Ол заманда жасы үлкендерді, яғни қырық жастан асқандарды ұстаз етіп тағайындаған», – деп жазылған.

Ұлы ұстаз Бақыржан қожа өзінің сүйікті шәкірті болған біздің Пір Атамызды ізгілігі мен бірсөздігі үшін Ахмад (мақтаулы) деп те атаған. ***«Рисолайи хилфат суфихо» кітабының 11-бетінде*** Бекет хазіреттің қонысы Маңғышлақта екені айтылады. Осы кітапта Хорезм өңірінде өмір сүрген, өз тұстастарынан ерекшеленіп, айырықша атақ алған төрт ғұламаның есімі аталады. Олар:

Мухаммад Бақиржан хазірет – «заманының ұлы сейиді»;

Мухаммад Султан хазірет – «өз дәуірінің ұлы шейхы»;

Молда Мухаммад Пана – «өз дәуірінің ұлы ахуны»;

Бекет хазірет – «заманының ұлы сопысы» атағына ие болған.

Сондай-ақ бұл еңбекте Бекет Ата «пайғамбарымыздың сүннетін көзінің қарашығындай сақтаушы және оны таратушы, мұсылман қауымының ішіндегі ең ұлысы, әзизі әрі қадірлісі, Алла Тағалаға ең жақын және Алла Тағаланың алдында ең құрметті, өз дәуірінің ұлы сопысы атанған адам...» – ***деп жазылған. Ал*** «Тазкираи Мухаммед Бахир» қолжазбасының 168-бетінде Бекет Ата «өмірінде қиындықтарды көп көрген, адам таңқаларлық кереметтер істей алатын үлкен қасиет иесі, сопылықтағы ең жоғарғы мәртебе «машайық» дәрежесіне жеткен, түріктер мен өзбектер арасында атағы кең жайылған белгілі адам еді. Ел оны Ахмад (мақтаулы) деп дәріптейтін. Көңілінде бір Алланы ұстап, құлшылығын өз уақытында орындап отыру тек жасы ұлғайған адамдарға тән әдет болса, ол жас кезінде де Аллаға сол үлкендерше құлшылық ететін еді», – ***делінген.***

Машайық – арабша «машйаха» – абыз, терең білімді, өте ақылды адам, періштелер аян беретін сопы, Пірлерде болуға негізгі қасиет, Пір болу үшін сопыларға қойылатын ең басты талап, машайық дәрежесіне жеткен сопы ғана пір бола алады, Пірдің басты міндеті де осы. Қазақша айтқанда абыз болу.

Бекет Ата Шерғазы хан медресесін тамамдаған соң туған жеріне оралып, 21 жасында Ақмешітте мешіт тұрғызып, бала оқытады... Ал 24 жасында Бейнеудегі жерасты мешітін салады.

Біз ауызекі тілде жерасты мешіті дей береміз. Шындығында ол – Қазақстанның басқа аймақтарында көп кездесе бермейтін, негізінен Аллаға сыйынуға ең қолайлы делінетін жерлерде салынатын, өте қасиетті, береке бастауы саналатын, дінімізде «завийа» деп аталатын сопылардың бас қосып, ілім алатын орны.

Бекет Атаның біз білетін төрт мешіті бар. Бірі – өзі жатқан Оғыландыда, екіншісі – Ақмешітте; онда атасы Жаналы, әкесі Мырзағұл мен анасы Жәния, баласы Тоғай жерленген, үшіншісі – Бейнеуде; бұл жерден ағасы Меңдіқұл мен шөбересі, түбекке танымал әулие Самалыққа топырақ бұйырыпты, төртіншісі – Маңғыстаудың ойындағы Тобықтыда. Сондай-ақ ғалым Қабиболла Сыдиықұлы Үстірт үстінде, Аралға жақын

маңдағы Байшағыр деген жерде (кейбір деректерде Баялы деп жазылып жүр), ал ақын Әбу Сәрсенбаев Мұғалжар тауында Ата мешіттерінің бар екенін айтады.

Дінтанушы ғалымдар сопылық жолдың пірлерінің өз қоныстарын жыл ішінде әлденеше өзгертіп отыратынын айтады. Тіпті қайсыбіреулері бір орында 40 күннен артық отырмаған. Бұл қоныс аударулар Аллаға сыйынуға қолайлы орындардың жыл ішіндегі ауысып отыруына байланысты дейді. Ал сопылардың өздері «Иленген терінің тазарып, жұмсарып, әрленетіні сияқты, адам да қоныс аударып, қиындық көріп, туа біткен нашар қылықтары мен дөрекілігінен арылып, жан дүниесі тазарып, мейірбандық пайда болып, дінге деген бірбеткейлігінен құтылады» деп есептейді. Атамыздың Оғыландыда негізгі мешіті болуы, бірнеше жерден жерасты мешіттерін салуы сондықтан. Себебі пірлердің негізгі қонысында ***завийа*** болса, қосалқы қоныстарында оның кішілеу түрі ***даира*** салынады.

Бекет Ата 40 жасында ұстазы Мухаммад Бақыржаннан бата алып, сопылық жолдың Пірі болған. Сопылар салты бойынша Пір көзі тірісінде шәкірттерінің арасындағы аса дарындысына батасын беріп, өз орнына Пір болуға немесе өз алдына жаңадан жол құрып, соған Пір болуға рұқсат етеді. Ұлы ұстаз Бақыржан қожаның таңдауы Бекет Атамызға түсіпті. Сүйікті шәкіртіне батасын беріп, өзі сол жылы мәңгілік сапарға аттаныпты. Бұл 1789-1790 жылдар шамасы болса керек.

Төрткүл дүние таныған сопылық жолдың үлкен бір тармағының жиырма үш рухани басшысы – Пірі болған Бекет Ата 1813 жылы 63 жасында өмірден өтіп, Оғыландыдағы өзі салдырған мешітінің ішіне жерленеді. Кейінгі ел-жұртына: «Әруағым риза болсын десеңдер, құтханаларыма жау тұяғын жолатпаңдар», – деп өсиет айтыпты. «Шаршасаң – көлік, шөлдесең – сусын, қорықсаң – қару, тоңсаң – пана болады», деп ұлы ұстазы Бақыржан қожа сыйлаған көк асасын өз бауырынан өрбіген ұрпағына мұраға қалдырыпты. Ал көшкен кезде он бір нарға жүк болатын кітаптары мен қолжазбалары біраз жылға дейін мешіттерде сақталыпты.

Ұлы даламыздың ұлы тұлғасы Бекет Ата Мырзағұлұлы – Ислам әлеміне танымал тарихи тұлға. Қ.Сыдиықұлы айтқандай, ол – ***«бір ғана Қосқұлақтың немесе бір ғана Адайдың Бекеті емес, Бекет – қалың қазақтікі, бүкіл адамзат баласынікі».*** Оның өмірі мен қадір-қасиеті, ұстаған сопылық жолы жайлы ағылшын, араб, парсы, түрік, орыс дін зерттеушілерінің жазбаларында да құнды деректер бар.

Хиуада өмір сүрген ғұламалар тарихын зерттеп жүрген дінтанушы, Бақыржан қожа ұрпағы Назарбай Реджепұлы Ташкент қаласындағы Алишер Навои атындағы кітапханада сақталған тарихи құндылығымен ерекшеленетін, XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысында Хорезм өңірінде өмір сүрген дінбасылары, әулиелер, тарихат өкілдері жайлы жазылған «Рисолайи хилфати суфихо» (УзФАШИ инв. N27610), «Фирдасул икбол» (УзФАШИ инв. №5364), «Тазкираи Мухаммад Бахир» (УзФАШИ инв. №1846), қолжазбаларында Бекет Ата жайлы тың мәліметтер бар екенін айтады.

XIX ғасырда Маңғыстау мен Үстіртті зерттеген орыс саяхатшы-ғалымдарының еңбектерінде де біраз дерек кездеседі. Мәселен, орыстардың 1820-21 жылдары Бұхараға, 1825-26 жылдары Үстіртке жіберген бірінші экспедициясының мүшесі есебінде біздің өңірде болып, артына өлкеміздің тарихы мен табиғаты туралы өте құнды мұра қалдырған Э. Эверсман: «Үстіртте таудан қашап жасалған мешіттер парсы, араб, татар жазуларымен безендірілген. Мұндай ескерткіш-зиратты Бекет төрт жерден қашаған. Оның бірі – Маңғыстаудан қашық емес, Оғыландыда; екіншісі – Бейнеуде, үшіншісі – Жем өзені бойында, төртіншісі – Арал теңізі жағасындағы Баялыда. Оның бірінде – қыста, екіншісінде – күзде, үшіншісінде – жазда болады екен», – деп жазады. 1794 жылдың 23 қаңтарында неміс жерінде дүниеге келіп, 1860 жылдың 14 сәуірінде Ресейдің Қазан қаласында өмірден өткен, жиырма жасында философиядан, жиырма екі жасында медицинадан докторлық қорғап, 1842 жылы Ресей Ғылым академиясының академигі

атанған, неміс, ағылшын, француз, орыс тілдерін жетік меңгеріп, татар тілінде таза сөйлей білген Эдуард Александрович Эверсманнан жеткен Бекет Ата мешіттері жөніндегі осы бір қысқа ғана мағлұмат өлкеміздің өткені жайлы жазылған біраз ғылыми еңбекке негіз болды.

1853 жылы (кейбір деректерде 1833-1834 жыл делінеді) ғылыми экспедицияның құрамында Үстіртте болған Ресей империясы Бас штабының топографы подпоручик А. Алексеев «Солтүстік Үстірттің Ембіге дейінгі аралығының топографиялық сипаттамасы» деген еңбегінде: «Бұдан елу жыл бұрын Жемнің жоғары жағындағы Ақмешітті Бекет Ата жаз отыруға жасатқан екен. Осы мешітте... Бекет ұл балаларды оқытып хат танытқан. Өз ағайындары Маңғыстауға көшіп кеткенде ол азын-аулақ тағаммен тоңғанына, ашыққанына қарамастан сол үңгір мешітте жалғыз кала берген. Жаз шыға туысқандары өлдіге санап, қайта көшіп келсе, ол бұрынғысынан да сау-саламат күйде оларды қарсы алады екен. Оны көрген ел «бағушы құдіретті күші бар» деп сенген, нағыз әулиенің өзі деп түсінген, сондықтан бұл ғажап жанға арналып талай аңыздар, кереметтер тағыла берген, Ол бұдан қырық жыл бұрын ... өлген», – деген дерек береді.

Ал 1867 жылы Үстіртте болған экспедиция мүшесі А. Дюгамель: «Ақбор төбенің бетіндегі қасқырдың үңгіріндей тесікке бір адам зорға сиып, үш құлаштай үңгірмен жүргенде ені екі жарым құлаш, биіктігі кісі бойындай дөңгелек киіз үй пішініндегі сағана тамға кіреді. Сыртта құдық бар. Оның оң қапталында тағы бір бөлме. Осылардың арасында сырық тұр. Жемдегі Ақмешітті бұдан елу жыл бұрын салған. Бекет өлген соң, Оғландыға қойылған», – деп жазады. Ғалым Қ. Сыдиықұлы: «А. Дюгамельдің сипаттап отырғаны Атаның Ақмешіттегі мешіті болуы керек», – дейді...

Сырт көзге жұмбақ, өзгеге құпия сопылық жолының рухани басшысын арабтар шейх (ақсақал), парсылар пир (ақсақал), ал қазақтар пір дейді. Ол өзінің тірісінде орнын басатын болашақ пірді анықтап кетеді. Біздің естуімізше, қазақ жерінде өмір сүрген ***Қожа Ахмет Ясауи бабамыз да, Бекет Мырзағұлұлы Атамыз да*** осындай ***сопылық жолдың пірі болған. Оның екеуі де әулиеліктің ең жоғарғы сатысы «гаус» дәрежесіне жеткен делінеді.*** Қазақта «Пірдің соңы – Бекет, ердің соңы – Есет», «Мединада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмед, Маңғыстауда – Пір Бекет» деген сөздер бар. 874 жылы өмірден өткен, Ислам әлемінде танымал парсы дін ғұламасы Абу Йазид аль-Бистами заманынан бері «Ұстазы жоқтың жетекшісі – шайтан», – деген қағиданы берік ұстанатын сопылық жолдағылар пірді аса қадірлейді, өзара: «Піріңді құбыла тұт», – деседі. Тіпті Қожа Ахмед Ясауидің: «Егер пірсіз Құдайға жүз, мың рет басыңды сен исең де, Құдай сені сүйіктісі етпейді», – деген өсиеті де бар дейді...

Қожа Ахмет Ясауи бабамыз өзінің 34-ші хикметінде: «Тариқат жібереді жерге тығып, Бұл жолға, қаламасаң түспең, достар», – дейді. Себебі сопылық жолды ұстану – әр мұсылманның еркіндігі, өз ықтиярымен ғана атқарылатын іс. Ол ешкімге де парыз емес. Аллаға қауышуды мақсат тұтқан адамның өзіне қосымша міндеттемелер алуы арқылы өзін-өзі жетілдіру тәсілін, Ислам дінінің шеңберінің ішіндегі мұсылмандардың белгілі бір бөлігінің тірлік ету дағдысы мен өмір сүру салтына айналған, дін ғұламалары әлі күнге дейін біржақты бағасын бере алмай келе жатқан құпия ілім. Бұл жолды ұстанатындардың бүкіл мұсылманның оннан біріне де жетпейтіні сондықтан...

Суфизм **–** әрдайым даму үстінде болатын ілім. Сондықтан бір сопылық жолдың ұзақ мезгіл сақталмауы, яғни мақсаттарына жетіп тарауы немесе бірнеше жаңа сопылық жолдарға бөлініп кетуі де мүмкін. Ғалымдардың пікірінше бастапқы жолды теріске шығармай-ақ жаңа жолдарға бөліну немесе сол жол ішіндегі тармақтарға таралу – сопылықтағы зандылық. «Шариат – тамыр, тариқат – бұтақ, хақиқат – жеміс» деген сол. Әр сопылық жол өз бұтағынан бұйырған жемісті жейді. Қазіргі кезде ұзын саны үш жүзден асқан сопылық жолдардың басым көпшілігінің бастауы бір. Содан да болар,

олар қайсыбір мәселелер төңірегінде өзара айтысып-тартысқанымен бір-біріне түсіністікпен қарап, сыйластықпен өмір сүреді, аралас-құралас тірлік етеді. Күні кешеге дейін қазақ даласында да солай болған...

Әулиеліктің ең жоғарғы сатысы «гаус» дәрежесіне жеткен, Ислам дініндегі сопылық жолын ұстанып, ондағы ең биік мәртебе «машайық» дәрежесіне көтерілген, әлемге әйгілі сопылық жолдың үлкен бір тармағының біраз жыл рухани басшысы, Пірі болған мұсылман әлеміндегі санаулы адамдардың бірі Бекет Ата туралы ғажайып сөздерге аңыз деп қарамауымыз керек. Ол – аңыз емес, шындық. Тек, біз, қарапайым адамдар, қырын түсіне алмайтын, сырын біле бермейтін шындық.

ӘОЖ 398

БЕКЕТ АТА ТУРАЛЫ АҢЫЗДАРДЫҢ МИФОПОЭТИКАЛЫҚ СУБСТРУКТУРАСЫ

Аймұхамбетова Жанат Әскербекқызы
филология ғылымдарының докторы,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Қазақ әдебиеті» кафедрасы, профессор
(Нұр-Сұлтан)

Қазақ фольклорының ең бай да құнарлы салаларының бірі – әулиелер хақындағы аңыздар шоғыры. Солардың ішінде үш жүз алпыс екі әулиенің мәңгі мекеніне айналған Маңғыстау даласының бір қиырындағы Оғыланды жерінде, өзі тау ішінен қашап салған мешітте дамыл тапқан Пір Бекет туралы аңыздар күллі алашқа кеңінен тараған. «Мединада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет» деген қанатты сөз Бекет Атаның әулиелік даңқының айғағы. Көрнекті қаламгер Ә.Кекілбайұлы: «Дара Парасат, Дара Рух, дара Шарапат, Дара Шапағат иесі» ретінде бағалап, «Оған деген ел сүйіспеншілігіне қылау түсіп көрген жоқ. Өйткені, Ол – тірісінде елінің жел жақтағы панасы, ық жақтағы саясы бола білген Азамат. Жаудан елді арашалаған Батыр. Дауда әділетті арашалаған Қазы. Озбырлықтан обал мен сауапты арашалаған Пірәдар»[1;4], - дейді. Сұпы атаның қаламгер санамалап көрсеткен осы қасиеттері ол туралы айтылатын аңыздардан анық көрінеді. «Біз ұзақ уақыт ауызша ақпарат алысқан халықпыз. Біздің аңыздарымыз қиялдан емес, шындықтан өрбіген. Олар – нақты оқиғаларды нақышты бояумен адам жадында жатталып қалатындай қылып мұқият қашаған халықтық ұлы мұра. Бабадан балаға қалған еншінің ең бір өміршеңі», - деп жазады Маңғыстау облысының әкімі Қ.Көшербаев [2; 3]. Біз осы өміршең енші туралы сөз қозасақ дейміз.

Аңыздарда, ең әуелі шындық, сол шындыққа негізделген қиял әрекет етеді. Қиялдың өзінің астарында қисынға негізделген астарлы ой, ишаралы мән бар. Осы тұрғыдан келгенде Бекет ата туралы аңыздарды әдеби таным тұрғысынан бірнеше қабаттардан тұратын мұра ретінде қабылдаймыз. Сол көп қабаттың бірі – мифтік таным. Мифтік таным арқылы санаға сіңісіп, ойлау жүйесімен тұтасқан, содан көркемдік шындықпен үйлескен мифопоэтикалық қабат. Ата туралы айтылған әңгімелердің барлығы дерлік мифопоэтикалық құрылымымен дараланады. Жалпы, аңыз атаулының бір сипаты осы десек, қателеспейміз.

Миф дегеніміз қалыптасқан түсініктегідей ертегі, қиял жемісі емес, тылсым сырлы, қалың астарлы, кереметке толы біздің түйсігіміз толық танымаған ақиқат. Сол құпиялы ақиқатты тануда түрлі ишара-белгі, қилы бейнелер жүйесі түзілген. Олардың қатарында, зерттеушілік тілмен айтқанда, көркемдік деталь, символ қызметін атқаратын киелілік сипат иеленген аңдар мен құстар қатары да жетерлік. Аңыздардағы

персонаждар ретінде тұрақты түрде оқиғаға қатысатын аң-құстар қатарында арқар, аққу, сары үйек жыланды атауға болады.

Бекет ата және аққу. Ата туралы аңыздардың ішінде ол кісінің небір кереметті істерді көрсетуі сол аң-құстармен қатыстырыла айтылады. Солардың бірі – Бекет ата мен түрікпен ғұламасы туралы аңыз. Бұл аңызда Бекет атаның сойылып, қонақасыға берілген арқардың сүйегінен оны қайта тірілтуі және түрікпен ғұламасының аққу болып ұшуы баяндалады. Аққу болып ұшқан түрікпен ғұламасының соңынан Бекет ата да ұшады. Алайда, теңізден қара дүлей дауыл тұрып, қанаты қағуға жарамай қалған ғұламаны Бекет ата «кәпірлерге жол саласың, кері қайт» деп қайтарады. Халықтық ұғымда киелі құс саналатын аққу ата туралы аңыздардың бірнешеуінде оқиғаға араласады. Бекет ата мен Барақ батыр аңызында жетті аққудың ұшуы бар. Барақ батыр: «Қасиетің аспанда жеті аққу болып ұшты, әруағың биік тұр, жеті ұрпағыңа дариды екен», - дейді Бекет атаға. Сөйтіп, бірінші болып сәлем беріп, оның әруағының басымдығын мойындайды. Атаның қасиетін аққумен байланыстыра тұспалдау Өмір батыр, Барақ батыр үшеуіне қарата ауылдағы абыздың атынан айтылады. Ол аңызда абыз Бекет атаға «келе жатқаныңда алдыңнан жеті аққу ұшты, қасиетің жеті атаңа жетер», - десе, Барақ батырға «алдыңнан үш аққу ұшты, зайырлығың үш атаңнан аспас», - дейді. Ал, Өмір батырға «сенің алдыңнан жалғыз аққу ұшты. Қасиетің өзіңмен бірге кетер» дейді. Аруақты батырлар мен әулиенің қасиетін алдарынан ұшқан аққумен тұспалдаудың өзіндік мәні бар. Халық ұғымындағы киелі құс – аққуды ата аруағы деп тану, бұл құспен әулиелердің қасиеттерін байланыстыру – қиялдың жемісі ғана емес, тылсым сырлы табиғаттың сырын терең танымаққа талпынған ынтызарлық пен құрметтің көрінісі. Мифология туралы жан-жақты зерттеу жүргізген Серікбол Қондыбай: «Қазақтың тектік танымында аққудың орны айрықша... Мифологияда аққу – үш кеңістікте, яғни, суда, жерде, аспанда қозғала алады, сондықтан да үш кеңістікті жалғастыру қабілетіне ие аққуды мифтік медиаторлар қатарына жатқызады» [3; 238], – дейді.

Қасиет, кие туралы ұғымдар ұлттық мифологиядағы көнеден орныққан бейнелермен көрсетіледі. Солардың бірі – аққу. Түркілік мифологияда бұл құстың қасиеті мен киелілігі жайлы айтылатын әңгімелер көп. Аққу – халық сенімінде атуға тыйым салынған аң-құстардың қатарында. Ел аузындағы аңыздарда айрықша жаратылған керемет иелерінің, әулиелердің аққу болып ұшуы туралы желілер осы таным-түсінікпен сабақтасқан.

Аққу мифі – ұлттық ұғымда ғана емес, әлемдік танымда да кеңінен орын ала отырып, өзінің бойына көпбейнелі мәдени қабаттарды жинақтаған. Ежелгі грек мифтерінде өзінің қаза болған досы Фаэтонды жоқтап, шерленген бозбала Кикнаны Аполлон құдай әдемі аққуға айналдырады. Әдебиеттанушы Дж. Макльсон мынадай түсініктеме береді: «Ақынның, әншінің, сондай-ақ асқақ поэзияның символы. Бұл символиканың негізі жанның(рухтың) аққу бейнесінде аспанды кезуі, қайта жаңғыру, кіршіксіз тазалық, кемелдік, тәкаппар жалғыздық, ерлік пен поэзияның әулилелік бастау-сипаты туралы таным-түсінікпен байланысты» [4; 105]. Тағы бір зерттеуші Г.Козубовская орыстың көрнекті ақыны Анна Ахматова поэзиясындағы аққу мифологемі туралы сөз қозғағанда аққу-ақындар туралы «Царьское село мифін» (бұл А.Пушкин, А.Ахматованың, т.б. орыстың үлкен ақындарының мекені) тілге тиек етеді. «Царьское село мифінің» негізінде лицеистердің бірінші буынында-ақ көп айтылатын аққу – Царьское селоның қорғаушысы деген аңыз жатыр. «Аққу жүзген тоған» – Царьское село пейзажының міндетті де тұрақты атрибуты, әдеби Парнас кеңістігінің «нышанды» деталі» [5; 275].

Сөйтіп, ақындардың тұтастай бір тобының поэтикалық мифологеміне айналған аққу ұлттық дүниетанымда да қасиет пен киенің, тылсым күштің құс бейнесінде кейіптелуін қамтамасыз етті. Асан қайғының «Аққу – құстың төресі, ен жайлап көлді

жүр еді» деп толғануының философиялық-поэткалық астары осыған саяды. Рухтың азаттығы мен ғажап сырларын аққу, қаз, қыран, т.б. құстар арқылы ишаралау жалпы әлемдік танымдағы тұрақты желі.

Ата туралы тағы бір аңызда «Бекет ата Хиуадағы өзі оқыған Шерғазы медресесінде әр жұмада таң намазын оқу үшін аттанғанда үнемі ақ сары бас аққу болып ұшады екен... Бекет ата қайтыс болған соң қырық жылға дейін аптаның жұма күндері екі аққудың қосарланып, қаңқылдап, Оғыланды тауларын әлденеше айналып ұшып жүргенін көргендер болыпты. Бұрынғылардың айтуы бойынша ол екі аққу Бекет ата мен оның ұстазы Бақыржан қожа аруақтары екен» делінеді. Бекет атаның алыс жерге аққу болып ұшып баратыны, жанында жеті балапан жүретіні ел аузына кең тараған. Жеті балапанын ертіп, ұшып бара жатқан аққуды бір тентек атып, бір балапанын жаралайды. Нәтижесінде мылтық қақ айрылып, әлгі тентектің бетін от шарпып, екі көзі бірдей соқыр болып қалады. Аққудың Бекет ата аруағы екенін білген жігіт кешірім өтініп, тәубасына келеді.

Бекет атаның ұлысқа ұран болуы да аққу оқиғасымен байланысты айтылады. Жаудың бес жүз сарбазына елу кісімен қарсы тұрсақ болар деген ата сөзіне ел ақсақалдары сенер-сенбесін білмейді. Ақыры бес жүз сарбазға қарсы елу адам тұрады. Сонда, Бекет атаның алдын-ала айтуы бойынша, жауға қарай бір аққу қаңқылдап ұшады. Сол сәтте күшті жел соғып, шаң көтеріледі. Жау әскері үрейленіп, кері қашады. Осыдан бастап Бекет ата есімі ұранға айналған екен деседі.

Ата аруағының аққу түрінде көрінуінің астарында қасиет-киенің тылсыммен, жай пенде танымаған, тек түйсінген жаратылыс құпиясымен байланысын ұғындыру жатыр. Қаңқылдап ұшқан аққу – Бекет ата мәңгі тұрақ тапқан кеңістіктің нышанды белгісі.

Бекет ата және сары үйек жылан. Атаға қатысты әңгімелердің біразында ол кісінің аруағының сары үйек жылан болып көрінуі де айтылады. Адайдың ішінде Шоңай руынан шыққан Бекбаулы әулиені сынау үшін Бекет ата әуелі оның алдынан сары үйек жылан болып шығады. Сосын өзінің жайнамазын «ұмытып кетіп», оны Бекбаулы әулие әкелмек болып барғанда, алдынан қос сарыүйек жыланды шығарады. Сөйтіп, замандасының қасиетін салмақтайды. Киелі аруақтың сары үйек жылан болып көрінуі аңыздарда көп айтылады. Ата-бабаларымыз сары үйек жыланға тимей, оны қасиет, кие деп ұққандығына мысалдар көп. Жыланды кие тұтқан танымның астарында жаратылыс тылсымына ден қою, сол арқылы салт-ғұрыпты құрметтеу жататыны белгілі. Маңғыстаулық көрнекті ақын Есенғали Раушановтың мына бір өлеңі осы аңыздар желісімен сабақтасады:

Ұмытпайды.
Біледі ел,
Білмесін бе?
Әулие атам –
Халықтың бұл да есінде.
...Аруағы оның сары үйек жылан екен,
Оратылып жатыпты іргесінде.

Соны айтады әлі күн өңір-аймақ,
Желден ұшқыр сары үйек,
пері қайрат.
Алқа топта сөз алса атам менің,
Иығында тұрыпты шегіп айбат...

...Мен оянам ұйқымнан мүлги беріп,
Кілт тоқтаған секілді сырғи келіп.

Жылан – мені тарихым!
Түсімде де
қылғындырып орайды ылғи келіп [6, 167].

Бекет атаның арқары. Атаның Оғыланыдағы жайында арқарлар мекен етеді. Оларға тиісуге болмайды, атаның аруғаы назаланады делінетін әңгімелер де Пір-атаға қатысты аңыздардың мифтік «қабатын» қалыңдата түседі. Арқарды атпақ болғандардың өздері жараланып, не мертігіп қалады. Оғыландыға зиярат етіп ағылған жұрт, егер арқарды көріп қалса, тілегіміз қабыл болады деп қуанысады.

Бекет ата туралы аңыздардағы мифопоэтикалық құрылымды түзетін оқиғалар – атаның кереметтігімен ұшуы, атаның аса таяқты иеленуі және атаға теңіздің өзінің қақ айрылып, жол беруі. Шопан атаға түнеп, түсінде одан бата алғандығы, пырақтың атаны Хиуаға алып ұшуы да аңыздардың мифопоэтикалық субструктурасын айқындай түседі. Әулие, пір атанған атаның айбарын асқақтатып, қасиетін әйгілей түсетін мұндай қалыпты ұғымнан тыс ғажайып оқиғалардың астарында ата аруағына бас иіп, құрмет тұту жатыр.

Ата есіміне қатысты айтылатын әулие, пір, рух туралы ұғымдардың мифтік таныммен сабақтастығы бар екені белгілі. Қасиетті рухтың нышандары түріндегі аққу, сары үйек жылан, арқар секілді тіршілік иелері тылсым сырлы табиғаттың бір бөлшегі. «Аңыз дегеніміз шындық, нақтылап айтсақ, рух шындығы, идея шындығы» дей отырып, философ ғалым Алтай Тайжанұлы аталған ұғымдардың құпиялы да киелі сырларына қалыптасқан ұғымдарға сүйене отырып талдау жасайды: Аруақ – киелі деп танылған рух, әулие – наным-сенім бойынша, адамдардың тағдырына ықпал жасай алатын қасиетті адамдар, пір – әулие атанып, ерекше ғұмыр кешкен адам [7; 90-91]. Көзі тірісінде айрықша қасиетке ие болып, құрметке бөленген, пір атанған Бекет атаға қатысты әңгімелердің мифопоэтикалық пішінмен өрнектелуі заңды құбылыс. Миф – қасиетті, киелі әңгімелер, рух ғажаптығын паш ететін таным-түсінік. Былайша айтқанда ақиқатты танытудың ерекше бір тәсілі. Ол таным-түсінік бейнелеулермен үйлесіп, өз алдына бір жүйе түзеді. Әулие адамдардың ғұмыры туралы айтылатын әңгімелердің мифопоэтикалық пішінде жүйеленуінің негізі осыған саяды.

Бекет ата туралы аңыздардың мифопоэтикалық субструктурасының күрделілігі қасиет пен киені, айрықша жаратылысты ардақ тұтқан таныммен байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоскұлақтегі Ислам Мырзабекұлы. Бекет ата. Ақтау, 1999. – 484 бет.
2. Пір Бекет. Баспаға әзірлеген Нәренбайұлы Жауғашты қажы. Алматы: Жазушы, 2008. – 176 бет.
3. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 4-кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 516 бет.
4. Макльсон Дж. Жанр «лебединой песни» в русской лирике // Символизм и русская литература XIX века. – СПб., 2001. – 356 с.
5. Козубовская Г.П. Русская литература: миф и мифопоэтика. – Барнаул: БГПУ, 2006. – 324 с.
6. Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан. Алматы: Раритет, 2006. – 384 бет.
7. Бекет Ата (имандылық-тағлым кітабы). Ақтөбе: Насихат, 2008. – 740 бет.

УДК 398

О БЕКЕТ АТЕ

Едилхан Алкажан Меделович
краевед (Актау)

Бекет Ата родился в религиозной адаевской семье в западной части Казахстана – на берегу реки Жем (Эмба). Эта земля в древности относилась к краю Ариана Вайджа, одной из шестнадцати провинции индоираноязычных арийев. Существует теория о происхождении адаев из древнего индоираноязычного сакского племени даай (Daai по Геродоту [1] или дах (произносится dah) [2]. В пользу этой теории можно привести многочисленные примеры из археологии, антропологии, архитектуры, топонимики, фольклора, местных мифов, поверья, а также быта, одежды.

Б.И. Вайнберг, соратница С.П. Толстова и участница его многочисленных археологических экспедиции по Аралу пишет о том, что дааи жили на приаральской территории [3]. Ее утверждение перекликается с сообщениями крупных казахстанских ученых – этнографов Х. Аргынбаева, М. Муканова и В.В. Вострова о существовании в низовьях Сырдарии племени адагы (адагы>адаг>адah>даah>даай), которые ушли оттуда в связи с поднятием уровня воды – появлением Аральского моря [4]. В Приаралье известны развалины города, покинутого жительями, согласно преданию, из – за нашествия змей. Первопричиной появления змей на населенных людьми местах также может быть наступление воды на места их обитания. Арийское сказание «Авеста» также напоминает, что одной из причин ухода людей из Арианы Вайджы является нашествие полчищ змей.

Исследования антропологов прошлых веков (А.Н. Харузин, С.И. Руденко и др.) и современных ученых (Г.Ф. Дебец, О. Исмагулов и др.) показывают, что казахи происходят из европеоидных андроновских племен и начиная с нашей эры на европеоидную основу накладывается монголоидные черты, усиливавшийся по мере появления на территории Казахстана восточных народов [5]. При этом антропометрические замеры О. Исмагулова показали, что монголоидность казахов уменьшается по мере продвижения с востока на запад страны и у жителей Мангистау сохранились больше всего европеоидных показателей [6].

Памятники датируемые до нашей эры, такие как Байте и Кызылуик, свидетельствуют о генетической связи древних строителей с современными местными создателями уникальных образцов архитектуры кочевников [7].

Сохранились топоними типа Бейнеу (во времена детства автора это слово произносилось как Бинеу), на древнеиранском слово бине означает нос, тұмсық по – казахски. На санскрите слово ганг означает ручей, речку, наша Канга, скорее всего, имеет то же самое значение. Врядь ли без помощи индоиранской лексики мы поймем значения таких родных топонимов, как Саура, Сенек, Ойра, Шетпе и многие другие.

Выдающийся ориенталист XIX века, известный знаток казахского фольклора В.В. Радлов пишет, что казахские песни, жыр, терме по строению похожи на персидские и делает вывод о том, что казахи переняли жыр у иранцев [8]. Мы согласны с ученым тем, что казахский жыр имеет общие корни с персидским, более того, напоминаем читателю, что на санскрите имеется слово рши, которое означает певца, сказителя, духовного посредника между людьми и богом, как и у казахов жыршы, однако полагаем, что казахи не переняли у сегодняшних иранцев и индусов их жыры, а когда – то все они были единым народом и жили между Каспием и Алтаем, по течению истории последние ушли на юг, а предки казахов остались на месте.

Все это идет в общем русле утверждения местного ученого С. Кондыбая о совместном существовании индоиранских и тюркских языков в жизни племен, населявших Мангистау и, вообще, весь Казахстан [9]. В отличие от ряда ученых Казахстана, настаивающих на исключительной тюркоязычности племен, из недр которых вышли казахи, С. Кондыбай считает, что протоказахи говорили и на индоиранском языке. Правда, он – сторонник более краткого периода возникновения и разделения языков, например, согласно его мнению, между существованием пратюркского (в смеси с индоиранским) и собственно тюркского языков прошло менее тысячи лет. Смотря по тому, что казахский и узбекский языки становились самостоятельными языками в течение не более чем трехсот лет, наш ученый, видимо, не очень далек от истины.

Академик В.В. Бартольд очень давно обратил внимание на феномен последовательного вытеснения иранских наречий, не исключая литературного персидского языка, тюркским языком. Он писал: «Замечено, что в самой Персии... если в одной и той же деревне живут персы и тюрки, общим языком населения постепенно становится тюркский» [10]. Этим же самым можно объяснить тюркоязычность современных казахов.

Тем не менее, в их лексике сохранилось очень большое количество индоиранских слов. На санскрите слово танукри (tanukri) буквально означает – создатель тела, тогда как на казахском тангри – жараткан (создатель). Слово худай на персидском и кудай на казахском имеет одно и то же значение: бог. С. Кондыбай впервые обратил внимание на происхождение казахского слова марту, отождествляя его с индоевропейским словом morte (смерть). И, действительно, на санскрите это слово означало бога смерти. Он также открыл идентичность арийского слова вар, означающего со времен андроновских племен поселение, окруженное с земляным валом и казахского слова ор, так называется земляной ров с валом, посредством чего ограждали, например, сено от пожара или скота, из-за нехватки подручных материалов в условиях степи.

В мангистауской среде до последнего времени сохранился обычай хоронить усопшего в скальном склепе, напоминающего широко распространенный у иранских народов оссуарии. По нашим данным, одним из последних, кто был захоронен по древнему дедовскому обычаю, был легендарный предводитель выдающегося рода Кыдырша [11]. В нашем крае также до сегодняшнего дня сохранилось ритуальное поклонение огню, которое сопровождает почти все важные события, связанные с рождением, посвящением во возрастные периоды, со сватовством, свадьбами, лечением, похоронами.

По Казахстану только в мангистауской среде сохранились древние эпические кюи «Нарату (этимология все еще неясна, но возможна связь с осетинским словом нарт – сказание)» и цикл «Науайы (на древнеиранском языке это слово означает – мелодия)».

Мангистауские местные легенды о «шимурын (шилоносый)» – джине, время от времени появляющемся среди людей, приняв человеческий облик, напоминают сказание в «Авесте» о существе с обратными ногами. Согласно поверьям, отличительной и, поэтому опознавательной чертой упомянутого шимурына также являются его перевернутые ноги.

Еще Рихард Карутц обратил внимание на одежду казахов, предельно точно напоминающих скифских [12]. И действительно, островерхие лисьи шапки трех адаевских биев на фотографии конца XIX века очень похожи на головной убор плененных вождей дааев, изображенных на скале в Иране по приказу царя Дария. Современный таджикский исследователь Р.Р. Рахимов сообщил идентичность одежды невесты-казашки с национальной одеждой женщин из Восточного Ирана [13].

Все это свидетельствует о том, что все важные народные обычаи и традиции мангистаусцев сформировались в очень древнее время и сохранились до наших дней почти в первозданном виде, только пришлые новые, неотвратимые, с точки зрения местных обитателей, веяния искусно вплетены в добрую старую дедовскую прочную, ревностно оберегаемую, основу.

Время появления на свет Бекет Ата ознаменовалось крушением казахской государственности, дроблением родных земель, чередой кровопролитной борьбы за власть. Не прошло и жизни двух поколений, как были одержаны победы над джунгарами, были возвращены земли, так началась борьба за ханский престол. Был убит, не без вмешательства внешних сил, хан Абулхаир, с которым местных связывало кровное родство – царевна Бопай была адаянкой. Сам по себе этот факт был свидетельством древнего аристократического происхождения мангистаусцев, выдвинувших из своей среды не одной исторической личности удостоившихся ханских достойнств, например, Адай хан, Табунай хан, Айтумыш хан и др. На наш взгляд, родство местных с чингизидами является не единственным в истории, согласно открытию крупного башкирского исследователя Р.Г. Кузеева, еще Бату хан был женат на алшынке.

С убийством Абулхаира исчезает надежда на собирание казахских земель, поскольку эта смерть усилила недружественные южные ханства, прежде всего Хивинское и Кокандское. Все еще были сильны калмыки на западе, не говоря уже о всемогущем северном соседе – России. Младший жуз, как и все казахи, почувствовал, что западня захлопнулась. Кинулись было в сторону Саурана, в отроги священного Казыгурта, но наткнулись на кокандские притиснения и после ожесточенных боев вернулись в Жем-Жаик.

Нависла реальная угроза – навсегда исчезнуть с листа истории. Поистине встал вопрос: быть или не быть? Как сохранить традицию предков, землю дедов, кровь отцов? Где спасение? Вообще, в чем дело? Почему нельзя жить так, как велели предки? Кому мы мешаем? Кто виноват – люди, природа? Кто обеспечит мир и покой? Где равенство? Где справедливость? Где бог?

И возник в мангистауской среде спрос на высшую справедливость и равенство. Мангистауец когда нуждается в справедливости, когда хочет выяснить где правда, где кривда, говорит: Скажи свое божественное (айтшы осы құдайшылығынды)! Для него божественное – это справедливое. Справедливость, высшая справедливость, равенство – это дар свыше, это воздаяние естественное за праведную жизнь, праведные деяния, праведные заслуги.

В крае великом первозданной природой, в народе великом феноменальной историей, во время великой смертельной угрозой, в ответ на спрос великий мученической выстраданностью появилась на свет личность великая божественной просветленностью. Это был Бекет Ата.

Он вырос среди народа, менталитет которого восходит к учениям Заратуштры – сына верблюдовода, которые отражены в «Авесте»: хорошо мыслить, хорошо делать и хорошо говорить [14].

Он получил образование в Хорезме, в одном из центров мировой цивилизации, где сохранился дух эллинизма, возрожденного в свое время аль – Фараби, Ависценой, аль – Беруни, затем Улугбеком и др. Бекет Ата глубоко изучил в числе других наук основы математики, географии, астрономии, медицины, философии, истории, права, мусульманской этики. Впоследствии он стал общепризнанным последователем суфизма и достиг наивысшего духовного сана учителя – предводителя. Он принес на родную землю новое учение.

Он учил земляков миру, добрососедству. Он неустанно демонстративно возвеличивал святых соседних племен. Учил почитать их как собственных. Требовал,

чтобы идущий к нему на поклонение паломник сперва поклонился Оглану, святому туркменского происхождения (к чести современных паломников, данная установка Бекет ата до сегодняшнего дня беспрекословно соблюдается). Учил, что святые и святыни чужеродными, чужими не бывают. А, значит, вообще чужих не бывает. Здесь прослеживается созвучие с эллинистическим гуманизмом, учением аль – Фараби о добродетельных горожанах.

Учил почитать святых прошлого. Учил, что старых, поэтому негодных, святых не бывает. То что они верили иначе, верили другим богам – это не препятствие для почитания их. Требовал, чтобы идущий к нему на поклонение паломник сперва поклонился святому древности Шопан ата. Общеизвестно, что многие святилища края существовали и в домусульманские времена, когда мангистаусцы веровали, например, Солнцу, Небу, Огню или Коню (Қамбар ата), Волку (Көк бөрі). Конечно, они жили в темные времена. Но они дети Адам ата и Хауа ана. Но они наши предки, мы появились на свет благодаря им, нам многое видно, потому что мы стоим на их плечах. Но они почитали тех сто двадцати четырех тысяч пророков, житие которых прошло до пророка Мухаммеда.

Учил почитать семью, родителей, детей. Семья – это основа рода, племени, народа, государства. Семья – это основа праведной человеческой жизни. Учил почитать жен сыновей и мужей дочерей. И их детей. Требовал, чтобы идущий к нему на поклонение паломник сперва поклонился зятю святого Шопан ата. Зять, как и сноха – это связующая нить с другой семьей, эта связь закладывает основу для союза двух племен, этот союз создает этнос, народ, государство. Значит зять и сноха имеют особый освященный статус, и они достойны поклонения.

Учил труду. Учил, что счастье и благополучие в труде. Неустанном, целенаправленном труде. Сам он всю жизнь трудился не покладая рук. Показательно не нанимал никого. Сам собственными руками тесал камень, на скале вырубал тропинки, помещения для школ. Этим самым он возвеличил ремесленника, трудящегося люда, создателя материального блага – основы праведного человеческого существования.

Учил почитать науку. Открывал школы – медресе вдоль весенних и осенних дорог кочевии, на зимовках, на летнем джайляу.

Учил справедливости. Учил, что каждый человек имеет естественное, значит божественное, право на равенство, свободу, справедливость. Когда вершил суд, всегда придерживался этих принципов, ни происхождение, ни богатство, ни социальный статус не имели для него какое – либо определяющее значение. Перед богом все равны. И эти праведные деяния возвеличили его не только на глазах земляков, но и далеко за пределами родного края.

Благодаря учению Бекет Ата в Мангистау наступил поистине золотой век. С 1770 – х по 1870 – е годы численность мангистаусцев увеличились в разы, они обитали в просторах от отрогов Мугоджара на севере до Балканских гор на юге, от восточного побережья Каспийского до западного берега Аральского морей, от Волжских берегов до устьев Амударьи. Выросла целая плеяда блестящих духовных предстоятелей, получивших образование в Казани, Уфе, Хиве, Бухаре, Самарканде. Из недр народа вышли справедливые бии, благодаря которым поддерживался общественный порядок. Совершенствовались древние дедовские способы сооружения глубочайших колодцев, что позволили освоить обширные необитаемые пустынные пастбища. С завидным упорством продолжались тысячелетние селекции местных пород домашнего скота – адаевские типы овец, верблюдов, особенно, непревзойденной верховой лошади.

Благодаря искусству местных женщин адаевский тип юрты стал эталоном совершенства казахского переносного жилища. Возродился сложившийся за несколько тысячелетии местный фольклор, песни и кюи мангистаусцев стали популярны далеко за

пределами края, эпические поэмы, особенно эпос «Қырымның қырық батыры», другие жыры и терме пережили второе рождение. Родственные племена восхищались образом жизни мангистаусцев. Родился, как гимн края, кюй «Адай» великого Курмангазы.

Все это позволило выдающемуся австрийскому исследователю Генрих Мозеру, побывавшему в Средней Азии в 1868 – 83 годы, заключить: «Наибольшим почетом у киргиз пользуется племя Адаись, кочующее в степях между Каспийским морем и владениями Хивинского хана; это единственное племя, сохранившее доблесть и храбрость предков» [15].

Автор выражает глубокую признательность известнейшему знатоку края Абишу Кекилбаеву за любезно предоставленные сведения об открытии Р.Г. Кузеева.

ЛИТЕРАТУРА

1. Геродот. История в девяти книгах. Перевод Г. А. Стратановского. Л. 1972.

2. Ажигали С. Е. Очерк этнической истории аридной зоны Арало-Каспия (В свете проблем этногенеза). // История и культура Арало-Каспия. Сборник статей, вып.1. Алматы. 2001.

3. Вайнберг Б. И. «Этногеография Турана в древности. VII в. до н.э. – VIII в. н.э.». М. 1999. с. 260.

4. Арғынбаев Х., Мұқанов М. и Востров В. В. Қазақ шежіресі қақында. Алматы. 2000. с. 376.

5. Харузин А. Н. К вопросу о происхождении киргизского народа. «Этнографическое обозрение», № 3. СПб. 1895. Руденко С. И. Антропологические особенности западных казахов.// Казаки. Сборник статей, вып. I. Л. 1927. Дебец Г. Ф. Опыт краниометрического определения доли монголоидного компонента в смешанных группах населения СССР.// Проблемы антропологии и исторической этнографии Азии. Сборник статей. М. 1968. Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. Алма-Ата . 1970.

6. Исмагулов О. Этническая антропология Казахстана. Алма-Ата. 1982. с. 152, 165.

7. Самашев З. С.,Кушербаев К. Е., Аманшаев Е. И Астафьев А.Е. Сокровища Устюрта и Мангистау. Алматы. 2007. с. 116.

8. Ел қазынасы – ескі сөз. В. В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері. Алматы. 1994. с. 12.

9. С. Кондыбай. Мифология предказахов, т. IV. Алматы. 2008. с. 20.

10. В. В. Бартольд. Сочинения, т. V. М. 1968. с. 48.

11. С. Құдайберген. Қыдырша деген ауылдан. Алматы. 2008. с. 14.

12. Р. Карутц. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. СПб. 1910. с. 33.

13. Р. Р. Рахимов. Восточно – иранские фаранджи и казахское саукеле: таят ли они черты общности? // Историко – культурные взаимосвязи Ирана и Дашт – Кипчака в XIII – XVIII вв. Материалы Международного круглого стола. Алматы. 2004. с. 89.

14. Авеста. Перевод И. М. Стеблин – Каминского. Душанбе. 1990. с. 12.

15. Газета «Русская старина», т. LVII(57). СПб. 1885.

ӘОЖ 398

БЕКЕТ АТА – ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ ТҰТАСТЫҒЫН НАСИХАТТАУШЫ

Әбдірахманов Базарбай Әбдірахманұлы
дінтанушы, өлкетанушы (Ақтау)

Пір Бекет Ата көзі тірісінде: «Маған келетіндер ойдан келсе Шопан Атаға, қырдан келушілер Оғыландыға соғып келсін», – деген өсиет қалдырған. Бұл айтылған өсиет бүкіл түркі халықтарының ауызбірлік тұтастығын, түркі халықтарының дін жолында бір масхабты ұстанып тарихатқа бөлінбей, ортақ тілін құрметтеп, сал-дәстүрін ұстану екенін түсінуге болады. Айтылған өсиеттерді зерделер болсақ, Шопан Ата кім еді, қандай қызметі арқасында халыққа танылды деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Айтылатын аңыз әңгеме бойынша Қожа Ахмет Ясауи оқу мерзімі аяқталар шақта шәкірттерін жинап алып:

– Қазір мына жебені ана күмбезден асыра атамын. Осыны тауып әкелген шәкіртке арнайы құрмет көрсетіліп, бата беріледі, өзі менің жолымның жалғастырушысы болады, – дейді.

Ұстаз отырған күйі садақты тартып, жебесін ытқытып жібереді. Шәкірттердің барлығы улап-шуласып, сыртқа жүгіре шыққанда, тек Шопан ғана отырған орнынан тапжылмайды.

– Өзгелер жебені іздеп кетті. Ал, сен неге қалып қойдың? – деп сұрайды Ұлы ұстаз шәкіртінен.

– Уа, Ұлы ұстазым, шәкірттер жебені қанша іздегенмен, оны таба алмайды. Жебе тым алысқа ұшып кетті. Оған жету үшін мақсатты сапар, жол мехнаты керек, – депті.

– Зейінің жетерлік, зердең кемел екен, шәкіртім! Қасиеттен де кенде еместігіңді таныдым. Сен сол жебе түскен жерге барып, мұсылман ілімін тарат, адамдарға дінді дәріптеуге үйрет, қараңғы халықтың санасына Мұхамбет с.ғ.с. пайғамбар ілімінің сәулесі түсуіне дәнекершісі бол. Әманда, жолын болсын! Жебеушің Алла тағалам, жол сілтеуші Қыдыр атам болсын! – дейді Қожа Ахмет.

Шопан Ата ұлы ұстазы лақтырған жебенің түскен жерін іздеп, оны Маңғыстаудан тапқан екен. Осы жебе табылған өңірдегі Баян байдың жалшысы болып, малын бағып жүре беріпті.

Зердесі бөлек, ой-өрісі кең Шопанның өзгелерден ерен қасиетін Баян бай да байқаса керек. Жалғыз қызын Шопанға әйелдікке беріп, оның білімін елге үйрету үшін мешіт салуына көмектесіп, қасиетіне құлшылық еткен деседі.

Келесі бір аңызда Маңғыстауға келген Шопан Ата қабілет-қасиетінің танылуына байланысты болса керек. Бірде көп қонақ алқа-қотан отырып, әңгіме-дүкен құрады. Піскен соң ас тартылады. Бас табақ үлкендер алдына қойылады. Қонақтың үлкені, ақсақалды қария табақтағы басты ұстайын деп ыңғайланады, бірақ қой басы орнында тұрақтамай, ауада қалықтап барып, есік алдына таяп отырған Шопанның алдына барып тұрады. Басты алып, қайтадан үлкен кісіге ұсынады, алайда жаңағы жағдай тағы қайталанады. Сонда үлкен кісі:

– Мына бас иесін іздеп тұр екен. Ана отырған Шопанды бас табаққа әкеліп қосыңдар, – дейді. Шопан бас табаққа келіп отырады. Бас енді қозғалмайды.

Бекет Атаның Шопан Атамен «кездесуі» былай болған дейді: Жем бойында ауылда отырған ата-анасынан батасын алып жолға шыққан балғын жігіт, Хиуаға баратын бағыттас керуендерге еріп, арып-ашып, Шопан Атаға келіп түнейді. Бірінші түні Шопан Ата жас Бекеттің түсінде: «Жас жігіт, өлі әруақ тіріге пір бола алмайды, жолыңнан

қалма», – дейді. Бірақ ол жолға шықпай, екінші түн түнейді. Алдыңғы көрген түсі екінші күні тағы да қайталанады. Бекет үшінші күні тағы қалып түнейді. Сол күні Шопан Ата түсінде қайталап аян береді. «Балам, Хиуаға барып, Пақыржан (толық аты Фахриддин Мұхаммад, өзбектердің қысқаша Фахр, Фахржан сөзін қазақтар Пақыржан деп өзгертіп алған) атты қасиет иесі бар, соны сағалап, шәкірті болып білім ал. Сені алып барар көлігің үй сыртында», – деген күңіренген дауыстан оянса, түсі екен.

«Әшһаду ән лә иллаһа иллалаһ, уә әшһаду әннә Мухаммадан Ғабдуһу уа Расул Аллаһ, түсімді Жүсіп пайғамбар жорығай!» – деп күбірлеп сыртқа шықса, ерттеулі ат тұр екен. Шұғыл жиналып, сол көлігімен Хиуаға барып жетіп тоқтағанында, Пырақ ат көзден ғайып болады. Сонымен, жай адамның көзіне көрінбейтін Пырағынан айырылып, ел ішінде сұрастыра-сұрастыра жүріп, Шерғазы медресесінде сабақ беретін Пақыржан қажы ұстазына жолығады.

Бекет Атаның Шопан Атаға соғуын өтінуі: Түркі халықтарының Пайғамбарымыз Мухаммад (с.ғ.с.) аһли сүннет жолының Әбу Ханифа масхабын ұстана жүріп, халық билеушілерінің қолдауына байланысты Ислам дінінің тарихат жолында Ясауия, Нақышбандия, Қадария, Бекташия, Күбравия, Қожалар тарихаттары қалыптасқан. Енді ***тарихатшылар діни шиеленісуден аулақ болып, бөлінбей, дін бірлігін құрметтеп, әркім өз ұстазы үйреткен жолымен Алланың нұрына бөленуге тырысу керегін меңзегені.***

Бекет ұстазы лақтырған асаны іздеп жүріп мезгіл сәскеге жақындағанда Көк Асаның күмістелген басы күнге шағылысып, жарқырап көзге түседі. Бекет қуанып Асаға барса, күтпеген жерден бай түрікпеннің малын бағып жүрген Оғылан (бала) келіп, «Асаны менің күзеткеніме бірталай уақыт болды, бұйырса, ол менің меншігім», – деп дау шығарады.

– Меншіктеп сыртынан қарап жүргенше, суырып алмайсың ба?

– Суырылмайды.

– Жоқ, бағыңды тағы да сынап қара. Алғашқы Асаны көрген – сен, байқап, бар күшіңді салып қара, енді суырылатын шығар. – Оғылан бар күшін салып тырысқанымен Аса орнынан қозғалмайды.

– Қазақ, енді сен суырып қара, кезек сенікі.

«Бисмиллаһир р-рахманир рахим», – деп күбірлеп дұғасын оқып, қолын тигізген бойда Көк Аса тез суырылып кетеді. Оны көре сала түрікмен Оғылан: «Ойбай Асадан айырылдым», – деп шын ниетімен еңіреп жылай бастайды.

– Сен жылама, осы Асаның қызметі екеумізге толық жетеді, – дейді Бекет.

Аса суырылған орыннан бұлақ көзі ашылады. Ол осы күнге дейін сарқылмай ағып жатыр. Түрікмен бала – Оғылан, байдың малын тапсырып, Бекет Атаның Оғыланды мешітіне бірнеше жыл қызмет етіп, қайтыс болғанда Үстірттің үстіне жерленген. Бекет Ата зиярат етушілерге: «Маған келушілер әуелі Оғыландыға соқсын!» – деген өсиет қалдырған екен, сондықтан зияратшылар әуелі Оғылан басына соғып дұға оқиды.

«Оғыланды» атануының екінші нұсқасы Шыңғыс ханның жетінші ұрпағы, Маңғыстау ханы Түйе-Қожа Оғыланға байланысты. Оғылан Ақорданың хан тағына отыру үшін таласқан тумаластарының дау-дамайына араласпайды. Немере ағасы Орыс хан жақтасы болып, қол күшін беруді өтінеді, бірақ Оғылан оған келіспейді. Билік пен саясат қай заманда да талан-таражсыз, қантөгіссіз, ең азы керіс-төбелессіз болмайды. Көмекті күштеп тартып алуға жіберген әскері қырық нөкерін ертіп, күйеу баласы Әмір Темірге бара жатқан Оғыланды намаз оқып жатқан жерінде нөкерлерімен бірге 1376 жылы өлтіріледі. Ғылыми деректерге қарағанда, сол шәйіт болған қырық бір адамның жатқан жері осы жер. Осы шағын қорымның ішіндегі қойылған белгі тастарда 18 рулық тайпа таңбалары бар. Заманында белгі тасқа аты-жөні жазылмауына байланысты сырық шаншылған бейітті «Оғылан» әулие деп атап кеткен.

Асаны іздеуге себепкер болған аңызда айтылатын «алтын айдарлы баланы» еске түсірсек, ханзада Оғыланның жерленген жері болады. Себебі сұпылық аңыздардағы, ертегілердегі «алтын айдар, алтын шаш, алтын кекіл» – асыл тұқымды, тақты, хандықты меңзейді. Мысалы, эпос-жырдағы «Көроғылының» алтын кекілі болады, ал «Мұңлық-Зарлықтағы» ұлда алтын айдар, қызда алтын шаш бар. Олардың барлығы өсіп-өнген кезінде бір елдің тағына отырып хандық құрады. Аңыздарды ой елегінен өткізіп қарар болсақ, алтын айдарлы бала – Оғылан, Маңғыстаудың алғашқы ханы – Түйе-Қожа Оғылан. Ол түркі тілдес Оғыз-Қыпшақ тайпаларынан қазақ халқы болып қалыптасу кезіндегі алғашқы хан. Бекет Атаның жерасты мешітін осы маңнан үңгуінің өзі ұрпақтың мәңгі есте сақтар рухани тәрбиеге арқау болар философиялық шешімі: *«Намаз үстінде шахид болған Түйе-Қожа* Оғылан – Маңғыстаудың алғашқы ханы. Ол соңғы демі Аллаға бағышталып сәжде жасап, қасық қаны тамған жерді мәңгілік мекені еткен. Өмірінде түркі халықтарының кәрі шаңырағы қазақ елінің руханият мәйегі болып, Ислам дінінің көшпенді халықтар үшін негізін қалап берген әрі дін уағыздаушы Қожа Ахмет Ясауиді Пір тұтқанын ұрпаққа үлгі етіп, діни бірлікте болу».

Ұстазы Пақыржан (Фахраддин) қажы сілтеуімен Маңғыстауға келген жас әулие Бекеттің ұзақ жылдар «Оғыландыны» іздеуінде үлкен мән, терең ұлағат жатыр.

Бекет Атаның жұртқа танылып, белгілі тұлға ретінде Қараман Ата қауымында өткізген мұсылмандардың салт-дәстүрі бойынша өткізілетін Анттасуға төрелік жасауы десек қатеспейтін шығармыз. Әуелі анттасуға түсінік бере кетейік.

Ант (анттасу) **–** туындаған дау-жанжалды, шарт міндеттерін бекіту, шешу жолындағы келісім шарасы. Құранда анттасудың тұрақты мағынасы – адамдардың Алланың алдындағы берген бұзылмайтын уәдесі. Ант бұзылса ол үшін Алла тарапынан жазғыру болады. Сұпылық жолда анттасу ерекше мәнге ие, себебі ұйымға мүрид болып мүшелікке кіргеннен бастап ұстазға берген антты бұлжытпай орындау міндетті. Маңғыстауда анттасуды, антқа отыруды өте ауыр шара дейді. Маңғыстауда сақталған анттасу туралы әңгіме былайша өрбиді.

Қазаққа байлығымен атағы шыққан Жаңай Қожаназардың көп жылқысының ішіндегі ерекше бітімді бір құлынға қоныстас түрікмен жылқышылары күмәндана қарап, өсек әңгімеге жел береді. «Қожаназардың жылқышылары бұл құлынды ауыстырып алған, ол – түрікмен жылқысының құлыны» деген қауесет тарайды. Адайлар болса: «Бұл – Алла әмірімен түз және теңіз жылқысының будандасуынан туған суын құлыны», – деп жеңістік бермейді. Осы суын құлыны айлық жолға ойлаған мезетінде жеткізетін ерекше жаратылған қанатты көлік болып өсіп, кемеліне келеді.

Осы құлынға қатысты күдік пен күмәнның соңы Адай мен түрікменнің арасына жік түспеу үшін анттасуға әкеледі. Түрікмендер анттасу кепілдігіне Қожаназардың кенже ұлы Қошанды ұстауды (ұстап беруді) талап етеді. Өйткені олар «Адайлар Қожаназардың ұлын антқа салмас бұрын, қанатты арғымақты өздеріне қайтарып берер», – деген үмітте болады.

Түрікмендер анттасуды Маңғыстау жеріндегі Қараман Атада өткізуге ұсыныс жасап, Адайлар ол тілектерін қабыл алады. Екі жақ та төрелікке Бекет Атаны қалайды. Естіген жұрттың үлкен-кішісі, тайлы-таяғы қалмай, келісімді күні Қараман Атаға жиналады. Адайлар Қошанды қара киімнің сыртынан қара бешпет кигізіп, суырдай жылтылдаған, жаңа қара былғарымен қапталған ер-тұрман салған қара арғымаққа мінгізіп әкеліпті. Бекет Ата бес жасар Қошанды атымен елдің алдына шығарғанда, арғымақтың ерінің басына жүген тұтқасын бізбен ерге қадап, шетін әлжуаз баланың қолына ұстатқан. Ата дөң басына шығып, жиналған қарақұрым жұртқа Алла ризалығы үшін уағыз, насихат сөзін айтады. Айтқан сөзі жиналған жұртты қатты тебірентеді. Әсіресе, Құран Кәрімнің, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сахих хадистерінен дәлелдер келтіріп, анттасудың қиын да киелі екенін айтып, оның маңызын түсіндіргенде,

жиналған жамағаттың бірталайы егіліп жылайды. Бекет Ата сөзінің соңында: «Құдіреті күшті Жаратушы жалғыз Алла! Бүгінгі анттасушы екі елдің төрешісі де, жазалаушысы да, жарылқаушысы да, араздастырушысы да, дәнекершісі де, бітімшісі де, жіктеушісі де, тіктеушісі де, жайпаушысы да, жүргізушісі де, сүріндірушісі де, сүйеушісі де тек қана Өзіңсің. Түркі халықтарының исламдық мәйегі болған әулие Қараман Атаның сауапты құлшылықтарының құрметіне, қара халықтың ақ ниетінің құрметіне елдің бітімдігін бере гөр! ***Егер талапкерлер кінәлі болса, қара атты атқайсың, ал егер кінәлі біз болсақ, бізді атқайсың.*** Соңы кешірімді болып, артының қайырын бергейсің. Әумин!» – деп, бет сипайды. Қауым шетінде жүгеннің екі жағынан ұстап тұрған түрпен мен қазақ қолдарын босатқан бойда Қошан мінген қара арғымақ Қараман Ата мешітінің тұсынан құбылаға қарай ұйтқытып шаба жөнеледі. Қара ат Бекет Ата тұсына таянғанда, көктен найзағай ойнағандай гүрсіл болады да, ат сүрініп, омақаса құлайды. Ердің біз шаншыған басы бытырап, сынып, шашылып қалған кезде, Бекет Ата аттан құлай ұшқан Қошанды жерге түсірмей, көтеріп алады. Осы сәтте түрікмендердің ішінен манағы ант уағызы жүрегіне нәпсісі жеткізбеген бірнеше кісі: «Бекет қазағына болысып кетті!» – деп тағы да наразылық білдіріп, дау шығарады. «Онда анттасуды ертең таң намазында Шейқәбірде кездесіп, жалғастырайық», – деп құшағындағы Қошанды арқасына алып, ұшуға қомданған Бекетті көріп, бүлікшілер райынан қайтып, ел бітімге келеді.

Бұл бізге жеткен аңыз. Аңыздың негізінде тарихи шындық жатыр. Оны ой елегінен өткізер болсақ, Бекет Ата Маңғыстаудың қыры мен ойындағы әулиелерің ішінен неге Қараман Атаны таңдады. Әуелі Қараман Ата (Қазақстанның шығыс, оңтүстік аймақтарында «Қара кісі» деп айтылады) атауына тоқталайық. «Қара» сөзінің түсінігіне көніл аударсақ «үлкен, алып, ірі танымал тұлға, көптеген қасиеттерге ие, мүмкіншілігі мен адамгершілігі мол» деген мағына береді. «Ман» – адам. Ал Қараман Ата туралы аңызға келсек: «Хазар теңізі жағасындағы түркі тайпаларының әулиесі Қараман Ата Пір ұстаз ұзынқұлақтардан «Қожа Ахмет Ясауи әулие жергілікті халық арасында бұрынғы қалыптасқан сұпылықты келеңсіз бағытқа бұрып, сиқырлық жағына жұмыстанып жүр» – деген хабар естіп, оған өзінің шәкірттері арқылы сәлемдеме беріп жібереді. Ол сыйға жолдаған шағын шетен қорапқа улы жылан салады да, «Егер Ясауидің әулиелігі рас болса, ол қорапты ашпай тұрып, ішіндегісін біліп, маған қайтарма сәлемдеме ретінде жіберер, ал білмей ашса, оны улы жылан шағып өлтірер», – деп ойлайды. Сәлемдеме Қожа Ахмет Ясауиге жеткізілгенде, оның қасындағы мүриді Пір сәлемдемесінің сырын алдын ала айтып, шетен қорап ашылмастан, жолдаушысына кері қайтарылады. Сәлемдеме жанына су, шоқ және мақта салынған шыны ыдысты қосады. Сәлемдемелердің жолда қанша мезгіл болғаны белгісіз, бірақ су шоқты өшірмеген, ал шоқ мақтаны өртемеген әрі суланбаған. Мұны көрген Қараман Ата сұпы Ясауиді «нағыз сиқыршы» деп танып, батыл оғымен таң намазы кезінде атады. Дәл осы сәтте таң намазының сүннетін оқып болған Ясауи жайнамазын басқа орынға ауыстырып, фарыз намазына ұйыйды. Фарызының (таң намаздың) алғашқы ракатіне сәждеге барған кезінде, батыл оқ жайнамаздың бұрынғы орнына қадалады. Намаз оқылып біткен соң шаншылған «оқты иесіне қайтарып» жіберген. «Оғын» кері алған Қараман Ата тайпасымен күтпеген жерден бірталай «шығынға» ұшырап, зікір мен пікір жасап, Ясауи ілімінің артықшылығын көріп білген. Содан соң қырық күн өткенде өзі шәкірттерін ертіп Түркістанға барып, Ұстазға қол беріп, пірленіп қайтқан. Мезгіл өте Қараман Ата Ясауи тарихатын көршілес басқа да Балқан тауы өңіріндегі ел ішіне өзі уағыздап таратуға көп кызмет жасаған», – деп баяндалады аңызда.

Бұл аңыздың бірнеше варианты бар, барлығының сюжеті бір тектес. Бәрінің соңында Қараман Ата басшылығымен ел бірлігі, имандылық жолындағы бас тұлға ретінде баяндалады. Тарихи шындықты негізге алсақ, Қараман Ата далалық Ислам дініне негізделген әулиелердің алғашқысы болуы керек, сол себепті Бекет Ата қазақ пен

түрікпен арасындағы туындаған жанжалдың соңы анттасуға тірелгенде, өткізілетін жер Маңғыстаудағы сансыз әулиелердің ішінде Қараман Атаны таңдаған. Ал археологиялық зертеулер қорытындысына келсек, «жерасты суларының әсерінен пайда болған «Үш киян» («Земля обитования») пішіндес үңгір – намазхана, чилхана, намазхана ретінде пайдаланып келген «көненің» көзі екенін дәлелдеп отыр.

Осы Бекет Атаның басшылығымен ұйымдастырылған анттансуда жасалған дұға тілектің, берілген садақалардың қабыл болуының арақасында кейінгі жүз жыл аралығында қазақ, қарақалпақ, түрікпен, өзбек ұлттары арасында қақтығысулар болмаған. Әсіресе, дұға тілек айтқан кезіндегі ***тіл шеберлігі*** – «...***кінәлі біз болсақ, бізді атқайсың»*** деген сөз тіркесі бүгінгі еліміздің күн тәртібіндегі **тіл мәселесі** басты тақырып екені нақтылануда. Анттасудың соңындағы келіспеушілерге бағышталған ***"... ертең таң намазында Шейқәбірде кездесіп, жалғастырайық"*** деп айтуы. Бұл айтылған бір сөйлем Шыңғыс хан екі жыл бойы шабуылдаған Үргеніш (Көне Үргеніш) камалын дұға тілегімен қорғап, жау қолына жеткізбейді. Бірақ соңынан Иллаһи түс көріп, шәкірттеріне қамалдың қақпасын өзі ашқызады. Шейх Нажимаддин әл-Кубра (1145-1221) насихатынан кейін Жошы ханның өзі және әскерлері Ислам дінін қабылдауға себепкер болған Хиуа хандығының имам-шейхы болатын. Соңынан шейх ұстазға: «Қақпаны ашып елді шығынға ұшыратқаның қалай?» – дегенде, «есесіне Шыңғыс ханның әскерін Ислам дініне кіргіздім», – деген екен.

Түркі тілінің құрметі туралы жағымды жаңалық: Бір жыл бұрын Маңғыстаудың байырғы тұрғыны, Иран мемлекетінің азаматы, біздің жерлесіміз құрметті Хатам ишанннның ұрпақтары Қорқыт Атаның жыр жинақтарын Қызылорда қаласында өткен конференцияда көрсетіп, әлемдік сенсация жасаған болатын. Осы жинақта оның Дрезден мен Ватикан қорларындағы даналарымен салыстырғанда 6-7 жыр дастаны артық жазылған. Мақытымқұлы Пырағы, Бердақ Қарғабайұлы, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп оқып халыққа үгіттеген түркі халықтарының тарихи дастандары Көроғлы, батырлар жыры, ертегі әпсаналар да осы кітаптан орын алған. Әсіресе, Маңғыстауда сақталған «Қызан» жер атауымен аттас Қызан батыр жырының болуына қарағанда, сұпы аталарымыз Қазақстан ғылым ақдемиясының қорында сақталғаннан әлдеқайда көбірек білгенге ұқсайды.

Қорытынды сөз. Пір Бекет Ата көзі тірісінде «Маған келетіндер ойдан келсе Шопан Атаға, қырдан келушілер Оғландыға соғып келсін», – деп қалдырған өсиетін орындау барысында не көріп, не естігенімізді сараласақ:

Біріншіден, Аталар қауымына зияарат жасадық. Құран оқығанда біртізерлеп, жүресінен не болмаса молдас құрып отырғанды көрдік. Кейбір адамдардың иіс шығарып (блоговония), шырақ (свечка) жағып, дұға-тілек айтып күбірлеп айтқанын байқадық.

Екішіден, зиратқа келген әрбір адам көрген-білгенін Алла Тағаланың өзіне берген даму сатысында қабылдайды және рухани әсер алады. Айтылатын насихат әңгіме, уағыз әуелі қазақ тілінде айтылып, сұраушыларға аударған жөн. Тыңдаушыда «сол нәрсені білейінші» деген қызығушылық туғызады. Зиярат кезіндегі ой-арманы орындалса (әулиелердің құрметіне олардың орыдалатынына кәміл сенемін), ол аталар «зиярат – уағыздаушысы» уағыздаушысына айналады.

Бекет Ата айтқан өсиет – бүкіл Түркі халықтарының ауыз бірлік достық-тұтастығын, Түркі халықтарының дін жолында бір масхабты ұстанып тарихатқа бөлінбей, ортақ тілін құрметтеп, сал-дәстүрін ұстану екенін түсінуге болады. Осы айтыған сөздерді сұпылық өмір сүріп елге танылып, атағы белгілі болған Мақытымқұлы Пырағы, Бердақ Қарғабайұлы, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп сияқты ғұламалардың халыққа үгіттеген түркі халықтарының тарихи дастандары Көроғлы, батырлар жыры, ертегі әпсаналарды жинап соңында қалдырғаны өмір дәлелі болмақ.

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ БЕКЕТ АТА ӨНЕГЕСІ
Көшербаев Қ.Е. 4
ПІР БЕКЕТ АТА ІЛІМІ
Кенжетай Д.Т. 10
БЕКЕТ АТА – ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ІЛІМІН ЖАЛҒАСТЫРУШЫ
Абуов А.П. 17
БЕКЕТ АТАНЫ ТАНУ ЖӘНЕ КВАНТТЫҚ ФИЗИКА ПАРАДИГМАСЫ
Ыбырай С.М. 21
ВЛИЯНИЕ «ДОМА УЧЁНЫХ» – МЕДРЕСЕ ШЕРГАЗИ ХАНА НА РАЗВИТИЕ НАУКИ И КУЛЬТУРЫ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ
Худайберганов К. 27
ИСЛАМСКАЯ ЦИВИЛИЗАЦИЯ АРАЛО-КАСПИЙСКОГО РЕГИОНА И БЕКЕТ АТА
Муминов А.К. ……..... 29
ҰЛТЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫ ЖӘНЕ БЕКЕТ АТА ТАҒЫЛЫМЫ
Тайжанов А.Т. 32
АҢЫЗДАН АҚИҚАТҚА АЙНАЛҒАН ТҰЛҒА
Ислам қажы Мырзабекұлы..... 40
АДАМ ДЕГЕН – СУПЕР ЖҮЙЕ. БЕКЕТ АТА – ДӘЛЕЛІМ!
Тұржан О.І. 46
ЭЗОТЕРИЯЛЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ БЕКЕТ АТА
Нұрдәулетова Б.И. 51

СЕКЦИЯЛЫҚ ОТЫРЫС

ПІР БЕКЕТ АТАНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ
Дүйсенбаев А.Қ., Миров М.О. 55
СОПЫ АЛЛАЯР ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
Қобланов Ж.Т. 58
ЮНУС ЭМРЕ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СОПЫЛЫҚ ТАНЫМ ТАБИҒАТЫ
Қобланов Ж.Т. 62
ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРДАҒЫ БЕКЕТ АТА БЕЙНЕСІ
Қабылов Ә. 65
БЕКЕТ АТА ЖАНЫНЫҢ ТЕРЕҢДІГІ
Қамарова Н.С. 70
БЕКЕТ АТА – БОЛЖАМПАЗДЫҚ ДӘСТҮРДІ ЖАЛҒАСТЫРУШЫ
Исина Ж.А. 76
ПІР БЕКЕТ АТА БІЛІМ АЛҒАН ХИУАДАҒЫ ШЕРҒАЗЫ ХАН МЕДРЕСЕСІНІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
Себасов М.Б. 81
ПІР БЕКЕТ АТАНЫҢ ҰСТАЗЫ, ОҚУ ОРНЫ ЖӘНЕ СОПЫЛЫҚ ІЛІМІ ТУРАЛЫ
Әзірханов Б.А. 83

БЕКЕТ АТА ТУРАЛЫ АҢЫЗДАРДЫҢ МИФОПОЭТИКАЛЫҚ СУБСТРУКТУРАСЫ
Аймұхамбетова Ж.Ә. 88
О БЕКЕТ АТЕ
Едилхан А.М. 92
БЕКЕТ АТА – ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ ТҰТАСТЫҒЫН НАСИХАТТАУШЫ
Әбдірахманов Б.Ә. 97

Пішімі 60х84 1/12

Көлемі 103 бет

Шартты баспа табағы 8,6

Таралымы 50 дана

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің

редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты

130003, Ақтау қ., 32 ш/а